

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ӘОЖ: 821.512.122.0

Қолжазба құқығында

АХМЕТОВА АЙНУР МЫРЗАЛИЕВНА

**XXI ғасырдағы (2000-2015 жж.) қазақ романындағы
«Мәңгілік ел» концепті**

6D021400 – Әдебиеттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы
Нұрдәулет Бәбиханұлы Ақыш

Шетелдік ғылыми кеңесші:
доктор, профессор Ибраһим Дилек

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 КОГНИТИВТІК ПАРАДИГМАЛАР МӘНМӘТІНІНДЕГІ ОТАНДЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ	16
1.1 Көркем концептінің зерттелу деңгейі.....	22
1.2 «Мәңгілік ел» ұғымының көркем концептілік әлеуеті.....	34
1.3 «Мәңгілік ел» концептінің қазақ сөз өнеріндегі қалыптасып, даму тарихы.....	43
1.4 «Мәңгілік ел» концептінің діни-философиялық негізін қалыптастырудағы әл-Фараби мұрасының маңызы.....	50
1-тарау бойынша тұжырым	57
2 «МӘНГІЛІК ЕЛ» ӘДЕБИ КОНЦЕПТІНІҢ БЕЙНЕЛІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН КОГНИТИВТІК-КӨРКЕМДІК МОДЕЛІ	58
2.1 «Мәңгілік ел» концептінің макроконцептілер мен концептілік типтер негізінде образды жүзеге асырылуы.....	60
2.2 «Мәңгілік ел» көркем концепті өзегіндегі «қазақ» және «Қазақстан» макроконцептілері.....	76
2.3 «Мәңгілік ел» көркем концептінің өзге концептілер өрісінде құрылымдалуы.....	85
2.4 «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік-когнитивтік модельдері.....	102
2-тарау бойынша тұжырым	115
3 «МӘНГІЛІК ЕЛ» КӨРКЕМ КОНЦЕПТІНІҢ МЕНТАЛДЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ТОЛЫҚТЫРУДАҒЫ ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ РӨЛІ	118
3.1 «Мәңгілік ел» концептінің көркем құрылымдық қабаттары.....	118
3.2 Инвариант бейнелер өрісіндегі «Мәңгілік ел» концепті.....	131
3-тарау бойынша тұжырым	140
ҚОРЫТЫНДЫ	142
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	148

Диссертация жұмысында төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Аллоэтноним – белгілі бір ұлтқа көрші этностың берген атауы.

Автоэтноним – белгілі бір халықтың өз-өзіне берген атауы.

Когнитология – жасанды интеллект, когнитивтік лингвистика, когнитивтік әдебиеттану, философия, психология және таным теориясын тоғыстыратын пәнаралық ғылым.

Когнитивтік поэтика – көркем мәтінді түсіндіру барысында когнитивтік ғылым қағидаларын қолданатын әдебиеттанудағы жеке сала.

Когниция – латын тіліндегі «cognitio» (таным) және «cognitatio» (ойлау, ойлану) сөзінен шыққан когнитивтік ғылымның негізгі ұғымы. Қабылданған ақпаратты өңдейтін қабылдау, ойлау, категориялау т.б. психикалық үдерістердің жиынтығы. Бұған қоса, танымдық үдеріс деп ұғынылады.

Концепт – белгілі бір ұлт, халық санасында ұзақ дәуірлер бойы берік орныққан дүниетанымдық түсініктер мен көзқарастарды танытатын күрделі құрылым.

Көркем концепт – сан алуан көркем-әдеби, эстетикалық-шартты амал, әдіс-тәсілдер арқылы жасалатын субъективтік күрделі көркемдік мән. Жеке авторлық көркем мәнді өнер туындысының тұтас мәнмәтініне кешенді концептуалды талдау нәтижесінде анықталады. Қарастырылатын көркем концепт өзге концептілерден дара, көмескі (мәтін мәнмәтінінде), психологиялық-эстетикалық тұрғыда күрделі және жеке тұлғаға тән болуымен ерекшеленеді. Жеке туындыгердің шығармашылық тәжірибесі толысқан, шеберлігі жетік болса, туындысындағы концептілер мазмұны да бай, ауқымды келеді.

Көркем мәтін – автордың түпкі ойының вербалды көрінісі болумен бірге ұлттық мәдениеттегі таңбалар жүйесі.

Мәнмәтін – мәтін ішінде сөздің қандай мағына білдіретіндігі оны сөйлем немесе үлкенді-кішілі мәтін үзінділерімен байланыстыра қарастырғанда айқындалуы.

Скрипт – көркем туындыда ауқымды тарихи оқиғалардың орын алу жағдайында концептіні құрылымдайтын концептілік жүйенің бір формасы. Скрипт ыңғайында танылатын концепт күрделі көркем ойға құрылып, мәтіннің тұтас архитектурасында ауқымды сюжеттер желісі негізінде анықталатындықтан, оның нақты құрылымдарын атау мүмкін болмайтын жағдайлар кездеседі.

Схема – концептінің кеңістіктегі белгілі бір нысанға, сызбанұсқаға теліну, ұқсатылу арқылы танылу формасы.

Сценарий – фреймдік құрылымдардың оқиға, сансыз эпизодтар шоғыры айналасында көрініс табуы.

Фрейм – концептілік құрылымдар санада ретті жүйеге бағынады. Концепт типтерінің ішінде фрейм ең қарапайым құрылым саналады. Мәтінде фрейм, көп жағдайда, визуалды, перцептивті, сенсорлы т.б. қабылдаудан туған, қалыптасқан ассоциациялар арқылы танылады. Мысалы, романдағы «Мәңгілік

ел» концепті ядролық қабатына өте жақын келетін «момын қазақ», «көшпенді қазақ», «қонақжай, меймандос қазақ» т.б. ұзақ уақыт бойы көркем әдебиетте қалыптасқан тіркестер аясында немесе тың (стереотипті емес) авторлық ассоциациялар негізінде де танылуы мүмкін.

Парадигма – (гр. «paradeigma» – үлгі, мысал деген мағынада) тұтас ғылыми қауымдастық мойындаған/қабылдаған ғылыми жетістіктер.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Б – бет

P – бет (page – ағылшын тілінде)

S – бет (sayfa – түрік тілінде)

С – бет (страница – орыс тілінде)

Лат. – латынша

Фр. – французша

КІРІСПЕ

Алғашқыда философия термині ретінде пайда болған концепт гуманитарлық салаларда ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап пәнаралық когнитивтік ғылымдардың басты пәндік ұғымына айналды. Соңғы жарты ғасырдан бері адамның ақыл-ой, сана құбылыстарын, жалпы адамның ішкі менталды үдерістерін, болмысын сан қырынан зерттеу нысанына айналдырған пәнаралық когнитивтік ғылымдардың, соның ішінде, когнитивтік әдебиеттанудың да басты термині саналады. Шетел филологиясында концепт терминін философия, лингвистика, мәдениеттану, өнертану, психология т.б. салалармен қатар, әдебиеттануда зерттеудің өзектілігі мен маңызын айқындаған еңбектер жарық көрген. Атап айтар болсақ, А.С. Аскольдовтің «Концепт и слово», Л.В. Миллердің «Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория», В.Г. Зусманның «Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка»; «Концепт в системе гуманитарного знания», М.Тернердің «The Cognitive Study of Art, Language, and Literature», Ю.С. Степановтың «Концепты. Тонкая пленка цивилизации», Е.В. Лозинскаяның «Литература как мышление: когнитивное литературоведение на рубеже ХХ-ХХІ веков», Н.В. Володинаның «Концепты, универсалии, стереотипы в сфере литературоведения», «Концепт в системе когнитивного литературоведения: опыт методологического подхода» т.б. зерттеулерінде көркем концепт категориясы кеңінен қарастырылған. Мұндай зерттеулер филология ғылымының лингвистикадан тыс әдебиеттану саласында да зерттеліп жатқандығының айқын көрінісі. Ал отандық әдебиеттануда көркем концептіні қарастырған ауқымды еңбектер жарық көре қоймаған.

Отандық әдебиеттануда іргелі концептуалдық зерттеулер толықтай қолға алына қоймаса да, соңғы жылдары концепт негізгі термині саналатын когнитивтік әдебиеттану арнайы бағыт ретінде қалыптасаса бастағандығын ескерген жөн. Ал еліміздегі когнитивтік лингвистика концепт терминін зерттеу бойынша ірі табысты нәтижелерге қол жеткізгенін және концептуалдық зерттеулер кешенін қалыптастырғаны мәлім. Концептіні мәдениеттанулық және әдебиеттанулық аспектіде зерттеген Х.Мұхамадиевтің «Қазақстанның қазіргі әдебиетінің көркем дискурсындағы концептілер», К.Ахмедьяровтың «Бақыт Қайырбеков дискурсындағы «шөп» концепті», «Абай экспликациясындағы «Құдай (Аллаһ)» концепті», «Б.Қанапияновтың лирикалық дискурсындағы «алма» концепті», Э.Когайдың «Қазақ халқының әлем бейнесіндегі «ағаш (терек)» концепті», А.Абдулинаның «Оралхан Бөкей шығармашылығындағы «жол» концепті» және «Әбіш Кекілбаев шығармашылығындағы «жол» концепті», «Қазақстан», «Отан», «үміт», «жылқы» т.б. көркем концептілерін қарастырған еңбектері жарық көрген. Сонымен қатар, соңғы жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторантура бағдарламасы бойынша «Когнитивтік әдебиеттану» пәні оқытылады. Қазақстандық әдебиеттанушылардың ішінде Л.В. Сафронованың когнитивтік поэтиканың пәнаралық ғылым саласы ретінде қалыптасып, дамуы мен өзектілігін айқындаған еңбектері жарық көрген [1, с.71-72; 2, с.322-330].

Қазіргі уақытта когнитивтік пәнаралық ғылым салаларында тіл, әдебиет, мәдениет, өнер түрлеріндегі басты мағыналық және ұлттық мәдени кілт сөздерді (концептілерді) кешенді зерттеу үрдісі белең алуда. Зерттеу еңбектерінде әдебиет пен мәдениеттегі маңызды ұлттық доминант категориялардың бірі – концептіні түрлі қырынан қарастыруға күш салады. Аталған терминді зерттеу барысында лингвокогнитология, лингвомәдениеттану, психолінгвистика, когнитивтік әдебиеттану саласы бойынша жарық көрген еңбектерде өзіндік зерттеу әдіс-тәсілі аясында түсіндіреді. Тілші-ғалымдар концептіні көркем мәтін мәнмәтінінен қарастырғанда концепт пен ұғым категорияларының аражігіне назар аударады. Концептіні және оның негізгі белгілерін түсіндіру барысында сөздіктердегі анықтамасына жүгінеді. Сондай-ақ, концептінің өзекті, этимологиялық, шеткі аймақтық (перифериялық), ассоциациялық-құрылымдық қабаттарын анықтау үшін белгілі бір концепт туралы толыққанды ақпарат беретін энциклопедиялық, этимологиялық, түсіндірмелі және когнитивтік терминдер сөздігімен қатар, басқа да дереккөздерге сүйеніп, мақал-мәтел, афоризм, фразеологизм, сөз тіркесі, сөйлем, сонымен қатар, тұтас көркем туынды мәтіндерін негізге алады. Әдебиеттанудағы дәстүрлі талдау әдісінде қолданылатын метафора, метонимия, символ, теңеу т.б. образ тудыратын суреттеу амалдарын лингвистер концептілік жүйенің ішкі формасын (фрейм, субрейм, ойсурет, сценарий, скрипт, символ т.б.) түсіндіретін *концептілік құрылым* ретінде түсіндіреді. Бұдан басқа көркем мәтінге концептуалдық талдау жасау барысында туындыдағы тілдік тұлға концептосферасын түсіндіретін негізгі кілт сөздерді (зерттеушілер концептіні зерттегенде ұстанатын тәсіл) анықтауға тырысады.

Сондай-ақ зерттеушілердің бір парасы концептінің ғылыми категория болумен қатар, туындыдағы көркем-эстетикалық құбылыс ретіндегі орнын айқындайтын метааспектілерді ұсынған. Концептінің көркем мәтіндегі көрінісін әдебиеттанулық тұрғыда қарастырушылар оның «дерексіздік (абстракция)», «қандайда бір мінсіз мән (идеальная сущность)» (Н. Володина); «бір мезгілде көркем коммуникацияның түрлі буынында түйісетін мағыналар шоғыры» (В. Зусман) ретіндегі маңызына мән берген. Сонымен бірге, зерттеуші О.В. Михайлова В.Г. Зусманның «Диалог и концепт в литературе: литература и музыка» еңбегін талдау барысында «көркем мәтін аясынан «әдеби концепт» пен «көркем концептілерді» арнайы қарастырғанда шығармалардың өзара жанрлық байланысына, баяндау мен композициялық тәсілдерге, кейіпкерлер жүйесі мен олардың қайта жасалуына, тақырыпнамасы және мотивтік құрылымдарына мән берген жөн. Бұған қоса, туындылардың өзара генетикалық және типологиялық байланыстарын дәлелдеу аллюзия, эпиграф, дәйексөз, реминисценция т.б. зерттеу арқылы анықталатын мәтіндік сәйкестіктің көрініс табуы. Аталған әдеби амалдардың барлығы концептінің пайда болуы жолында маңызды» [3, с.63] деген тұжырымдарын алға тартады.

Диссертациялық жұмысымызда «Мәңгілік ел» концепті *күрделі* концептілер қатарынан орын алатындықтан, қазіргі гуманитарлық ғылым салаларындағы концептуалдық зерттеулерде қолданылып жүрген Ю.С. Степановтың «қабаттық» (*концептінің өзекті, ассоциациялық-құрылымдық қабаттарын*

(шеткері аймақтары) анықтау) және «көркем туындыларда семиотикалық, менталдылық әрі маңызды мәдени мазмұнға ие нақты образдар арқылы жүзеге асырылған *«мағыналық құрылымдар»* (Н.В. Володина) әдіс-тәсілін қолдандық. «Мәңгілік ел» концептін жеке авторлық көркем концептілер қатарында қарастырумен бірге, әлеуметтанулық (Н.В. Володина «ел» концептін көркем әрі әлеуметтік концепт ретінде қарастырады), ұлттық, мәдениеттанулық концептілер классификациясына жатқызамыз. Сол себепті зерттеушілердің көркем мәтін аясындағы әлеуметтанулық, мәдениеттанулық және көркем концептілерге концептуалды талдау жасау барысындағы жүзеге асырған әдістеріне сүйендік. Атап айтар болсақ, концептінің *ассоциациялық-мағыналық өрісін айқындау; концептіні құрайтын образдар репрезентациясын қарастыру; концептуалдық кеңістікті сипаттай отырып, кілт сөздерді анықтау; көркем мәтін материалдары арқылы зерттеліп отырған концептіні жатқызуға болатын референтті жағдайды айқындау әдістерін қолдану* арқылы «Мәңгілік ел» көркем концептін анықтауға ұмтылыс жасадық. Көп жағдайда, көркем концептіні әдеби туындылардан қарастыратын гуманитарлық ғылым салаларының әдіснамасы ортақ болып келетіні байқалды, тек дәйектеу, түсіндіру барысында өзіндік қалыптасқан пән ұғым-терминдерін қолданады.

«Мәңгілік ел» концептін автордың көркем өніміне негіз болған *шартты-эстетикалық іргелі категория* ретінде қарастырған жөн деген пікірді ұстанамыз. Яғни, «Мәңгілік ел» концепті көркем шығармада мемлекет болашағының баянды, тәуелсіз, жарқын болуы жолындағы бүтін қажыр-қайраты, арман-мұраты мен ұмтылыстарын бейнелейтін *көркем мән* деп ұғынылады. Біз талдау нысанына алған қазақ романдарында «Мәңгілік ел» концепті туындылардың *тұтас мәнмәтінінде* жүзеге асырылған.

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Қазіргі заманғы когнитивтік пәнаралық ғылым салаларында концепт категориясын зерттеу маңызды әрі өзекті саналады. Өйткені концепт термині ұзақ дәуірлер бойы белгілі бір ұлттың, халықтың ұжымдық санасындағы ақиқат дүние, қоршаған орта туралы қалыптасқан дүниетанымдық көзқарастарын кеңірек түсініп, пайымдауға, зерделеуге мүмкіндік береді. «Мәңгілік ел» ұғымы түркі және оның ішінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ұзақ уақыттық қалыптасу, даму, жаңғыру тарихы бар күрделі концептілердің қатарына кіреді. ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы мен ғылымында қайта жаңғырған «Мәңгілік ел» ұғымын *концепт ретінде қарастыру* ғаламның концептуалдық-көркемдік бейнесіндегі түркілік және ұлттық дүниетанымды айқындауға, сондай-ақ, қазіргі заманғы қазақ романдарын когнитивтік аспектіде зерттеуге септігін тигізеді.

Отандық әдебиеттануда «Мәңгілік ел» ұғымы *көркем идея, түсінік* ретінде зерттелгенімен, концепт термині ыңғайында қарастырылмаған. Қазақ әдебиетінде «Мәңгілік ел» концептінің өзегінде қарастырылатын алғашқы көркем түсініктер көне түркілер дәуірінің дүниетанымдық ақыл-ой жүйесі мен құндылықтары таңбаланған «Білге қаған», «Тоныкөк» және «Күлтегін» жазба ескерткіштер мәтінінде кездеседі. Одан кейінгі дәуірлердегі қазақ сөз өнерінде «Мәңгілік ел» концептінің тікелей осы атауы сирек көрінгенімен, аталған концепті өзегінде интерпретацияланатын көркемдік түркілік және ұлттық

құндылықтық бояуы басым ұғымдар мен когнитивтік-авторлық құрылымдар мол ұшырасады.

Диссертациялық жұмыста «Мәңгілік ел» концепті көрініс тапқан ХХІ ғасырдағы қазақ романдарының ішінде Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдары зерттеу нысанына алынды. Аталған концептіні тарихи тақырыпта жазылған туындылар дискурсынан қарастыру нәтижелі әрі нақты ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Өйткені «Мәңгілік ел» концепті түрлі тарихи көтерілістер мен оқиғаларды бастан өткізген қазақ халқының бостандыққа, тәуелсіз, еркін ел болуға ұмтылыстарын көрсететін ойтаным, көзқарас, түсініктерінің бейнелену жолдарын қамтиды. Сонымен қатар, ғаламның концептуалдық-көркемдік бейнесіндегі түркі, оның ішінде, қазақ халқының мәңгілік метафизикалық ұғымы мен мәңгілік, яғни тәуелсіз ел болу туралы көзқарастары сан қырынан көрініс тапқан.

Зерттеу жұмысында Қ.Мұқанбетқали, Д.Досжан, Ә.Тарази, Б.Нұржекеұлы, Т.Зәкенұлы және Н.Қуантайұлының туындыларындағы «Мәңгілік ел» концептінің когнитивтік модельдері және фрейм, субфрейм, скрипт, сценарий, символ, ассоциация, бейне т.б. концептілік типтері, сондай-ақ, аталған концепті өрісінде қарастырылатын бірнеше кілт сөздер (концептілер) айқындалады. Тарихи тақырыпта жазылған көркем туындылардың тұтас мәнмәтінінен «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік мәні анықталады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі уақытта сандық технологиялар жайлаған ХХІ ғасыр қоғамында адамның ішкі жан әлемін, ақыл-ой қызметі мен таным, сана үдерістерін, жалпы менталды болмысын түсіну, түсіндіру, пайымдау тұрғысынан келгенде күрделене түскені белгілі. Сондықтан қазіргі заманғы филологияда көркем шығарма арқылы адамның ақыл-ой жүйесінің өзгерісін, әлемді түйсіну, қабылдау, сезіну ерекшеліктері мен дүниетанымдық жүйесін жаңа қырынан қарастыру мәселесі туындады. Осыған орай гуманитарлық ғылым салаларында антропоөзектік парадигма бағыты орнықты. Бірнеше когнитивтік салалар ортақтасып, адам, таным, тіл мәселелерін өзара байланыстыра зерттеу арқылы адамның когнитивтік қабілеттерінің жаңа қырларын айқындауға талпынуда. Көркем мәтінді кешенді концептуалдық зерттеу жұмыстары отандық лингвистикада белгілі бір деңгейде жолға қойылғанымен, әдебиеттануда бұл үдеріс белсенді қалыптасуда. Сонымен қатар, ХХІ ғасырда жазылған қазақ романдарының дискурсынан «Мәңгілік ел» концептінің анықталуы ғаламның концептуалдық бейнесіндегі қазақ халқының дүниетанымдық көзқарас, түсініктерін айқындайды және ұлттық концептосфера базасын толықтырады. Қазақ авторларының ақиқат әлемнің көркемдік моделін бейнелеу барысында «Мәңгілік ел» концептін тудырудағы туындыгерлік, суреткерлік даралығы, әлемді сезіну, қабылдау, елестету ерекшеліктері айқындалады.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық көркем концептілерді зерттеу арқылы бірнеше түрлерін анықтап, томдықтарын жарыққа шығару маңызды саналады. Әлемдік мәдениеттің негізгі концептілерін зерттеу әдеби шығармашылық табиғаты мен

ерекшелігі туралы идеяны тереңдетуге ықпал етеді. Концептілерді зерттеу жұмысы ұлттық бірегейлік, ұлттық ерекшелік сынды өзекті мәселелерді көркемсөз иелерінің мұрасы арқылы жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың зерттелу деңгейі. ХХІ ғасырдағы қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің түпнегізі түркі халықтарының менталды әлемінде VI-VIII ғасырлардағы көне ескерткіштер мәтінінде орныға бастаған-ды. Одан кейінгі дәуірлерде аталған концептінің өзектілік, мазмұндық мәні көмескіленіп кеткенімен, халықтың рухани және заттық құндылықтарының мәңгілігін көкsegен көркем ұғым, идея, мазмұн ретінде қазақ әдебиетінің түрлі жанрында өмір сүрді және әлі де жалғасуда. Түркі қағандары мен ақыл-кеңесшілерінің тасқа ойып жазып, кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде қалдырған «Мәңгілік ел» ұғымы (тұжырымдама ретінде) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» халыққа арналған 2014 жылы Жолдауында *қайта жаңғырғаннан* кейін гуманитарлық салаларда түрлі аспектіде зерттеле бастады. Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор-әдебиеттанушылары «Мәңгілік ел» ұғымын идея ретінде қарастырған «Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы» аталатын гранттық ғылыми жоба нәтижесінде ұжымдық монография (тарау авторлары: Ө.Әбдиманұлы, Ж.Дәдебаев, А.Темірболат, Ш.Шортанбаев, Е.Солтанаева, Ж.Есімова, Қ.Айсұлтанова) жарық көрген. Аталған еңбекте «Мәңгілік ел» *идеясының* әдеби туындыдағы көркемдік қызметі жан жақты талданған. Сондай-ақ, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының ХІХ ғасыр әдебиетіндегі көрінісі», «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» және ұлттық идея тоғысуы» ұжымдық монографияларында да «Мәңгілік ел» ұғымының *ұлттық идея* ретіндегі әдеби-эстетикалық рөлі айқындалған.

Тарихшы Х.Әбжановтың «Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология» еңбегінде аталған идеяның тарихи пайда болу, даму эволюциясы жайында тұжырымды ойлар келтіріліп, қазақ әдебиетінің әр дәуірдегі үлгілері негізінде талданған. 2013 жылы С.Сыздықов, С.Қанаев, Ж.Жеңістің қосалқы авторлығымен «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық» аталатын монография жарық көрген. Аталған зерттеуде «Мәңгілік ел» ұғымының *идея ретіндегі* теориялық негіздері, қалыптасу алғышарттары әл-Фараби және Ж.Баласағұн еңбектерімен сабақтастықта баяндалған. «Мәңгілік ел» ұғымын көркемдік тұрғыда жан-жақты зерттеу нысанына айналдырған еңбектердегі ғылыми ой-тұжырымдар «Мәңгілік ел» концептінің теориялық базасын сан қырынан толықтырады деп бағамдаймыз.

«Мәңгілік ел» сынды концептілер шетелдік әдебиеттануда да зерттелуде. «Америкалық арман» [4, с.42-46], «Орыс идеясы» [5, с.108-116] деп аталатын ұғымдарды концепт деңгейінде қарастырған мақалалар жарияланса, «Америка», «Ресей», «Германия» әлеуметтік концептілері көркемдік тұрғыда арнайы зерттеліп, сегіз томдық «Концептілер антологиясына» (2005) енген. Сондай-ақ, 2013 жылы жарық көрген «ХХ ғасыр орыс әдебиетіндегі көркем концептілер антологиясы» да орыс ұлттық концептосферасын толықтырған іргелі еңбектердің қатарына кіреді. Біздің ойымызша, осы тұрғыдан алғанда

XXI ғасырдағы қазақ романдарынан «Мәңгілік ел» концептін қарастыру отандық әдебиеттанудағы концептуалдық зерттеулер кешенін қалыптастыруға маңызды үлес қосады. Концептуалдық зерттеулер жүргізуге ұмтылу отандық әдебиеттанудағы бұрынғы теориялық парадигманың осы күнге дейін қол жеткізген табыстарын жоққа шығармай, жаңа ғылыми когнитивтік аспектіде толықтыра, жетілдіре түседі.

Концепт категориясы әдебиеттануға философия, лингвистика сынды салалардан ауысқандықтан, когнитивтік пәнаралық нысан ретінде қарастыру қажеттілігі алға қойылды. Концепт терминін отандық филологияда алғашқы болып лингвистер қауымы зерттегені белгілі. Әдебиеттануда когнитивтік поэтика саласын дамытудың маңызын айқындаған және концепт терминін арнайы зерттеген А.С. Аскольдовтің «Концепт и слово», Л.В. Миллердің «Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория», В.Г. Зусманның «Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка»; «Концепт в системе гуманитарного знания», М.Тернердің «The Cognitive Study of Art, Language, and Literature», Ю.С. Степановтың «Концепты. Тонкая пленка цивилизации», Е.В. Лозинскаяның «Литература как мышление: когнитивное литературоведение на рубеже XX-XXI веков», Л.В. Сафронованың (А.М. Нұрбаева қосалқы автор) «Междисциплинарные аспекты когнитивной поэтики», Н.В. Володинаның «Концепты, универсалии, стереотипы в сфере литературоведения», «Концепт в системе когнитивного литературоведения: опыт методологического подхода», Қ.Рысберггеннің «Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері», А.Әмірбекованың «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі» (М.Мақатаев поэзиясы бойынша) сынды еңбектерінде кеңірек қарастырылған. Сондай-ақ, «Мәңгілік ел» ұғымы А.Ташағылдың «Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы» және С.Қаржаубайұлының «Орхон мұралары» (I, II кітап), Ж.Сүлейменованың «Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам және адам модельдері» т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кеңірек қарастырылған. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкерлері 2018-2020 жылдарға жоспарланған «Қазақстан әдебиеті мен өнеріндегі «Мәңгілік ел» концепті» мақсатты нысаналы бағдарламаны жүзеге асырғанын айтып өткен жөн.

Зерттеу жұмысының әдістері. «Мәңгілік ел» көркем концептінің қазақ романдарындағы көрініс табу ерекшеліктерін зерттеу барысында концептуалдық кешенді әдіс, антропологиялық, семиотикалық, герменевтикалық, тарихи-салыстырмалы, салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Қ.Жұбанов, Б.Майтанов, Н.Келімбетов, С.Қаржаубайұлы, С.Қасқабасов, С.Қондыбай, М.Жолдасбеков, Ж.Дәдебаев, Л.Сафронова, Ө.Әбдиманұлы, Х.Әбжанов, С.Сатай, А.Темірболат, Н.Ақыш, А.Қалиева, Қ.Рысбергген, А.Тымболова, Б.Аташ, Б.Нұрдәулетова, А.Әмірбекова, Ж.Сүлейменова сынды отандық ғалымдармен қатар, М.Бахтин, А.Аскольдов, О.Тураноғлу (O.Turanoğlu), В.Маслова, Д.Лихачев, Ю.Лотман, В.Карасик, Г.Слышкин, Л.Миллер, И.Тарасова, Л.Витковская, Е.Лозинская, В.Зусман,

А.Ташағыл, М.Тернер, Ю.Степанов, Н.Володина, Ф.Тамир (F.Tamir) т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне және энциклопедия, түсіндірмелі, аударма, салалааралық терминдер сөздігіндегі анықтамаларға сүйендік.

Зерттеу нысаны: Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдары.

Зерттеу пәні ретінде ХХІ ғасырдағы қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің образды жүзеге асырылу жолдары алынды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты – ХХІ ғасырда (2000-2015 жылдар) жарық көрген қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» көркем концептінің образды түрде жүзеге асырылу жолдарын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– отандық әдебиеттануда көркем концепт категориясын зерттеудің өзектілігі мен маңызын айқындау;

– «Мәңгілік ел» концептінің көркем концептілік әлеуетін көрсету;

– қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» концептінің когнитивтік аясын молайтатын көркем тұжырым, идея, абстрактылы ұғым-түсініктерді, бейне, авторлық ой-толғамдарды, т.б. анықтау;

– зерттеу нысанына алынған Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің концептілік құрылымдарын көрсету;

– 2000-2015 жылдар аралығында жазылған қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептін түсінуге көмектесетін макроконцептілерді (кілт сөздерді) айқындау;

– ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген романдардағы «Мәңгілік ел» концептінің құрылымдық қабаттарын табу;

– зерттеу нысанына алынған қазақ романдарын когнитивтік аспектіде қарастыру;

– зерттеу нысанына алынған романдардың көркем мәтінінен «Мәңгілік ел» концептін қалыптастыратын жеке авторлық когнитивтік-көркемдік модельдерді анықтау.

Зерттеудің дереккөздері ретінде Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдары алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

– ХХІ ғасырдағы қазақ романдары әдебиеттануда когнитивтік аспектіде қарастырылды;

– қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» концепті өрісінде қарастырылатын ауқымды көркем-мифтік идеялар, бейнелер, ұғым-түсініктер айқындалды;

– «Мәңгілік ел» концептінің көркем-эстетикалық, діни-мәдени, тарихи, философиялық және саяси негіздері жан жақты пайымдалды;

– ХХІ ғасырдағы қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің концептілік құрылымдары – фрейм, схема, ойсурет, сценарий, метафора, символ, образ, кейіптеу, ассоциация, метонимия, теңеулер т.б.анықталды;

– 2000-2015 жылдар аралығында жарық көрген қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептін түсінуге көмектесетін макроконцептілер айқындалды;

– ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептін құрайтын «Мәңгілік ел» – қазақ», «Мәңгілік ел» – халық билеушісінің әділдігі», «Мәңгілік ел» – атақоныстың азаттығы», «Мәңгілік ел» – білім, бірлігі нығайған ел», «Мәңгілік ел» – тәуелсіз ел» моделі», «Мәңгілік ел – ата-бабалар арманы», «Мәңгілік ел» – өркениетті ел» т.б. авторлық когнитивтік шартты-эстетикалық модельдер танылды. Мәңгілік елдің тілі де мәңгілік болуы тиіс. Сондықтан «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» моделі де айрықша мәртебеге ие.

– қазіргі қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің өзекті, тарихи, ассоциациялық қабаттары концептуалды талдау негізінде көрсетілді.

«Мәңгілік ел» ұғымының концепт категориясы ретінде алғаш рет диссертациялық зерттеу нысаны ретінде алынуы *жұмысымыздың жаңалығын* айқындайды.

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңызы.

– зерттеудің нәтижелері соңғы жылдары қолға алына бастаған когнитивтік әдебиеттану бағытының ғылыми-теориялық парадигмалары мен ұстанымдарын нақтылай түсуге, өзектілігін айқындауға үлес қосады;

– қазақстандық әдебиеттанудағы концептологиялық зерттеулер аясын кеңейтуге жол ашады;

– көркем шығармаларды когнитивтік аспектіде қарастыруға мүмкіндік береді;

– зерттеу нәтижелерін ұлттың дүниетанымы, тарихы, мәдениетін т.б. қарастыратын дәстүрлі және қазіргі заманғы ғылым бағыттары мен жоғары оқу орындарының арнаулы курстарында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының гипотезасы: қазақ халқының әлемнің концептуалдық бейнесіндегі ұлттық түсініктерін айқындайды.

Қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген келесідей тұжырымдарды қорғауға ұсынамыз:

1. «Мәңгілік ел» концептінің образды құрылымдары қазақы-түркілік дүниетанымда ескі көк түркілер дәуірінен бастап орныққан. «Тоныкөк», «Білге қаған» және «Күлтегін» ескерткіштерінің мәтінінде «Мәңгілік ел» ұғымы екі тұста (А.Егеубаев аудармасы бойынша) кездеседі.

2. «Мәңгілік ел» ұғымының концепт категориясы ретінде қарастырылуға әлеуеті жеткілікті. Түркологиялық және отандық әдебиеттану мен көркемсөз өнерінде, мәдени-тарихи кеңістікте он үш-он төрт ғасырдан бері өмір сүріп келеді. ХХІ ғасырда қазақ қоғамы мен әдебиетінде қайта жаңғыру сипатына ие болды. «Мәдениет пен көркемсөз өнеріндегі маңызды, құндылықтық сипаты басым, мазмұндық, көркемдік аясы ұдайы жаңғыруға бейім доминант сөздер ғана концепт бола алады» деген зерттеушілер пікіріне сәйкес келеді.

3. «Мәңгілік ел» концепті атауындағы «Мәңгілік ел» тіркесі шартты-бейнелі мағынасында ұғынылады. Жаратушы белгілеген ақырзаманға дейін ұлттың заттық және рухани мұралары өзіне тиесілі – мәңгілік болуы тиіс. Яғни, мәңгілік ұғымының бастауы мен аяқталуы тек Жаратушыға ғана аян болған түсінік. «Мәңгілік ел» концепті көркем туындылар мәнмәтінінде ақиқатқа негізделген шартты-эстетикалық мән ретінде қарастырылады;

4. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» (ескі түркі халқының басқарушылары), «Оян, қазақ!» (М.Дулатов), «Берік бол, қазақ!» (Ә.Бөкейхан), «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» (М.Шоқай), сынды ақиқатқа негізделген көркем идеялар «Мәңгілік ел» концептінің маңызды танымдық қабаттарын құрайды. Аталған идеялардың түпкі көркемдік мәні қазақ халқының бостандығы мен Тәуелсіздігін аңсаған халықтық-ұлттық түсініктерді қамтиды;

5. Түркі және қазақ көркемсөз өнеріндегі «Жиделі байсын», «Қорқыттың көрі», «Жерұйық», «Ергенекон», «Өтүкен» т.б. мифтік-бейнелі ұғымдар «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік, мифтік-діни, тарихи-мәдени, философиялық, когнитивтік құрылым-қабаттары ретінде танылады;

6. XXI ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ романдарында «Мәңгілік ел» концепті мемлекет, тәуелсіздік, еркіндік, қазақ, орыс, Қазақстан, президент, Астана, Орынбор, құт, атамекен, музыка, дін, кейіпкер т.б. макроконцептілер өрісінде айқындалады;

7. Қазіргі қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концепті фрейм, ассоциация, символ, образ, скрипт, сценарий, метафора, метонимия т.б. когнитивтік құрылымдар негізінде көрініс табады: фрейм – қазақ этнониміне қатысты оң және теріс бағалауыштық мәндер; сценарий – туындыға сюжет ретінде тартылған оқиға-эпизод топтамалары аясында танылатын қазақ халқының бет-бейнесі, инвариант (ұдайы жаңғыруға бейім әдебиеттегі тұрақты кейіпкерлер) образдар – Тоныкөк, Білге қаған, Сырым Датұлы, Мұстафа Шоқай, Нұрсұлтан Назарбаев т.б.

Алынған нәтижелерді апробациялау. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытынды тұжырымдары бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында 13 мақала жарияланды. Соның ішінде ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында 7 мақала, «Скопус» («Scopus») мәліметтер базасында 1 мақала жарық көрді.

– Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse // Space and Culture. – India, 2019. – Vol.7, № 6. – P. 68-75.

– Тарихи романдардағы субъективті толғамдар // ҚазҰУ Хабаршысы. «Филология» сериясы. – Алматы, 2016. – №4(162). – 21-24 б.

– Қазіргі қазақ романдарындағы ұлт зиялыларының тағдыры // ҚР ҰҒА Хабаршысы. – Алматы, 2017. – №2. – 251-255 б.

– Жазушы Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романындағы «Мәңгілік Ел» концептінің репрезенттелу ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, – Алматы, 2018. – №1(56). – 253-259 б.

– Representation of the artistic concept of «Eternal nation» in «Ai, dunie-ai» («Oh, life!») novel by B. Nurzhekeev // Al-Farabi Kazakh National University. Eurasian Journal of Folology: Science and Education. – Almaty, 2018. – №4(172). – P. 152-158.

– Әдебиеттануда көркем концептінің зерттелу тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология» ғылымдары сериясы. – Алматы, 2019. – №2 (68). – Б. 225-233.

– ХХІ ғасырдағы қазақ романы және «Мәңгілік ел» концепциясы // Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықар.ғыл. конф.матер.жин. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 248 б.

– ХХІ ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарындағы «Алаш» концепциясы // «Қазақстан жаңғыруының өзекті мәселелері» халықар.ғыл.конф.матер.жин. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2017 – 370-375 б.

– Қазақ әдебиеттануында концептіні зерттеудің өзектілігі // V Халықаралық Фараби оқулары. Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С. 243-244.

– B.Nurjekeev'in «Hey, Dünya» Romanında «Ebedi Devlet» Anlayışı // International Conference on social researches and behavioral sciences. – Antalya, 2018. – 30 s.

– Images of Turkic Hagans who developed the idea of «Eternal nation («Mangilik yel»»)» (According to the novel «Mangitas» written by T.Zakenuly) // XV Әуезов оқулары халықар.ғыл.-тәж.конф.матер.жин. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2018. – 274-281 б.

– The concept of «Eternal nation» («Mangilik yel») in the «Hard Time» novel by K. Mukhanbetkaliuly // International Conference on social science research. – Prizren, 2018. – P. 18-22.

– Көркем концепті әдебиеттануда зерттеудің әдіс-тәсілдері // Студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» атты халықар.ғыл.конф.матер.жин. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 389-390 б.

Зерттеу жұмысы құрылымы және алға қойған мақсат-міндеттеріне сәйкес кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 КОГНИТИВТІК ПАРАДИГМАЛАР МӘНМӘТІНІНДЕГІ ОТАНДЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ

XXI ғасырға дейінгі отандық әдебиеттанудың қалыптасып, даму және әлемдік филологиялық ғылымдар арасындағы белсенділігі жайында жазылған, айтылған зерттеулер мен пікірлер мазмұны біркелкі емес. Әсіресе, қазақ туындыларының әлемдік әдебиеттегі орны, халықаралық мәдени-әдеби коммуникацияда көрінуі, дүниежүзі елдеріне қолжетімділігі, өзге тілдерге тәржімалануы жайында пікіралмасулар мен сұқбаттар жүргізілгенде қазақстандық әдебиеттанудың бүгінгі жағдайы да қоса көтеріледі. Олардың алғашқы тобы осы кезеңге дейін отандық әдебиеттанудың теория, сын (сын саласы XX ғасырда белсенділік танытты) тәрізді салаларының баяу дамып жатқандығын алға тартса, келесі бір тобы XX ғасырдың басынан бері қолға алынған жекелеген, ұжымдық зерттеулер отандық әдебиеттанудың базасын толықтырғанын, қыруар ғылыми жұмыстардың жасалғанын дәлелдеуге тырысады. Екі тараптың да өзіндік дәлелдері бар, кейбір пікірлері негізсіз де емес. Академик З.Қабдолов «Сөз өнерінің» 1992 жылғы өңделіп, толықтырылған төртінші басылымында: «Әдебиеттануда күні кешеге дейін кенже қалып келген сала – әдебиет теориясы» [6, 7 б.] деген еді. Еліміздегі әдебиеттану ғылымының теория саласы әлі күнге дейін әлемдік әдебиеттанудың көшіне ілесуге ұмтылып келеді. Яғни, академик З.Қабдоловтың пікірі әдебиеттануда әлі де маңыздылығын жоймады.

Осы кезеңге дейінгі отандық әдебиеттану базасына жинақталған еңбектерді қарастырғанда зерттеулердің көбісі А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Б.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Т.Кәкішев т.б. ғалымдар қалыптастырған дәстүрлі зерттеу методологиясына негізделгенін байқау қиын емес. Демек, өткен ғасырда белгілі бір деңгейде әдеби шығармаларды талдаудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері орныққан еді. Ал қазіргі уақытта отандық әдебиеттануда теоретик мамандар аз болғандықтан, теориялық еңбектер де, оқулықтар да көптеп жазыла бермейді. Көркем мәтінді әдебиеттанулық аспектіде зерттейтін бұрынғы дәстүрлі талдау әдістері қазіргі күн тұрғысынан қарағанда аясын кеңейтуді, кешенді сипатқа айналдыруды қажет етеді.

Отандық *әдебиеттанудың теория саласының* кенже қалу жағдайын әлемнің үздік жоғары оқу орындарында оқытылатын теориялық еңбектердің қазақ тіліне тәржімаланбау себебімен де түсіндіруге болады. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының білім алушылары оқитын академиялық теориялық еңбектер күні бүгінге дейін қазақ тіліне аударылмады. Ізденістегі адам шет тіліндегі еңбектерді оқып-ұғынып алуға міндетті болғанымен, университет жас ізденушінің ғылымға қызығушылығын оятатын, ізденістің алғашқы сатыларынан өткізетіндіктен негізгі ғылыми еңбектер қазақ тіліне аударылуы қажет деп есептейміз. 2017 жылы жарық көрген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы [7] «Мәңгілік ел» идеясынан кейінгі, әсіресе, қазақ гуманитарлық ғылымдары мен ұлттық мәдениетке түбегейлі оңды өзгерістер әкелген дәуірлік

құбылыстар қатарынан орын алды. Аталған мақалада гуманитарлық салалар бойынша сапалы мамандардың сыни сүзгісінен өткен әлемдік үздік жүз оқулықты аударып, оқу үдерісіне енгізу үшін «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы ұсынылған еді. Елбасы Н.Назарбаев көтерген бастаманы жүзеге асырған «Ұлттық аударма бюросы» Джули Ривкин (Julie Rivkin) мен Майкл Райанның (Michael Ryan) қосалқы авторлығымен шыққан «Әдебиет теориясы» бес томдық Антологиясын (Literary Theory an Anthology) қазақ тіліне тәржімалады [8] және аталған оқулық қазіргі уақытта қолданысқа енді. Бұл ретте отандық әдебиеттанудың теориясы бойынша кейбір мәселелерді ғана тілге тиек еттік. Алайда екі жарым ғасырдан астам уақыт елдің бостандығымен қоса рухани, мәдени, материалдық мұралары да Ресей империясының қыспағында болған қазақ елінің тәуелсіздік алған алғашқы отыз жылы ішінде отандық ғалым-зерттеушілер *әдебиеттанудың тарихы саласы* бойынша зерттеулер кешенін қалыптастырды.

1970-1990 жылдары батыс, орыс ғалымдары әдебиеттанудағы феноменология, структурализм, постструктурализм, деконструктивизм, постмодернизм, антропология, когнитивизм т.б. бағыттар жайында пікір алмасып, ғылыми зерттеулерін жариялап жатқанда отандық әдебиеттануда кейінгі қалыптасып жатқан әдеби ағым-бағыттар соңғы тенденцияларға баланып, отыз-қырық жыл бұрынғы құбылыстар аталып жатады. Елімізде *әдебиетті зерттейтін теория* ақсап, кенже қалғанда әлемдік әдебиеттанудағы ғылыми парадигмалар ауысып жатты. Бұған қазіргі уақыттағы техника мен ғылымдағы түрлі ғылыми төңкерістер мен ақпараттық технологияның пайда болуы ғылыми әдіс-тәсілдердің жиі ауысуына әсер етті.

XXI ғасыр ақпараттық технология мен интернет құбылысының қарқынды дамыған дәуіріне айналды. Бүгінгі қоғамдағы адам екі әлемде (шынайы және онлайн/виртуалды) өмір сүріп жатқандай қабылданады. Бір қызығы, екі әлемнің бір-бірімен қабыспайтын тұстары да көптеп кездеседі. Мысалы, физикалық өмірде адам тамақтанып, тынығып, ары-бері қозғалысқа түсіп, әрекет етсе, сандық әлемдегі қимылдары, көп жағдайда, менталды үдерістерімен, ой-сана, таным, интеллектілік қызметімен байланысып жатады. Когнициясы негізінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарды адам шынайы тіршілігінде атқаруға қабілетсіз келеді. Мысалы, компьютерлік бағдарламаларды құрастыру, ақпараттық құрылғылардың сан алуан түрін ойлап табу, бағдарламаларға код жазу сынды интеллектуалдық қызметінің нәтижесінде өнім жарататын адам физикалық өмірдегі әрекеттерді атқаруға икемсіз болуы мүмкін. Қалай десек те қазіргі уақытта екі кеңістіктің толассыз жаңалықтары адамзат тіршілігін оңтайландыруға септігін тигізуде. Адамның ой-сана, таным, қиял үдерістері негізінде көркем өнім тудырушылардың қатарынан *көркемсөз иелері* де орын алатыны мәлім. XXI ғасырдағы озық интеллектуалдар сан алуан өнертабыс түрлерін дүниеге әкеліп жатса да адам болмысы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда күрделеніп барады. Адам қолымен жасап шығарылған сандық өнімдер мен ақпараттық технологиялық құрылғыларды жүйелі пайдаға жарата алмауы адамның өзіне жағымсыз әсерін тигізуде. Постмодерн қоғам өкілдері, бір жағынан, ескіден қалыптасқан мәденитет пен әдебиеттегі дәстүрлі

классикалық құндылықтарды қабылдай алмайтын, бұрынғы дәстүрлі қағиданы ұдайы бұзуға талпынатын сипатымен ерекшеленсе, екінші жағынан, қоғамнан орнын таба алмай, қоршаған ортасынан жерінген адамдар көптеп кездеседі. Адамның осындай күрделі табиғатын түсіндіру үшін гуманитарлық ғылым салалары өзара ықпалдаса, бірігіп зерттеулер жасауға ұмтылуда. Бұрыннан қалыптасқан ғылыми әдіс-тәсілдермен қоса, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап антропоэзектік парадигма қанат жайды. Жаңа парадигма, атауы аңғартқандай, басты нысаны ретіндегі адамның менталды әлемін, дүниетанымдық ерекшеліктерін зерттеуге күш салады. Қазіргі қоғамның мұндай тенденцияларын баяндауымыздың себебі біз қарастырып отырған концепт категориясы автор санасындағы өзі маңызды деп санаған мәнді ойлардың мәтінге айналуға дейінгі аралықтағы сатыларда жүзеге асырылуын қамтиды. Яғни, автор да сөз өнерін жарататын өнер иесі.

Қазіргі ақпараттық технологиялық, ғылыми төңкеріс дәуірінде ақылды бағдарламаларды көркемсөз өнерін тудыру барысында қолдану мәселесі алға шықты. Бұл үрдіс қазіргі әлемдік әдебиетте көркем мәтінді әр қырынан трансформациялауға үлес қосуда. Ал концептіні де адамның ақыл-ой қызметінің жемісіне балаған ғылыми ойлар кездеседі. Көркемсөз тудырушы (ақын, жазушы, драматург) танымында концепт иерархиялық жүйе сақтап орналасады және әрқашан әлемнің көркемдік бейнесіндегі ұлттық мәдениеттің үлесін айқындауға септеседі. Адамның (автордың) ми қызметі көркем образдар арқылы ақиқат әлемді жаңа қырынан түсіндіруге ұмтылыс жасайды.

Кеңірек зерделейтін болсақ, көптеген ғылым салалары, әсіресе, гуманитарлық бағыттар басты нысаны ретінде адамды зерттеуге, концепт категориясының мазмұнын түсіндіруге талай жылдарды сарп етіп келеді. Адамның ыңғайлы өмір сүруі, оның тіршіліктегі хал-жағдайын жақсарту және күрделі мәселелерін шешуге ұмтылу жолында зерттеулер кешені қалыптасқан. Яғни, адам – қай кезде де әлемнің орталығында тұратын нысан. Әдебиет те, оның ішінде поэзия, проза, драма т.б. жанрлар адамның рухани-моральдық тұрғыда кемелденуі және адам жанын ізгілендіру мақсатында өмірге келетін өнердің бір түрі – сөз өнері. Зерттеушілер көркем туындының бұдан басқа да көптеген қызметтерін алға тартады. Маңыздысы, қашан да «әдебиеттің предмети – адам» [6, 90 б.].

ХХ ғасырдың 50 жылдарынан бастап, адам феномені түрлі ғылымдар тоғысында зерттеле бастады. Осы кезеңге дейін адамның интеллект, ақыл-ой, таным, сана үдерістері философия, психология, логика сынды ғылымдардың зерттеу нысаны болып келсе, когнитивтік ғылымда осы мәселелер жаңа қырынан қарастырыла бастады. Көркем туындылардың басты пәні мен нысаны ретіндегі адамды интеллектілік, сана, таным, ойлау жүйесінің сан алуандылығы, қоршаған ортаны қабылдау, түйсіну ерекшелігі, тарихы, діні, мәдениеті, тілі, ділі, өмір сүру дағдысы тұрғысынан зерттеу когнитивтік әдебиеттанудың басты нысанына айналды. Когнитологиямен ықпалдастықта даму үдерісін бастан кешіп жатқан зерттеулерде Т.С. Кунның «Ғылыми революция құрылымы» [9] кітабы жарық көргеннен кейін қолданысқа ене бастаған «когнитивтік революция» терминіне ғылыми еңбектерде жиі сілтеме

жасалады. Когнитивистика дегеніміз (лат. *cognitio* – таным) – адамның ойлау, сана заңдылықтарын, ментальды әрекеттері мен танымдық үдерістерін зерттеумен, сондай-ақ, түрлі табиғи және жасанды жүйелерді ұйымдастыру, әрекет ету қағидаларын модельдеумен айналысатын арнайы ғылыми бағыт. Адам-таным-мәдениет, ұлт-таным-мәдениет сынды ұғымдарды өзара байланыста қарастырады. Сонымен бірге, когнитивтік әдебиеттану, когнитивтік психология, нейрофизиология, когнитивтік лингвистика және жасанды интеллект теориясын біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт деген орныққан тұжырым да қалыптасқан.

Когнитивтік ғылымдардың пайда болу уақыты мен оның көркемсөз арқылы көрініс табу жолдары ерте кезеңдерден басталып, бүгінге дейін жалғасып келеді. Гуманитарлық ғылымдардың пәндік ұғымдарының орнығуына негіз болған «Поэтика» [10] еңбегінің авторы Аристотельден бастап, Гераклит [11], Платон [12], Әл-Фараби [13], П.Абеляр [14], С.Аскольдов [15], М.Бахтин [16], А.Байтұрсынұлы [17], Ж.Дәдебаев [18] т.б. еңбектерінде тілдің адам ойын таңбалайтын таным құралы екендігі туралы ой-пікірлер көрініс тапқан. Гераклит шығармаларында таным мен санаға кеңірек көңіл бөлінген. «Мен өзімді өзім зерттеп жүрмін» деген адам жайындағы терең мәнге ие ойларды келтіреді. Осы пікірді адам туралы ілімдердің – көркем антропологияның, когнитологияның т.б. бастауы ретінде қарастырған жөн. Когнитивтік ғылымда адам ақпаратты өңдеуші жүйе және дүниенің ментальды моделін қалыптастырушы категория ретінде түсіндіріледі.

Кез келген ғылымның дамуы барысында, әсіресе, филология салаларында ғылыми парадигмалар біртіндеп орын ауыстырушылық сипатқа ие. Т.Кунның түсіндіруінше, ғылыми революция дәуірінде қолданыстағы ғылыми әдіс-тәсілдер ескіріп, оның орнын жаңа парадигмалар алмастырады. Ғылым философы парадигмалардың ауысу жағдайын «ғылымдағы революциялық үдеріс» деп атайды. Парадигманы (гр. «*paradeigma*» – үлгі, мысал деген мағынада) тұтас ғылыми қауымдастық қабылдаған ғылыми жетістіктер деп ұғынған жөн. Парадигманың көмегімен бір уақытта ғылыми проблемаларды ортаға шығарып, оны шешудің модельдері де қоса ұсынылады. Т.Кунның ғылыми қолданыстағы зерттеудің әдістері мен қағидалары уақыт озған сайын ескіріп, соңғы пайда болған фактілерді түсіндіруге қауқарсыздық танытады деген пікірі соңғы кездері өзектілене түсуде [9, p.29-30]. Т.Кун ұсынған «парадигма» термині ХХ ғасырдың екінші жартысынан бері әдебиеттану және лингвистика салаларында танымдық зерттеулер жүргізуге септігін тигізді.

Антропоөзектік парадигма, әсіресе, тіл білімінде қарқынды дамып, салалық пәндердің интеграциялануы нәтижесінде когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, прагмалингвистика, паралингвистика, нейролингвистика сынды жаңа салалардың пайда болуына жол ашты. Соның ішінде когнитивтік лингвистика саласы Еуропа, Ресей лингвистерімен қатар, қазақстандық тілшілердің тарапынан да үлкен қызығушылыққа ие болып, іргелі аксиологиялық, гнесеологиялық, когнитивтік зерттеулер жазылып үлгерді. Ресей, АҚШ, Еуропада лингвистикадағы концептология саласын арнайы

зерттейтін ғылыми мектептер қалыптасқандығын зерттеушілер пікірі растайды [19, 7 б.].

Әлемдік гуманитарлық салаларда антропоэзектік бағыттың дүниеге келуі лингвистикамен қоса, әдебиеттануда да зерттелмей келе жатқан мәселелерді айқындауға септігін тигізді. Америка және батыс филологтары XX ғасыр басынан бастап ұзақ жылдар бойы ұлт санасында ұрпақтан ұрпаққа беріліп, берік орнығатын, көркем ойға құрылған, астарлы, бейнелі, символдық, метафоралық бояуы басым ұлттық түсініктердің мән-мазмұнын, қызметін субъектінің когнициясына, жеке танымдық қабілеттеріне иек арта отырып, зерттеу ісін қолға алды.

Өткен ғасырдың екінші жартысында көркем әдебиетті зерттеудегі жаңашыл ағым-бағыттардың пайда болуына орай әлемдік әдебиеттануда да когнитивизм саласы қолданысқа еніп, нәтижесінде когнитивтік әдебиеттану қалыптаса бастады. А.С. Аскольдов [20], Дж. Лакофф [21], Р. Джекендофф [22], Ю.С. Степанов [23], А. Шахнарович [24], Р. Фрумкина [25], В. Демьянков [26], И. Стернин [27], С. Воркачев [28] және т.б. филолог-ғалымдардың әдебиеттану және когнитивтік лингвистика тоғысындағы еңбектері әдебиеттану саласында когнитивтік бағыттың орнығуына негіз болды. Мұндай пәнаралық зерттеулер нысанға алған көркем туындыны құрылымдық-жүйелілік тұрғыдан әрі бөлшектемей, тұтас, кешенді күйінде, шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымдарын байланыстыра қарастыруды мақсат етеді.

Қазіргі күні білім-ғылым ғасыры қанат жайған уақытқа тап келдік. Ақпараттық технология басым қолданылатын салаларда адамның жұмыс күші төменгі сатыларға сырғып, жасанды интеллект пен робот-адамның қызметіне жүгіне бастады. Бұл үрдіс қазіргі уақытта индустрия саласында белең алуда. Цифрландыру үрдісі өзге салаларды басып өтіп, әдебиет шекарасына ене бастады. Сөз өнерін тудыруда ақпараттық технологиялық бағдарламалар қолданыс таба бастаған қазіргі уақытта когнитивтік пәнаралық ғылымдарда ғалам бейнесі, ғаламның көркем бейнесі, ғаламның концептуалды бейнесі (әлем моделі), әлемнің тілдік бейнесі, концептуалдық жүйе, когнитивтік база, концепт, ғаламның тілдік бейнесі, менталдылық, концептосфера, концептуалдандыру, когниция т.б. ұғымдар кеңінен зерттеле бастады. Бұл орайда отандық тіл білімі этнолингвистика, паралингвистика, лингвомәдениеттаным, когнитивтік лингвистика салаларында зерттеулер жүргізіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізгендігін атап өткеніміз жөн.

Когнитивтік әдебиеттанудағы концепт термині XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында алғашында физика ғылымында, кейінірек семиотика, лингвистика т.б. салаларда қалыптаса бастаған әлемнің тілдік бейнесі, әлем бейнесі, әлемнің концептуалды бейнесі (когнитивтік модель) сынды ұғымдарды сан қырынан интерпретациялауға қатысады [29]. Адам мен қоршаған орта гармониясы, олардың өзара қарым-қатынасы әлем түсінігінің мазмұнын танытса, адамның әлем туралы ойларының тілде бейнелену жолдары дүниенің тілдік бейнесі категориясымен түсіндіріледі. Концептілер өзара топтаса келіп, белгілі бір когнитивтік үлгі қалыптастырып, әлемнің концептуалды және тілдік бейнесін қалыптастыруға әрі түсіндіруге атсалысады. Ғаламның концептуалды

бейнесі әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлшегін құрайды әрі аясы да кеңірек болып келеді [30, 28 б.]. Көркем туынды мазмұнында көрініс табатын концептілер белгілі бір ұлттың өзіне тән ғаламның тілдік, концептуалдық бейнесін қалыптастыруға үлес қосады. Қазақ әдебиеті мен әдебиеттануының көрнекті тұлғасы М.Әуезов: «Әрбір ақын жеке-дара адам емес: оны туғызған елі бар. Өзінің үлгісі, салты, жақсылық, жаманшылығы бар. Сондықтан ақын өмірін соны туғызған елінің өмірімен қоса қарастырады. Ақын өмірін жалғыз ғана туғызған елін алмай, барлық сол ел мен ақынды түгел туғызып отырған ұлтымен алып қарастырады» [31, 13-14 б.] деген пайымды пікір білдіреді. Ұлт пен сол ұлттан шыққан көркемсөз иесінің қатарында ақынмен қоса жазушыны да атай аламыз. Қазақ әдебиетінің әр дәуірдегі туындыларынан қазақ халқының ой – тіл – әлем ұштағаны арқылы қалыптасқан когнитивтік құрылымдарды тануға мүмкіндік бар. Әсіресе, көркем шығармалардағы «Мәңгілік ел» концепті түркі халықтары және оның ішінде қазақ халқының әлем, халық, тәуелсіз мемлекет, мәңгілік сынды әлеуметтік әрі философиялық ұғымдары жайындағы түсініктерін кеңірек пайымдап, бағамдауға септігін тигізеді.

1.1 Көркем концептінің зерттелу деңгейі

Адам танымы мен сана-сезімін, ақыл-ой жүйесін зерттеп, қарастырумен ескі замандардан бері философия, әдебиеттану, психология, лингвистика, логика т.б. қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың айналысып келе жатқаны мәлім. Алайда өткен ғасырдың соңынан бастап адам когнициясы, интеллектуалдық деңгейі когнитология ғылымы тұрғысынан сан алуан қырынан қарастырыла бастады. Филологияда көркем мәтін бұрын дәстүрлі-құрылымдық талдау аспектіде зерттеліп келсе, осы кездерден бастап адамның танымдық әрекеттерін тілі арқылы түсіндіру үрдісі белең алды. Бұл тұрғыда, бастапқыда когнитивтік лингвистика саласы қарқынды жұмыс атқарғанын атап өткеніміз жөн. Когнитивтік лингвистиканың когниция, ойлау, концепт, концептуалдылық, таным, концептосфера т.б. пәндік ұғымдары айқындалды. П.Абеляр, А.С. Аскольдов, Дж. Лакофф, Д.С. Лихачев, С. Степанов, А.Г. Бабушкин, В.В. Красных, В.Г. Зусман, П.Стоквелл, Р.М. Фрумкина, В.З. Демьянков, Е.С. Кубрякова, С.Г. Воркачев, Л.В. Миллер, И.Г. Паршина, Т.А. Ван Дейк, И.А. Тарасова, Л.В.Витковская т.б. ғалымдардың зерттеулері когнитологиямен ықпалдаса дамыған басқа да әлеуметтік, мәдениеттанулық, өнертану және гуманитарлық ғылымдарда концепт терминін зерттеуге ықпал етті. Филологиялық аспектіден алғанда, қазіргі уақытта көркем мәтін табиғатын адам танымымен, адамның ішкі қабылдау, ойлау жүйесімен байланыстыра зерттеу когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік әдебиеттану салаларының ортақ нысанына айналды. «Қазіргі батыстық когнитивтік сын (әдебиеттану – *изденуші*) – 1970-1980 жылдары Америкада пайда болған когнитивтік парадигманың бөлігі. Аталған әдебиеттанулық бағыттың негізін когнитивтік лингвистика және когнитивтік психология сынды пәндер құрайды, ал бұлардың бастауында Дж. Лакофф пен М. Джонсон қалыптастырған метафораның танымдық тұжырымы тұратыны белгілі. Метафора «поэтикалық айшықтау» немесе риторикалық «суреттеу құралдары»

болумен бірге, категориялану, концептуалдану мен шындықты түсінудің негізгі әдісі ретінде түсіндіріледі. Сөз семантикасының зерттелуі когнитивтік лингвистикадан көркем әдебиетке ауысуы пәнаралықтан аралық дискурсивтілікке өте бастады» (*аударма ізденушінікі*) [32, с.10-11]; «Лингвистикалық және әдебиеттанулық зерттеулерді түйістіретін нүктенің бірі – концептілерді мәдениет мәнмәтінінде түсіндіру мен оларды ұжымдық сананың бірлігі ретінде түсіну. Дегенмен, әдебиеттану мен лингвистиканың диалог құру мүмкіндігі басқаша, концептіні көркем ойлаудың бірліктерімен – образдармен байланысқан жеке-авторлық психикалық құрылым ретінде түсіндіретін ұстанымды ұсынады» (*аударма ізденушінікі*) [33, с.744]; «Көркем мәтінді зерттеулер саласында «көркем концепт» пәнаралық терминдердің бірі бола алады деп шамалаймыз» (*аударма ізденушінікі*) [33, с.744]. Бұл тұста концептіні когнитивтік лингвистиканың пәндік ұғымы ретінде қарастырумен бірге, когнитивтік әдебиеттануда да зерттеу маңызды екендігін айқындайтын пікірлерді алға тартып отырмыз. Ал, көркем мәтін қабаттарынан концептіні зерттеудің өзектілігін айқындаған әрі осы салада жемісті, нәтижелі зерттеулер жасаған ғалымдардың еңбектері көптеп кездеседі. Атап айтқанда қазіргі филологияда концептінің танымдық және көркем деп аталатын түрлері А.С. Аскольдовтің «Концепт и слово», Л.В. Миллердің «Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория», В.Г. Зусманның «Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка», «Концепт в системе гуманитарного знания», М.Тернердің «The Cognitive Study of Art, Language, and Literature», Ю.С. Степановтың «Концепты. Тонкая пленка цивилизации», Е.В. Лозинскаяның «Литература как мышление: когнитивное литературоведение на рубеже XX-XXI веков», Н.В. Володинаның «Концепты, универсалии, стереотипы в сфере литературоведения», «Концепт в системе когнитивного литературоведения: опыт методологического подхода» т.б. зерттеулерінде кеңінен қарастырылған. Әрбір зерттеуші көркем концептіге қатысты өзіндік жеке тұжырымдары мен бірнеше топқа жіктеген түрлерін ұсынады. Қазіргі филологиялық зерттеулерде «ойдың түпнегізі», «кілт сөздер», «түсініктер мен ұғымдар» (М.В. Никитин), «дерексіздік», «таңбалар мәні», «идеалды әлем» (В.Г. Зусман) т.б. терминдер концептіні интерпретациялағанда оның балама түсініктері ретінде қолданылады.

Когнитивтік пәнаралық салалар концепт түсінігінің көпнұсқалылығы мен әдіснамасының тұрақталмағандығын алға тарта отырып, аталған кілт ұғымды (концептіні) сан қырынан зерттеуге күш салған. Мысалы, *лингвомәдениеттануда концептінің тарихи-мәдени мазмұнына, когнитивтік лингвистикада танымдық мәніне, ал әдебиеттануда концептінің бейнелі түрде жүзеге асырылуына, яғни, туындыгердің әлемсезіну, сезімдік, дүниетанымдық көзқарастары, әдеби-эстетикалық ой-толғамдары негізінде берілуіне назар аударады* [34, с.4].

Концептінің пайда болу тарихы схоластикалық философия бағытының бірі концептуализмнің қалыптасу уақытынан басталады. Осы бағыттың басты өкілдері (П.Абеляр т.б.) ақиқат құбылысты танып білетін ұғымдар адамның ақыл-ойында *концепт формасында* өмір сүретінін алға тартты. Универсалияның өмір сүруі туралы номиналистер мен реалистердің айтысы

концептуализм бағытын өмірге әкелді. Схоластикалық реализм бағытының ұстанған пікірлерін өткір сынаған Пьер Абеляр (1079-1142) концепт туралы алғашқы пікірлерді орнықтырған философ саналады. Концептіні зерттеу нысаны еткен ғылым салаларына концептінің калькалау жолымен жасалған аудармасының еніп кеткенін де айтып өткен жөн. Көркем концептіні зерттеушілердің түсіндіруінше, П.Абеляр еңбектеріндегі концепт *мәнге* (смысл) ие [35, с.217].

Концепт термині қазіргі ғылыми парадигмада түрлі классификацияға жіктеліп, сан қырынан зерттеліп жатқаны белгілі.

Гумантарлық ғылым салаларында концепт:

- танымдық және көркемдік концептілер (А.Аскольдов);
 - әмбебап концептілер (В.И. Карасик);
 - этноспецификалық концептілер (іштей параметрлік және параметрлік емес концептілер деп бөлген) (В.И. Карасик);
 - нақты-сезімдік концептілер (Н.Н. Болдырев);
 - базалық концептілер (іштей ғарыштық, географиялық, әлеуметтік, психикалық/рухани концептілер деп бөлінеді) (М.В. Пименова);
 - дескриптор-концептілер (іштей дименсионалды, квалитативті және квантативті концептілер деп жіктеледі) (М.В. Пименова) т.б. түрлерге бөлінген.
- Біз қазақ романдарындағы көркем концептіні қарастыруды нысанға алғандықтан зерттеуімізден тыс қалған, яғни біз атамаған концепт түрлері кездесуі мүмкін.

Көркем концепт туралы жазылған еңбектерде С.А. Аскольдовтің «Концепт и слово» деп аталатын мақаласына жиі сілтеме жасалады. Аталған зерттеуде автор концептіге тән тұжырымдарын ұсына отырып, оны танымдық және көркем концептілер деп екі түрге жіктейді. XX ғасырдың алғашқы жартысында концептіні білім саласынан тыс көркемсөз саласында да зерттеудің өзектілігін әрі маңыздылығын көрсетеді. «Суреткер қабылдаушының ақыл-ой танымында көбінесе ұғымды емес, эмоционалды әсер ететін образ (яғни, ойдағы көріністердің қайта жаңғыруы) тудырады» (*аударма ізденушінікі*) [15, с.267] деп концептінің жеке авторлық санада пайда болудағы алғашқы әрекеттерін сипаттайды.

Зерттеуші концептінің маңызды әрі басты қызметі – «орын алмастырушылық» екендігін алға тарта отырып, келесідей анықтама ұсынады: «*Концепт ойлау барысында адамға бір-біріне жақын көптеген заттардың орнын алмастыратын ойлау құрылымы*» (*аударма ізденушінікі*) [15, с.268]. Сан қырлы концепт жүзеге асырылатын көптеген индивидуалды сан қырлы әртүрліліктің орнын алмастырушы ретінде танылады. Алайда, орын алмастырушылық қызмет қандай да бір жеке образдар арқылы емес, тұтас ойша есептеу әрекеттері негізінде іске асады. Жалпы алғанда, концептінің орын алмастырушылық қызметі ойша есептеу пішінінің элементтері, қырлары мен сызықтарының ұзақ уақыттық синтезделуі болып саналады [15, с.268]. Осы тұста «Мәңгілік ел» концептінің орын алмастырушылық қызметі жөнінде келесідей тұжырым жасауға болады. «Мәңгілік ел» атауын ауызға алғанда немесе естігенде ойға бірден оның мәнін түсінуге көмектесетін түрлі белгі-

атаулары оралады. Яғни, «Мәңгілік ел» болуға бет алған халықтың заңмен қорғалған мекендейтін аумағы, басқару жүйесі, әкімшілік-аумақтық бірлестіктері, заң жүйесі т.б. мемлекеттік негіздерімен қоса, тәуелсіздігі, халқы, халқының ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, діні, тілі, тарихы, әдебиеті, мәдениеті т.б. материалдық, рухани құндылықтары болуы тиіс. Көркем туындылардан «Мәңгілік ел» концептінің қарастырғанда мәтін аясынан осы концептінің *орнын алмастыратын аталған ұғымдардың түрлі көркем образдарына концептуалды талдау жасаймыз.*

А.С. Аскольдов көркем концептінің орын алмастырушылық қызметіне *символдылық* [20, с.269]; танымдық концептілерге жалпылық; ал көркемөнер концептілеріне жекелік (авторлық – *ізденуші*) тән болып келетінін [20, с.272] алға тартады. Танымдық пен көркем концептілердің өзара айырмашылықтарын көрсете отырып, ондағы *психологиялық күрделілікті* басты ерекшелігі ретінде атайды. Сезім, ынтызарлық, қалау, бақылау, елестету, еске түсіру, эмоция сынды субъектілік иррационалды құбылыстар көркем концептіге, ал ақыл-ой табиғатын танытатын белгілер танымдық концептіге тән екендігін айтады. С.А. Аскольдовтің ойынша, *таным концептілері нақты логикалық заңдылыққа, ақиқат шындыққа негізделсе, көркем концепт жеке-авторлық көркем ой-тұжырымдарға, фиксация, қиял, ойдан өру, яғни мәндік ұғымға бейнелі сипат дарыту сынды шығармашылық үдерістерге* бағытталады. Кейде екі концептінің де өзара байланысатын, араласатын тұстары кездеседі. Туындыгер көркем концепт элементтері арқылы ақиқат әлемнен тысқары, көркем бедерленген дүниенің моделін жасайды.

Зерттеушілер көркем концептілер бейнелі, символ болып келетіндіктен оны көркем ассоциативтілікпен байланыстырады. «Ассоциативті шексіздік» концептке көркем құндылық дарытып, «... (белгілі бір нәрсенің – *ізденушінікі*) мазмұнынан және шегінен тыс нәрселерді де қамтиды» (*аударма ізденушінікі*) [20, с.273]. Көркем концепт жайында бұрынғы айтылған ой-тұжырымдарға иек арта отырып, осы категорияны қарастырушылар «көркем коммуникациядағы концептіні *таңбаның (таңбалар байланысының)* мағынасы емес, *мәні* деп анықтайды. «Мағынаға қарағанда *мән тұтастыққа, яғни ақиқат, сұлулық сынды құндылықтарға ие.* Мәнді әрқашан кез келген адам ашады, табады және танып, байқайды» (*аударма ізденушінікі*) [35, с.222]. В. Зусман А.С. Аскольдовтың «концептінің орын алмастырушылық қызметіне символдылық тән деген» пікірін негізге ала отырып, «концептіні орын алмастыратын салаға қатысты әлеуетті және динамикалық тұрғыда бағытталған *алдын ала білдірілген кескін (проекция), символ, белгі, «айқындалмаған мүмкіндік»* деп анықтайды. Динамикалық пен символизм концептінің потенциалды табиғатын білдіреді» деп түйіндейді автор [35, с.219].

Аталған еңбектің «Концепт в литературе» тарауында «концептінің жаратылуы мен қабылдануы екіжақты коммуникативті үдеріс» [35, с.220] ретінде бағаланады. Авторлар бұл ретте туындыгер өнімі тікелей оқырманға бағытталатындығын алға тартады. «Коммуникация барысында концептіні жаратушы (автор) мен тұтынушы (оқырман) орындары ұдайы ауысып отырады» (*аударма ізденушінікі*) [35, с.222]. Яғни, автормен қатар, оқырман да

концептіні тудыруда белгілі бір деңгейде рөл атқарады. В.Г. Зусман А.С. Аскольдовтың «концептіге ассоциативті шексіздік тән» деген пікірінің негізінде «бөгденің» ой-сезімі, басқа біреудің ой-санасы жататынын алға тартады. «Концептіге символдылық, динамикалық, әлеуеттілік түрленушілікпен бірге, оны қабылдау барысында ұлғаю, даму, бөлектену, бұрмалану» (*аударма ізденушінікі*) тән екендігін алға тартады [35, с.220].

Осы тұста шетел сөздіктеріндегі концепт терминіне берілген анықтамаларға ден қойған жөн. В.К. Мюллердің «Ағылшын-орыс және орыс-ағылшын» сөздігінде «concept» «ұғым, идея; жалпы түсінік; концепция» [36, с.125] деп аударылған. Сондай-ақ, концепт (лат. conceptum) план, шығарма нобайы (набросок сочинения), келісімшарт жобасы (проект договора), ұғым, очерк [37]; концепт (лат. conceptum – ұғым, түсінік) 1) түпкі ой (замысел), жоспар, ой, ниет (проект), түпкі идея (изначальная идея); 2) белгілі бір ғылыми бағыттардағы логикалық немесе лексикалық ұғым [38]. Сонымен қатар, қазіргі концепт туралы зерттеулерде латын тіліндегі «conceptum» сөзінің «ұғым» деп дәлме-дәл аударылған нұсқасы жиі көзге шалынады. Сөздіктердегі аудармасы бойынша концепт пен ұғым мағыналарының бір-біріне өте жақын келетінін байқаймыз.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы әдебиет туралы ғылым константа, концепт, универсум және универсалия сынды өзара ұқсас метакатегорияларды көркем мәтін туындысы аясында қарастыруға мән беруде. Оның ішінде константаны тектік ұғымға, ал концепт, универсум және универсалия терминдерін түрлік ұғымға жатқызатын зерттеушілер пікірі кездеседі [39, с.4]. «Жаңа философия» сөздігінде концептіні «мәндік толыққандылығы (смысловая наполненность) нақты тілдік формадан дерексіздікке айналдыратын ұғым мазмұны (содержания понятия)» [40, с.503] деп анықтайды. Концептуалдық зерттеулердің көпшілігінде концептінің латын тіліндегі «conceptus» сөзін тікелей мағынасында «ұғым» деп аударып қолдану үрдісі жиі байқалғанымен, концепт пен ұғым терминдерінің аражігін ажыратып қарайтын зерттеушілер жиі кездеседі. С.Неретина [41, с.29-30]; Ж.Делез, Ф.Гваттари [42, с.12] сынды ғалымдар *ұғымның объективтік, концептінің субъективтік* екендігін алға тартады. «Ұғым табиғатына заттардың (предмет) түрлі мезетіндегі объективтік мінсіз бірлігі тән. Ұғым тілдің қарым-қатынастан тыс, ой-пікірлердің (мысль) қалыптасу қызметін жүзеге асыратын таңбалық әрі мағыналық құрылымымен байланысты. Бұл таным сатылары, нәтижелері әрі кезеңдері болып саналады. Ал, концепт сөйлеу барысында қалыптасады (бұл термин қалыптасқанға дейін Сөз тіл мен сөйлеуге бөлінген еді). Сөйлеу грамматика аясында емес (грамматика сөйлеудің бір бөлігі ретінде енген), жан және оның ырғақ, энергия, ым-ишарат, интонация, шексіз нақтылау мен комментатор мәнін құраушы кеңістігінде жүзеге асырылады» (*аударма ізденушінікі*) [41, с.29-30]. Ортағасырлық ақыл-ой жүйесін арнайы зерттеген С.Неретина сол дәуірдегі классикалық мәтіндердің логикалық тұрғыда анықтамасына немесе тұжырымына қарағанда логикалық тропология мен эквивокацияны (ұғым алмастыру; бір сөзді түрлі мағынада қолдану барысында орын алатын логикалық қателік), дыбысталатын заттарды енгізу мен концепт идеясының тірек ретіндегі мәніне үңіледі [41, с.16]. Концепт, универсалия,


константа, универсум сынды адам дүниетанымын, өмірлік көзқарасын танытатын категорияларға жіті назар салу «әлем Сөзден тұрады» немесе «Сөзден жаратылған» деп есептейтін философтар дәуірінде кең қанат жайды.

Ж.Делез бен Ф.Гваттари пайымынша, «концепт – ой-пікірлер тәрізді ассоциацияланған идеялардың кешені емес. Бұған қоса, кейбір пайда болған алғашқы ұтымды пікірлер қатарындағы (urdoxa) аргументтердің немесе уәждердің де реттелген тізбегі бола алмайды. Идея мен заттарды ассоциациялау үшін құбылыстарды қағида, ұқсастықтар негізінде, оның ішінде реттелген дәлелдер принципі бойынша байланыстыру арқылы концептіге қол жеткізе алмаймыз. ...Реалды болмыс ретінде сипатталатын менталды объектілерді идеялардың образ ретінде ассоциациялануы әрі реттеу/бірыңғайлаудың (упорядочение) абстракциялануы арқылы анықтаймыз» (*аударма ізденушінікі*) [42, с.90]. Зерттеушілердің пікіріне сүйене отырып, әдебиеттегі көркем концептіні қарастырғанда оның образды түрде жүзеге асырылатынын есте ұстағанмыз жөн.

Қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардағы концептіні зерттеудің маңызына мән берген Н.В Володина оның әдебиеттануда ғылыми категориялық әрі эстетикалық құбылыс ретінде зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Әдебиеттанудағы концептіні «абстракция, қандай да бір идеалды мән, маңыз» [39, с.10] деп анықтаса; «көркем шығармашылықта бұл идеалды мән, маңыз нақты мазмұн арқылы толықтырылады» [39, с.10] деп пайымдайды. В.Г. Зусман концептінің «Longman Dictionary of Contemporary English» сөздігіндегі: «Someone's idea of how something is, or should be done (бірдеңеден жасалатын немесе белгілі бір жолмен жасалуы тиіс әлдебіреудің идеясы)» (*аударма ізденушінікі*) [35, р.224] анықтамаға арқа сүйей отырып, «күтпеген тұста белгілі бір идея және көзқарас иесінің, ойланушы тұлғаның, қайраткердің мәлімдемесі пайда болады» (*аударма ізденушінікі*) [35, с.224-225] деп түйіндейді. Концепт терминінің этимологиясы мен әр кезеңдегі қолданыс аясына назар сала отырып, «Концепт – жеке түсінік әрі тұтастық. Концептіні осылайша тұжырымдау оны жалпылама және нақты-сезімдік сәттерді қамтитын көркем образбен (символ) жақындастырады» (*аударма ізденушінікі*) [35, с.226] деген пікірді ұсынады.

Сондай-ақ зерттеушілердің бір парасы вербалды концептінің құрылымына ішкі форма, ядро және өзекті қабаттары кіретінін айтады. В.Зусман орыс мәдениетіндегі «талан» концептіне қатысты қабаттық талдау жасай отырып, концепт құрылымдарын анықтаудың жолын ұсынады. Концептінің ішкі формасы оның этимологиясы арқылы, ядросы түсіндірме сөздіктердегі мағыналары негізінде анықталса, өзекті қабатын белгілі бір тарихи кезеңдерде сөз мағынасының елеулі өзгеріске ұшырауы негізінде синонимдік қатар құрайтын мәндес сөздер арқылы (периферия), яғни қабылдаушы санасындағы мағынасына орай айқындауға болады. Көркем концепт жайындағы зерттеулерде «Әдеби концепт – көркем туындыдан тысқары жатқан геосаяси, тарихи, этнопсихологиялық кезеңдерге «жол ашатын» образ, символ немесе мотив» [43, с.14] деген анықтама келтірілген. Зерттеуші В.С. Адамова «Художественный концепт как единица творческого процесса в литературоведческом осмыслении» аталатын шағын мақаласында

лингвистиканың нысаны болып танылатын тілдік (мәдени) концептінің әдебиеттану саласына ауысуының төмендегі сатыларын ұсынады [44].



«Туындыгер белгілі бір тіл мен мәдениеттің қолданушысы әрі өкілі ретінде тілдік концептіге кодталған ақпараттарды тұтыну барысында санасында өзіне ең маңызды, өзекті деген ақиқат мәселелері пайда болады. Шығармашылық өкілінің көркем санасында тілдік концепт сапалық өзгерістерге ұшырап, оның көркем философиясының бірлігіне айналады. Тілдік, мәдени концепт осы тұста жеке-авторлық концепт қатарына ауысып, жаңа концепт мәнін тудырушы тұлға статусына ие болады. Концепт көркем мәтінде ғана көркемдік сапасын арттырады» (*аударма ізденушінікі*) [44]. Көркем концептіні лингвистикамен қоса, әдебиеттану саласында зерттеудің өзектілігі осы тұста айқындала түседі. Көркем мәтін – автордың түпкі ойының вербалды көрінісі болумен бірге, ұлттық мәдениеттегі таңбалар жүйесі екендігі мәлім.

Көркем концептіні мәдени концепт ретінде нақты жүзеге асыру туралы пікірлердің бірі Л.В. Миллердің зерттеу жұмыстарында кездеседі. Ал көркем концептіні «индивидуалды таныммен қатар (эстетикалық тәжірибені құраушы ретінде) белгілі бір этномәдени қоғамдастықтың психоменталды саласына енетін» және «мәдени жадта сақталған әмбебап көркемдік тәжірибе әрі жаңа көркемдік мағыналардың қалыптасуы барысында «құрылыс материалы, фермент» ретінде жүзеге асыруға қабілетті менталды құрылым» [45, с.42], – деп көрсетеді.

Көркем мәтінді ұлт мәдениетін танытатын мәдени доминант ұғымдарды, таңба, универсалия және басқа да этнобелгілерді мәтіндік мәнмәтінге жасырынған когнитивтік, жалпыадамдық тұтас жүйе ретінде танимыз. «Мәңгілік ел» концептінің де қазақ халқының бірнеше ғасырлар бойы мәдени, діни-философиялық, әлеуметтік, әдеби-көркем түсініктерді жинақтаған мәдениеттің базалық доминанты деп топшылаймыз.

Сондай-ақ, Л.В. Миллер көркем концептінің төрт түрін атап көрсетеді: «бірінші типке этномәдени-шартты идеалды мазмұнға, тұтастыққа ие маңызды «сезім» (мұң, сенім) концептілері; екінші типтегі концептілердің мағыналық кешені социумның (үй, тарихи тұлға) регламентациялық жүйесімен анықталады. Үшінші түрі аксиологиялық көркем-эмотивті (осы түр А.С. Аскольдов мақаласында да кездеседі) концептілер; төртінші типке стандартталған этномәдени-шартты түсініктемелер («лишний человек», «маленький человек», «тургеневская девушка») концептілері [45, с.44] кіреді.

Ал Н.В. Володина зерттеулерінде, әсіресе, орыс әдебиетіне тән концептілер типологиясы келесідей жіктелген: 1) этикалық, рухани және діни мәнділік (құндылық) (сенім, тағдыр, ақиқат, намыс т.б.); 2) әлеуметтік, құқықтық құбылыстар (мемлекет, заң, тәртіп, т.б.); 3) белгілі бір ұлттық мәдениетке тән тұлғалық типтер («кішкентай адам», «қажетсіз адам», «іскер адам», «жаңа адам», «орыс еуропалық (русский европеец)», «XIX ғасырда Ресейдегі ақсүйектерге кірмейтін зиялы қауым өкілі» (разночинец) т.б.); 4) ұлттық типтік характерлер («момын тип», «менмен тип» (Ап.Григорьев) т.б.); 5) дәуірге тән характерлер (қырқыншы жылдықтар (XIX ғ.), алпыстықтар (XIX-XX ғғ.), кеңес адамы т.б.); 6) «топографиялық» сәйкестік концептілері (мәскеулік, петербургтік, провинциал және т.б.); 7) ұлттық танымда сақталған белгілі бір мамандық, қызмет түрлері (мұғалім, дәрігер, көпес, журналист т.б.); 8) гендерлік түсініктегі тұрақты концептілер (орыс әйелі, тургеневтік бойжеткен, т.б.); 9) бинарлы қайшылықты концептілер (әке мен бала т.б.); 10) персонаж концептілері [39, с.20-21].

Қазақ прозасының персонификация әлеміндегі Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Сырым Датұлы, Ұзақ, Саурық, Мұстафа Шоқай, Нұрсұлтан Назарбаев т.б. кейіпкерлер образын «Мәңгілік ел» концептінің өрісінде қарастыруға негіз бар. «Концептілер жиыны» деген анықтаманы білдіретін «концептосфера» ұғымын алғаш рет Д.С. Лихачев енгізген [39, с.20-21].

Ю.Степановтың анықтауынша, концепт дегеніміз – «мәдениеттің адам санасында ұйысуы». Ұйысу немесе шоғырлану арқылы мәдениет адамның ментальды (ойлау, сана-сезім әрекетіне жатады) әлеміне енуі. Концепт – санадағы белгілі бір сөзге қатысты түсініктердің, білім жүйесінің, ұғымдар мен ассоциациялардың шоғырлануы. Зерттеуші концептінің қалыпты және өзекті ұғымдар аталатын екі түрін атайды [46, с.43]. А.Вежицкая концептіні адамның ақиқат әлем туралы шартты мәдени көзқарас жиынтығын бейнелейтін «идеалды» әлемнің нысаны ретінде сипаттайды [47, с.77-79]. Көркем концептінің тілдік, логикалық-танымдық, мәдени концептілерден айырмашылығы ретінде көркем шығармашылыққа, жеке автор табиғатына

катысты екендігін атауға болады. Зерттеуші В.Маслова көркем концептіге тән келесі белгілерді көрсеткен: біріншіден, оның негізінде ассоциация жатады; екіншіден, көркем концепт образдарды ашумен бірге, түрлі эмотивті мағыналарды қамтитын әлеуетке ие; үшіншіден, көркем концепт образға бойлап, оны да қоса қамтиды» (*аударма ізденушінікі*) [48]. В.А.Маслова концептіні «белгілі бір жолмен этномәдениет тасымалдаушыны сипаттайтын семантикалық құрылым және этникалық ғалам бейнесін таңбалайды» [49, с.47] дейді. В.В.Красныхтың «От концепта к тексту и обратно» еңбегінде концептінің танымдық түпнегізі, мәтіндегі авторлық қызметтің танымдық сипаты туралы айтылады. «Мазмұн тұрғысынан алып қарағанда концепт автор интенциясын жүзеге асыратын мәтін құрылымының түпкі мәні, ықшамдалған мағынасы» (*аударма ізденушінікі*) ретінде түсіндіріледі [50, с.57]. Мәтін тудырған кезде концепт (концепт В.Красных терминологиясы бойынша «түпкі мән») мәтіннің семантикалық, когнитивтік және композициялық құрылымына байланысты негізгі болып танылады. Концепт автор интенциясын білдірумен бірге, «әлемнің тілдік бейнесі» ретінде белгілі бір дәуірдің тілдік талғамын, сол кезеңнің хал-ахуалын, жағдайын, тынысын концептуалды түрде бейнелей отырып, мәтіннің когнитивтік-коммуникативтік бағытын белгілейді. Әрбір тіл әлемді концептуалдаудың (қабылдау мен ұйымдастырудың) белгілі бір тәсілін қамтып көрсетеді. Сонымен бірге, тілде өрнектелетін мағыналар сол тілдің барлық сөйлеушілеріне «мәжбүрмен таңылатын» қандай да бір «ұжымдық философияны» танытатын бірыңғай көзқарас жүйесін құрайды [51, с.65].

Зерттеуші В.З. Демянковтің пікірінше, концептінің мәні шындықтың түпнегізі («зачаточной истины») деген ұғымға келеді. Яғни, концепт бола алатын алуан түрлі ұғым, идея, әлеуметтік көзқарастар, түсініктер алғашында халық жадында, этностар санасында «ұрықтанады», қалыптанады. Мәдени түсінікке дән болып себілген ұлттық идеялар уақыт өте келе аясы кеңейіп, түрлі кезеңдік, дәуірлік түсініктерді қамтитын көркем мәнге ұласады. Қазіргі кезеңде әдеби шығармадан көркем концептіні қарастыратын метаологиялық аспектілердің нақты үлгілері, түрлері қалыптасып болмағанын, ғылыми айналымға енгенін айтқымыз келеді.

Зерттеушілер көркем мәтіндегі тілдік тұлға концептін айқындау барысында интерпретациялық, герменевтикалық, типологиялық, компаративистік, эксперименттік т.б. жалпы көркем шығарманы талдауға тән әдіс-тәсілдердің қолданылатынын айтады. Бұдан бөлек концептінің мазмұндық қабаттарын құрайтын басты детальдерін анықтау арқылы да көркем дискурсқа концептуалдық талдау жүргізіледі. Сонымен бірге, белгілі бір халыққа, этносқа тән идеялар мен әлеуметтік түсініктердің, ұғымдардың т.б. көркем туындыдағы концептіні қарастыратын болсақ, оны құрылымдайтын туындыгердің көркем-эстетикалық, поэтикалық айшықтау құралдарын талдау негізінде концептіні нақтылай аламыз. Яғни, «... Концептінің табиғатын сипаттауға тек оның репрезенттелетін тілдік құралдарын талдау арқылы қол жеткізуге болады» [52, 152 б.]. Концептіні зерттеудің осы кезеңге дейін зерттеу әдіснамасының тұрақты қалыптаса қоймағандығының себебін осы саланың әлі де толығы, даму, өзгеру үдерісімен байланыстыруға болады.

Концептуалдық зерттеу еңбектерде концептіні зерттеуде қолданылатын жоғарыдағы әдіс-тәсілдермен бірге концептінің өзегін, шеткері қабаттарын, яғни ассоциациялық өрісін (периферия) нақтылау қажеттілігі қойылады. «Периферия төңірегіне құрылымы айқын емес және дәлелсіз, бірақ таңбалық қарым қатынастық ахуалға қосылған кезде құрылымдық қызмет атқаратын түзілімдер орналасады» [53, с.482]. Қ.Рысберген, А.Әмірбекова, Б.Нұрдәулетова, Ш.Ниятова және М.Күштаева сынды зерттеушілер концептуалдық талдаулар жүргізу барысында макро-микрoконцептілер мен тірек концептілерді (кілт сөздер) анықтап, зерттелетін концепт өрісінде қарастыру белгілі бір мәдениетті түсінуге септеседі деп есептейді. Концепт деңгейіне көтерілуге негіз болған бастапқы сөзді (түсінік) түсіндіру барысында түсіндірмелі, этимологиялық, лингвистикалық т.б. сөздіктер мен энциклопедия, анықтамалық материалдар қолданылады [54, 227 б.].

Мәтінді тудыру және түсіну, түсіндіру, дәйектеу мәселелеріне арналған зерттеу еңбектерде концептіні анықтауға көмектесетін көркемдік құрылымдар жайында жазылған. Автор танымындағы бейвербалды көркем мәнді танытатын *фрейм* (Минский мен Филлмор), *сценарий* (Шенк пен Абельсон), *схема* (Чейф), *ситуациялық модель* (Ван Дейк), *план, сцена, скрипт* т.б. концепт құрылымдардың концептілік типтер, концепт бөліктері деген атаулары да ұшырасады. Бұл атауларды қысқаша ментальды модельдер (әлем туралы ойлау үдерісінің жиынтығы) деп атағанымыз жөн.

«Концепт типтерінің поэтикалық мәтінде көрінуіне арналған зерттеулерде концептінің санада бейнеленуінің қарапайым формасы ретінде фреймдер, күрделі формалары ретінде скрипт аталады. Сондай-ақ концепт типтерінің оқиғалы (сценарий), сызбалы (схема), бейнелі (ойсурет), формалары да бар» [55, 63 б.]. Автор санасындағы тұтас, нақтыланбаған, шашыраңқы орналасқан белгілі бір өмірлік құбылыс жайындағы ойлар көркем туындыда жоғарыда аталған формалар негізінде көрініс табады. Концептілік құрылымдар санада ретті жүйеге бағынады. Концепт типтерінің ішінде фрейм ең қарапайым құрылым саналады. Мәтінде фрейм, көп жағдайда, визуалды, перцептивті, сенсорлы т.б. қабылдаудан туған, қалыптасқан ассоциациялар арқылы танылады. Мысалы, романдағы «Мәңгілік ел» концепті ядролық қабатына өте жақын келетін «*момын қазақ*», «*көшпенді қазақ*», «*қонақжай, меймандос қазақ*» т.б. ұзақ уақыт бойы көркем әдебиетте қалыптасқан тіркестер аясында немесе тың (таптаурын емес) авторлық бейнелер негізінде де танылуы мүмкін. «Мәңгілік ел» секілді күрделі концептілер бірнеше сөйлем, мәтін бөліктерінің байланысынан немесе тұтас мәтін дискурсынан танылады.

Концептінің кеңістіктегі белгілі бір нысанға, сызбанұсқаға теліну, ұқсатылу арқылы танылу формасы *схема*; фреймдік құрылымдардың оқиға, сансыз эпизодтар шоғыры айналасында көрініс табуы *сценарий* деп аталады. Біз қарастырып отырған «Мәңгілік ел» концепті, көп жағдайда, көркем туындыда *скрипт* формасында, яғни ауқымды тарихи оқиғалардың орын алу жағдайында көрініс тапқан деп айтамыз. Скрипт ыңғайында танылатын концепт күрделі көркем ойға құрылып, мәтіннің тұтас архитектурасында ауқымды сюжеттер желісі негізінде анықталатындықтан оның нақты құрылымдарын атау мүмкін

болмайтын жағдайлар кездеседі. Ал, автордың сан алуан суреттеу амалдары арқылы пайда болатын образдар *ойсурет* формасында көрінеді.

Қазақ тілінде жарық көрген концептуалдық зерттеулерде концептіні құрайтын концептілік типтерге берілген анықтамалар бірізділікті құрамайды. Ғалымдардың көркем мәтін мәнмәтініндегі концептілердің қолданылуына назар аударуы әлемнің когнитивтік-тілдік, концептуалдық бейнесін зерттеуге мүмкіндік береді. Көркем ойлау концептілерін жүйелеу және талдау ақындар мен жазушылардың идиостилине кеңірек көңіл бөлуді қажет етеді.

Концептуалдық талдаулардың бұған дейінгі дәстүрлі теориялық талдаудан айырмашылығы – зерттеудің мақсат-міндетіне сәйкес терең де күрделі талдаулар жасауға ұмтылуы. Кез келген концепт қабатындағы ментальды концептілік құрылымдарды құрайтын комноненттерді анықтау, қарастыру барысында табысты нәтижелерге қол жеткізу үшін зерттеушіден белгілі бір деңгейде теориялық және тәжірибелік білім жүйесін, қалыптасқан білік-дағды мен машық қажет етіледі. Лингвист-ғалымдар көркем туындыдағы көркем концептіні, әсіресе, тілдік тұлға концептосферасына талдау жүргізу, айқындау үшін интерпретациялық, эксперименттік, статистикалық жиілік тәсілді, сонымен қоса, еркін сауалнама түрлерін қолдануды қажет деп санайды. Лингвист Қ.Рысберген концептуалдық зерттеулердің әдіс-тәсілдерінің айтарлықтай жетіле, жүйелене қоймауын да алға тартады [52, 150 б.].

Көптеген зерттеулерде концепт пен ұғым, сөз мағынасы терминдерінің аражігін ажыратуға ден қояды. Ұғым, көп жағдайда, сөздегі анықтамамен ғана шектеледі. Ал, концепт «жеке-дара сөз аясында емес, белгілі бір танымды айқындайтын тірек сөздер, кейде үлкенді-кішілі мәтіндер көлемінде танылады» [55, 59 б.]. Ұғымға белгілі бір аядағы мағына мен атаулар тән болса, концептіге ұлт жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін және сол концепт туралы түрлі салада қалыптасқан білім қоры, көзқарастар кешені тән болып келеді. Ұғым концепт аясын кеңейтетін категориялар санатына кіреді.

Бірнеше зерттеушілердің концепт түрлерін ажыратуға байланысты айтқан пікірлерін негізге ала отырып, көркем концептіге қатысты ойымызды келесідей тұжырымдаймыз. *Көркем концепт дегеніміз – сан алуан көркем-әдеби, эстетикалық-шартты амал, әдіс-тәсілдер арқылы жасалатын субъективті күрделі мән. Жеке авторлық көркем мәнді өнер туындысының тұтас табиғатынан, яғни, шығарманың мәнмәтініне концептуалды талдау нәтижесінде анықтауға негіз бар. Бұл концепт өзге концептілерден дара (индивидуальды), көмескі (мәтін мәнмәтінінде), психологиялық-эстетикалық тұрғыда күрделі және жеке тұлғаға тән болуымен ерекшеленеді. Жеке туындыгердің шығармашылық тәжірибесі толысқан, шеберлігі жетік болса туындысындағы концептілер мазмұны да бай, ауқымды келеді.*

Байқасақ, өткен ғасырларда филология ғылымының іргесін қалаған әдебиеттану мен лингвистика әу баста синкретті өмір сүріп, кейіннен зерттеу методологиясының, пәндік ұғымдарының түрліше қалыптасуына байланысты жекелей даму жолына түскен-ді. Алайда ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап гуманитарлық салада антропоэзектік парадигма салтанат құрғандықтан екі ғылым да көркем туындыдағы адам болмысын зерттеуге келгенде бір-біріне

арқа сүйеп, жетістіктерін мойындай бастады. Осы уақытқа дейінгі тіл білімінің жеке қабаттары (синтаксис, морфология, фонетика, лексика, т.б.) бойынша жарық көрген академиялық зерттеулер мен оқулықтарда тіл ғылымын ұғындыру үшін саны аз сөйлем, сөз тіркесі немесе сөздің үлгі-мысал ретінде алынуы жеткілікті болатын. Бүгінгі күні бір сөйлеммен тілдік анықтамаларды көпшілікке түсіндіру әрі жеткізу тиімсіз болғандықтан көркем мәтінді тұтастай зерттеуге ауысты. Бұл сөзімізге «Көркем сөз теориясы», «Мәтін лингвистикасы», «Көркем мәтін теориясы» т.б. жарық көрген пәндік зерттеулер дәлел бола алады. Бұдан бөлек, көркем туындыгердің тілдік поэтикасын, идиостилін, автор бейнесін, кейіпкерлердің танымдық когнициясын, концепт, концептосферасы, әлемнің тілдік бейнесі категорияларын қарастырған А.Смайловтың «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты», А.Әмірбекованың «Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша)», Ж.Қошанованың «Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концептісі: танымдық сипаты мен қызметі», Ж.Жампейісованың «Ақ-қара» концепті: оппозициясы мен қызметі», М.Күштаеваның «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны», М.Әбдірахманованың «Көз» концепті лингвомәдени және танымдық парадигмасы», А.Байғұтованың «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты», Ә.Бияздықованың «Қазақ тіліндегі «бақыт» концептісінің танымдық сипаты мен қызметі», Ж.Сүлейменованың «Көне түркі мәдени жәдігерлеріндегі адам және адам модельдері», С.Айтқазының «Түр-түс» концептілерінің лингвомәдени табиғаты (қазақ, ағылшын, қытай материалдары негізінде) т.б. диссертациялық еңбектері жазылған. Аталған лингвистерге дейін концептіні отандық тіл білімі саласында зерттегендер қатарында Н.Уәли, Э.Сүлейменова, Ж.Манкеева, Б.Сүйеркүл т.б. есімі аталады.

Отандық лингвистикада концептуалдық зерттеулер осындай қарқынмен дамуды бетке алғанда қазақ әдебиеттануында да концептіні көркемдік тұрғыда зерттеп, туындылардан арнайы қарастыруды қолға алған ғалымдар еңбектері жарық көрді. Атап айтар болсақ, Х.Мұхамәдиевтің «Қазақстанның қазіргі әдебиетінің көркем дискурсындағы концептілер», К.Ахмедьяровтың «Бақыт Қайырбеков дискурсындағы «шөп» концепті», «Абай экспликациясындағы «Құдай (Аллаһ)» концепті», «Б.Қанапияновтың лирикалық дискурсындағы «алма» концепті», Э.Когайдың «Қазақ халқының әлем бейнесіндегі «ағаш (терек)» концепті», А.Абдулинаның «Оралхан Бөкей шығармашылығындағы «жол» концепті», «Әбіш Кекілбаев шығармашылығындағы «жол» концепті» т.б. қазақстандық авторлардың туындыларындағы «Қазақстан», «Отан», «үміт», «жылқы» көркем концептілерін мақала жанры аясында қарастырып жүрген авторлар бар. Алайда аталған еңбектерде көркем концептіні әдебиеттанулық аспектіде зерттеудің толыққанды теориялық негіздемесі жасалмаған.

Қазіргі әдебиеттануда «көркем концепт» түсінігі мен әдіснамасын қалыптастыру, көркем мәтінге концептуалдық талдау жүргізу маңызды әрі жемісті саналады. Осындай зерттеулер нәтижесі мәдениеттің қат-қабаттарына жасырынған ұлттық код пен этноқұбылыстарды, әлем және қазақ әдебиетіндегі

халық танымын түсінуге көмектесетін базалық, макро және микроконцептілерді (кілт сөздерді) тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, автордың көркем туындыдағы әлемсезіну, сезімдік, дүниетанымдық көзқарастары, когнициясы сынды суреткерге тән психологиялық-шығармашылық үдерістерді, әсіресе, әдебиеттегі ұлттық көркем концептосфера аясын қарастыру ХХІ ғасырдың ғылыми дискурсында жемісті әрі ұтымды саналады.

Қазіргі гуманитарлық ғылыми парадигмада көркем құбылысты сан қырынан қарастыру үшін жекелеген ғылымның зерттеу әлеуеті қауқарсыздық танытуда. Сондықтан лингвистика, мәдениеттану, философия, дін, әдебиеттану, психология, когнитология, әлеуметтану т.б. қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар тоғысында пәнаралық салалар пайда болды. Тоғыспалы зерттеулер нәтижесінде әлемдік және қазақстандық лингвистиканың ғылыми жемісі жұртшылыққа белгілі. Осы ретте лингвистика, логика, лингвомәдениеттанудағы көркем концепт термині әдебиеттануға да ортақ болуы қажет деген зерттеушілер пікірі кездеседі [33, с.742]. Біздің мақсатымыз да отандық әдебиеттануда пәнаралық зерттеулер аясын кеңейтуден туғандықтан «Мәңгілік ел» ұғымын көркем концепт деңгейінде қарастыру үшін ХХІ ғасырдағы (2000-2015 жылдар) қазақ романдарын зерттеу нысанына алдық.

Зерттеу нәтижесінде әлі күнге дейін көркем мәтін аясынан көркем концептілерді қарастырудың нақты методологиясының қалыптаспағандығы айқындалды. «... Концептіні талдау мен анықтаудың нақты өлшемдері қалыптаса қоймағандықтан, зерттеушілер түрлі әдістерді қолдануда» [56, с.37]. Бұл жағдайды концептінің шекара межесінің айқын болмауы және әлеуетті, динамикалы, символды, образды т.б. сипаттарымен қоса, концепт ақыл-ой қызметінің жемісі – шексіз болғандығы себебінен нақты анықтама, тұжырымдарға ие бола алмай келеді деп түйіндеуге болады.

Қорыта келгенде қазақ романдарын когнитивтік парадигма мәнмәтінінде қарастыру жұмыстары отандық әдебиеттануға тың серпіліс әкеледі деп санаймыз. Қазіргі ғаламдық проблемалардың көп бөлігі адамның интеллектуалдық әрекетінің нәтижесінде туып жатқаны мәлім. Адамзат жиырма ғасырды артқа тастап, жиырма бірінші жүз жылдықта өмір сүріп жатса да адамның күрделі болмысы зерттеліп, аяқталған жоқ. Адамға жан дарытып, тіршілікке икемдеу құдіреті Жаратушыға ғана тән болғандықтан, антропоэзектік бағыттағы зерттеу жұмыстары уақыт өткен сайын әр қырынан толысып, молая береді деп есептейміз. Қазіргі уақытта қазақстандық әдебиеттануда да танымдық зерттеулер аясын кеңейту мәселесі әдебиеттанушылар назарына жіті алынса, жаһандық мәселелерді шешуге септігі тиюі ықтимал. Концепт категориясы когнитивтік пәнаралық ғылым салаларының пәндік ұғымы болғандықтан біз де зерттеу жұмысымызда қазақ романдарын когнитивтік пәнаралық ғылым салаларында маңызды ғылыми сипатқа ие болған антропоэзектік парадигма аясында қарастыруға ұмтылыс жасадық.

1.2 «Мәңгілік ел» ұғымының концептілік әлеуеті

Қазақ халқының көркем шығармаларында, жалпы түркі халықтарының рухани танымдық әлемінде «Мәңгілік ел» атауы күрделі көркем таңбалардың бірі саналады. Қазақ халқының көркемсөз кеңістігіндегі «Мәңгілік ел» ұғымын өрнектеген сан алуан көркемдік амал-тәсілдердің көрініс табу жолдары мен концептіні зерттеушілердің ой-тұжырымдары аталған ұғымды әдебиеттанулық аспектіде концепт категориясы ретінде зерттеуге итермелейді.

Зерттеуші Б.И. Нұрдәулетова: «... Концепт арқылы берілетін мазмұнды ұғу үшін белгілі бір мәдениет түрін, тұтынушылар арасында қалыптасқан дүние бейнесін танып білу қажет. ... Тіл мен мәдениеттегі құндылық концепт арқылы көрінеді. Концепт бола алатын лексикалық бірліктер шектеулі. Концепт болу үшін белгілі бір мәдениетте өзекті, бағалы, өте ауқымды тілдік бірліктерді қамтитын мақал-мәтелге, поэтикалық, прозалық мәтінге тақырып бола алатын ақиқат құбылыстар болуы керек» [55, 59 б.] деп тұжырымдайды. «Мәңгілік ел» атауы VI-VIII ғасырлардан бастап, XXI ғасырға дейін халық жадында бірнеше рет жаңғыру жағдайларын бастан кешіріп, ғылыми-танымдық еңбектерде теориялық-тұжырымдамалық негізі қаланып, жеке авторлық көркем мәтінде толығып, дамып, көпқырлы, құндылықтық сипат алғаны мәлім. «Мәңгілік ел» концепті мәтін мәнмәтінінен оңай табылатын қарапайым концептілер қатарына кірмейді [57, 389-390 б.]. Бұған қоса, аталған категория қазақтың ұлттық мәдени-діни, тарихи, әдеби-көркем үлгілеріне ұзақ уақыт бойы жасалған цензура себебінен динамикалық даму жүйесіне нұқсан келтірілгені белгілі. Бірнеше жылдар бойы (XVIII ғ. екінші жартысы мен 1990 жылдарға дейін) «Мәңгілік ел» концепті ұлттық мәдениеттің, әдебиеттің басты кілт ұғымдарының (көркем туындыларда образды жүзеге асырылған ел бірлігі, мемлекет, қазақ, Қазақстан, түркілік аңсар, тәуелсіздік, еркіндік, ел басқарушы, астана, атамекен, дін, тарих, Отан, халық, т.б. базалық ұғымдар) аясына, мән мазмұнына жасырынған күйде өмір сүрді. Яғни, халықтың бостандығы, еркіндігі, тәуелсіздігі, елдік арман-мұраттарын көркем бейнелеген шығармаларда «Мәңгілік ел» әдеби концепті айқын (эксплицитті) көрінбегендіктен, мәтін мәнмәтіні арқылы ғана анықталады. Сондықтан, қазақ әдебиеті жанрларынан, оның ішінде XXI ғасырда жарық көрген қазақ романдарынан «Мәңгілік ел» концептін қарастырғанда жоғарыда аталған ұлттық әдебиеттегі макро, микроконцептілер мен әрқашан ұлттық мәдениетті айқындайтын доминант сөздер аясында қарастырған жөн деп есептейміз. «Мәңгілік ел» концепті Алаш жұртын әдебиеті арқылы танытатын сан қырлы көркем ұғымдар негізінде айқындалатын маңызды мәдени-әдеби категориялардың қатарына кіреді. Ю.С. Степановтың концептіні *қабаттық құрылымдарға* ажыратып талдау әдісіне сүйене отырып, «Мәңгілік ел» концептінің *ішкі формасын (этимология), ядросы мен шеткері қабаттарын (периферия)* анықтау қажеттігі туады.

«Мәңгілік ел» концептінің ұзын-сонар тарихы бар. Бірінші кезекте қазіргі күні халық арасында екіұшты пікір тудырып жүрген осы атаудың сөздіктегі түсіндірме мағыналарына тоқталайық. Аталған концептінің *ядросын анықтау үшін* оның сөздіктердегі түсіндірмелеріне жүгінеміз. «Мәңгілік ел» концептінің атауы «мәңгілік» және «ел» сөздерінің тіркесуінен құралған. Тіркестің

жекелеген сөздеріне сөздіктерде келесідей анықтамалар берілген. «Қазақ әдеби тілінің» сөздігінде «мәңгілік» сөзінің «мәңгі-бақилық», «өмірлік» [58, 134 б.] деген түсіндірмелері келтіріліп, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» «ел» сөзіне келесідей сипаттама берілген: «Ел – көне түркі тілінде «халық» сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау. Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде Ел атауы қауымдық-туыстық құрылымның (патриархалды отбасы, ру, тайпа, мемлекеттік бірлестік) жоғары деңгейін білдіретін мағынаға ие болды. Мәселен, Көк түркілердің алғашқы мемлекеттік құрылымдары (Батыс Түрік қағанаты, Шығыс Түрік қағанаты), сондай-ақ, ірі тайпалық бірлестіктер құру негізінде дамыған қаңлы, қыпшақ т.б. ежелгі қазақ руларының одағы «ел» деп аталған. Әрбір Елдің меншікті территориясы және өзіндік шекарасы болған және олар өз қарамағындағы жер аумағының шегін өзге тайпалық одақтардан қорғап отырған.

Қазіргі саясаттану ілімінде Ел атауы «мемлекет» терминінің баламасы ретінде алынып жүр. Бірақ ол, негізінен, географиялық, мәдени, әлеуметтік, экономикалық және тарихи жағынан қолданылады. Ал қоғамдық, саяси-құқықтық салада, яғни ресми мәтіндерде «мемлекет» атауы жазылады» [59, 361 б.]. Сондай-ақ, «Синонимдер сөздігінде» «мәңгілік» сөзінің синонимдік қатары ретінде «бақилық» сөзі мен «мәңгі бақилық», «тұрақтылық» сынды синонимдік ұясы көрсетілген [60, 396 б.].

Орыс тілінде жарық көрген «Көне түркі» сөздігінде «мәңгі» сөзінің байырғы атауы «beṅgü (бенгү)» «мәңгі» («вечный») деп аударылған (вечный: beṅgü el tuta olurtaċı seṅ – ты можешь жить, созидавая свой вечный племенной союз (КТм₈); екінші мағынасы ескерткіш (памятник) деп берілген (buṅa ċi[k]sin ben beṅ[g]üm eṛmiš – я – печальный Чиксин, [это] – мой вечный памятник (Е 13₅); ol qanıṁ eḷimiṅ beṅgüsi qara seṅir [tä] – это вечный памятник моего хана и моего государства на Кара-Сенгире (Е24₂) [61, с.133]. Осы сөздікте «Ел (El)» сөзі: 1. тайпалық одақ (племенной союз), тайпалық ұйым (племенная организация); 2. халық (народ); 3. государство (мемлекет), административная единица (әкімшілік бірлік) [61, с.207-208] деп тәржімаланған. Түрікше-қазақша сөздікте «мәңгі сөзі» «bengi» [62, s.79] болып аударылған. М.Қашғаридің «Түрік сөздігінде» («Диуани Лұғат Ит-Түрік») Мәңгү: мәңгі, мәңгілік, шетсіз, шексіз (Məngü ажун: Мәңгү ажун – Мәңгілік дүние») мағынасында түсіндірілген [63, 489-490 б.].

«Мәңгілік» және «ел» атаулары «Мәңгілік ел» сөз тіркесі ретінде сөздіктерде кездеспегенімен, тарихи-танымдық, ғылыми зерттеулерде көне түркі халықтарын біріктірген этноним ретінде аталады. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық» аталатын монография авторлары (С.Сыздықов, С.Қанаев, Ж.Женіс): «Белгілі бір дәрежеде «мәңгі» сөзі мен «ел» атауының мән-мағынасында да сәйкестік бар. Мысалы, қазақта ескіден қалған, қазір де айтылып жүрген «Ел болайын десең...» деген аталы сөз бар. Бұл сөзді тереңінен ойлап қараса: «тұрақты» немесе «мәңгіге» ел-жұрт болайын десең...» деген түсінікті аңғаруға болады» [64, 201 б.] деген ойларды келтіреді.

VI-VIII ғасырлар арасында түбі бір түркі халықтары «Мәңгілік ел» аталатын империя құрғандығы түркологиялық, тарихи зерттеулерден мәлім. Осы

атаудағы «мәңгілік» сөзі тіршілік иесінің – Жаратушының бір сипаты ретінде ұғынылса, қандай жолмен ел, халық мәңгілік болуы мүмкін...» деген де пікірлер халық арасында кездеседі. Қазіргі күні қоғамымызда бірді-екілі осындай пікірлердің бас көтеруінің өзі «Мәңгілік ел» ұғымын концепт санатында зерттеудің өзектілігін айқындайды. Түркі халықтары арасында Жаратушыны дара, құдіреті шексіз (басқа да сипаттары сан алуан) деп танитын ислам діні орнағанға дейін түркілер өздерін «Тәңірдің халқымыз, басшымызды (қаған) Тәңірдің өзі сайлайды» деген сеніммен өмір сүрді. Демек, аталған концептінің түпнегізі ескі түркі халықтарының ой-санасындағы діни түсініктермен тығыз байланысты.

Әрбір тарихи дәуірде мән-маңызы өзгеріп тұратын белгілі бір ұғым атаулары кездеседі, бұл жағдай, әсіресе, концептінің іргелі сипаттарының бірі саналады. Түркілердің өздерін «мәңгілік елміз – Тәңірдің еліміз» деген сенім жүйесі қазіргі күні аса өзекті емес деп топшылауға болады (көп бөлігі ислам дінін ұстанатын кейбір халықтар арасында). Алайда, «Мәңгілік ел» концептінің *этимологиясына* көз жібергенде ислам діні халық арасына жайылғанға дейінгі түркі жұртының Тәңірлік сенім жүйесін негіз ретінде алға тартамыз. Ал, қазіргі уақытта түркі халықтарының бір бұтағы – қазақ халқының көп бөлігі ислам дінінің парыздарын ұстанады. Сондықтан, қазіргі түсінігіміздегі «Мәңгілік ел» ұғымы шекарасы айқындалған, қандайда бір территорияға иелік етіп, халықтың экономикалық, заңдық, рухани т.б. тұрғыда еркін дамуына мүмкіндік беретін, басқару жүйесі заңмен бекітілген мемлекеттің болашағын жасампаздыққа бағыттаған мақсат, ұмтылыстарын, бақытты өмірді аңсаған арман-мұраттарын еске түсіреді. Яғни, тек Жаратушыға ғана аян болған тіршіліктің соңғы күніне – ақырзаманға дейін өз территориясында еркін өмір сүріп, тәуелсіз халық болуды армандаған, мұрат тұтқан халықтың талап-тілегі, арман-аңсары. Екінші жағынан, қазіргі қазақ қоғамында «Мәңгілік ел» ұғымы мемлекеттік идея ретінде маңызды идеологиялық рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев халыққа дәстүрлі Жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» [65, 3 б.] деп, халықтың болашақта басты бағдар ететін идеясын белгілеп берді. Сондай-ақ, зерттеуші-лингвист А.Тымболова: «Мәңгілік ел идеясы халықтың түп санасында қоздап, қайнауы жетіп, жанып-жанданып, бүгінгі еліміздің етек жинаған тұсында жарқ етіп жарыққа шықты. Ұланғайыр қазақ жерін аманаттап қалдырған ата-бабаларымыздың аңсаған ұлттық арманы – ұрпақ жалғастырып, қазақ деген ел ретінде мәңгілік жасау еді. ... Мәңгілік ел ұғымы ұлтымыздың ұлы бағдарын айқындайтын, келешегімізге түп қазық болатын идея. Бұл ұғымды енді мәдени-саяси дискурсқа айналдырып, тұғырдан түсірмеуді ғана ойлауымыз керек. Ендігі жерде Мәңгілік ел болудың мұраты мен мақсатын бағамдап, өркениетке ілескен көшімізді мәңгілік ету жолында күресуіміз қажет» [66, 16-17 б.] деп ой жалғайды.

«Мәңгілік ел» атауы ескі түркі, қытай, орыс зерттеулерінде көрініс тапқаннан кейін, біздің ойымызша, көркем әдебиет үлгілерінде (2012 жылға

дейін), қазақстандық ғылыми парадигмада (2013 жылға дейін) көп кездеспейді. Оның бірден бір себебі ретінде көпшілікке мәлім тарихи жағдай – Қазақстанның Ресей империясының отарында өмір сүргендігінен деп жоғарыда атап өттік. 1731-1991 жылдар аралығында қазақ халқы биліктік-территориялық, заңдық басқару жүйесі бойынша ғана емес, рухани-танымдық, ой-сана тұрғысында да өзге халыққа тәуелді күй кешті. Қысымға ұшырады. Белгілі бір деңгейде өзгеріске ұшыраған немесе жоққа шығарылған мәдени, тарихи дүниесі азаттыққа қол жеткізген уақыттан бері қайта қаралып, жасалу, қалыптасу, даму жағдайларын бастан кешуде. Он үш ғасыр бойы (VI-VIII ғасырдан бастап, 2014 жылға дейін) «Мәңгілік ел» атауының халықтың ұжымдық санасында көмескі көрінуінің себебі осындай тарихи жағдаймен байланысты болғандығын баса ескергеніміз жөн.

«Мәңгілік ел» концептінің *ішкі формалық қабатын* анықтау мақсатында оның пайда болуы, қалыптасып, дамуы жайындағы зерттеулерге назар салайық. Түрколог Қ.Сартқожаұлы «моңғол» сөзінің әу бастағы мағынасы «мәңгі ел» тіркесінің кіріккен формасынан пайда болған деген болжамды ұсынады. «Алғашында идеологияның атауы болған «Мәңгі ел» ұғымы кейін Шыңғыс хан империясының атына айналып, империя «Мәңгі ел» (Моңғол) деп аталды. ... Ал, кейінгі кезде империяның атауы болған «Мәңгі ел» заман өте этникалық терминге айналып кетті. Моңғол деген атау осыдан шықты» [67, 10 б.] деген ойларды келтіреді. С.Сыздықов, С.Қанаев және Ж.Жеңіс сынды авторлардың зерттеу еңбегінде: «Шыңғыс хан құрған империя да «мәңгілік ел» атауын алды деген шындыққа жақын көзқарастар бар. Шынында да Шыңғыс хан құрған империяның негізін түбі бір түркі және моңғол ру-тайпалары құрағаны мәлім. Шыңғыс хан мемлекетінің астанасы етіп VIII ғасыр басында Шығыс Түрік қағанатын «Мәңгі ел» деп жариялаған Күлтегін кесенесінің маңайындағы Қарақорымды (1220-1264) таңдауы да кездейсоқ емес» [64, 202 б.] деп ой сабақтайды. Көне түркілерге қатысты құнды деректер қытай жазбаларында сақталғандықтан, «Мәңгілік ел» атауының генезисіне қатысты зерттеулер де сол елдің мұрағаттарында кездесуі мүмкін.

2017 жылы тағылымдамадан өту барысында Түркия астанасы Анкарада білім алып жүрген қазақ жастарымен ғылыми әрі рухани танымдық бағыттағы кездесу өткен болатын. Осы жиында тарихи факті мен деректерге негіздеп ой айтқан ескі түркі жазуының білгірі Қ.Сартқожаұлы Моңғол империясы құрылған кезде алғашында моңғолдарға «Мәңгі ел» деген тіркесті дыбыстау, яғни империяның атын атау қиынға соққандықтан «моңғол» деп бұрмаланып кеткен деген пікір айтқан еді. Біз сілтеме жасаған «Жебе» газетіндегі сұқбатында танымал түрколог Шыңғыс хан қоластына топтасқан әскерлердің 95% түркі тайпаларынан болатын дейді. Империяның орныққан орны шығысы – Орхон, Керулен өзендері мен батысы – Қара теңіз аралығы деп көрсетеді.

Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресі» еңбегінде қазіргі күнгі қазақ жүздерін құрайтын қоңырат, жалайыр, керейт, найман рулар мен түркі халқының этникалық құрамына кірген татар, ұйғыр, қырғыз т.б. жұрттардың Шыңғыс хан басқарған халықтың негізін құрағандығы баяндалады [68, 24-35 б.]. Ал, бірқатар зерттеулерде «моңғол» сөзінің пайда болуы, қалыптасуына

байланысты «мың және ол (мүгүл – мұнайған, түнерген деген мағынада)» [68, 14]; «мың (сандық өлшем) қол (әскер, жауынгер)» [69, с.71]; «мұңғұл» («мұнды құл», «түнерген құл») [70, 159 б.] т.б. түрлі пікірлердің қалыптасқандығы белгілі. Түрколог Л.Гумилев байырғы түркілер тарихына қатысты бірнеше еңбектерді жазып қалдырған. Оның «Каспий маңындағы мыңжылдық» зерттеуінде римдіктердің өз астанасын «Мәңгілік қала», түркілер державасын «Мәңгілік ел» [71], «Көне түркілер» кітабында [72] да түркілердің өз державасын «Мәңгілік ел» деп атағанын алға тартады. Бұған қоса, Р.Н.Безертинов «Геополитика и правители татаро-монгольских империй» еңбегінде «Мәңгілік ел» тіркесі ежелгі түркі ескерткіштерінде кездесетіндігін және Шыңғыс хан құрған Моғол империясының атауы да осыған байланысты шыққандығын айтады [73].

Түрколог Қ.Сартқожаұлы Елтеріс Құтлық қаған Екінші Түрік қағанатын құрғаннан кейін «Мәңгілік ел» идеясына баса көңіл бөлгендердің алғашқысы, түркі әлеміндегі аса маңызды тұлғаның бірі Тоныкөк деген пікірін алға тартады [67, 10 б.]. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық» аталатын зерттеуде авторлар ұжымы «Мәңгілік ел» атауының көрініс табу жолдарын былайша түйіндейді: «Мәңгі» сөзі айтылмаса да, оның мағынасы Түйұқық ескерткішінің екінші ұстынының сол бетінде «ел» сөзінің бір сөйлемде екі рет қайталануы арқылы берілген: «ел де ел болды (Тұй. II. 56)» [64, 201 б.] деп түйіндейді.

Түркология ғылымының жетістігіне арқа сүйейтін болсақ, «Мәңгілік ел» туралы тарихи деректер Орхон-Енисей өзендерінің бойынан табылған VI-VIII ғасырларға тиесілі Білге қаған, Тоныкөк кеңесші және Күлтегін батырдың құрметіне қойылған көне түркі жазба ескерткіштерден басталады. Көне түркі дәуірінде түркі басшыларының «Мәңгілік ел» атауын тасқа ойып жазып, болашақ ұрпаққа мәңгілікке қалдыруының тарихи танымдық, елтанымдық мән-маңызы жоғары.

Қандай да бір тұрақты дамуды бағдарға алған ел өзінің түпнегізіне үңілетіні, тамырына көз жіберу арқылы тарихының ең сәтсіз оқиғаларынан сабақ алып, жеңісті сәттерін үлгі ететіні мәлім. Бүгінде «Мәңгілік ел» болу ұстанымымен рухани жаңғыру дәуірінде өмір сүріп жатқан қазақ халқы да VI-VIII ғасырларда түркі империясының негізін (түркітекстес халықтар ретінде) құраған-ды. Сол ғасырларда «Мәңгілік ел» атауы түркітекстес халық қолбасшылары тарапынан *елдің мәңгілік ұстанымы* ретінде тасқа қашалып жазылып, бүгінге жетті. «Мәңгілік ел», сонымен қатар, Р.Н.Безертинов және Л.Гумилевтің жоғарыда аталған еңбектерінде түркі империясын құраған халықтардың этнонимдік атауы ретінде де қолданылғандығын байқаймыз.

VI-VIII ғасырлардағы «Білге қаған» (735 ж.), «Күлтегін» (731 ж.) ескерткіштерінде байырғы түркілердің өздерін тікелей «Тәңірінің қамқорындағы елміз, қаған-басқарушыларымызды Тәңірінің өзі тағайындайды» деп санайтын сенім жүйесі көрініс тапқан. «[Сол кезде] жоғарыда Түрік Тәңірісі, Түріктің киелі жері, Суы былай депті: «Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын» – деп әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-Білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті» [74, 170-171 б.] деген жолдар «Күлтегін» ұстынында

(бітіг тас) кездеседі. Түркілік таным бойынша тотемдік қызмет атқаратын әрі батырлықтың, айбындылықтың символы саналатын бөрі жаратылысын мәңгітас мәтіндерінде Тәңір құдіретімен тең дәрежеге қойғандығы байқалмайды. «Тәңірі күш бергені үшін Әкем-қағанның әскері бөрі сияқты еді»; «(Күлтегін – *ізденушінікі*) Тәңірі жарылқағаны үшін елдікті әлсіретпеді, қағандықты қағансыратпады. Жауын баз қылды. Тізеліні бүктірді, бастыны жүгіндірді» [74, 171 б.] деп келетін жолдардан түркі қолбасшыларының әрбір әрекеті Тәңірінің қалауымен жүзеге асады деген түсініктерін пайымдаймыз. Зерттеуші Ф.Тамир: «... Түрік қағандары Тәңірі бұйыртқандықтан қаған болғандығын, Тәңірдің қамқорлығы мен жәрдеміне ие екендігін айтады» [75, s.5-6] деп ескі ескерткіштерге сілтеме жасай отырып, пікір білдіреді.

Түркі басшылары: «Жоғарыда Тәңірі баспаса, төменде жер айырылмаса, түрік халқы, еліңді, төріңді («төр» сөзін Қ.Сартқожаұлы «билік», «өкімет» деген мағынада қолданған деп түсіндіреді) кім құртады? Ынтымақ! Түрік халқы» деген болашақ ұрпаққа айтқан өсиет іспеттес ойларын тасқа ойып қалдырды. Халықтың бодандыққа ұшырап, азаттығынан айырылуына бірінші кезекте елдің өз ішіндегі кесірлі әрекеттері себеп болды деген ойларды ұғынамыз. Байырғы түркілердің өмір сүрген дәуірінде алғашқы түркі қағанаты құрылып, қаған-басшылардың біліктілігі мен тәжірибесінің арқасында қуатты империяға айналды. Алайда айбарлы, күшті қағандардың кейінгі буыны билікке келген тұста дәстүрлі басқару жүйесінен жаңылып, арзан, жеңіл дүниелерге әуес болып, бұрынғы ата-баба құндылықтарынан бас тарта бастайды. Бұл жағдай түркі империясының тарих сахнасынан кетуіне алып келді. «Мәңгі ел» тіркесі «Білге қаған» мен «Күлтегін» мәңгітастарының мәтінінің екі тұсында кездеседі (А.Егеубаев аудармасы бойынша).

Мәңгітастарда көрініс тапқан түркітөктес халықтардың тарихи танымы мен ой-санасы, әл-ауқат жағдайы, экономикасы, сыртқы саясаты және сенім жүйесі туралы деректер бүгінге жетті. Ескі түркілік наным-сенім жүйесі бойынша байырғы түркі жұрты өздерін Көк Тәңірі қара жерден кейін жаратқан алғашқы, көне мемлекет деп есептеді. Тікелей Тәңірдің қалауымен дүниеге келген «Мәңгілік ел» деп түсінді. Тәңір елін басқаратын, бір орталыққа ұйытатын негізгі тетік – мемлекеттік құрылым да қасиетті саналды. «Мәңгілік ел» ұғымы туралы алғаш рет көрініс тапқан «Білге қаған» (735 ж.), «Күлтегін» (731 ж.), «Тоныкөк» (727 ж.) ескерткіштерінде ел (мемлекет) статусының қағаннан жоғары қойылғандығы байқалады.

А.Ташағылдың тарихи зерттеулерінде «Мәңгілік ел» тіркесін құрайтын ел (ил) сөзі Түрік қағанатында үлкен саяси құрылым – мемлекет атауының орнына жұмсалған. «Мемлекет – Тәңір тарабынан берілген құт саналады» [76, 369 б.]. Сол себептен елді Тәңірдің бұйрығымен қаған, бек, айгужы, угелер (қаған орынбасары) басқаратын. «Қаған Тәңір тарабынан жіберілетін немесе жазаланатын. Сондай-ақ олардың түсінігінше, бағытынан адасып, жолдан шыққан түрік ұлтын және нашар қағандарды Тәңір кейде жазалап, қолдарынан мемлекетті алып қоятын еді. Ал мемлекеттен айырылу түріктер үшін орны толмас орасан зор қайғы болатын» [76, 374 б.].

Тәңірден құт әрі бұйрық алған қағандардың халық алдында жауапкершілікпен атқаратын міндеттері «Күлтегін» ескерткішіндегі: «Тәңірі жарылқап, құтым бар үшін, нәсібім бар үшін өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым. Ығыр (болған) елдікті, ығыр (болған) қағандықты игі қылдым. Төрт тараптағы халықты бағындырып, бейбіт қылдым. Жаусыз қылдым» [76, 124 б.] деген жолдармен сипатталған. Жазба ескерткіштерде қазіргі қолданысымыздағы мемлекеттің орнына сөйленген ел құрылымы әулет (огуш), әулеттер одағы (ұрығ), ру (тайпа), тайпалар одағы (бодун) сынды басқару сатыларынан тұрған.

Түрколог Қ.Сартқожаұлы түрік атауын мемлекет, билік, өкімет ұғымдарымен байланыстырып, «tügük атауы «tör» – билік, өкімет, «ök» – өктем, күшті, қайратты, жүректі деген мағына беретін екі түбір сөзден құралғанын айтады. Tügük – өктем билік, өктем үкімет, өктем төр деген мағына береді» [77, 59 б.]. Ғалымның бұл пікірі де ежелгі түркі халықтарында өздерін Тәңір елі деп есептейтін дүниетанымының болғандығын дәлелдей түседі. Орхон ескерткіштерінде елді саяси бірлікке шақыру, бір орталыққа бағынып, ішкі және сыртқы жауларынан бірігіп қорғану идеялары көтерілген.

Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк сынды түркі халықтарын басқарған тұлғалардың атынан баяндалған ескерткіште Тәңір елін – Мәңгілік елді (түркілер өздерін «мәңгілік ел» деп санаған түсінік бойынша) басқарған Бұмын, Естеми, Құтлық, Білге қағандардың есімдері ерекше құрметпен аталады. Кейіннен билік күші қағандардың ұрпақтарына өткенде біліксіз, әлсіз, басқару тетігін жетік білмегендігінен түркі елі табғашқа (қытайға) тәуелді, кіріптар күй кешеді. «Күлтегін» ескерткішінің батыс жақ бетіндегі (КТ. I. 1-40) «Қағандығын жүргізіп отырған қағанынан айырылды. Табғач халқына бек ұлдарың құл болды, ару қыздарың күң болды. Түрік бектер түрік атын жойды. Табғачшыл бектер табғач атын тұтынды. Табғач қағанға бағынды» [74, 124 б.] деген жолдарда ынтымақ-бірліктен қол үзген, өз арасында алауыздық пен күншілдік, білім-біліксіздік жайлаған елдің осындай жағдайға тап болатынын ескерту мақсатында мәңгітасқа ойып жазып қалдырған. Аталған ескі түркі жазба ескерткіштерінің мәтіні, онда бейнеленген түркі халықтарының саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жағдайлары туралы тұжырымдар мен ғылыми кеңістіктегі зерттелу тарихы ХХІ ғасырда жазылған кейбір қазақ романдарының (Т.Зәкенұлының «Мәңгітас», Д.Досжанның «Ақ Орда» романдары) көркемдік композициясына да тірек болған.

Түркі қағанаты дәуірінде (VI-VIII ғасырлар) *тұжырымдама* (тарихшы Х.Әбжанов осы мәселені баса ескертеді) ретінде көрініс тапқан «Мәңгілік ел» атауы ХХІ ғасырдағы қазақ халқының қоғамында ұлттық идея негізінде қайта жаңғырушылық сипат алды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» дәстүрлі халыққа жолдауында «Мәңгілік ел» атауы ұлттық идея ретінде көрініс тапқаннан кейін, аталған идея туралы жазылған көптеген зерттеулер жарық көрді. Атап айтқанда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әдебиеттанушы-ғалымдарының қатысуымен «Мәңгілік ел» идеясын

ғылымиландыру жолында «Мәңгілік ел» идеясы көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты» аталатын мемлекеттік гранттық жоба орындалды. Жоба нәтижесінде «Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы» деп аталатын монография [78] жарық көрді. Авторлар ұжымы қазақ әдебиетінің ежелгі дәуіріндегі әдеби үлгілер мен жыраулық поэзиядағы «Мәңгілік ел» идеясының көркем жүзеге асырылуын қарастырған. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының XIX ғасыр әдебиетіндегі көрінісі» [79] және «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» және ұлттық идея тоғысуы» [80] аталатын ұжымдық монографияларда XIX-XX ғасыр аралығында жазылған қазақ әдебиетіндегі ұлттық мүдде мен елдік ұстанымдар «Мәңгілік ел» идеясы тұрғысынан қарастырылған. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті ғалымдарының авторлығымен (М.Б. Қасымбеков, С.Ж. Пірәлиев және т.б.) шыққан жоғары оқу орындарына арналған «Мәңгілік ел» оқулығы [81], бұған қоса, «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық» (С.Сыздықов, С.Қанаев, Ж.Жеңіс) монографиясы жарияланды. Соңғы еңбекте «Мәңгілік ел» идеясының қалыптасу жолдары және ортағасырлық шығармалардағы көрінісі діни-философиялық, мәдени аспектіде қарастырылған. Бұл тұста ауқымды еңбектерді ғана атап өттік, шын мәнінде, «Мәңгілік ел» ұғымына қатысты шағын зерттеу мақалалар көптеп жазылды. Жарияланымдардағы ой-тұжырымдардың өзектілігі мен маңыздылығына назар аударатырып, XXI ғасырда мемлекет деңгейінде қолға алынған «Мәңгілік ел» идеясы халық өкілдерінің патриоттық-отаншылдық сезімін күшейтуге бағытталған идеологиялық қызмет аясынан шығып, ғылыми жұмыстарды дамытудың басым бағытына айналғандығына көз жеткізуге болады. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ұғымының ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» деп аталатын тармағының басым бағытына айналған [82].

Бүгінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласының зерттеу нысанына айналған «Мәңгілік ел» ұғымы *идея* ретінде зерттеліп жатқаны мәлім. «Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы» аталатын ұжымдық монографияда зерттеушілер тобы қазақ әдебиетінің әр дәуірінде жазылған жанрлық шығармалардағы «Мәңгілік ел» атауының *ұлттық идея* ретіндегі қалыптасу, даму көріністерін қарастырған. Түркі халықтарына ортақ әдеби үлгілер мен жыраулар поэзиясын, қазақ әдебиеттану тарихының кейінгі кезеңдерін зерттеуге көңіл бөлген. Ежелгі және ортағасыр әдеби мұраларындағы мәңгілік бостандыққа ұмтылу, ел бірлігі, тіл, дін, діл, атажұртты қорғау, сақтау, т.б. тақырыптардың көркемдік мазмұнына тоқталған.

Тарихшы Х.Әбжановтың 2014 жылы шыққан «Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология» еңбегінде тарих пен әдебиеттің бұрынғы тәжірибесі мен тағлымына сүйену арқылы «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру жолдары қарастырылған. Х.Әбжановтың пікірінше, «Мәңгілік ел» атауы VI-VIII

ғасырдағы түркітөктес халықтардың жазба ескерткіштерінде *тұжырымдама* [83; 84] ретінде дүниеге келген. Х.Әбжанов еңбегінде «Мәңгілік ел» ұғымының тұжырымдама және идея ретіндегі айырмашылығын түсіндіреді.

«Мәңгілік ел» идеясын әдебиеттануда, түркологияда зерттеген ғалымдардың қатарында Қ.Сартқожаұлы [77], М.Жолдасбеков [85], Т.Жұртбай [86], Ж.Дәдебаев [78; 79; 80], Ө.Әбдиманұлы [78; 79; 80], А.Темірболат [78; 87] т.б. атауға болады. Аталған зерттеушілердің кейбірі жоғарыда аталған монографияның қосалқы авторлары қатарына кіреді. Ал біз «Мәңгілік ел» ұғымын концепт категориясы ретінде қарастырып отырмыз.

«Мәңгілік ел» концептін ХХІ ғасырда жарық көрген қазақ романдарынан қарастырғанда көркем туындылардағы түркі халқы, қазақ халқы, Түркі қағанаты, Қазақстан, отан, мемлекеттік тәуелсіздік, атамекен, қаған, президент, құтты қоныс, туған жер т.б. күрделі ұғымдардың бейнелі түрде жүзеге асырылғандығына назар аудардық. Осы ұғымдардың көркем амалдар негізінде бейнелену жолдарынан «Мәңгілік ел» концептінің көркем мәнін қарастырдық. Түйіндеп айтқанда ХХІ ғасырда жарық көрген қазақ романдарының көркем мәнмәтінінің қабаттарынан табуға күш салдық.

1.3 «Мәңгілік ел» концептінің қазақ сөз өнеріндегі қалыптасып, даму тарихы

Түркілердің көшпенді ғұмырында іргелі империя құрып, ірі мемлекет негізін қалаған, өздерін тәңірден құт алған, Тәңірі ел басқару үшін арнайы дүниеге келтірді деп ұққан даңқты қағандар мен халық арасында аңызға айналған белгілі тұлғалар өз заманында халыққа жайлы, құтты қоныс іздегені мәлім. Фольклортанушы-ғалым С.Қасқабасов: «Дәріптелген бұрынғы өмір қиналған, күйзеліске түскен халыққа шынында да «алтын заман», «рахат өмір» болып көрінген. Сондықтан ел сол рахат өмірді аңсаған, соған оралуды көкसेген, бірақ оны қалай жүзеге асыруға болатынын, қайтіп сол «рахат өмірді» қайтадан туғызу керектігін білмеген. Ал мұндай жағдайда халық өзінің қиялына сүйенетіні белгілі. Өз қиялына ол жақсы өмірді алыстан, тұрған мекенінен басқа жақтан іздейді, шұрайлы қоныс бар, сонда бақытты өмір сүруге болады деп есептейді. Сөйтіп, шалғайдағы Жерұйық немесе Жиделі Байсын деген құтты мекендер туралы әртүрлі аңыздар мен эпсаналар пайда болады» [88, 79 б.]. Әр кезеңдегі фольклорлық, мифтік, әдеби туындылар мен тарихи деректерде «Өтүкен», «Ергенеқон», «Жерұйық», «Жиделі Байсын» т.б. құтты қоныс атаулары орнықты. Бұл атаулар «Мәңгілік ел» ұғымымен тікелей ұштасып жатыр деген тарихшы Д.Қыдырәлінің пікірін біз де қолдаймыз [89, 7 б.]. Халықты құтты мекенге қондырып, бақытты өмірге ұмтылу мотиві сөз өнерінің әр кезеңдегі үлгілерінде кездеседі.

Құтты қоныс ұғымына қатысты көркемдік түсініктер мен ғылыми болжамдардың бір парасы түркілердің аңыз-эпсаналарында баяндалатын Ергенеқон алқабы жайында болып келеді. Көк түріктер елін басқарған Иль ханның ұрпақтарына төрт жарым ғасырға жуық уақыт мекен болған Ергенеқон туралы «Ергенеқон» аталатын эпикалық дастан бар. Түркі қағанаты құрылған дәуірге дейінгі уақыттарда Көк түріктерді Иль хан басқарған тұста түркі халқы

әскер саны артып, күшті, қуатты, айбынды елге айналады. Әлеуеті артқан түркі жұртының жаулары да көбейе береді. Көрші тайпалардың бірінің басшысы көк түріктерге қарсы соғыс ашып, түрлі айла-тәсілдерді қолдана отырып, Иль хан жұртын түгелдей дерлік қазаға ұшыратады. Соғыста Иль ханның көп баласының ішінен Қиян деген кенжесі мен жиені Тоғуз ғана тірі қалып, тұтқында өмір сүреді. Ыңғайын тауып, әйел, бала-шағасымен тұтқыннан қашып шығып, өздерінің бұрынғы атамекеніне келеді де, иесіз қалған төрт түлік малдың ішінен тіршілігіне қажетті аз бөлігін таңдап алып, жау іздеп таба алмайтын әрі жанға жайлы, шаруашылыққа ыңғайлы мекен іздеуге аттанады. Талай күндерді артқа тастап, кездескен жерлерді салыстыра жүріп, бірін таңдайды. Қиян мен Тоғуз таңдаған жер – жан-жағы көкке оранған таулармен, жеміс ағаштары бар бау-бақшамен қоршалған, сарқырап ағып жатқан өзен екен. Өзеннің бір жағы жасыл жазиралы жайлаумен тұтасып жатады. Іздеушілер бұл мекенге «Ергенекон» деген атау беріпті [89, 70-72 б.]. Дастан бірде «Ергенекон» деп аталса, тағы бірде «Ергенекон» делінген. Зерттеуші Н.Келімбетов «ергене» сөзі көне түркі тілінде «өткел», «шатқал» мағынасында жұмсалса, «кон» сөзі «қоныстану» мәнінде айтылады деген пікір білдіреді [90, 71 б.]. Түркі жұрты Ергенекон жерінде отырғанда ұрпағы да, мал-жаны да көбейіп, шектен тыс артып, бұрынғы қуатты жағдайына қайта оралады. Оларға Ергенекон құтты, қадірлі мекен болады. Дастанда көк түріктер өздерінің байырғы ескі территориясын табғаштардан (қытайлардан) тазартып, Түркі қағанатын құрғандығы баяндалады. Түркі тарихындағы халық санын көбейтуге қолайлы, жаулары іздеп таба алмайтын, ең бастысы, малға қажетті шөбі шүйгін, сулы қоныс іздеу, қасиетті жерге орналастыру арқылы халықты бақытты өмірге жеткізу сарыны фольклорлық туындылардан бастап, ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі шығармаларда кеңінен көрініс тапқан.

2017 жылы «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Ергенекон» мақаласында тарихшы Д.Қыдырәлі зерттеушілер арасында құтты мекен – Ергенеконды іздестіру жұмыстарының жүргізілгендігін атап өтеді [89, 7 б.]. Сонымен қатар, 2014-2015 жылдары халықаралық Түркі академиясының Ергенеконды табу үшін арнайы экспедиция ұйымдастырылғанын жазады. Зерттеу нәтижесі бойынша Алтайдың Берел аймағынан II-VII ғасырларға тиесілі қоныс табылғанын, осы өлкенің жырдағы табиғаты тамаша, сулы-нулы, төрт қапталы тік жартастармен қоршалған деп суреттелу схемасына сәйкес келетіндіктен, Ергенекон Алтай тауында орналасқан болуы мүмкін деген болжамды ұсынады. Сонымен қоса, зерттеу барысында табылған осы мекенде адамдардың ұзақ уақыт тіршілік еткені анықталды деп жазады тарихшы [89, 7 б.].

Қазақ халқы түркі халықтары жеке-жеке ыдырап, өз алдына хандық құрған уақытта да шаруашылыққа жайлы, тіршілікке қолайлы құтты қоныс іздеу дәстүрін жалғастырды. Бұл үрдіс көркем шығармалардың ішінде, әсіресе, фольклорлық топонимдік аңыздарда, дастандарда, XV ғасырдағы жыраулық поэзияда кеңірек көрініс тауып, жалпылай алғанда, әдебиеттің әр дәуірдегі үлгілерінде көркем бедерленген. «Ақшоқы» аңызында жазғы қуаңшылықтан кейін халық осы мекенге көшкенде малы төлдеп, егіз таба бастайды. Шаруашылығына ырыс, тіршілігіне күш-қуат дарыған халық бұл жерді құтты

қонысқа балап, «Ақшоқы» атаған екен [91, 40-41 б.]. Халыққа жайлы мекен, шұрайлы жер іздеген аңыз кейіпкерлерінің бірі – Асан қайғы. Асан қайғы, сонымен қатар, қазақ әдебиетінде жыраулық поэзияның басты өкілі әрі мифтік аңыздарда құтты қоныс – Жерұйық бейнесін қалыптастырған шығармашылық тұлға саналады. Желмаясына мініп алып, Жерұйықты іздеп табу мақсатында қазақтың сахара даласын аралап шығып, әрбір географиялық нысанға өзінің жеке сын-бағасын берген. Асан қайғы Көкшетау өлкесіне қатысты «күні жауын, түні ыстық, жер сорлысы мұнда екен» [91, 49 б.] десе; Қорғалжынды көргенде «кедейі кербез, кемпірі, келіншегі ғұмырында мұқтаждық көрмейтін жер екен. Кәсібі, балығы, базары қызық... қайғысы жоқ, халқы тыныш» [91, 49 б.] дейді; Еділді «қанды қиян», Жайықты «балды қиян», Маңғыстауды «шанды қиян», Маңғыстау емес, «мың қыстау» депті [91, 49 б.]. Нарын құмы «суы тұщы, топырағы таза болғанымен, кәсібі жоқ» [91, 49 б.]; Үстіртті «төрт елі қырдың жайы-ай, жусанның майы-ай, жылқы күнелтетін жер екен» [91, 41 б.] деген сөздермен сипаттап, көшпенді мәдениет өкілі ретіндегі тәжірибесінен түйгендерін алға тартады. Бұдан бөлек, Үш Алматы жерін сарымсағы, бүлдіргені мен алмасы үшін жоғары бағаласа, Шыңғыстаудың құнарлы топырағын ұнатады. Шымкент пен Сайрамды базары жақын болғандықтан халық байымайды және мазарының көптігінен ел көбеймейді деп жақтырмайды. М.Мағауин «Қобыз сарыны» еңбегінде дала нысандарына қатысты бағалауыш мәндегі пікірлердің көпшілігін халық өз жанынан шығарып, Асан қайғының атына теліген деген М.Әуезов пікіріне сүйенеді [92, 32 б.]. Бұл ой-тұжырыммен біз де келісеміз. Өйткені, Асан қайғының тарихта өмір сүргендігіне күмәнмен қарайтын зерттеушілердің бар екендігі көпшілікке белгілі. Сонымен, Асан қайғы іздеген Жерұйық (Жерүйек) мекенге зерттеуші М.Мағауин келесідей былайша сипаттайды: «Кісісі жүзге келмей өлмеген, малы екі қайтара төлдеген, елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін, ...шүбі шүйгін, суы мол, шаруаға жайлы қоныс. Адамы қайғы дегеннің, қастандық дегеннің не екенін білмейтін, ертеңім не болады деп ойламайтын елге ырыс жер. Онда жұрттың бәрі тең, бәрі де шат-шадыман тірлік кешеді, ел аласы жоқ, ағайын арасы тату. Бірліктің, ырыстың, бақ-дәулеттің, тыныш, бейбіт тұрмыстың белгісі ретінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» жер [92, 31 б.]. Алайда ғалым мұндай Жерұйық мекенге аттанар алдындағы және жол бойындағы ауа райының қолайсыздығынан туатын, басқа да өмірдің барлық қиындықтарына төзген халық қана жетіп, қоныстана алады деген аңыз оқиғаларынан пайымдаған ойларын сипаттайды. Аңыз нұсқаларының бірінде Асан қайғы Жерұйық қонысын іздеп тапса, келесі бірінде халықтың бойкүйездік, немқұрайдылық, ақылсыздық әрекеттерінің салдарынан құтты жерге жете алмапты. Философ Б.М. Аташ Асан қайғының қазақ даласындағы географиялық нүктелерді арнайы жеке-жеке аралап, баға беруі мүмкін емес, ақынның халық арасындағы мифтік образын қалыптастырған мұндай аңыздық түсініктер болашақ ұрпаққа мемлекет шекарасын белгілеп берген тұлға ретінде пайымдауға мүмкіндік береді деген ойларды келтіреді [93, 35 б.]. Белгілі бір замандағы халықтың немесе өз кезеңінде шұрайлы жер іздеу қағидасымен танымал болған тұлғалар жайындағы көркем шығармаларды оқығанда құтты

қоныстың қайда орналасқандығын анықтау немесе оны іздеп табу басты мақсат емес. Ең бастысы, халықтың мемлекет ретінде тарих бедерінде өмір сүргендігін дәлелдейтін, мемлекеттің болашақтағы өміршеңдік сапасын қамтамасыз ету жолындағы ұмтылыстарын айқындайтын қолайлы қонысты шартараптан іздестіру амалдарының жүргізілгендігі маңызды болуы мүмкін. Бұл пікірімізді қолдайтын зерттеулер де бар және олардың кейбірі Асан қайғының Жерұйығы «бүгінгі Қазақстан» деген пікірді алға тартады [94, 35 б.]. Академик С.Қасқабасов Асан Қайғының Жерұйық идеясын халық қиялынан, арманынан туған жанға жайлы жер – қоныс бейнесі деп есептейді [95, 158 б.]. Әдебиеттанулық және когнитивтік пәнаралық аспектіде қарастырғанда көркем шығармадағы Жерұйық идеясының көрініс табу жолдары «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік арналарын қалыптастырады деп түйіндейміз.

Түркітілдес халықтар әдебиетінде «мәңгілік» категориясының философиялық, эстетикалық мәнін ұғындыратын аңыздардың кейбірі оғыз-қыпшақ дәуіріндегі жырларды тудырған Қорқыт атаның шығармашылық тұлғасымен байланыстырыла өріледі. Аңыздардағы сюжеттік желілер бойынша Қорқыт ата өмір сүру уақыты тоқтаған адам не себепті өледі, ажалға қалай қарсы тұруға болады деген сынды адамзатқа ортақ мәңгілік сауалдарға жауап іздейді және өзі де өлімнен қашып жүріп, жер бетіндегі көптеген мекенге сапар шегеді. Аңыздың бір нұсқасында қай жерге барса да өзіне қазылып жатқан моланың үстінен шыққан Қорқыт ата елді қиындықтан құтқаратын Жерұйық мекен – Сырдария өзенінің жағасы деген тоқтамға келеді. Ұзақ уақыт бойы суға кілемін төсеп, үстінде қобызын тартып отырады [96, 46-47 б.]. Тағы бір аңыз нұсқасында ел кезіп, құмарланып қобыз тартқан сайын Қорқыт өлім жайлы уайымын жеңіпті. Шабыттанып өнер көрсетіп жүріп Тәңірінің: «Өлім жайлы есіңе алмасаң, ол саған жақындамайды» деген түсінде берген аян-ескертпесін ұмытып кетеді. Байлаулы жерінен босанып кеткен өгізді ұстаймын деп жүріп абайсызда өлім сөзін айтып қалыпты. Содан қайда барса да өзіне қазылып жатқан көрге кездеседі. Ақыры ажалдан қашып құтылмасын сезген Қорқыт ата Сырдария мекеніне келіп, судың үстіне кілемін төсеп, күйін тарта бастайды. Жалғанның барлық қиындықтарын, өлім жайлы қайғысын күйдің әуенімен жеткізген екен. Аңызда Сырдария өзені суы тартылып кетсе де Қорқытты өлімнен арашалаған мекен ретінде аталады. Ұзақ-сонар тартқан күйден кейін Қорқыт ата шаршап, қалғып кеткенде жылан кейпіне оранған ажал ақыры оны алып кетеді. Алайда оның өмірінің мәңгілік белгісіндей болып артында қалған қобызбен тартылған мұңлы күйлері күні бүгінге дейін Сырдария өзенінің жағасындағы моласында ойналып тұрады [96, 46-47 б.]. Аңыз нұсқаларының баяндау құрылымы арқылы ұғынылатын идеялық мазмұн адам өмірін мәңгілік ететін оның биологиялық жасы емес, өзі тудырған өнері деген философиялық пайым мен түсінікке жетелейді. Зерттеуші Н.Келімбетов: «... Қорқыт ата мәңгілік өмірді қобыз сарынынан іздейді. Ұлы күйші, кеменгер жырау өзі іздеген мәңгілік өмірді шынында да тапқан секілді» [90, 117 б.] деген пікір айтады. Өткен тарих пен бүгінгі уақыт арасында диалог орната алатын да өнер, оның ішінде сөз өнері екендігі мәлім. «Мәңгілік ел» концептінің көркем-танымдық мазмұнын халықпен бірге жасап келе жатқан сөз өнерінің көркемдік,

өміршендік табиғаты жайындағы түсініктермен ұштастыра пайымдағанымыз жөн.

Ұлттық мәдени, әдеби-көркем қазына мен тарихтың, адам, атамекен, дін, тіл, билік, елдік тәуелсіздік сынды мемлекеттік құнды капиталдардың үздіксіз заманалар бойы (жер бетінде тіршілік тоқтағанша) халықтың өзіне тиесілі болуын аңсаған арман-мұраттары түрлі көркемдік формада әдебиетте көрініс тапты. Осындай пішіні басқа, бірақ мазмұны ұқсас, желілес ұғым-түсінік, идеялардың жалпы жиынтығын «Мәңгілік ел» концептімен түйіндеген жөн деп санаймыз. Ел мен жердің тұтастығын ыдыратпау, қасиетті атамекенді қорғау жолындағы үздіксіз жанкешті айқас, текетіресті бейнелеу қазақ әдебиетінің кез келген дәуіріндегі нұсқаларынан көптеп кездестіруге болады. Яғни, халық пен оған тиесілі құнды мұраларды сақтау және жоғалтпау жолындағы күрес те көркем туындының мәңгілік тақырыптарының бірі саналады.

Түркі халықтарының ескі ой-санасын танытатын, әлемнің жаратылысы, дүниенің, табиғаттың, адамзаттың дамуы жайындағы танымдық түсініктерін баяндайтын рухани мұраның бірі – мифтік-аңыздық шығармалар. Мәңгілік ел құру идеясын тудырған ескі түркі тайпаларының шығу-тегін көкбөріден таратып, киелілік сипат дарытқан мифтік туындылар көптеп кездеседі. Түркілік танымда халықтың физикалық әрі рухани-моральдық күш-қуатының символы ретінде алынатын көкбөрінің қазіргі мәдени кеңістіктегі көркем-эстетикалық, философиялық, психологиялық, әлеуметтік қызметі ерекше орын алады. Қазіргі уақытта да түркі халықтарының когнитивтік әлеміндегі көкбөрі мифі халықтық, ұлттық мерекелерде белсенді көрініс тапқан. Қолдың бас бармақ, ортан терек, шылдыр шүмек саусақтарын бір-бірімен түйістіре, балан үйрек пен кішкене бөбек саусақтарын жоғары көтеру арқылы көкбөрі бейнесін кейіптейтін мифтік таңбаға қоғамдық өмірде, әсіресе, Түркия мемлекетінде жүріп жиі куә боламыз.

Түркілердің түп аталарының бірі Ижі-Нишыдуды бөріден туған деп баяндайтын мифтік туындыда Ижі-Нишыдудың төрт ұлының бірі Оба мен Қам өзендерінің арасында құрған мемлекет Қырғыз деп аталады. Ал тұңғыш ұлы негізін қалаған мемлекет кейін Түрік атауын иеленеді [50, 50]. Келесі аңыздың желісі де түркілердің арғы атасын қасқыр дүниеге келтірді деп тарататын оқиғалардан құралады. Ескі жаугершілік уақытта түркілердің ата-бабасы саналатын Ашина тайпасы түгел қаза тауып, аяқ-қолы кесілген он жасар бала ғана тірі қалады. Аман қалған баланы қасқыр тауып алып, асырап жетілдіреді. Есейгенде бала қасқырға үйленіп, он ұл дүниеге келеді. Ержеткен бала жауларының қолынан қаза тауып, артында қалған балалары үйленіп, үлкен рулы қауымға айналады және бұл Алтай тауын мекендеген түркілер деген аңыз да көпшілікке белгілі [97, 50 б.]. «Бабалар сөзінің» 78-томында осы аңыздың аздаған сюжеттік айырмашылықтары бар бес нұсқасы жарияланған. Бұдан басқа ежелгі сақ және ғұн тайпаларының ерлік істерін көркем өрнектеген «Алып Ер Тоңға», «Шу», «Оғыз қаған», «Аттила», «Көк бөрі» дастандарындағы фольклорға тән грация, гипербола, литота, психологиялық параллелизм, т.б. көркем амалдарды «Мәңгілік ел» концептінің образды аясын толықтыратын, ескі дәуірлердегі Тұран даласын мекен еткен түркі халықтарының көркем-эстетикалық танымынан ақпарат беретін қайнаркөз деп есептейміз.

«Мәңгілік ел» концептінің бірегей көркемдік-эстетикалық құрылымдары қазақ халқы рухани мұрасының бай қазынасын танытатын фольклорлық шығармаларда көрініс тапқан. 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясына енген «Ер Жәнібек», «Абылай хан», «Ел қормалы – ер Абылай», «Бөгенбай батыр» (Қытайдағы қазақ жырлары), «Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім хан», «Сәтбек батыр», «Орақты батыр», «Абылай хан», «Абылай мен Олжабай», «Қабанбай батыр», «Райымбек батыр», «Жәнібек батыр», «Барак батыр», «Бердіқожа батыр», «Сырым батыр», «Шақшақұлы Жәнібек», «Арқалық батыр», «Жанқожа батыр» және «Ағыбай батыр» т.б. фольклордың бір тармағын құрайтын тарихи жырларда туған жерді қорғау, жауға қарсы күресу мотивтері көркем бейнеленген. Абылай, Жәнібек, Қабанбай, Бөгенбай, Есім сынды халық батырларының атамекенді қорғау жолындағы тарихи әрекеттері сан алуан әдеби ажарлау амалдары негізінде жүзеге асырылған. Фольклор жанрларының ішінде «Қобыланды» (Н.Байғанин нұсқасы), «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қырымның қырық батыры», «Едіге», «Көроғлы», «Орақ, Мамай» және «Қарасай-Қази» т.б. эпостық жырлардың көпшілігінің идеялық мазмұны туған жерін, халқын дұшпандардан азат ету, ішкі, сыртқы жаулардың тұзағынан құтқару сарындарымен ұштасып жатады. «Қай жырдың мақсатын алсаңыз да оның негізінде ел тілегі жатады. Елдің елдігін, ерлердің отансүйгіштігін тарихқа аты мәлім бір адамның іс-амалдары арқылы көрсетуге тырысады» [98, 13 б.]. Басты қаһармандары алып күштің иесі – батыр болып келетін эпостық жырларда елдің арман-тілегін орындау, мақсат-мұратына қол жеткізу туындының көркем идеясын құрайды. Батырлық ертегілер мазмұны («Жалғыз жігіт», «Батыр қойшы», «Науша батыр», т.б.) халықтың бас бостандығын, азат өмірді аңсаған идеясын танытады.

Қазақ әдебиетінің әр кезеңдерінде жарық көрген туындыларда туу, қалыптасу уақыты нақты емес фольклорлық шығармалардағы кейіпкерлер жүйесі, мифтік бейнелер, классикалық сюжеттер желісі, бұлдырға айналған уақыт пен кеңістік категориялары қайта жаңғыртылып қолданылатыны белгілі. Жекелеген авторлар шығармаларында бірде фольклорлық сарындарды өзгеріске түсірмей, сол күйінде қолданса, тағы бірде өзінің көркемдік қиялының өңдеуінен өткізіп, трансформациялап, *тың бейне, сюжет, эпизод ретінде* өмірге әкеледі. Төртінші ғылыми-техникалық төңкеріс дәуірінде, «Мәңгілік ел» болу идеясын қайта жаңғыртқан Қазақстан мемлекетінің мәдени кеңістігінде әдебиеттің де дәстүрлі, көне сарындық көркем ой жүйесін қайта дамытуға бет бұруы маңызды саналады.

Қазақ тарихында үлкен із қалдырған оқиғаның бірі – Шу өзенінің бойында Қозыбасы деген жерде Қазақ хандығының құрылуы еді. Хандықтың құрылуымен қатар, қазақ әдебиетінде жыраулық, ақындық әдебиет дүниеге келді. Әдеби дәуірлеудің ірі кезеңі – XV-XVIII ғасырлар арасындағы қазақ әдебиетін қалыптастырған ірі шығармашылық өкілдері өмір сүрді. Зерттеуші М.Мағауин әдебиеттегі қазақ атауы да осы кезеңде пайда болды деп есептейді [92, 16 б.]. Бұл аралықтағы әдебиет үлгілерінен де «Мәңгілік ел» концептінің өзегінде вербалданатын көркем қабаттық құрылымдарды кездестіреміз. Жыраулар поэзиясында «туған жермен қоштасу» сарыны маңызды орын алады.

Жәнібек хан мен Керей сұлтан өзбек ұлысынан бөлініп, Қазақ ордасын құрған тұста қазақ халқының Дәшті-Қыпшақтағы ескі қонысын қимай, сағыныш сезімдерін өлеңге айналдырған жолдар кездеседі. «Еділ менен Жайыққа, Ешбір жердің теңі жоқ» немесе «Мекен еткен қонысын – Еділ менен Жайықты, Қатын-бала сағынар» [92, 18 б.] деген жолдардан сол кездегі елдіктің негізін атақоныс деп түсінген халық түсінігі жете аңғарылады. Атамекенмен қоштасу мотивіндегі өлең жолдары Асан қайғы мен Қазтуған жырау шығармашылығында да кездеседі. Асан қайғы толғауларында Еділ мен Жайық, Ойыл мекендерінің артықшылығын айтып, Жәнібек ханға ілесіп көшіп бара жатқан халықты тоқтатқысы келеді. Қазтуғанның «Салп-салпыншақ анау үш өзен» өлеңінде боташығын бұзауға, боз сазанын тоқтыға, балығын тайдың тулаған әрекетіне, бақасын қойдың шуылына теңеген көшпенді дала өкілінің түсінігі градация, теңеу, метафора, кейіптеу сынды суреттеу амалдары негізінде көрініс табады. Бұл өлеңді қазақ поэзиясының озық үлгісіне балаймыз. XV-XVIII ғасырлардағы шығармашылық тұлғалар Еділ, Жайық, Ойыл өзендерімен қоса, атын атамай өлеңге кіріктірілген көптеген топонимдік нысандардың көркемдік, эстетикалық маңызын арттырды. Бұған қоса, туған жерді қорғау, батыр-жырау бойындағы азаматтық мінез мен ерлік рухты асқақтата жырлау, ежелгі ата-бабадан жалғасып келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлерді жыр, толғау-өлеңдер арқылы насихаттау үрдісі осы кезеңдегі ақын, жыраулар поэзиясының басты стихиясына айналды.

Осы кезеңнің заңды жалғасы саналатын XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті өкілдерінің ішінде Д.Бабатайұлы, М.Мөңкеұлы Ш.Қанайұлы және М.Өтемісұлы туындыларында «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік мәнін ұлғайтатын амалдар кездеседі. Заңғар зерттеуші М.Әуезов зар заман ақындарына қатысты: «...Бұл ақын (Мұрат Мөңкеұлы – *ізденуші*) көп жырында қоныс пен өрістің жоқшысы болды. Жер тарылып, заң бұзылып, ел сасқан соң бұрынғы ұйтқысы бұзылмаған ру тіршілігі көркінен айырылып, құбылып, қуарып бара жатқан сияқтанады. Бұзылған заман мұның да өлең сөзінің бар күшін әлеумет қамына жұмсады» [99, 228 б.] деп халық жағдайының мүшкіл халін өлең сөзге айналдырған ақын М.Мөңкеұлы мен осы кезең өкілдерінің поэзиясына әдеби-ғылыми тұрғыда баға береді. Қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, мәдениеті мен дініне қысым көрсеткен империялық экспансияға қазақ ақындарының қарсылығы (мұң-шері) әдебиеттегі «зар заман» ағымын тудырған еді. Мал шаруашылығына қолайлы шұрайлы жер мен халық қадір тұтқан құтты қоныстың тұтастығын сақтау дәстүрі көшпенді өркениеттің басты белгісі саналады.

Сондай-ақ, Махамбет ақынның «Қоғалы көлдер қом сулар», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі», «Соғыс», «Исатай деген ағам бар», «Күн қайда», «Толарсақтан саз кешіп», «Мұңайма», «Шамдансам, шалқамнан түсер асаумын» т.б. өлеңдерінде біз қарастырып отырған концепт түрлі концептілік құрылымдар мен осы концепт семантикасында өзектелетін ұғымдар арқылы берілген. Мысалы, «Соғыс» өлеңінде эпизодтар рет-ретімен суреттеліп, концептінің сценарий (оқиғалы) құрылымы арқылы танылады. Махамбет ақын қазақ елін басқарған хан, сұлтандардың ресейлік әкімшілік жүйемен бірігіп, ел

бостандығына, азаттығына қарсы ұйымдастырған әрекеттерін батыл сынайды. Отарлық жүйе амалдарына қарсы күресуге шақырған жырлары халыққа асқақ ерлік рух пен шабытты сезім сыйлайды. Махамбет ақынның өзге шығармашылық өкілдерінен ерекшелігі – халық бостандығын білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғауға дайын екендігінде. Оның шығармашылық атмосферасы кез келген уақыттың оқырманына шабытты рух дарытады. Махамбет поэзиясындағы әрбір көркем таңбаны «Мәңгілік ел» концептінің өрісінде қарастыруға болады. «Мәңгілік ел» концептінің *ерекше атап айтарлық маңызды бейнелі вербалды қабаттарын* қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Махамбет Өтемісұлы шығармашылығынан табамыз.

Зерттеу жұмысының бұл тарауында «Мәңгілік ел» көркем концепті бейнелі жүзеге асырылған әр дәуірде жарық көрген туындыларға шағын шолу жасадық. Шын мәнінде аталған концептінің қабаттық құрылымдарын құрайтын суретті кестелер қазақ әдебиетінің әр жанры бойынша жазылған шығармаларда көптеп кездеседі. Әр кезеңде жарық көрген, әсіресе, ХХ ғасырда жазылған прозалық туындыларды жеке-жеке қарастырып, «Мәңгілік ел» концептінің сан қырлы образдық құрылымдарын айқындауға болады.

Осы тұста Ю.Степанов пен В.Зусман еңбектеріндегі «қабаттық-құрылымдық» зерттеу тәсілі бойынша «Мәңгілік ел» концептінің келесідей маңызды үш қабатын айқындауға болады. Аталған концептінің этимологиясы (ішкі форма) – «Тәңірдің елі, Алла Тағаланың елі» (түркі шежірелерінде «мәңгі» сөзі «Тәңір, Құдай» деген мағынаны білдіреді) ↔ ядросы – халқы бақытты ғұмыр кешетін мемлекет (құру) ↔ өзекті қабаты – мәдениеті, тарихы, әдебиеті, тілі арқылы сақталатын рухани құндылықтары. Қазақ романдарынан «Мәңгілік ел» концептінің көркем құрылымдарын, әсіресе, шеткері аймақтарының (перифериялық) бейнелі жүзеге асырылуына назар аударғанда аталған үш қабатты есте ұстағанымыз жөн.

1.4 «Мәңгілік ел» концептінің діни-философиялық негізін қалыптастырудағы әл-Фараби мұрасының маңызы

Мәңгілік мемлекет құру барысында сол елдің басқару тұжырымдамасы, иек артатын идеялары айқындалып, белгілі бір рухани құндылықтарға сүйенуі тиіс. Ортағасырдағы ислам ойшылдары мемлекетті әділ басқару арқылы халықты бақытқа жеткізу мәселесіне кеңірек ден қойған болатын. Сондықтан мемлекет ұғымы мен оны басқарушыларға, халықтың рухани болмысына баса көңіл бөлінді. Тіпті, ортағасырлық ғалымдар мемлекет пен оған қатысты тетіктер туралы теориялық-танымдық ұғымдарды қалыптастырып берген-ді. «Кемелденген қала» мен «идеалды қоғамды» аңсаған әл-Фараби мемлекет туралы теориялық ой-тұжырымдарын орнықтыруда өзіне дейінгі грек ойшылдарының еңбектеріне арқа сүйеді.

Қазақ философиясында кемел мемлекет туралы әлеуметтік, философиялық, гуманистік ойлар әлемнің екінші ұстазы Әбу-Насыр әл-Фараби еңбектерінде жазылған. Ойшылдың «Қайырымды қала (ел) тұрғындарының көзқарастары», «Бақыт жолын сілтеу», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Бақытқа

жету жайында» еңбектерінде мемлекет, адам, адамзат құндылығының сипаты мен мәні айқындалады.

«Мәңгілік ел» концептінің алғышарттарын қалыптастырған іргелі еңбектің бірі – әл-Фарабидің «Қайырымды қала (ел) тұрғындарының көзқарастары» деп есептейміз. 948 жылы Египетте жазылған бұл еңбек 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Қазақ халқының философиялық мұрасы» сериясының 2-томында аударылып, жарық көрген. Тәржімаға сәйкес, «қала» сөзі «ел» сөзімен іргелес қолданылып, жақшамен көрсетілген. «Ел» ескі түркі халықтарында «мемлекет» мағынасында қолданылғаны белгілі. Демек, «қала» сөзін бүгінгі қолданысымыздағы «мемлекет» сөзімен бара-бар түсінуге болады.

Мемлекет туралы алғашқы түсініктер грек ойшылдары Платон мен Аристотельдің тұжырымдамаларында кездеседі. Зерттеушілер Әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімдері Платонның «Мемлекет» еңбегіндегі ойларымен үндестік тапқандығын алға тартады. Платонның жас кезінен бастап мемлекет басқару арманының жүзеге асуына Грекияның саяси жүйесі мүмкіндік бермейді. Дегенмен үмітшіл жас жігіт үйлесімді, әділетті қоғамға қатысты заң құрастыру ойынан айнамай, үнемі осы жолдағы ізденісін жалғастыра береді. «Платон идеалист болғандықтан оның мемлекет жөніндегі жобасы саналы түрде қияли формада болды деу жаңсақ пікір. Ол өз ілімінің кемшіліктерін сезді, білді, бірақ оның заманында шынайы моральдық құндылықтар негізінде ізгілікті мемлекет құруға мүмкіншілік болған жоқ. Платон негізге алған Мысыр елі мен грек полистері қайшылықтарға, келеңсіздіктерге толы қоғам еді» [100, 25] деген ой-пайымдарды М.Спанов «Әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімі» зерттеуінде алға тартады. Әл-Фараби мұрасындағы мемлекет, қоғам, ел басқарушының философиялық мәні мұсылмандық ойлау жүйесіне, менталитетіне негізделгенін айтып өткеніміз жөн. Өйткені еуропалық және кеңестік кезеңдегі зерттеулерде Ә-Фараби «Платон мен Аристотель ілімдерінің ізімен ғана жүрген, таза рационалист ойшыл» [100, 4 б.] ретінде жазылғаны мәлім.

Ғұлама, ойшылдың ойынша, мемлекеттің түпкі мақсаты адамдарды кемелділікке, ізгілікке, бақытқа жеткізуі тиіс. Ол үшін ізгілікті мемлекетті-қаланы парасатты интеллект иесі басқаруы қажет деген ойды ұстанады. Мемлекет, қоғамдық құрылым, әлеуметтік-мәдени мәселелерді бақыт ұғымымен бірлікте қарастырады. Әл-Фараби мәңгілік категориясының түпнегізін ашу үшін ақыл-парасат, ізгілік құндылықтарына арқа сүйеп, адамның ішкі жан әлеміне үңіледі.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала (ел) тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері» және «Азаматтық саясат» еңбектерінде мемлекеттің бақытты өмір сүруі ел басқарушының жеке тұлғалық-адамгершілік қасиеттеріне байланысты деген ойларды алға тартады. Кез келген адам қайырымды елдің басшысы бола алмайды. Ел басқаратын адамның бойында ел басқарушылық қабілеті, басшылыққа байланысты ерікті дағдылары мен принциптері, қайталанбайтын өнерінің болуы маңызды. Ел билеуші – «кемелдікке ұласқан, белсенді сана мен түсінікке ие болған адам» [101, 124 б.]. Яғни, басшы болудың бұл шарттары бақытқа бағыттайтын әрекеттер болып

саналады. Ойшылдың пікірінше, жоғарыдағы қабілеттермен қоса, ел басқарушының рухы мен тәні сау болуы тиіс. Соғыс әрекеттерінде тәннің сау болмағы маңызды.

Кітаптың 28-бөлімінде «Қайырымды қала (ел) басшысының қасиеттері туралы сөз» қозғайды. Ең бірінші, мемлекеттің-қаланың басшысы адамдар арасында тәуелсіз болуы тиіс. Тәуелсіз көзқарастағы адам ғана қала басшысына лайық деп табылып, «имам, ізгі елдің бірінші басшысы, ізгі ұлттың һәм әлемнің билеушісі» лауазымдарына телиді. Әлемдік қағида бойынша басшылық критерийлерге сәйкес болуы үшін адам бойында жаратылысынан он екі қасиеттің болмағы маңызды. «Он екі қасиет: А) Осы қасиеттердің бірі, оның мүшелері кемшіліксіз және сау болуы, бұл мүшелердің оны және өздеріне қатысты әрекеттерді жасауға қабілетті болуы. Ол осы мүшелердің кез келген біріне әрекет жасағысы келген кезде оны өте оңай жасауы тиіс. Ә) Ол өзіне айтылған бар нәрсені жақсы түсініп, қабылдау қабілетіне жаратылысынан ие болуы керек. Айтып жатқан кісінің мақсатына немесе айтылып жатқан нәрсенің логикасына сай оны түсінуі керек. Б) Түсінген, көрген, естіген, қабылдаған нәрсесін есте сақтау қабілеті болуы керек. Ешбір нәрсені ұмытпауы керек. В) Көкірек көзі ояу, өте ақылды болуы керек. Бір нәрсеге байланысты ең кішкентай бір дәлел көрген кезде осы дәлел меңзейтін бағытта сол нәрсені жетік меңгеруі керек. Г) Осындағы нәрсені толық жеткізе алатын көркем сөйлеу қабілетінің болуы керек. Д) Үйренуді, ізденуді сүюі керек, оған өзін арнауы керек, үйренудің қиыншылықтарын жеңіп, қиындықтарға сабыр етуі керек. Бұларды шаршататын, қиындық туғызатын нәрсе деп қабылдамауы керек. Е) Дұрыстықты, дұрыс адамдарды сүюі керек, жалғанды және өтірікшілерді жек көруі керек. Ж) Жеу, ішу мен жыныстық ләззатқа ұмтылмайтын, оларды қаламайтын адам болуы керек. Құмардан бойын аулақ салып, ондай нәрселерден туындайтын ләззатты жек көруі керек. З) Рухы биік болуы керек, намысты, жомарттықты сүюі керек, рухы жаман және төмен нәрселерден жоғары болуы керек, ең жоғары нәрселерге қарай ұмтылуы керек. И) Күміс, алтын және сол секілді дүниелік мұраттар, нәрселер оның назарында маңызы жоқ нәрселер болуы керек. К) Әділетті және әділ адамдарды сүюі керек, қысым мен зұлымдықты және осыларды істейтіндерді жек көруі керек, өзі мен басқаларына байланысты ынсап иесі болуы керек, адамдарды ынсапты болуға шақыруы керек, қысым көрген жандарға жаны ашуы керек, жақсы, дұрыс деп тапқан барлық нәрселерге қолдау көрсетуі керек, әділ болуға, әділетті жүзеге асыруға шақырылған кезде оны істеуде, жүзеге асыруда құлықсыз болып, қыңырлық көрсетпеуі керек, керісінше, әділетсіздік пен жамандықты істеуін талап еткенде оған қарсы табанды, ұстамды және жігерлі болуы керек. Л) Істелуі міндетті деп тапқан нәрсеге байланысты жігерлі, шешімге берік болып, қорқу мен әлсіздік танытпай, батылдықыпен оны жүзеге асыруы керек [101, 124-125 б.]. Елді басқаратын адам бойында осы аталған мінездер кездессе, ол мемлекет «Мәңгілік ел» болуға бағыт алуы мүмкін.

Қала басшысы болатын адам осы шарттарды сақтамаса, мемлекеттің-қаланың ғұмыры ұзаққа созылмайды. Он екі қасиетке қоса, ел басқарушы философ болуы тиіс. Әл-Фарабидің ойынша он екі қасиетке тұмысынан ие

басқарушы әр дәуірде бір-ақ рет өмірге келеді. Сондықтан он екі қасиеттің алты сипаты бір адам бойында кездесе оның басшы болуға құқы бар. Ал әр қасиет түрлі адам бойынан табылса барлығы да бір елдің басшысы бола алады. Біздіңше, бұл соңғы көзқарас тиянақты емес. Халықтың болашағы туралы маңызды реформалар қалыптастырып, ұтымды шешімдер қабылдау үшін бір адамның басшылық жасағаны жөн. Басшы бірнешеу болса, өзара саяси келіспеушіліктер орын алып, халықтың татулығына, бірлігіне де нұқсан келеді.

Әл-Фарабидің басшының философ болуы міндетті деген көзқарасы философия мен дін салтанат құрған ортағасыр кезеңінде айтылуы заңдылық еді. Сол кезеңнен бүгінге дейін де философиялық тұжырымдар, ағым-бағыттар гуманитарлық саланың кез келген түріне ауысып, пәндік ұғымдарына айналууда. Алайда бүгінгі уақытта, ХХІ ғасырда ел басқарушының философ, дінтанушы, мәдениеттанушы, әдебиетші болуынан гөрі жаратылыстану, техника, биология ғылымдарының өкілінен шығуы маңызды, өзекті саналып отыр және бүгінгі басқару тәжірибесінде осылай жүзеге асырылуда. Ортағасырда гуманитарлық салалар озық сала болып есептелсе, бүгінде ақпараттық-техникалық үрдіс әлемге үстемдік етуде. Қоғамдағы, әсіресе, көркем туындыдағы тұлға-кейіпкердің рухани-моральдық тұрғыда құлдырауы, қалыптасқан дәстүрлі құндылықтарға қарсы шығуының постмодерндік, постқұрылымдық заманның басты проблемасына айналуы да гуманитарлық ілімдердің халық арасында кең қолданыс табуына жете көңіл бөлінбеуінде. «Бірақ, әйтеуір бір уақытта егер философия басшылықтың бір бөлігі болудан қалса, қалған басқа шарттардың барлығы осы басшылықта болған күннің өзінде ізгі ел басшысыз қалады, елдің басшылығымен айналысып жүрген кісі басқарушы болмайды, қауым халқы жойылып кету қаупіне ұшырайды. Егер осы елдің басшысының қоластында бір философ болмаса, белгілі бір уақыттан кейін ол ел жойылып кетуі мүмкін» [101, 126]. Қазіргі басқару жүйесіне Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн еңбектеріндегі басшы адамға тән сипаттар мен қасиеттерді бойына сіндіре білген тұлғалардың қажеттігі айқын аңғарылуда. Халық қазынасына қол сұғып, ұрлық, парақорлықпен айналысқан кейбір құзырлы орган мүшелерінің санын азайтудың бір жолы оларға аталған екі ірі тұлға еңбектерін міндеттеп оқыту, сынақ тапсырту және күнделікті басқару тәжірибесінде көрініс табу мәселесіне тереңірек назар аударған жөн шығар деп ойлаймыз.

Әл-Фараби қайырымды, ізгі, кемел елдерге қайшы сипаты бар қауымды надан, бұзылған, тура жолдан ауытқыған, бақыттың не екенін білмейтін, бақытты сезіне алмайтын ел ретінде көрсетеді. Тәннің саулығы, байлық, жыныстық құмарлық, құрмет-беделге ие болуды көксеу сияқты жеке басқа тән өмірлік мақсатқа құрылған аңсарды надан қоғамның түсінігіне балайды. Оның ойынша, надан қоғам көрінісі бірнеше сипаттардан тұрады және бірнеше топқа бөлінеді. 1) Қайыршы ел. Бұл – тамақ, сусын, киім, үй және нәпсілік құмарлықпен шектелетін, осы жолда бір-біріне көмек көрсететін ел. 2) Бай ел. Байлықты өмірлік мақсат көретін, халқы байлыққа жету үшін бір-біріне көмекке келетін топ. 3) Қарапайым және құлдыраушы ел. Тәндік қажеттіліктерден басқаны мақсат тұтпайтын, ойын-сауыққа үйір топ. Келесі түрі атаққұмар, зорлықшыл, ұйымшыл ел деп бөлінеді. Сипаттары ортақ болып

келеді. Ұйымшыл ел дегеніміз – бақытқа, татулыққа, ақиқатқа, бірлікке жетуде ұйымшылдық құрмай, жан, тән қалауын орындауда, орындатуда ортақтасатын ел. Надан халықтың басшылары да өз қалауы мен мақсатына жету үшін еңбек етеді деп түсіндіреді. Надан елдің рухы толыспаған, барлық уақытта материяға қажеттілік тудыратын алғашқы санамен өмір сүреді.

Байқасақ, бүгінгі күнімізде осы сипаттар жеке болмысы мен күнделікті өмір сүру дағдысында берік орнаған елдер өркениет құрушы алып мемлекеттер саналады. Шын мәнінде өркениетке ХХІ ғасырда қол жеткіздік пе, әлде адамзаттың гүлдену дәуірі осыдан он бір ғасыр бұрын орын алып, бүгінгі өміріміз өркениеттен кері кетудің көрінісі ме деген сауалдар туындайды. Бұл жайында кейбір зерттеушілердің жаһандану жайындағы ойлары біркелкі емес. Француз тарихшысы Ф.Бродель (Braudel F.) «XV-XVIII ғасырдағы өркениет пен капитализм» еңбегінде адамзат тарихында Ежелгі Финикия, Карфаген, Христиандық Еуропа, Ислам, Московия, Қытай және Үндістан сынды өркениеттер орын алды деп сипаттайды [102]. Келесі пікір мынадай: «Қазіргі жаһандану кезеңі Батыс тарапынан мәдениет, әсіресе, саяси жағынан үстемдік құруға деген талпыныспен сипатталады, осыған орай оны батыстану деп шартты түрде атауға болады. Оның өзегін америкаландыру құрады, өйткені қазіргі таңда АҚШ әлемде жетекші орынды иеленіп келеді» [103, 16-17 б.]. Кейбір ой-пікірлер ауаны жаһандану түсінігін дін, қаржы-сауда, жаугершілік, ақпарат, мәдениет т.б. бойынша үстемдік ету дегенге саяды.

Әл-Фарабидің осы еңбегінде бір ұлт, этнос емес, жалпы адамзатқа ортақ келесідей құнды ойлар кездеседі. «Бұзылған ел халқына келер болсақ, олардың ізгі әрекеттер арқылы қол жеткізген рухани қабілеттері рухтарын материядан құтқарады; бірақ жаман іс-әрекеттер арқылы қол жеткізген рухани қабілеттер біріншілермен бірігіп, олармен араласып, бұзады. Жаман қабілеттердің жақсы қабілеттермен араласуынан рух үлкен азап шегеді. Жақсы қабілеттер де жаман қабілеттермен қақтығысып, жаман қабілеттер де жақсы қабілеттерден азап шегеді. Нәтижеде рухта осы екі қиыншылықтан үлкен қиыншылық туындайды» [101, 132-133 б.]. Бұл жағдай, әсіресе, халық үшін жасалатын игі істер сеніп тапсырылған адамның сеніммен берілген тапсырманы орындай алмауынан көрінеді. Білімсіздік, рухының жетімсіздігі себебінен мемлекетте паракорлыққа, жемқорлыққа, тамыр-таныс арқылы мақсаттарды жүзеге асыруға жол береді. Пара беруге міндеттелген мемлекеттік қызметтерді тұтынушының рухы бұдан азап шегері сөзсіз. Рухына нұқсан келген адам санасында оң, теріс әрекеттердің аражігі жойыла бастайды. Әл-Фараби мұндай адамдар бақытсыз болатынын, халықтың қалған бөлігі надан елдер сияқты жойылып кететінін айтады. Әл-Фарабидің ойынша, әрбір адам кемелділікке жетуі үшін дүниеге келісімен көптеген қажеттіліктерге мұқтаждық танытады. Бұл қажеттіліктерге жеке-дара өзі өзгелердің көмегінің қол жеткізуі мүмкін емес. Кемелділікке бірнеше адамның топтасуы арқылы ұжым көмегімен ғана жете алады. Яғни, дүниенің өмір сүретін бөлігінде ұжыммен бірге қажеттіліктерді орындау жеңіл тиеді.

Ойшыл әл-Фараби дамыған қоғамды құрылымдық тұрғыда жүйелеп көрсеткен: үлкен, орта, шағын қоғам болып бөлінеді. Үлкен қоғам дүниенің

барлық бөлігінде кездесетін, түрлі ұлттардың бірігуінен пайда болады. Дүниенің бір ғана бөлігінде кездесетін бір ұлттың топтасуы орташа қоғам делінеді. Шағын қоғамды белгілі бір ұлт өмір сүріп жатқан жерде бір қала халқының бірігуі тудырады. Сонымен қатар, қоғамның ең шағын топ (шағын қоғам емес) деп аталатын формасы да өмір сүреді. Бір кварталдың, көшенің немесе әулеттің мүшелері ең шағын топты құрайды. Квартал бір ауыл тұрғындарын немесе шағын аудан халқын құрайды. Қаладан төмен, шағын топтарда халқы жекіліксіз болғандықтан кемелділікке жете алмайды. Ең жоғары ақыл-парасат пен кемелділікке тек қоғамда қол жеткізуге болады.

Философ-ғалым мемлекет механизмдерін адам ағзасымен, жаратылысымен салыстырады. «Ізгі, қайырымды елдің барлық мүшелері жанды болмыстық өмірін толық қылу және оны осы қалыпта сақтап тұру үшін бір-біріне көмек беретін толық және сау бір тәнге ұқсайды» [101, 119-120 б.]. Адам өмірін сақтау үшін ағза мүшелерінің атқаратын қызметі сияқты мемлекеттегі ел басқарушылар мен тұрғындардың өз міндеттері бар. Ең бастысы, тұрғындар бір-біріне көмек қолын созуы тиіс. Әл-Фарабидің ойынша, мемлекет – адамдар қауымдастығы. Ұжымдасып, топтанып өмір сүру қажеттігі Алғашқы Себептен (Жаратушыдан) берілген.

Пәлсапашының тұжырымдары бойынша мемлекеттің мәңгілік өмір сүруі үшін сол ел тұрғындары бақытқа жету жолындағы мақсаттарды ұжымдасып орындауы тиіс, ұдайы бір-біріне қол ұшын беріп, көмек көрсетуі қажет. Мақсаттары ортақ болмаған ел жекелей бақытқа қол жеткізе алмақ емес. Елдің ізгілікке, кемелдікке жетуі интеллектуал басшыға тікелей байланысты. Мемлекет басқаратын адамның бойында рухани құндылықтар берік орын алып, ізгі, қайырымды әрекеттермен айналыспаса басшы болуға мүмкіндігі жоқ. Әл-Фараби ортағасырлардағы әлеуметтік теңсіздікті «қайырымды қала» жобасының негізін қалау арқылы шешуге тырысты. Оның ойынша адамдар көркем мінез-құлқының, рухани құндылықтарының, ақыл-парасаты, жігері мен қабілетінің негізінде бақытқа қол жеткізеді.

Әл-Фарабидің «кемелденген қоғам», «қайырымды қаласы» іспеттес гуманистік идеяларды ортағасырлық Еуропадағы Томас Морр, Томмаза Кампанелла сынды ойшылдар да қалдырған еді. Зерттеушілер Т.Мордың «Утопия» [104], Т.Кампанелланың «Күн қаласын» [105] утопиялық идеялар ретінде қарастырады. Ойшылдардың басты мақсаты – адамзат игілігі үшін идеалды қоғам қалыптастыру еді. Алайда осындай мәңгілікті көксеген утопиялық идеялар өз дәуірінде-ақ құрдымға кетіп, әл-Фараби мен Ж.Баласағұн сынды гуманистердің ел басқару жайындағы жобалық тұжырымдамалары бүгінге жетіп, ХХІ ғасырда да өзектілігін жойған жоқ. Алайда аталған тұлғалардың барлығы мемлекет, ел болашағының жарқын болуын, ұрпақтың бақытты ғұмыр кешуін армандаған-ды. Елдік утопияның өзі жеке адамның өмірлік арман-мұраты іспеттес ұғым. Адам өзі бақытты деп есептеген өмірге, табыс-жетістіктерге мығым арман-мақсаттың арқасында ғана қол жеткізетіні сияқты мемлекет те алғашында утопия түрінде модельденіп, кейіннен антиутопияға айналатын идея, ұғымдардың жетегінде жүріп сапалы өмірге, демократияға қадам басады.

Қазіргі ғылыми парадигмада «Мәңгілік ел» концептімен сарындас «Америкалық арман» аталатын концептің де шетел зерттеушілері түрлі дискурс қабатынан қарастыруда. Алғашында идея, ұғым, түсінік ретінде дүниеге келген «Америкалық арман» концептінің қалыптасу негізін зерттеушілер 1600 жылдардан бастайды [106, p.110]. «Алғашқы хабарларда Америка жер бетіндегі жұмақ ретінде Эльдorado деп сипатталады» [4, с.42-46]. Зерттеуші Н.Попова «1776 жылы 4 шілдеде АҚШ-тағы тәуелсіздік туралы Декларацияға» қол қойылғаннан кейін «америкалық арман» идеясы мәдени концептілерде бейнеленді деген пікірді алға тартады [4, с.42-46]. Н.Попова біз сілтеме көрсеткен мақаласында тәуелсіздікті, еркіндікті, демократияны, бейбіт өмірді, адам бостандығын аңсаған Америка жерін мекен еткен халықтар «америкалық арман» идеясын дүниеге келтірді деп есептейді. 1492 жылы Америка құрлығын тапқан (ғылымда орныққан пікір – *ізденуші*) Х.Колумбтан бастап америкалықтар осы дәуірге дейін түрлі салада «америкалық арман» идеясын дамытуға күш салып келеді деп тұжырымдауға болады. Н.Попова «америкалық арман» тақырыбы Американың көркем туындыгерлерінің де назарын аудартып, концепт ретінде М.Твеннің «Америкалық үміткер», Т.Драйзердің «Америкалық трагедия», Э.Колдуэлдің «Америка жері», Р.Райттың «Америка ұлы», Э.Олбидің «Америкалық арман», Н.Мейлердің «Америкалық арман», т.б. шығармаларда көрініс тапты деген пікір айтады [4, с.42-46].

Зерттеу нәтижесінен байқағанымыздай, дамыған елдердің ұлттық идеясы аса қысылтаяң кезеңдерде халықтың бүкіл күш-жігерін, ықыласын, мүддесін бір арнаға тоғыстыру мақсатында дүниеге келіп, мемлекетті бақытты болашақ қалыптастыру бағытына сілтейді екен. Жоғарыда айтып өткеніміздей, «америкалық арман» идеясының қуаты да бүгінгі дәуірде АҚШ-ты алып державаға айналдырды. Бұған қоса, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін рухани және материалдық салалары тұралап қалған Жапонияны жапон халқының ұлттық салт-дәстүріне негізделіп жасалған «жапон ғажайыбы» идеясы шығыс елін «тар жол – тайғақ кешуден» алып шығады. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдағы Ресейдегі Н.Бердяев пен В.Соловьев негізін қалаған «орыс идеясы» уақыт оза келе ресейліктерді үлкен сенімге жетеледі. Орыс халқының дін және саясат философы Н.Бердяевтің «орыс идеясын» дамытуға арналған «Орыс идеясы», «Ресей тағдыры», «Өзін өзі тану» еңбектері көпшілікке танымал.

Зерттеуші Н.Попова АҚШ-тағы «америкалық арман» концепті ХХ ғасырдың 80 жылдарында ресейліктердің назарын аударып бастағанын жазады. 1941-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабын жоюға ұмтылған Э.Баталов, Т.Иванова сынды ресейлік зерттеушілер «орыс идеясын» «америкалық арман» концептімен салыстырып, қарастыра бастайды [4, с.42-46]. Ұлттық идеяны қалыптастырып, мемлекеттің тұжырымдамасы ретінде белгілеу, дамытуға күш салу әрбір елде жемісті бола бермеді. Кейбір зерттеушілер осындай сәтсіз ұлттық идеялар қатарына «орыс идеясын» жатқызады [107].

2014 жылдан бастап, он үш ғасырлық даму тарихы бар Қазақстанның «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын түрлі салада жүзеге асыру нәтижелі бастамаларға ұласқаны белгілі. Әсіресе, аталған идеяны түрлі категория

санатындағы гуманитарлық салалардан іздестіру ғылыми зерттеулер кешенін толықтыруда. Біз де осы жұмысымызда «Мәңгілік ел» тұжырымдамасының тарихи, мәдени, діни-философиялық сипаттарынан бөлек, когнитивті маңызын ескере отырып, көркем концепт деңгейінде қарастырдық. «Мәңгілік ел» идеясының қазақтың ұлттық мұраттарымен үндестігі халықтың сан ғасырлық сөз өнерінен де көрініс тапты.

Мәңгілік сөзінің Құдайға ғана тән екендігін, елдің (адамның) мәңгілік болуы мүмкін емес деген сипатта «Мәңгілік ел» атауына қатысты кейбір халық өкілдері пікір айтқан [108]. Мәңгілік бар болудың, құдіреттілік пен ұлылықтың, шексіздіктің бүкіл тіршілікке жан бітірген бір Алла-Тағалаға ғана тән екендігі қасиетті Құран кітабында айтылған. Жер бетіндегі шарттылыққа құрылған мәңгілік ұғымының мәні ақырзаманға дейін жалғасатыны белгілі. «Мәңгілік» сөзі қасиетті Құранда «Бақи» (соңы жоқ мәңгілік) деп аталған. Қазақ тіліндегі «мәңгі-бақи» тіркесі «бақи» сөзінің негізінде қалыптасуы мүмкін. Сонымен қатар, жұмақ пен тозақтың мәңгілік екені де айтылады. «Мәңгілік ел» тіркесіндегі «мәңгілік» сөзін мифпен астастырып, тікелей түсінуден аулақ болған жөн. Аталған тіркес қазақ халқы өз жерінің тұтастығын сақтап, ұзақ уақыт бойы (ақырзаманға дейін) иелік еткен аумағында тәуелсіз өмір сүрсек деген армандаудан, арманға жетуге деген ұмтылыстан туған. Яғни, Жаратушыға тән Мәңгілік ұғымы «Мәңгілік ел» концепті өзегінің дефинициясы болып саналады.

Мәңгілік ел болу дегеніміз, біріншіден, мемлекеттің ұзақ дәуір өмір сүруі. Екіншіден, өркениеттер дәуірінде ірі капиталистік мемлекеттер арасында бәсекеге төтеп беретін, алып елдердің кез келген саласында жұтылып кетуден қорғайтын түрлі рухани, материалдық құндылықтарды сақтау және көркемдік, ғылыми, танымдық жарияланымдар арқылы насихаттау. Сонымен қатар, Мәңгілік ел тіркесі ұлт бірлігі, тіл бірлігі, дін бірлігі, жер бірлігі сынды факторлармен астасып жатыр. Концептіге құндылық сипаты да тән. Сондықтан «Мәңгілік ел» концептін ұлттық құндылықтардың көркем әдебиеттегі көрінісі деп те қарастырғанымыз жөн.

1 тарау бойынша тұжырым

Когнитивті пәнаралық ғылымдардағы концепт категориясын отандық әдебиеттануда зерттеудің ғылыми өзектілігі айқындалды. Қазақ халқының дүниетанымында бірнеше дәуірлер бойы сақталып келе жатқан ұлттық бояуы басым күрделі лексикалық бірліктердің – концептілердің сан мыңдаған көркемдік құрылымдарын сөз өнері негізінде көрсетудің маңыздылығы жан жақты зерделенді. Көркем концептіні пәнаралық ғылымдармен ықпалдастықта, оның ішінде когнитивтік әдебиеттанулық аспектіде басымырақ зерттеп көрсетудің мәні тереңірек ашылды.

«Мәңгілік ел» ұғымын көркем концепт категориясы ретінде зерттеуге көркемдік әлеуетінің жеткілікті екендігі анықталды. «Мәдениет пен әдебиетте маңызды, аксиологиялық сипаты басым, перифериялық аймағы ұдайы жаңғыруға бейім кілт сөздер ғана концепт бола алады» деген зерттеушілер пікіріне сәйкес, «Мәңгілік ел» концептінің әлеуеттік, динамикалық, бейнелік

қырлары жан жақты зерделенді. «Мәңгілік ел» әдеби концептінің түркі және оның ішінде қазақ көркемсөз әлемінде VI-VIII ғасырларда «Тоныкөк», «Білге қаған» және «Күлтегін» ескерткіштерінің мәтінінде пайда болғандығы және қазақ әдебиетінің әр дәуіріндегі шығармалардағы бейнелі жүзеге асырылу жолдары нақты мысалдармен дәлелденді. Аталған концепт түркологиялық және отандық әдебиеттану мен көркемсөз өнерінде, мәдени-тарихи кеңістікте он үш-он төрт ғасырдан бері өмір сүріп келеді. Көне түркілер дәуірінде пайда болған «Мәңгілік ел» ұғымының өзегінен «Мәңгілік ел» идеясы туындап, 2014 жылы қайта жаңғыру сипатына ие болғандығы нақты ғылыми-танымдық деректер негізінде сараланды.

Ғалымдар пікіріне сүйене отырып, «Мәңгілік ел» концептінің келесідей қабаттары анықталды: этимологиясы (ішкі форма) – «Тәңірдің елі, Алла Тағаланың елі» (түркі шежірелерінде «мәңгі» сөзі «Тәңір, Құдай» деген мағынаны білдіреді) ↔ ядросы – халқы бақытты ғұмыр кешетін мемлекет (күру) ↔ өзекті қабаты – мәдениеті, тарихы, әдебиеті, тілі арқылы сақталатын рухани құндылықтары. Сондай-ақ, «Мәңгілік ел» концептінің өзегінде қарастырылатын VI-VIII ғасырлардан бастап, XXI ғасырға дейінгі аралықта қазақ сөз өнерінде көрініс тапқан «Мәңгілік ел» тұжырымдамасы «Өтүкен», «Ергенеқон», «Жерұйық», «Жиделі байсын» сынды мифтік-көркемдік бейнелері арқылы айқындалды.

2 «МӘНГІЛІК ЕЛ» ӘДЕБИ КОНЦЕПТІНІҢ БЕЙНЕЛІ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН КОГНИТИВТІК-КӨРКЕМДІК МОДЕЛІ

«Мәңгілік ел» көркем концептін қазақ әдебиетінің көлемді проза жанры роман негізінде қарастыру айтарлықтай ғылыми нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп санаймыз. Осы тұрғыда диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны етіп 2000-2015 жылдар аралығында жарық көрген Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдарын таңдап алдық. Аталған туындыларды екшеп алуымыздың да өзіндік себептері бар. «Мәңгілік ел» көркем концептін және осы концептіні танытатын тірек сөздер мен концептілік құрылымдарды қазақ жұртының тұтас арман-тілегін, өткен сан қатпарлы тарихы мен мәдениетін, материалдық, рухани қазынасын тарихи-мәдени фонда айшықтаған көркем туындылардан іздестіру зерттеу жұмысының алға қойған мақсат-міндетіне нәтижелі жетуге мүмкіндік береді деп топшылау жоспарынан туды. Сондай-ақ, аталған туындылар көркем жанрға қойылатын талап-үдеден шыға алумен бірге, біз қарастырып отырған концептінің когнитивтік аясын кеңейтетін сан алуан жеке-авторлық көркем-эстетикалық идея, ұғым-түсініктер, бейне, ассоциация, таңба, басқа да көркемдеуіш айшықтаулар жиі кездеседі.

Зерттеуге қажетті дереккөздер мен материалдарды іздестіру, жүйелеу барысында 1990 жылдардан бастап бүгінге дейін жүзден астам романның жазылғандығын, ал біз нысанға алған 2000-2015 жылдар аралығында жетпіс бестен астам романның жарық көргенін анықтадық. Бұл статистикалық мәлімет қазіргі күні ауқымды прозалық туындыларға қарағанда поэзия, поэма жанрлары қарқынды дамуды бастан өткізуде деген таптаурын пікірге тұзақ бола алуы мүмкін.

Қазақ әдебиетінің әр дәуірінде дүниеге келген таңдаулы, классикалық прозалық туындыларда «Мәңгілік ел» концептінің түрлі көркем мазмұндық-танымдық қабаттары кездеседі. Елдің сан ғасырлық арман-мұратын, талап-тілегін, қиын тарихи кезеңдегі тағдырын айқындаған жағдайларын, қат-қабат мәдениеті мен рухани құндылықтарын көркем кестелеген шығармаларда «Мәңгілік ел» концептін өзектендіретін концептілердің сан мыңдаған көркем құрылымдары кездеседі. Атап айтар болсақ, заман алға жылжыған сайын көркем кеңістік пен қабылдаушы оқырман арасында үлгілік-өрнек сипаты маңыздана түсетін М.Әуезовтің «Абай жолы», І.Есенберлиннің «Көшпенділер», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», Ә.Кекілбаевтың «Елең-алаң», «Үркер», «Күй», М.Мағауиннің «Алдаспан», «Сары қазақ», Қ.Жұмаділовтің «Соңғы көш», «Дарабоз», С.Елубаевтың «Ақбоз үй», Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Т.Зәкенұлының «Көкбөрілердің көз жасы» т.б. туындылардың көркемдік қатпарларында «Мәңгілік ел» концептінің мінсіз когнитивтік-көркемдік модельдері қалыптанған деп айтуға болады. Аталған романдар дискурсы негізінде әлемнің концептуалдық

бейнесіндегі мәңгілік, халық, мемлекет туралы ұлттық көркем түсініктердің орнын бағамдай аламыз.

Екінші және үшінші тарауда зерттеу жұмысының нысаны ретінде алынған қазақ романдарына концептуалдық талдау жүргізу барысында келесі пікірді басшылыққа алдық: «Концепт – көп компонентті, күрделі когнитивтік құбылыс. Оның құрылымын орталық нүктесі, яғни өзегі бар және сол өзек маңына топтасқан білімдер, түсініктер мен ұғымдар, ассоциациялардан тұратын (бұларды шеткері аймақ деуге болады) өріс түрінде елестетуге болады» [109, 53 б.]. Мұндағы орталық нүктеміз «Мәңгілік ел» базалық концепт болса, туындылардағы «кілт сөздер» осы өзек айналасын әрқашан толықтырып тұратын, топтаса орналасқан шеткері аймақтары саналады. Концептуалдық зерттеулерде негізгі (базалық) концептіні айқындау үшін талданатын макро және микро, іргелі концептілер, сондай-ақ концептінің жақын және шеткері аймағын (периферия) құрайтын қосымша түсініктер «кілт сөздер» деген ұғымның аясына кіреді. Көркем мәтін аясынан «Мәңгілік ел» концептін қарастыру үшін аталған концептіні концептілік типтерге (фрейм, схема, сценарий, метафора, символ т.б.) ажыратып көрсетумен бірге, «кілт сөздер» (А.Вежбицкая тәсілі) арқылы айқындауға күш салдық. Ж.Делез бен Ф.Гваттари да концепт құрылымын басқа концептілер арқылы қарастыру үрдісі оны жаңа қырынан түсінуге септеседі деген пікір білдіреді.

2.1 «Мәңгілік ел» концептінің макроконцептілер мен концептілік типтер негізінде образды жүзеге асырылуы

Концептілердің іргелі сипаттарын оның арнайы шекара межесінің болмауы, құндылығы, кешенділігі мен өзгермелілігі т.б. құрайды. Яғни, роман мәтіндеріндегі «Мәңгілік ел» концептін осы концептінің өзегіне топтасқан түрлі макроконцептілерге ажырату, жіктеу, бейнелі мағыналарын айқындау, талдау үдерістері негізінде жүзеге асады. «Мәңгілік ел» концептінің мазмұндық қабаттарының түрлі поэтикалық тілдік бірліктер арқылы көрінетін туындының бірі – жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы. Роман 2012 жылы жарық көріп, 2014 жылы Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығын иеленген.

Көркем мәтіндегі концептілерді әдебиеттанулық тұрғыдан қарастырғанда оның танымдық және көркем концепт деп жіктелетін екі түрі негізге алынады. Аталған екі концептінің өзіндік айырмашылықтары да айқындалған. Танымдық концепт оқырманға белгілі бір ұғым, түсінік, мазмұн, идеяны интерпретацияласа, көркем концепт мәтінде автордың образ жасау ерекшелігі, эмоция, сезім айшықтары, таным көрсеткіші арқылы ойша әлем бейнесін модельдеу сынды дара шығармашылық заңдылықтарына негізделеді [20, с.274-276] деген түсінік береді. Яғни, көркем концептілерді көркем әдебиет жанрынан қарастырғанда оның реалды мазмұнына қарағанда туындыгердің жеке суреткерлік танымы қалыптастырған эстетикалық-шартты заңдылықтары маңызды саналады.

Бұл жерде ел ұрандасқан,
айқайласқан...

Бұл жерге жау аяғын байқай басқан!
Ерліктің етегінен ұстап тұрып,
Еркіндік сонда алғаш тәй-тәй басқан.

Автордың туындыдағы түпкі идеясын, интенциялық ой ағымдарын романның эпиграфы ретінде алынған ақын Қадыр Мырза-Әлінің осы өлең жолдары айқындайды. Қазақ тарихының елді, жерді қорғау ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жүзеге асқан жаугершілік дәуірі оқырман санасында қайта жаңғыртылып, шығарманың көркем мазмұнын ұғындырудағы алғашқы ұмтылыс осы тұстан басталады.

Романда қазақ халқының Ресей патшалығына қосылғаннан кейінгі (1770-1785 жылдар) саяси-әлеуметтік, мәдени, жағрафиялық өмір жағдайлары суреттелген. Романдағы оқиғалар композициясы мен авторлық көркем шешім арқылы Ресей патшалығының бодандығы қазақ елінің жігерін жасытып, рухын сындыра алмады деген ой тұспалданады.

Ресей империясының дамуында қажырлы еңбегімен, атақ-абыройымен танылған орыстың әскери-саяси тұлғаларының тарихи бет-бейнесі сәтті сомдалған. Сол жылдардағы Ресейдің мемлекеттік әскери коллегия президенті Г.А. Потемкиннің, Ресейдің Сыртқы істер министрлігі Коллегиясының екінші басшысы граф А.А. Безбородконың, Уфа және Симбирск әкімшілік аймағының наместнигі, генерал-губернатор О.А. Игельстромның саяси қызметін, басшылық беделінің маңыздылығын көркем сипаттаулар барысында Ресей патшалығының қазақ жерінен басқа территорияларды (Қырым түбегі) да өзіне бағындыру стратегиясы айқын ұғындырылады. Ресейдің сырт елдерге айбынды, айбарлы көрінгенімен, ішкі кадрлық жүйесінде лауазымға шексіз құштарлық, көл-көсір билікке ұмтылушылық сынды теріс құбылыстардың ұлғая бастауы да кескіндеу, пейзаж, монолог, ішкі диалог т.б. сынды көркемдік амалдар барысында баяндалып отырады. Ресейдің қазақ халқына агрессиялық көзқарасы мен өктем, империялық менмендікке құрылған саяси-жағрафиялық қатынастары, көп жағдайда, орыс әскери қызметкері, барон Игельстромның бейнесі арқылы айқындалады. Әсіресе, О.А. Игельстромның Уфа-Симбирск аймағына генерал-губернаторлық қызметіне кірісуі алдында осы аймаққа кіретін өлкелер тарихымен, сол кезеңдегі қазақ пен орыс, қазақ пен казак-орыстар арасындағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен архивтік құжаттар негізінде танысып, бұрынғы саяси ұстанымға (бодан елдерді бағындыру саясаты бойынша) белгілі бір талап-тұжырымдар енгізуге тырысуы қазақ халқын бодандықта ұстаудың жаңа стратегиясы еді. Бұрын И.Якоби, И.И. Неплюев, П.И. Рычков, А.И. Тевкелев, А.Р. Давыдов, Д.В. Волков, т.б. Уфа-Симбирск аймағын басқарушылардың барлығы *«басыбұзық бұратаналарды» ұдайы қарулы қолмен жазалап, бағындырып отыру* әдісін қолданса, жаңа лауазым иесі О.А. Игельстром бұл әдістің тиімсіздігіне көз жеткізіп, бодан жұрттарды *сый-сияпатпен бауырға тарту, айтқанға көндіру тәсілін* «ойлап табады». Бұл тәсілдің дұрыстығын ол II Екатеринамен кездесуінде де дәлелдеп шығады. Автор О.А. Игельстромның осындай «жоспарлары» мен өзге саяси тұлғалармен жазысқан құжат-хаттары негізінде, яғни психологиялық суреттеудің формаларын туындыға ендіру арқылы оның бет-бейнесін ашуға

тырысады. Реципиентке Игельстром образы қазаққа жанашыр тұлға ретінде көрінгендей болғанымен, шығармадағы вербалды және бейвербалды эстетикалық амал-тәсілдер оның өлкелік халықтарға бодандық қамытын мықтап кідіру мақсатының айқын екендігін танытады. «Тар кезеңге» айналған қазақ елінің Ресейге бодан болған тарихының белгілі бір фрагменті, яғни XVIII ғасырдың екінші жартысындағы саяси-әлеуметтік, жағрафиялық жағдайлары ғана романның сюжеттік желісіне алынған.

Уфа-Симбирск аймағының генерал-губернаторы ретінде түптұлғаға негізделіп мүсінделген О.А. Игельстром қырғыз-қайсақтарды (қазақ) бағындырып ұстаудың әдістерін қайта белсенділендіруді ұсынады. Бұл принцип роман мәтінінде келесідей жолдармен көркем баяндалған: «...Өз еріктерімен қоластымызға келіп кірген бодан жұртымызға регуляр әскердің күшін қайта-қайта көрсетіп, қаруымызды сұқандата берген қалай болар екен? Саясат тұрғысынан да, бұл өзін-өзі ақтамаған әдіс секілді көрінеді маған» [110, 69 б.]; «... Ел тізгінін уыста ұстаудың ең басты екі әдісі: телі-тентектерді тез арада жөнге салып отыру және бізге бүйрегі бұратындарды ара-тұра болса да арқадан қағып, қолпаштап-қолдап отыру саясатының біріншісі ғана қолданылған да, екіншісі мүлде ұмыт қалдырылған. Соның салдарынан бодан жұртымыздың жадында ылғи жоғарғы жақтан жасалған зәбір-жапа қалған да, оны ұмыттырарлық бірде бір жақсылық жасалмаған. Күн өткен сайын қордалана берген бұл қолайсыз әрекеттің ақыры ашынған халықтың айқай-шуын, атыс-шабысын туғызған секілді. Қазір Урал шекара шептерінде шапқыншылық күшейіп кеткенінің бір себебін, Григорий Александрович, мен осыдан ба деп ойлаймын» [110, 69-70 б.].

1749, 1760, 1776, 1779, 1783 жылдардағы қырғыз-қайсақтар арасындағы геосаяси жағдайларды реттеу үшін Ресей патшалығы шығарған мазмұны ұқсас бұйрық-жарлықтар (қырғыз-қайсақтарды ұрып-соғу, байлау, қамау т.б. қатысты) сынды психологиялық суреттеу формалары роман мәтінінде көркемдік деталь қызметін атқарады. Жарлық мәтіндерінен сілтемелердің алынуы, шынайы тұлғаға негізделіп сомдалған Безбородко, Потемкин, Игельстром арасындағы әр уақыттағы өзара сөйлеу актілері Ресей империясының бодандығындағы жұрттарға ұстанған саясатын нақты көрсетеді.

Туындыда, әсіресе, алғашқы тарауында мұрағаттағы жарлық, қызметтік хаттарға жиі сілтеме жасалуы шығарманың тарихи және көркем шындық категорияларын әсем жымдастырған. Қазақтардың империя бодандығында болған 260 жылында түрлі үлкенді-кішілі тарихи апаттарды бастан өткергені мәлім және оның барлығында Ресейдің жергілікті әкімшілік басқарушылары тарапынан орын алған *асыра сілтеушілік* қазақты саяси-әлеуметтік, демографиялық тұрғыда ойсырата жеңіліске ұшыратты. 1782 жылы Уфа-Симбирск аймағының генерал-поручигі А.И. Апухтингке жазған хатында: «... Бодандарымыздың арасында бейбіт өмір орнату үшін, күллі коменданттар, дуанбасылар, тәртіп сақшылары әрқашан қырағылық көрсетіп, тыныштық бұзылмауын қас қақпай қадағалайтын болсын; базаршылап жүрген бірде-бір адамның әрлі-берлі қатынауына кесел келтірілмесін... қысым көрсетілмесін; ондайлардан пара алу, қысым көрсету дегендер біржола тоқтатылсын...» [110,

74-75 б.] делінген. Игельстром Уфа мен Симбирск аймақтарын басқаруға келген сәтінен бастап патшайым тапсырмаларына адалдық танытып, мүлтіксіз жүзеге асыруға кіріседі. Игельстромның бұл әрекеті оның Ресейге және патшалыққа деген асқан сүйіспеншілігін, жанашырлығын, империялық саясатты ерекше құлшыныспен, шынайылықпен іске асыру ниетін танытады. Сілтемеде келтірілген хат мәтінінің мазмұны іспеттес хаттар II Екатерина тарапынан өлкелік басқарушыларға бірнеше рет жолданған және оны автор роман мәтінінің бірнеше тұсында негізге алып отырады. Туындының кейбір тұсында автордың XVIII ғасырдағы ресейлік саясатқа субъективті көзқарасы Игельстромның сөз саптаулары негізінде айқындалғандай көрінеді. «Шынында шекесі шалқып отырған шағын халықтың (*қырғыз-қайсақтардың – ізденуші*) шапқыншылықта несі бар. Әлде әлін білмес әлектің әрекеті ме? Жоқ! Бар бәле – тірліктерінің тиянақсыздығынан, алып елден тауфиқ таба алмаған секілді болғандықтан тәрізді көрінеді маған» [110, 72 б.].

Шығарманың көркем тілдік жүйесін қалыптастырған тек авторға тән жеке әдеби айшықтауларды атап өткен жөн. Безбородканың портретін «қамыс арасынан қапыда кездескен қабанкөзденіп» деп бейнелейді. Оқырманның көз алдына кейіпкердің әрбір қимыл-әрекеттерін, сөз саптау сарындарын, портретін беретін ірілі-ұсақты детальдардың бәрін елестетеді. Ресей ұлықтарының тұлғалық болмысы, қызметтік көңіл күй ауаны, өзара қарым қатынастары асқан қиялдау, елестету шығармашылық үдерістерімен бедерленген. Шетелдік елшілерді қабылдау кешіндегі II Екатеринаның патшайымдық болмысы да Игельстромның сезім-күй толқыныстарымен көркем жеткізілген.

Сөйлемдердің соңғы сөздерін қайталау арқылы сөйлемнің нүктесін қоюды да автордың жеке шығармашылығы тудырған көркемдік амал-тәсілдері ретінде атаған жөн. «Иіліп жатыр, иіліп жатыр; қалқып келеді, қалқып келеді; қашып барады, қашып барады» деп бітетін сөйлемдер кездесіп отырады.

«Тар кезең» романындағы «Мәңгілік ел» концептін айқындау үшін осы концепт тезаурусына (туындыгердің танымдық сүзгісі негізінде қалыптасқан көркем мазмұн, ұғым және ой бірліктері) талдау жасаймыз. Романдағы «Мәңгілік ел» концептін «Мәңгілік ел» – қазақ», «Мәңгілік ел» – атақоныстың азаттығы» сынды когнитивтік-көркемдік модельдерді айқындап, құт, Орынбор, атамекен және басқа да макроконцептілер мен көркем түсініктерге ажырату арқылы концептуалды зерттеу жүргізуге ұмтылыс жасадық.

Алдыңғы тарауларымызда «Мәңгілік ел» концептінің ядросы VI-VIII ғасырларда – түбі бір түркі халықтары өмір сүрген дәуірдің мәдени құндылықтары саналатын ескі жазба ескерткіштер мәтінінде тұжырымдама ретінде айқындалғандығын айтып өткенбіз. Концепт шекарасы мен мазмұнының өзгермелі, кешенді, құндылықты таныта алу, белгілі бір уақыт аралығында бірде солғын тартса, бірде қайта даму әлеуетіне ие болатын сипаттарын зерттеушілер тұжырымдарына сүйене отырып жоғарыда атағанбыз. Араға он ғасырдан астам уақыт салып, қайта түлеген «Мәңгілік ел» ұғымы 2014 жылы идея негізінде қайта жаңғырды.

Тұтас түркі халықтары өмір сүрген ғасырлардан кейін, XXI ғасырда Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінде жаңғырған «Мәңгілік ел» концепті түрлі кілт

сөздер мен концептілік типтер негізінде айқындалады. Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың халыққа жолдауында «Мәңгілік ел» идеясы жарияланғаннан кейін әлем елдері «Мәңгілік ел» – қазақ елі деп есептей бастады. Ал біз қазақтың халық ретінде тұтас рухани һәм заттық құндылықтары, ұлттық мүддесі, идеясы, таным-түсінігі т.б. сөз өнерінде көрініс тапқан және ғасырлар бедерінде (жер бетінде тіршілік тоқтағанша) ұзақ жасай беретіндігімен қазақ елі – «Мәңгілік ел» бола алады деген ойды ұстанамыз.

«Мәңгілік ел» концептінің когнитивтік-көркемдік моделін «қазақ» макроконцепті толықтырады деп топшылаймыз [111, р.19]. «Қазақ» атауын «Мәңгілік ел» концептін интерпретациялайтын кілт сөз ретінде қарастырамыз. Өйткені, «Мәңгілік елдің» ең қарапайым құрылымы – қазақ элементі, яғни осы концептіні естігенде ол қазақ екендігі ойға оралады.

«Қазақ» концепті туралы көркем, ғылыми, танымдық ақпарат, деректер «Тар кезең» романының мәтініндегі «мен» және «ол» антипозициясында, басқа да авторлық баяндаулар мен сюжеттік детальдар негізінде айқындалады.

Кесте – 1

«Қазақ» концептінің «мен» мәнмәтінінде көрінуі	«Қазақ» концептінің «өзге» мәнмәтінінде танылуы
1	2
<p>1. <i>Жәй сөзге астындағы атынан түсе қалып, қолындағы билігін қолақпандай қылып ұстата қоятын қазақ</i> бар деген [110, 146 б.].</p> <p>2. ... <i>Сайын сахарада өскен қазақ та бір, ен даланың еркін ұшқан азат құсы да бір зой!!!</i> [110, 162 б.].</p> <p>3. ... Осы уақытқа дейін төңірегіндегілер: «<i>тағы</i>», «<i>жартылай жабайы</i>», «<i>бұлармен сөйлескеннен гөрі, азулы жыртқыштың өзімен аңдысып-арбасқан әлдеқайда жеңіл!</i>» деп, әбден түнілдіріп тастаған мына қырғыз-қайсақтар, қарап отырса, әлгіндей сөздерді айтып жүргендердің өзінен әлдеқайда <i>әдепті де, сыпайы; үлкенді – үлкен, кішіні – кіші деп орнымен сыйлай білетін жұрт</i> екенін өз көзімен көріп, бұл енді мүлде</p>	<p>1. Сіз мынау <i>бұратана жұрттардың</i> жерінде бұрын болдыңыз ғой дейім. Солай ма? [110, 29 б.].</p> <p>2. Қателеспесем, сондағы байқауым бойынша... мынау Сіз бара жатқан <i>шекара шептерінің бергі бетіндегі татар, баишұрт, мешер, черемистер</i> мен Уралдың арғы жағындағы қалың <i>қырғыз-қайсақтың ділі, дәстүрі, діні, тіпті тілдеріне дейін жақын жұрттар</i>. Егер түріктер де сол ділі мен діні жақындығын тілге тиек етіп (олар күні кешеге дейін қырымдықтарды да солай айдап салып келді ғой), өздерінің тіміскі әрекеттерін жүзеге асырып кетсе, <i>Уралдың арғы бетіндегі қалың қырғыз-қайсақ</i> бұрынғыша шекара шептерінен мал айдап, адам байлап әкетуі өз алдына, <i>қатерлі-қатерлі соғыс қимылдарына шейін баруы гажап емес</i> [110, 38-39 б.].</p> <p>3. «<i>Степь кочующих киргизь кайсаковь</i>» деп толқып жатқан теңіз бетіне жазғандай жоғарылы-төмен иректелген нән әріптерге қарап тұрып, Осип Андреевич: «Осы жерге келгенде карта сызған кісінің қолы да... әй,</p>

басқа жағынан танығаны бір болса, оның үстіне бұлардың аса маңызды шаруаларға да атүсті қарамайтын, әр нәрсенің артқы жауапкершілігі мен ұятын ойлайтын арлы халық екендігіне сүйсінгендігі де бар еді [110, 333 б.].

4. Қазақтармен бүгінгі әңгіме бұл өлкеге жаңадан келіп жатқан мұның (Уфа-Симбирск аймағының губернаторы О.А.Игельстром – *ізденуші*) «қырғыз-қайсақ» дейтұғын мына жұрт туралы бұрынғы түсініктерінің бәрін аяқ астынан быт-шыт қылғаны еді...

Біріншіден, бұлар – (мұндағылар айтып жүргендей), «қырғыз» да, «қайсақ» та емес, «Қазақ» дейтін халық болып шықты.

Екіншіден, Уралдың арғы жағындағы ұшы-қиыры жоқ ұлан даланы малына өріс, жанына қоныс етіп, ертелі-кеш жөңкіле көшіп жүргендей көрінген соң, өзінен бұрынғы өлке бастықтарының ауанымен, бұл да оларды «ұшарын жел, қонарын сай білетін», белгілі бір орнықты мекендері жоқ ел ғой деп жүрсе, тіпті де олай емес екен! Рас, көшпенді екендіктері – көшпенді; бірақ сол көшпенді елдің әрбір руының зана емес, тіпті, аралас ағайындардың өздерінің дербес қонысы – жаз жайлауы, қыс қыстайтын ықтасынды орындары бар болып шықты. Біреудің ондай ата қонысына екінші біреулер иелік етпек түгілі, тіпті көз алартуына да жол берілмейтін көрінеді. Сондықтан, қай рудың

бір... қоса толқыған шығар-ақ, – деп ойлады. – Иә, осы даламен бұл... – барон Игельстром – қайткенде де тіл табысуы керек. Қайткенде де...» Тапсырма солай... [110, 49 б.].

4. Қырғыз-Қайсақ дегендерің – құлағына қол апартпайтын, қырдың шу асау жұрты болғанмен, олардың Ордасы – күллі азиялық елдер мен бейтаныс жерлердің қақпасы да, кілті де...» (I Петрдің қазақ жерін жаулағанға дейінгі сөзі – *ізденуші*) [110, 50 б.].

5. «... Қалай дегенмен де, олардың (қырғыз-қайсақтардың) мұндай-мұндай шапқынышылықтары себепсізден-себепсіз шықпайтынын ескертпей кете алмаймын; шатақ – шекарадағы бастықтарымыздың әлдеқайсысының түртпектей бергенінен туып отырған жоқ па екен? – осыған зер салуыңызды қалар едім», – деп жазыпты (II Екатеринаның генерал-поручик А.И.Апухтингге жазған хаты – *ізденуші*) [110, 54 б.].

6. Бәрінің (Уфа мен Симбирск әкімшілік аймағын басқарғандар - *ізденуші*) қайталай беретіні – баяғы бір гөй-гөй... «Ешқандай заң-зәкүн дегенді білмейтін, басыбұзық бұл бұратаналарды қарулы қолмен жиі-жиі жазалап, қалтыратып ұстап отырудан басқа шара жоқ!»... [110, 55 б.].

7. Ұшарын жел, қонарын сай білетін, белгілі бір орнықты мекендері жоқ, осынау көшпелі жұрттарды жөнге салып, тыныш-бейбіт өмір сүруге жеткізу үшін, бұлардың тағдыр-талайы кімге сеніп тапсырылса да – ең әуелсі сол адамға деген олардың сенімі мен ынта-ықыласын орнықтыра түсуден басқа ылаж жоқ... [110, 57 б.].

8. «Қатыгездік – қантөгіс қана тудыратынын» біле тұра, осы уақытқа дейінгі өлке бастықтарының бәрі «бодан жұрттарымызды қарудың күшімен қалтыратып ұстау керек...» деген баяғы марқұм құпия кеңесші Иван Иванович Неплюев саясатының етегінен екі

ақсақалын, яки биі мен батырын, қысқасы, басты адамын тауып сөйлескіңіз келсе, сол рудың тұрақты қонысынан (қыста – қысқы қонысынан; жазда – жайлауынан) іздеуіңіз керек екен...

Үшіншіден, (бәлкім, ең бастысы да осы болар...) жергілікті шенеунік мырзалар келген-кеткеннің миына әбден сіңіріп тастағанындай, бұл жұрт – «қара басының қамынан артық ештеңені білмейтін; елдік сезім дегеннен мүлде мақұрым» кілең бір кембағал байғұстар емес; қайта түү бір қиырда жатқан қандастарының тағдыр-талайына сондай сергек, һәм уәдеге берік; жауапкершілік жүгін тек өздеріне ғана емес, бүкіл еліне сын көретін арлы жұрт екеніне көзі әбден жеткендей болды. Бұған қоса, ә дегеннен ашылып сөйлескен адамын жан тартып, жақын көріп кететін бауырмал мінездері де бар екен [110, 401-402 б.].

қолдарымен тас қып ұстап алып, «соқыр – көргенінен жазбастың» кебімен, айырылмай келген. Мен мұны ең басты қателік деп білем және бұл әдіспен принципіалды түрде келіспеймін... [110, 103 б.].

9. Әлі күнге құлқы беймәлім, мінезі әрпіл-тәрпіл мынау бас асау қырғыз-қайсақ жұртын жөнге салып, күллі Ресейге ортақ Заң жолына бейімдей алсаңыз, сөйтіп оларға да тәртіп пен тыныштық орната алсаңыз, Ұлы Россияға сіңірген ұлық еңбегіңіз ескерусіз қалмайтынына бек сене беріңіз [110, 111 б.].

1-кестеден байқағанымыздай, қазақ автоэтнонимі отарлаушы империя көзқарасымен әр дәуір, кезеңде түрліше жағымсыз коннотациялық мән үстейтін аллоэтнонимдермен (белгілі бір ұлтқа көрші этностың берген атауы) аталып келген. Ғылыми-тарихи деректер негізінде бұл атаулардың кейбірі оқырманға таныс болуы мүмкін. Ал, тұтас көркем мәтіннен «қазақ» этнониміне жинақтаған келесідей анықтауыштарды ұсынамыз. XVIII ғасырда Ресей әкімшілігі тарапынан қазақ «бұратана жұрт», «бодан жұрт», «әлі күнге құлқы беймәлім, мінезі әрпіл-тәрпіл, бас асау қырғыз-қайсақ», ұшарын жел, қонарын сай білетін, белгілі бір орнықты мекендері жоқ көшпелі жұрт», «ең тағы, жабайы», «қанішер қазақ», «ұры қазақ», «жалба тымақты жаман қазақ», «заңды білмейтін басурмандар» деп аталса, «қазақ» этнонимі «өзім» мәнмәтіні арқылы «жомарт қазақ», «аңқау да аңғырт, бірақ турашыл һәм қайсар жұрт», «мінезі ашық», «уәдеге берік», «арлы жұрт» сынды бағалауыш мәнде көрінеді. Келтірілген тіркестер «қазақ» концептінің фреймдері ретінде танылады.

Қазақ халқы басындағы жағдайды «Шоқан... «қанды қырғын («кровоавый»), «жантүршігерлік» («ужасный»), «жаугершілік» («рыцарство») деп атаған» [83, 38 б.]. XVIII ғасыр қазақ жұртының «Мәңгілік ел» құру ұстанымының сағын сындырған дәуір еді. Алайда бұл ұстаным біржола күйреп кетпей, халықтың, Сырым Датұлы, Тіленші, Барақ, Дөнен т.б. батыр, Малайсары, Тұрманбет сынды би-шешендерінің тәуелсіз ел болу тілегімен, ішкі сенімімен, үмітімен бірге өмір сүрді.

«Тар кезең» романын жазуға автордың орасан үлкен дайындықпен келгені аңғарылады. Автор БАҚ-қа берген сұқбаттарында «Тар кезең» романын жазуға жиырма жылдан астам уақыт жұмсағанын айтқан. Романды жазып шығу үшін 10-15 ғылыми зерттеу жариялап, 350-дей көркем туынды оқып шыққанын алға тартады [112]. Туындыда қазақ тарихына қатысты мұрағат қорындағы қызметтік хат, дерек, түсініктеме т.б. басқа да құжат мәтіндерінен көптеп сілтеме келтірілген. «Орынбор өлкесі мен қырғыз-қайсақ ордалары жөніндегі генерал-майор Алексей Тевкелевтің әртүрлі жазбалары» деген құжаттан алынған келесі үзінді романның көркемдік шешіміне ұласқан. «Петр Великий в (I) 722-м году, будучи в Персицком походе и в Астрахани, чрез многих изволил уведомиться об оной орде, хотя-де оная Киргиз-Кайсацкая степной и легкомысленный народ, токмо-де всем азиатским странам и землям оная-де орда ключ и врата; и той ради причины потребна под Российской протекцией быть, чтоб только чрез их во всех Азиатских странах команикацею иметь и к Российской стороне полезные и способные меры взять», – деп жазылыпты» [110, 49 б.]. Немесе I Петр патша айтты деген мынадай пікірді көркем сөз ретінде қолдануы туынды идеясын айқын аңғартуға септігі тиген: «Қырғыз-Қайсақ дегендерің – құлағына қол апартпайтын, қырдың шу асау жұрты болғанмен, олардың Ордасы – күллі азиялық елдер мен бейтаныс жерлердің қақпасы да, кілті де» [110, 50 б.]. Туынды авторы Ресей әкімшілігі қызметкерлері қазақ жерін түпкілікті боданына айналдырғанша, одан кейін де осы идеяны негізге алып жұмыс атқарды деген объективтік ой-пікірлерді алға тартады. Маңызды қадамның бірі кіші жүз қазақтарының ханы Әбілқайырдың «өз еркімен» Ресей қоластына кіруі еді.

Көркем концепт кешенді эстетикалық-шартты менталды құрылым болғандықтан концептінің аялық білімін кеңейтуге түрлі макро-микро, тірек концептілер мен фрейм, скрипт, оқиғалы (сценарий), сызбалы (схема), бейнелі концептілік құрылымдар мен өзге де субъективті көркем ақпараттар қатысады [110, 114 б.]. «Мәңгілік ел» концептінің құндылығы мен менталды моделін кеңейтетін макроконцептілердің қатарына – *Орынбор концепті* кіреді.

Орынбор қаласы 1920-1925 жылдары бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның алғашқы астанасы болғаны белгілі. Романда *Орынбор өлкесінің* астана статусына ие болғанға дейінгі өлке тарихына қатысты көркем әрі ғылыми деректер кездеседі. «... Берідегі бодан жұрттардың бас асаулығы біраз бастыққандай болған соң, осыдан екі жылдай бұрын, *орталығын Орынбор етіп, Уфа және Симбирск әкімшілік аймағын* қайта құрғанбыз. Ондағы ойымыз: бодан болғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, жарытымды

пайдасын көре алмай келе жатқан әрідегі қырғыз-қайсақ жұртымен жағдайды жақсарту тұғын» [110, 29 б.].

Осы кезеңде Ресей әкімшілігінің *көшпелілерді отырықшыландыру үдерісін қолға алу сылтауымен* Батыс Қазақстан аймақтарына бекіністер тұрғызуды қолға алғаны тарихтан белгілі. Роман авторы бекініс салудағы негізгі мақсатты Ресейдің Сыртқы істер министрлігі Коллегиясының екінші басшысы граф Безбородко мен барон Игельстромның прототип бейнесіндегі кейіпкерлердің жоғарыдағы диалогымен ұғындырады. «... Қырғыз-қайсақтардың өзінің жерімен шекаралас аймақтардағы шептерімізді қайтсек бекітіп аламыз» деп жүргенде, әлгі бір Әбілхайыр дейтін ханы: «Халқымызды тас-түйін етіп ұстау үшін, сөйтіп ақ патшаға адал қызметімізді көрсетпекке қамал салып берсеңіздер екен» деп өтініш жасапты... Ордың Жайыққа құяр сағасынан қала салу ісі солай басталған» [110, 51 б.]. «... Ол қаланың таланына тағдыр бәрібір жазбапты. Бірер жылдан соң құрылыс жұмыстары одан жоғарыраққа – өзеннің қабағындағы биік қызыл жардың басына көшірілген. Әйтсе де, қызыл топырақты жалаңаш жар басы – болашақ қала тіршілігіне тіпті де тиімсіз болғандықтан, құрылыс одан да көшіріліп, ақыры баяғы атаман Арапов көрсететін жерге амалсыз қайтып оралған. Бүгінде «Оренбург» аталып отырған қала – осы. Шындығына келгенде, «Оренбург» деп Ор бойына салынған қала аталуға тиіс болса, нағыз Оренбург – Орск болуға керек. Бірақ Ор өзенінің Жайыққа құяр сағасындағы қалашық – жәй ғана Орск аталып (тіпті арғы жақтағы қаңбақша көшіп-қонып жүрген қырғыз-қайсақтың өзі оны менсінбей, «Жаманқала» деп мұрын шүйіретін көрінеді), ал жалаңаш жар басындағы бекініс – «Красногор» бекінісі болсын деп қалдырылған да, түү-у Сақмардың Жайыққа құяр сағасынан салынған қала... («сонда Ор қайда, басқа қайда?») Оренбург болып шыға келген. Күні кешеге дейін Орынбор губерниясының, енді жаңадан құрылған Уфа наместничествосының орталық қаласы аталған Оренбургіңіз – осы (Осип Андреевич «Хо-о-ош!» – деп бір қойды) [110, 52]. Бекініс, қамалдарды көбейту – отарлау саясатын іске асырудың кілті еді. Орынбор астионимі (қаланың географиялық атауы) туындыда кіші жүз қазақтарының арыз-шағымы қаралатын, Ресей империясының бақылау бөлімдері орналасқан қала ретіндегі тарихи маңызы негізге алынып, саяси-әлеуметтік жағдайлармен қабыстырыла суреттелген.

Сырым батыр бейнесі. Романда Сырымның батырлық әрекеттерін суреттеу қазақ ауылдарын жиі шабуылдауға көшкен орыс әскерлеріне қарсы бас көтеруінен басталады. Автор Сырым батырдың тарихи ерліктерін тізбелеп, толық бейнелеуге тырыспаған. Қазақтарды өз территориясында талап-тонау, ұрып-соғу ісі үдегенде Сырымның империя әскерлеріне қарсы көтеріліс ұйымдастыру жұмыстарын мығым қолға алған тұстарын баяндау барысында автор батырдың бұрынғы ерліктерін де оқырманның есіне салады. «Бұл енді... осы сәттен бастап, тынымсыз жортуыл күн кешуге біржола бел буған кісінің сыңайы еді. Жұрт соны ұқты. Иә-иә, бұл енді... бұрын да талай-талай жорықтарға қатынасқан, сан мәрте қалмақпен қидаласып, сан рет башқұртпен барымталасқан, олар түгілі, оғы қардай бораған от қарулы орыспен де жан алысып, жан берген небір шайқасқа кіріп, қақырғанда қан түкірген, бірақ

ешқашан рухы жасып, жігері мұқалмаған мүлде басқа адам-тұғын. Бұл – би Сырым емес, батыр Сырым-ды» [110, 151 б.]. Автор 1773-1775 жылдары Е.Пугачевтің басшылығымен орыс казактарының Ресей патшалығына қарсы көтерілісіне Сырым батырдың да қатысып, ерлік көрсеткен оқиғаларын нақтылы тарихи деректерден ауытқымай, объективтік шындыққа сәйкес нанымды бейнелейді. Генерал А.В.Суворов бастаған орыс әскерлерінің сол көтерілісте қатал да аяусыздық танытқан шабуылдары Сырым батыр көзқарасы арқылы көрініс тауып отырады. Сырым батыр қазақтарды орысқа қарсы шабуылға жұмылдыру барысында жау әскерлерінің қатал ұрысына жан жақты қамданады.

Сырым батырдың көтеріліс сәтіндегі ұдайы ерліктерін бейнелеуден гөрі шабуыл тәсілдерін жетік ұйымдастыру қабілеті алдыңғы планға шыққан. Көтеріліс қолбасшысы ретіндегі мығым жоспары, кіші жүз қазақтарын құрайтын байбақты, шекті, тама, адай, беріш т.б. ірі ру батырларын ұрысқа жұмылдыра білу сынды көшбасшылық қырлары көркем суреттелген.

Шығармада қазақ тарихындағы 1783-1793 жылдары Сырым Датов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс кезеңінің 1785 жылына сәйкес келетін перцептуалды тарихи оқиғаның әрбір эпизодын әсерлі әрі нанымды бедерлеген жолдар кездеседі. Казак-орыс бекіністеріне жақын тұрақтаған қазақ ауылдарын себепсіз, дәлел-дәйексіз тонап, қазаға ұшыратқан казак-орыс әскеріне қарсы 5000 адамнан тұратын ұрыс қолын ұйымдастырып, Таналық қамалында Сырым бастаған ұрыс жасағы жеңіске жетеді. Осы ықшамдалған тарихи уақытты көркем игерген автор Сырымның тарихтағы саяси элита өкілі тұрғысындағы жоғары әлеуеті мен Ресей патшалығының отаршылдығына қарсы бас көтерген қазақ батыры ретіндегі тұлғасын көркем кестелейді.

Ресейдің камал-бекіністеріне жақын орналасқан кіші жүз қазақтарының сол ғасырдағы әлеуметтік хал-ахуалы, жағрафиялық жағдайы келесі бір тұста Сырымның көзқарас шеңберінде нақтылана түседі. «... Көршілес жұрттармен шатақ, әдетте неден шығып отыр?! – Мал баққан, шаруа қуған көшпенді елдің өрісі мен қонысының жәйі шешілмегендіктен шығып отыр. Оны шештірмей отырған кім? – анау Жайықтан арғы шүйгін жайылымдарға қазақты қақпайлап жібермей отырған казак-орыстар мен шеп бойындағы шекара әскерлері! ... Еліңнің еңсесін езгізбейін деп, жүгенсіз кеткен әлгіндейлердің жойдасыз зорлығына қарсы сен бас көтерсең, Жайықтың күллі казак-орыстарына жел беріп, шекарада, – шеп бойында, – тұрған әскер шығады. Өздері шықпаса, артта бұғып отырып, башқұрт пен қалмақты қаптатады. Бұған «Тәйт!» – деп жатқан ия Орынбордағы ұлықтар жоқ, ия осы елдің ханы жоқ! Бұл неғылған бассыздық! Неғылған бейбастық! Осыдан кейін тыныштық бола ма?! Айтындаршы, қалай орнамақ ол тыныштық?! Міне, ағайын, келісім керек болса, жандарал бірінші кезекте осындайға өзі тыйым салсын» [110, 339 б.]. Шығармада Сырым елдің тұрақты тыныштығын, еркіндігін, баянды өмірін көкsegен батыр, би, саяси тұлға ретінде көрініс тапқан. Бейбіт өмір, жер тұтастығы, дін сынды ел болудың басты факторлары сюжеттік оқиғалармен әрқилы сипатта тығыз байланыста бедерленген. Сырымның тарихи бейнесі хан Нұралы бейнесімен байланысты оқиғаларда айқындала түседі.

Нұралы хан бейнесі. Романда Әбілқайыр хан баласы Нұралының кіші жүз қазақтарын 38 жыл басқарған хан ретінде сипатталуы тарихи деректермен дәлме-дәл келеді. Нұралы хан билік жүргізген жылдар оқиғасы туынды сюжетіне толықтай желі болып тартылмаса да, көркем уақытқа сыйдырылған белгілі бір уақыт эпизодтары оны халыққа қайырсыз, әділетсіз басшы ретінде танытады. Белгілі бір себеп, дәлел-дәйек негізінде казак-орыстарына қарсы бас көтерген кіші жүз руларын үнемі жазалап отыруды сұрап, Ресей әкімшілігіне Нұралы ханның хат жазуы туындының бірнеше тұсында түрлі жағдайда баяндалады. Хан жазған хаттар мазмұнының көркемдік өзгеріске ұшырамай, мәтінаралық мәтін ретінде шығармаға қатыстырылуы туынды идеясын тиімді жүзеге асыруға үлес қосқан.

Хан мен хандық биліктің халықтан алыстауы; жеке бас мүддесін көздеп, хандық билікті сақтап қалу үшін ханның орыс басшыларымен тығыз байланысты үзіп алмауға ұзақ жылдар бойы тырысуы; халық мәселелерін талқыға салатын аға билер кеңесін әлсіретіп, мүлде өткізбей қоюы; жайылым, қоныстарды жұртқа әділетті үлестірмеу сынды жағдайлар кіші жүзде хандық биліктің жойылуына алып келеді. Әсіресе, ханның Елек пен Жем өзендері бойындағы қазақ ауылдарын шабу үшін арнайы орыс әскерін шақыртып, хат жазуы хандық билікті жою туралы Сырым бидің ойларын нақтылай түсіп, осы жолда әрекет етуге итермелейді. Сырымның бұл мәселені халық талқысына салып, содан кейін түпкілікті шешім қабылдау жағдайы түрлі оқиғаларды суреттеу, баяндау барысында жүзеге асады.

Автор II Екатерина патшайымның кіші жүз қазақтарына арналған 1785 жылғы Ашықхатын туындыға интермәтін ретінде кірістіріп, субъективті пікірлерін алға тарту барысында хат мазмұнын өзгеріске ұшыратпай ұтымды қолдана білген. Құжат мәтінінің *«Қырғыз-қайсақтың Кіші ордасының күллі миллаты мен ел азаларына»* деп басталуы хандық биліктің еленбей, қараша халықпен тікелей байланыс орнатуға ұмтылысы еді деген авторлық ойлар туындыда айқын көрініс тапқан. Жазушы Т.Әбдік туындыдағы Сырымның хандық билікке қарсы келуін идеялық тұрғыда құптамаған. Хандық басқару жүйесін жою – Ресей патшалығының мақсаты болған және әрбір тарихи кезеңде халықты жойылудан сақтап қалған хандық жүйе еді [113] деген сипаттағы пікірді алға тартады. 1785 жылы Нұралы хан мен Ресей шекаралық әкімшілігінің қысымына шыдамаған кіші жүз билері мен батырлары ханға, хандық билікке қарсы бас көтергені белгілі [114]. Демек, автор мұндай көркемдік шешімге келу үшін тарихтағы болған оқиға мен деректерге сүйенген. Романда бұл тарихи жағдай Сырымның атсалысуымен, би-батырлардың белсенділік танытып, тұтас кіші жүз халқының қолдауымен «Халық кеңесі» құрылып, Ресей империясының патшайымы II Екатеринаға Әбілқайыр хан ұрпақтарын биліктен аластатуды сұрап хат жазуымен көркем түсіндірілген. Автор би әрі батыр Сырымды, романда суреттеліп отырған мекеншақта, халықты басқару барысында ханның да, хандық биліктің де маңызы жойылуда, ендігі кезекте халықты интеллектуалды қабілетпен, білім-білікпен басқару формасы негізінде басқарған дұрыс деген пікірдің иесі ретінде танытады. Нұралы ханның билігі кезінде отыз жыл бойы тоқтап қалған халықтың күрделі

мәселелерін шешіп, арыз-шағымдарын қарайтын аға билер кеңесі 1785 жылы Сырымның атсалысуымен «Халық кеңесі» ретінде қайта құрылады. Алғашқы кеңес Әбілқайыр хан әулетін биліктен кетіру туралы шешім қабылданып, II Екатерина патшайымға хат жазумен аяқталады. Осы жылғы хандық билікті халықты билердің басқару формасымен алмастыру туралы ұсыныс романның көркемдік шешіміне ұласқан.

Халық талай тар кезеңде түрлі қиындықтармен бетпе бет келсе де өзіне қысым жасаған, әділ басшы бола алмаған ханды тақтан тайдыруға күші жетті. Елдің жайлы қонысы, бейбіт өмірі, жарқын болашағы, азаттығы үшін күрескен батыр әрі би Сырымға келешегін сеніп тапсырды. Империяның тілек-ниеті де қазақ халқындағы хандық билікті жою болғанымен, кіші жүз қазақтары өздерінің тәуелсіз позициясын жүзеге асырды. 1786 жылы II Екатеринаның шешімімен Нұралы хан орнынан алынғаны тарихтан белгілі. 1785 жылы кіші жүз халқының тұтас қатысуымен өткен «Халық кеңесінде» Сырым үш үлкен ру билерінің үстінен басшылық жүргізетін төбе биі ретінде сайланады. Бұл жағдайдың көркем туындыда бейнелену жолдары «Мәңгілік ел» концептінің көркем мазмұнын толықтырады деп тұжырымдауға болады.

«Құт» концептінің этимологиясы, тарихи-танымдық қабаттары ескі түркілік ғылыми, көркем деректерден бастау алады [115, 118 б.]. «Атамекен» концептінің де тарихи-жағрафиялық, мәдени қалыптасу арналары ұзақ дәуірлерді қамтиды. «Тар кезең» романында «құт» және «атамекен» макроконцептілерінің ассоциациялық қабаттары көрініс тапқан.

Қазақ әдебиетінде құтты жер іздеу мотиві ежелгі дәуірлерден басталады. Сөз өнеріндегі Қорқыт, Асан қайғы сынды ірі тұлғалардың есімі халыққа жайлы қоныс іздеу әлеуметтік сарынымен бірлікте аталады. Асан қайғы жыраудың өз кезеңінде аңыздық сипатта қазақ жеріндегі қырық бес нысанға халық шаруашылығына жайлы мекен болу тұрғысында берген сын-бағасы бар [116]. Асан қайғы Жайық өзенін көргенде суы мен жасыл табиғаты жанға жайлы, малға қуатты болады деп болжаған екен. Абыз тұлға болжағандай, Жайық өзенінің алқабы Қазақстанның батыс аймағын мекендеген қазақтарға құтты мекен болғаны көркем бедерленген. Орыс, казак, қалмақтар жиі шабуылдаған «тар кезеңде» – XVIII ғасырда Еділ-Жайық, Жем-Сағыз, Қобда-Елек, Бестамақ-Саға өзендерімен қоса, бірқатар мекендердің құты қашқан-ды. Сондай жердің бірі Қарақамыстың жан мен малдан айырылғаннан кейінгі көріксіз кейпі романдағы Сырымның ішкі толғаныстары мен сезім-күйлері арқылы танылады. «Кеше ғана мынау үкісі бұлғақтаған шоқ-шоқ қамыс, анау қорыс қопа оған бұла табиғаттың ешқашан сыны бұзылмас бір берекелі пұшпағындай болып көрінуші еді. Сөйтсе, – ой, Алла-ай! – оның бәрі – осынау құтты мекеннің қойны мыңғырған мал мен қыбырлаған жанға толы кезде ғана солай екен ғой. ... Жарықтық Қарақамыстың аз ғана уақыт ішінде тұяқкешті болып әбден тапталып, тозғындап, берекесі кеткені аздай-ақ енді егесіз қалып бара жатқан мына жетім күйіне өз көңілінің де құлазуы қосылып, кенет бидің іші әлденеге ұлып қоя берді» [110, 136 б.]. Тағы бірде ішкі жан әлемінің қиналысы өлең болып өріліп, қобыз болып боздайды. Автор осы тұста ақын

Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауындағы жолдарды интермәтін ретінде кірістірген.

– ... А-а-ай-и-ии!

Бұ қоныс – жеті жұрттан қалған қоныс,

Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.

Қазтуған, Асанқайғы, Орақ, Мамай,

Біз түгіл, солардан да қалған қоныс.

Бұ қоныс – жеті жұрттан кеткен қоныс,

Ноғайдың көшіп талақ еткен қоныс.

Кәмелсіз қонған елін көп тоздырған –

Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?!

... Әуелі бұ қоныстан Ноғай кетті,

Баласы мұсылманның нобай кетті.

Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай

Әрі өтіп Тесіктаудан солай кетті.

Артынан Телағыс пен Нәрік кетті,

Өзіне ерген жұртын алып кетті.

Жер қарап он екі жыл желмаямен

Асан би дүнияны... а-а-ай-и-и-и! Шолып кетті.

Сырымның атақоныстан айырылғандағы шерлі көңіл күйі осылайша ақын М.Мөңкеұлының толғауларымен астастықта көрініс табады. Бұл қоныстарды казак-орыстар иеленгендігі үшін қазақтар арасында қайырсыз, құтсыз саналады.

Автор шығарманың мазмұндық көркемдігін қамтамасыз ету үшін қонысқа қатысты келесідей интермәтіндерді қолданады. Батыс өлкедегі атақоныстардың негізгі иелерін тарихи әрі көркемдік дерек негізінде алға тартады. «Анау Нарын деген құмыңыз – Нарынбай байдың қонысы», «Сарыкөл, Самар сынды сулар – Самарбай байдың қонысы», «Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған, мынау Жайық деген суыңыз – Жайықбай байдың қонысы», «Борсақтың бойы, Боз Қомыс – Жаңбыршының ұлы Телағыс байдың қонысы», «Еділ деген суыңыз – Еділбай байдың қонысы», «Алтыатаның арғы жағы, Талекпенің бер жағы, мына Сақмар деген суыңыз – Едіге бидің қонысы», «Бесешкі, оның Еділ беті, Бұлғыртаудың шеті, Бадашы деген кең тоғай – ер Сидактың қонысы», «Адырмақты Алатау – ер Орақтың қонысы» [110, 153-154 б.]. Сырым батыр көз алдындағы ел-жұрттан босап қалып бара жатқан қоныстарды орысқа қолдан бермеу жолында «он сегіз жыл атысып өлген Орманбет бидің жолын қалап» [110, 155 б.] алады.

Туындыда бейнеленген мекеншақта Жайық өзеніне қатысты жеке тұлға сөзін қасақана өзгертіп, жалаң қолданысқа енгізуге тырысқаны жөнінде мынадай дерек келтірілген. «Одан беріде Орынбор өлкесінде пәлендей өзгеріс болып жарытқан жоқ десем, артық айтқандық емес шығар деймін. Өйткені, *әлі күнге Жайықтан, кешіресіз... ім-м, Уралдан** әрі бір қадам аттап баса алмай отырмыз» [110, 31-32 б.]. Роман мәтінінде автор мұрағат құжаттарын негізге ала отырып, Жайық атауына қатысты тарихи деректі оқырманға ұсынады.

«Урал – Е.Пугачев Жайық қазақтарының көтерілісін мүлде естен шығару үшін Екатерина II Жайықты Урал деп атауға Указ шығартқан» [110, 32 б.].

Әбілқайыр ханның атақоныс үшін күрес сипатында айтылған мына мәлімдемесі шығармада тарихи дерек ретінде көрініс тапқан. «Ұзын аққан Жайыққа жақын келтірмейміз! – деп, атты казак әлек; Әкеңіз, Әбілқайыр хан айтқандай: «Жайықтың суы тартылып, табаны құрғап қалғанша, бұл жерден казак ешқайда кетпейді!» деп қасарысып, біз әуре!» [110, 417 б.].

«Тар кезең» романында қазақты ұлттық тұрғыда жойылып кетуден сақтап қалған бірлік, ынтымақ, татулық сынды рухани құндылықтар роман кеңістігіндегі жетекші көркемдік ұстанымға айналған. «Мен айтсам, ағайын, әуелі мынау Қарақамыстағы елді дереу аттандырып жіберу керек дегендерің орынды сөз деп білемін. ...Неге дейсіңдер ғой?! – деді сосын сөзін сабақтап. – Біріншіден, ертең жезайырын сүйретіп орыс келе қалса, оның алдынан тосқауыл құрарға, жан жақтағы ұсақ ауылдар ірге көтеріп ұзап кеткенше жау кідіртерге, осы Қарақамысты қыстап отырған мына қарағаштай қалың Байбақтының жігіттерінен басқа ешкімің жоқ! Демек, әр отбасынан бір аламан шығарғалы отырған екі мың үйлі Байбақтыны елдің ең алдымен көшіріп үлгерсеңдер, оларың – ел қорғар ерлеріңнің де қолын ертерек босатқандарың болмақ» [110, 139 б.].

Мұнда қазақтардың орыс, казак әскерлерінен бірігіп қорғану шаралары барысында XVIII ғасырда кіші жүз қазақтарының тана руынан шыққан белгілі Малайсары бидің шешендігінен гөрі халыққа ақыл беріп, жөн-жоба сілтеу тұрғысындағы қабілеті оқшау сомдалған. Қазақстанның батыс өлкесіндегі қазақ руларының орыс, казак әскерлерінен қорғану мақсатында атамекенінен қол үзіп, шалғай тұрақтарға орын ауыстыруы желі болып тартылған шағын эпизодтарда Малайсары би халық мүддесін ойлаушы дана, би ретіндегі тарихи тұлғасымен танылады. Яғни, автор атақты қазақ биін сомдауда түптілғасынан алыстатпаған.

Жаугершілік кезеңде халықтың сағын сындырмай, қиындыққа төтеп беруіне септескен қазақтың бойындағы сөз өнері, сенім, үміт қасиеттері еді. Жау әскерлерінен бас сауғалау үшін шағын ауылдарды тез арада ел көзінен таса, қауіпсіз аймақтарға аттандыру шараларымен көш тізгінін қолға алған қазақ жігіттері қысыл-таяң кезеңде өзара сөз қағыстыру, әзіл-қалжың мен суырыпсалмалық қабілеттерімен де көрінеді. Романда Алдаберген бидің өз баласы жас Азаматпен диалог барысында сөзден тосылып, сөз бен ел тізгінін баласына ұстатуы; Азаматтың шешен ретінде көп арасынан суырылып сөз бастауы сынды қазақ бойындағы тума қабілеттердің бедерленуі туындының көркемдік бояуын қалыңдата түскен.

«Мәңгілік ел» концептін құрылымдайтын қарапайым жүйе – фреймдер – белгілі бір оқиғалар мен жағдайлар фонында сценарий арқылы объективтенеді. Сценарий көркем туынды идеясын ұғындыратын сюжет, эпизодтарды қамтиды [117]. Шығарманың сюжеттік желісіне тартылған оқиғалар орыс-казак әскерлеріне қарсы 1783-1793 жылдары Сырым Датов бастаған кіші жүздегі ұлт-азаттық көтерілісі кезінде орын алған. Мысалы, орыс-казак әскер командирлерінің 1785 жылы кіші жүз қазақтарының беріш, адай рулары

коныстанған ауылды тонап, ұрып-соғып, барымталаған сәтінен алынған сюжеттер компонентінде «Мәңгілік ел» концептімен түйінделетін қазақ макроконцептінің фреймдері келесідей көрініс тапқан. «Ойбай, Колпаков пен Пономарев отряды қырғыз-қайсақтардың быт-шытын шығарып, мол олжамен келе жатқан көрінеді» [110, 205 б.]; «Құдайға шүкір, бұл оңбаған қырғыз-қайсақтардың бір жақсы жері – майдан алаңында жарарақаттанып жатқан бейдәрмен кісіні ешқашан өлтіріп кетпейді, әйтеуір! Оған да тәуба... («Не дейді?! Майдан алаңында жарарақаттанып жатқан бейдәрмен кісіні ешқашан шанышып өлтіріп кетпейді», – дей ме?! – Мына сөзді естігенде генерал Игельстромның жүрегі әлденеге дір-р-р ете қалды!!! – «Ойбай-ау, бағанадан бері бұлар «тағы», «жабайы»... «жыртқыш» деп отырған мына жұрт, – қырғыз-қайсақ деген мына халық, – қайта, нағыз мәрт, иманы орнындағы ел екен ғой!» – деп, іші біртүрлі жылып қоя бергенін аңдаған да жоқ»)» [110, 29 б.].

Баяндаушы-автордың ислам дініне қатысты көзқарастары айқын әрі көркем баяндалған. Халықты өзара бірлікке, ынтымаққа ұйытып, бір-бірін қырғынға ұшыратуға үзілді-кесілді қарсылық танытатын ислам дініндегі парыздар мен тыйымдардың мазмұны мешіт молдасы ретінде сомдалған Шәпидің ой-толғамдары, әрекеттері арқылы көркемдікпен астасқан түрде баяндалған. Романда ислам дініндегі Жаратушы парыздары мен насихатталуы халық арасындағы қырғын соғысты, жаугершілікті тоқтатуға себеп болған рухани тежеуіш, қорған ретінде көрініс табады. Бұған көптеген башқұрт жігіттерін қазақ ауылдарын шабу ниетінен қайтарған молдалар уағызы мен жолы болмаған қазақ-орыстар әрекеті көркем бедерленген эпизодтар мысал бола алады. Баяндаушы ыңғайында көрінетін автор да мұсылман қауымының ақиқат діні – исламның ұстанушысы әрі парыздардың орындалу рет-қисындарын жіті білетін тұлға ретінде танылады.

Халықтың рухани сүйеніші – дін. XVIII ғасырда да қазақ халқының басым бөлігі ислам дінін ұстанатын еді. Құдайдың сүйген дара пендесі, соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.) екендігіне куәлік етіп, Алла-Тағаланың бес парызына иман келтіруді мұсылмандық парыз-міндет деп санайтын. Романда қазақ халқының ислам дініне берік болу құндылығы өзге ұлт өкілі Даниил Донсков көзімен келесідей жолдармен түйінделген. «Қырғыз-қайсақтар Орта Азия халықтарындай дінді аса қатты ұстамайды» деп жүргендердікі – сырткөз адамның сөзі. Ертелі-кеш еңкейіп-тоңқайып намаз оқып жатқандары көп аса көзге түсе қоймағанымен (бұлардың жиылып намаз оқитындай гибадатханалары толып тұрған жоқ қой!), мұсылманшылық жолына берік халық бұл! Сондықтан, дін адамының сөзіне сүттей ұйиды. Ант берер болса, қолына Құран ұстайды. Жай уәдеден тайған кісінің өзін бұлар: «Алдамшы, антұрған!», «Ол бір – ант атқан!», «Құдайсыз неме ғой!» деп жек көреді [110, 319 б.]. Бұл мысалдардан туындыгердің көркем шығармашылығы негізінде әлемнің концептуалды бейнесіндегі қазақ халқының дін тұрғысындағы дүниетанымдық ерекшелігі айқындалған деуге болады.

Қазақ макроконцептіндегі ұран сөзінің бастапқы мазмұны бүгінгі ғылыми парадигмада әлсіреген, көмескіленген сипатта танылады. «Концепт бойындағы бағалауыштық қасиет оңнан теріске немесе терістен оңға қарай өзгеріп отыруы

мүмкін. Сондай-ақ концептінің бейнелілік және ұғымдық (фактуалдық) құрамдары өзгеріске ұшырайды» [52, 160 б.]. «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясының» 9 томында «Ұран» ұғымына мынадай анықтама беріледі: «Ұран – халықты, кейде жеке адамдарды да жеңіске шақыратын айбарлы сөз» [118, 66]. Қазақ тарихында жауға қарсы аттанғанда ұран ретінде «Алаш» атауы қолданылғаны белгілі. «Алаш» ұғымына қатысты нақты тарихи-танымдық, мифологиялық деректер көптеп кездеседі. Түркі тектес халықтардың тұтастықта өмір сүру дәуірінде дүниеге келген «Алаш» атауы бертін келе тарихи жаугершілік соғыстарда қазақтарды жеңіске бастайтын ұранға айналған. Бұл ұранның мазмұны, әсіресе, XVIII ғасырда өзектілене түсті деуге негіз бар. «Тар кезең» романында ықшамдалып алынған мекеншақта «Алаш» ұраны келесі жолдарда көркемдік сипат алған. «Ол – ол ма, бір кезде жер-көкті тітіреткен ұлы сүрен айғай шығып:

– А-ла-а-ш! Алаш! – деген үн аспан астын жаңғырықтырған.

«Бұл не айғай тағы?!» деп казак-орыстар жан жаққа көз салса, Құдай сақтасын, ана сайдан да андыздап келе жатқан қазақтар; мына жырадан да шыға кеп ұмтылған қазақтар... құйындай ұйтқып, құйғытып келеді. Құйттай кідірсе, бұларды түгелімен тұтқынға түсірмек» [110, 280 б.]. 1917-1920 жылдар аралығында Алаш атауымен құрылған партия ұйымдары әр өңірде ашыла бастаған еді. Махамбет өлеңдерінен бастап «Алаш» атауы қазақ сөзінің синонимі ретінде қолданыла бастаса, бұл үрдіс бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ. Кіші жүз батырлары жауға қарсы күрескенде күреңқызыл, жасыл, сарыала, көк туларды ұстап шығып ұрандасқаны туындыда көркем дерек ретінде көрініс тапқан.

Романдағы кейіпкерлердің сөйлеу актілері негізінде пайымдалған заман, болашақ туралы интеллектуалды философиялық-танымдық ойларды «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік сұлбасы деп тұжырымдауға болады. «Қара күш пен қаруға ғана сүйеніп, ел бағуды мал бағудан да оңай көретіндер әлі де жетіп артылады. Әсілі, қатар отырған көршісіне күшті екенін көрсетіп, жұдырық иіскете берген – білікті кісінің ісі ме? Әрине, жоқ! – дейсіз. Расында да солай ғой. Мәселен, өзіңіз қараңызшы... Құдай біреуге ақыл бермей, бірақ қара күшін артық жаратса, әлгі қара күш иесі қатарындағы біреулерді құлақтан басып отырып, айтқанын қылдырар, дегенін істетер! Бірақ ол ...баянды тірлік бола ма?!».

Ал, есесіне, қара күш бермесе де, кемел ақыл, ізгі ниет берсе ше?! О-о, онда әңгіме басқа! Ешкімді ұрмай-соқпай-ақ, зорлық-зомбылық жасамай-ақ, кемел ақылды кемеңгер адам ненің жақсы, ненің жаман екеніне мыңдарды иландыра алар еді. Шын жүрегімен иланған кісі – ешкім күштемей-ақ, ізгі істер істеуді ғана өзінің парызы деп білер еді де, келе-келе тіпті жалпы тіршіліктің мәнінің өзі сол екенін кәміл ұғып, тек солайша ғана әрекет етер еді. Ол бара-бара әрбір адамның өзінің өмір сүру салтына айналар еді... Әй, бірақ ондай заман бізге қай-да-а-а?! – деп, Шүкірәлі бай әлдебір қиял жетегіне еріп кете беріп еді...» [110, 331 б.].

Кейіпкердің кемел ақыл, ізгі ниетке негізделген заман, қоғам туралы пәлсапалық ойларының ортағасыр ойшылы әл-Фарабидің «Қайырымды қала

тұрғындарының көзқарасы» еңбегіндегі әділетті қоғам, ізгі мемлекет туралы тұжырымдармен үндесетін тұстары да кездеседі. Материалдық тұрғыда сол дәуірдің бай аталатын әлеуметтік топ өкілі ретінде бейнеленген Шүкірәлінің «ондай заман бізге қай-да-а?!» деп енжар ойларға жол бергенімен, Игельстромның жауабы бұл ойларға жан бітіреді. «Шукуралы мырза! Әрине, біздің тұсымызда «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» заман орнай қалады деп отырған ешкім жоқ! Әйтсе де, қадари-халімізше ел-жұртқа тыныш, бейбіт өмір сүрерліктей жағдай туғызуға тырысу – қай-қайсымыздың да міндетіміз болуға керек. Ащы болуды, араздықты енді бұлай соза беруге болмайды. Қайткенде де ел ішін тыныштандыру ләзім» [110, 332 б.].

Яғни, халықтың бейбіт өмір сүруінің негізі еркіндік, тәуелсіздік құндылықтарымен анықталады деген ой тұспалданған. Игельстромның басты мақсаты Ресейге бағынышты халықтарды арнайы заңға жүгіндіріп, өзара сөйлесу, келісулер негізінде тыныштық, бейбітшілік заман орнатып, бодандық қамытын кидіру болғанымен, қазақтың өлім-жітімнен аулақ болып, өз аумағында тыныштықта бейбіт өмір сүруі кемел болашаққа, мемлекеттілікке жол салудың негізі еді.

Қорыта келгенде, «Мәңгілік ел» көркем концептінің жазушы Қ.Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» роман мәтінінен қарастыру негізінде келесідей нәтижелерге қол жеткізілді.

«Тар кезең» романында «Мәңгілік ел» көркем концептінің:

– «Мәңгілік ел» – қазақ»;

– «Мәңгілік ел» – атақоныстың азаттығы»;

– «Мәңгілік ел» – әділ билеуші басқарған халық» сынды когнитивті модельдері анықталды. Бұдан басқа аталған концептіні «Орынбор», «кұт», «қазақ», «атамекен» секілді макро-микромконцептілермен бірге, дін, бірлік, татулық, бауырмалдық құндылықтары негізінде тұтастықта, бір-бірін ұдайы толықтырып, өзара мазмұнын арттыратын когнитивті құрылымдар ретінде анықтауға тырыстық. Әдебиеттанулық методологиялық әдіс-амалдар негізінде туынды идеясы айқындалып, көркемдік шешімге ұласқан тарихи құжаттық деректер негізінде жүзеге асқан субъективтік эстетикалық-шартты құрылымдарға талдау жасалды.

2.2 «Мәңгілік ел» көркем концепті өзегіндегі «қазақ» және «Қазақстан» макроконцептілері

VI-VIII ғасырларда Түркі қағанаты тұсында өмір сүрген көрнекті қайраткер, ойшыл Тоныкөк қалыптастырған «Мәңгілік ел» ұғымы түбі бір түркі халықтарына ортақ тұжырымдама болған еді. Ал, 2014 жылы осы ұстаным идея ретінде Қазақстан мемлекетінде қайта жаңғырғаннан кейін «Мәңгілік ел» Қазақстан деп ұғатын жалпыхалықтық түсінік қалыптасты. Қазақстанға иелік ететін өзінің байырғы тұрғындары – қазақтармен қатар, осы негізгі ұлтпен татулықта өмір сүріп жатқан өзге этнос өкілдері де бар. Сондықтан «Мәңгілік ел» концептінің ментальды қабаттарын «қазақ» және «Қазақстан» макроконцептілері (кілт концепт) құрайды деп есептейміз. «Ал кілт концепт ақынның немесе жазушының жекелеген бір мәтіні немесе көптеген

мәтіндерінің жиынтығы арқылы көрініс тапқан индивидуалды-авторлық ғалам бейнесінің өзегін білдіреді» [109, 53 б.]. «Мәңгілік ел» концептінің когнитивті қабаттарын толықтыратын аталған макроконцептілерді жазушы Нұржан Қуантайұлының «Қараөзек» романы бойынша анықтаймыз.

Жазушы, ақын әрі аудармашы Нұржан Қуантайұлының «Қараөзек» романы 2001 жылы жарық көрген. Романда 1991 жылы қазақ халқының тәуелсіздік алуы кезеңіндегі қоғамдық формация, аласапыран өмірдің қым-қиғаш оқиғалары басты кейіпкердің өмірі арқылы суреттелген.

Аудармашы, жазушы Г.Бельгер осы роман туралы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар туынды деп жылы лебіз білдірген екен. Бұған қоса, А.Кеңшілікұлы, Әбіл-Серік Әліәкбар, Г.Орда, А.Тойшанұлы сынды әдебиеттанушы, фольклорист, сыншы т.б. ғалымдар романды Желтоқсан тақырыбы жайында жазылған ерекше шығарма деп бағалаған [119, 254 б.]. Алайда осы романдағы концептілерді қарастырған зерттеулер жоқтың қасы.

Романның қазіргі романдардан ерекшелігі ретінде ХХ ғасырдың соңғы жылдарындағы қоғамдағы шындық көріністерді, тіршіліктің күрмеуі қатты мәселелерін нақты детальдармен айқын, дәлелді, жан жақты суреттеп көрсете алуында деп есептейміз. Қазақтың әдеби тілінде көп кездесе бермейтін *кормушка, трюм, ШИЗО, кум, гайдамак, кабур, стрела, еж, конь* т.б. түрме сленгтері мен жаргондарын, кірме сөздерді қолдануы автордың алдын ала түрме өмірін жіті зерттеп, зерделегендігін аңдатады. Кейде авторға оқырмандар тарапынан өзің түрме өмірін бастан өткізгендейсің деген қалжың аралас әңгімелер де айтылып жатады екен. Романды жазу барысында автордың байқампаздығы, өмірлік құбылыстарды жіті зерттеп, жиналған ақпараттарды базалық деректерімен толықтырып, шынайы көркем дүние ретінде оқырманға ұсына алғандығымен ерекшеленеді. Оған қоса, автордың білім қорының молдығы, мәдениетінің жоғарылығы, ішкі жан сарайының сұлулығы да оқырманды өзіне ынтық етеді. Роман мәтінінен басы артық шұбалаңқы сөйлемдер мен ұзын-сонар баяндауларды, мәтінді әспеттеймін деп әсірелеуге, пафосқа ұрынған тұстарды кездестіре алмадық. Автордың қылмыс әлеміне, түрме тіршілігіне тән сөздер мен ұғымдарды роман мәтініне қатыстыра алу, көркем сөз әлемінде қолдана білу шеберлігі тәнті етеді.

Роман құрылысы «Тар жерде», «Қияда» және «Қаза» аталатын үш бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімінде «ұлтшыл» деген айыппен алты жылға сотталған қазақ жігіті Хақназардың түрмедегі өмірі, түрме өмірінің көпшілікке бейтаныс тіршілігі баяндалса, «Қияда» бөлімінде осы кейіпкердің желтоқсаншыларды ақтау заңынан кейін мерзімінен ерте босап келген күндеріндегі тіршілігі суреттелген. «Қаза» бөлімі Хақназардың қытайлар қолынан қаза табуымен аяқталады. Хақназардың жеке бас бостандықтағы өмірі де Қазақстанның еркіндік алуымен, баға жетпес құндылығы – тәуелсіздігіне қол жеткізген шағымен қатар өрбиді. Осы тұста мақсатымызға орай, романның өн бойынан «Мәңгілік ел» концептін құрайтын автор санасындағы эксплицитті көркем амалдарды айқындауға тырысамыз.

Осы орайда лингвист А.Әмірбекованың «тұлға не ұжымның концептіні тілдік таңбалармен объективтендіру шеберлігіне қарай эстетикалық көркем

танымда объективтенген концептілер» деп жіктеген тұжырымын негізге алғанымыз жөн [120, 90 б.]. Концептологиялық зерттеулерде автордың эстетикалық көркем танымында объективтенген концептілерді қарастырудың маңызы арта түсуде. Бұл бағыттағы концептілерді жеке туындыгердің көркемдік әлемі, қиялынан туған бейнелер, ой-суреттер, метафора, символдар т.б. қалыптастыратыны белгілі.

Өзге империяның қоластында үш ғасырға жуық өмір сүрген, әсіресе, кеңестік кезеңнің жетпіс төрт жылында қазақ халқы әлеуметтік, мәдени, экономикалық өмірінде жағымды да жағымсыз тарихта мәңгілікке қалатын оқиғаларды бастан өткізді. Көп жағдайда, Мәскеу билігінің саяси шешімдерінің құрбанына айналып, ұдайы бірін-бірі толықтырып отырған қылмыстарының жәбірленушісі болып келгені тарихи ақиқат. Алайда, сталиндік, голощекиндік режимнің қазақ арасындағы «эксперименті» әр уақытта сәтті бола бермеді. Соның бірі – осы романның көркемдік сұлбасын қалыптастырған 1986 жылғы қазақ жастары ұйымдастырған Желтоқсан көтерілісі еді.

Қазақ елі ғасырларға созылған бодандық өмірінде түрлі апатты тарихи оқиғаларды бастан өткерсе де, «Мәңгілік ел» болу үміті, ұлттық мені жоғалмаған, күйремеген, үзілмеген еді. Ұлттық намысты жоғары ұстаған, ұлттық теңдікті талап еткен қазақ жастары 1986 жылы желтоқсанның 17-18 күндері «мың өліп, мың тірілген» болатын. «Қараөзек» романында Желтоқсан көтерілісінің бір мезеті төмендегідей суреттелген: «Айнала астаң-кестең болып кеткен. Әсіресе, қыздардың шыңғырған даусынан құлақ тұнады. ... Аяғы көкпен келіп, оңбай құлаған бейшара қыздың басы дүңк етіп бордюрге тиіп, қызыл қан бұрқ ете қалды. Оған қараған әскер жоқ, уыстап тұрып шашынан ұстап алып, лақ тартқандай өрге қарай сүйрелей жөнелген. Қыздың артынан келіп қалған екі-үш қазақ жігітін де бұл кезде қолында сапер күрегі бар бір топ солдат алдынан шығып, қаумалап ұстап алған еді. Қыздың шыңғырған даусын естіп біреуі оған тұра ұмтылды, бірақ қайдан жетіп келгені белгісіз, бір ұзын милиционер әлгіні шіреніп тұрып іштен теуіп қалды. «Алла» деп ана жігіт бұратыла құлаған» [121, 19-20 б.].

Осынау суретті оқиғаның басы алаңдағы қарсылық шараларға қатысып та үлгермеген, тіпті, топтық жиылыстардың мәнін түсінуге мұршасы болмаған (мұрша бермеген) Хақназардың түрмеге қамалуына себепші болады. Басты кейіпкер Хақназар мен қосалқы Құрмаш, Ернар сынды кейіпкерлердің айналасында өрбіген оқиғалар Қазақстан Тәуелсіздік алған тұстағы өліара шақты баяндайды. «Аталған шығармада жазушы 1986 жылғы қазақ жастары дүрбелеңін басып-жаншу кезінде нақақтан сотталған жас жігіттің өзгеше тағдырын кеңес түрмелері мен лагерьлерінде өткен ауыр жылдарымен бейнелеген» [122, 235 б.]. Оқиғалардың аса шынайылықпен, дәл де нақты, жүйелі, нанымды бедерленіп, көп жағдайда, Хақназардың әрекеттерімен байланысты өрбітілетіндіктен оқырманның кейіпкердің прототипін іздейтіндігі де анық. Алайда автордың өзі сұқбаттарының бірінде Хақназардың прототипінің жоқтығын, 90 жылдардағы жалпы қазақ жастарының образын жинақтаған, көркемдік қиялдан туған жиынтық образ екендігін айтқан.

Романның «Қараөзек» аталуы да назар аудартады. «Қараөзек», «Сарыөзек», «Қандыөзек» деген топонимдерді картадан да, әдеби туындылардан да жиі ұшыратамыз. Роман эпилогындағы «Көктайғақ. Көктем байғұс бұлқынып жер астынан шыға алмай жатыр. Қараөзек шақ» деген сөйлемдердің имплицитті мәні зор. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Қараөзек – қысқы соғым таусылып, аққа ауыз жарымай жатқан көктемнің бас кезі» [123, 349 б.] деген түсіндірме берілген. Яғни, қыстың көктемге ұласар соңғы күндері қараөзек шақ деп аталады. Фольклорист А.Тойшанның «Қараөзек» романындағы осы ұғымды «азаттық таңының елең-алаңындағы ел өмірінің жолайырық тұсын белгілейтін әдебиеттегі көркем рәмізге айналатыны анық» деген пікірінен шығарманың идеялық өзегін дөп басып танығандығын байқаймыз [124].

Империялық езгінің күшейген әрбір кезеңінде оған қарсы қазақ қоғамы арасында ірілі-ұсақты дүмпулер болып тұрғаны тарихи шындық. Осыдан бір ғасыр уақыт бұрын, 1916 жылғы Ресей патшасының 25 маусымдағы жарлығына сәйкес қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс орын алса, дәл жетпіс жылдан кейін Кремльдік шешімдердің нәтижесі 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне алып келді, яғни, КСРО-ның ыдырауымен – Қазақстанның, өзге де он төр республиканың тәуелсіздік алуымен аяқталды.

Қазақ ұлтының мәдени, интеллектуалды бет-бейнесі, деңгейі өзге елдер көзімен түрлі сипатта танылып келді. Жағымды мінездемелерге қарағанда, әсіресе, өз құқығын, ұлттық теңдігін талап еткен, халықтық мүддесі мен намысын жоғары қойған қазақтың «жағымсыз сипаты» әдеби туындыларда көбірек жазылды, суреттелді.

Романда қазақ туралы танымдық ақпарат-деректер мен көркемдік пайымдаулар, сипаттар өзім/өзге, яғни «мен» және «ол» антиұстанымдық мәнмәтінде айқындалады. Бірінші жақтағы «мен» позициясы қазақтарды қорғаса, үшінші жақтағы «ол» есімдігі арқылы қазақты ұлттығынан, мемлекетінен ажыратуға тырысқан өзге ұлт өкілдері, мемлекеттер, басқа да қазақтың өз арасынан шыққан ішкі және сыртқы жаулары меңзеледі. Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романында қазақ концептінің «мен»/«ол» мәнмәтінің көрінісін роман мәтіні негізінде талдап көрсетеміз.

«Мен (қазақ халқы өкілінің көзқарасы негізінде)» және «ол (өзге ұлт өкілінің көзімен)» мәнмәтінің қарама-қарсы сипаттаулар монолог, диалогтарда, авторлық баяндауларда, мәтін қабаттарында астарлы мағынада кездесіп отырады. «Ол» мәнмәтінің XX ғасырдың соңғы ширегінде өмір сүрген қазаққа берілген мінездеме «мал бағып, көшіп-қонып жүрген жабайы қазақ», «сауатсыз, қараңғы халық», «электрдің жарығын, техниканың озығын білмеген қазақ» [121, 114 б.] оралымдары арқылы айқындалған. Бұдан басқа Хақназар мен Ернардың, Хақназар мен құқық қорғау органдарының арасындағы диалог, полилог арқылы мәтін астарында қазаққа тән мінездемелер ашыла түседі. Ал, романның тұтас көркем мәтінінде қазақтың ұлттық ерекшелігі «мен» мәнмәтінің төмендегідей берілген: «ежелден мұсылман», «арғы дәуірлерден бастау алатын ұлттық мәдениет пен дәстүрге ие», «зындан мен түрмені білмеген бейбіт халық», «төзімді, шыдамды» т.б. Осындай жағымды сипаттаулармен қатар, құқығын талап етуді білмейтін, еліктегіш,

сатқын, әділетсіздік сынды кемшіліктердің кесірінен Хақназардың жалған айыптаулардың құрбаны болып, алты жылға сотталуы, Хақназардың мерзімінен ерте босап, ақталып келген сәтінде студенттермен қоғамдық өзгерістер жайында әңгіме-дүкен құруы барысында, Хақназар мен Құрмаштың пәтер іздеуі, Хақназар мен Ернардың диалогтары сәтінде т.б. айқындалып отырады. Мұндай мысалдарды төмендегі 2-кестеде көрсетуге тырыстық.

Кесте – 2

«Қазақ» макроконцептінің «мен» мәнмәтінінде көрінуі	«Қазақ» макроконцептінің «ол» мәнмәтінінде көрінуі
1	2
<p>1. Бірінші хатшылыққа бір қазақ табылмады деген не сұмдық? Тіпті, мақұл қазақ болмаса да осы Қазақстанда қызмет істеп келе жатқан өзіміздің бір орыс жоқ па? [121, 18-19 б.].</p> <p>2. Расында, айтшы өздерің, қазақша мектептер мен детсадтардың жабылып жатқаны, жұмысшы қазақ жастарына үй берілмейтіні рас қой [121, 18-19 б.].</p> <p>3. Қазақ байғұс мына «поршеньда» ма, АЗТМ-де (<i>Алматы ауыр машина жасау зауыты – курсив ізденушінікі</i>) ме, кез келген бір зауытта танауынан су кетіп, он жыл жұмыс істейді, сондағы тигені – жатақхананың қуықтай бір бөлмесі [121, 18-19 б.].</p> <p>4. Қанша уақыт өткені есінде жоқ, әйтеуір арқасынан суық тер бұрқ ете қалғанда, еденді ойып жіберердей болып, тепсіне басып кірген судья «Заңымыздың атынан сөйлеймін» деп бастап, «ауыл шаруашылық институтының екінші курс студенті, ұлты қазақ, совет азаматы Хақназар Шығайұлы Шығаеты Қазақ ССР-інің Қылмыстық кодексінің 94-інші және 65-інші баптары бойынша алты жылға бас бостандығынан айырып, күшейтілген режимдегі еңбекпен түзеу колониясына жөнелтуге» үкім шығарған еді» [125, 48-49 б.].</p>	<p>1. «Әй, дегенмен сол кісі тегін емес» деген Алдоңғар бір уақытта әлдеқайда қарап отырып. – Тегін кісі емес. Не спецслужбаның адамы, не жастардың аңғырттығын пайдаланғысы келген біреу. Не болса да елді аранға жығу үшін жүрген бір алаяқ. Әлгі маған алғаш жолыққан кісіні айтам» [121, 20 б.].</p> <p>2. Бәрінен де жас болса да самай шашын ақ шалған, қабағы бір ашылмайтын, еңсегей бойлы қарасұр қазақ жігітінің қақайып тұрып кеудеден ұрғаны жанға батқан [121, 20 б.].</p> <p>3. – Ты, сосунок, мразь поганая, ты что прешь против совесткой власти? А?! Вот, такие все как ты, мамбеты, все вы можете понять, что именно русские вас одели, обули, накормили... Үстінде формасы жоқ болса да шені үлкен офицер екені аңдалған. Өзі ұлы нәсілдің тіліне судай екен [121, 20 б.].</p> <p>4. Мен саған өзім ғой деп айтып отырмын. Егер жасақшыны ұрғаныңды мойындамасаң, қылмысты іздеу тобы бар, біздің тергеу бөлімі бар, саған «мокрое дело» – кісі өлімін ілеміз... [125, 29 б.].</p> <p>5. Сендерге біз қадалып отырғамыз жоқ, сендермен айналысып отырған</p>

<p>5. – Атаң қазақ дүниежүзінде екінші орын алады ет жеуден [121, 73 б.].</p> <p>6. Біздің мұсылманның ұғымынша, – деді Хақназар тамағын кенеп барып сөзге араласып, – мына дүниедегі жан-жануар, ұшқан құс, жүгірген аң адам баласының ризығы үшін жаратылған. Алла тағала адамды жер бетіне жібергенде қалған тіршілік иесін соның қорегіне деп жаратқан ғой. – Пәлі, сен де дінге сенеді екенсің ғой, – деді Құрмаш мынау не деп кетті дегендей Хақназарға мойын бұрып. – Мәселе, сенген-сенбегенде емес, ата-бабамыздың ұстанған діні ғой. – Жоқ, біз атеист емеспіз бе, замандастар-ау, – деді Құрмаш. – Дарвиннің тіршілік эволюциясын оқып өстік қой, атамыз маймыл емес пе? [121, 75 б.].</p> <p>7. «Жетім бұрыш» – не үй, не жатақхана таба алмай, өз жерінде жалтақ болып, өз жерінде жетімнің күйін кешкен қазақ байғұстың қойған аты [121,77 б.].</p> <p>8. Басқаны қойшы, мына сен жабайы болған деп түкіріп отырған ұлтыңды үйіндегі азық-түлігін тартып алып, қолдан ашаршылық жасап, дүниежүзінің көзін бақырайтып қойып, тең жартысын 32-ші жылы шыбынша қырып салған сол коммунистер емес пе! [121, 114 б.].</p> <p>9. Көшпелі жұртта абақты болған ба, бәрі отырықшы жұрттан келген ғой, абақты, түрме, зындан деген [121, 32 б.].</p>	<p>мына біз – милиция қызметкерлері емес, ана... – сұқ саусағын шошайтып төбені көрсетті, – ...ана жақтағы үлкен кісілер. ... Біріншінің өзі патша сияқты ғой сендер жергілікті патшаға, совет өкіметіне қарсы таяқ алып шықтындар. Совет өкіметін құртқыларың келді, бізді... бөтен ұлттарды қуғыларың келді. Солай ғой...[121, 29-30 б.].</p> <p>6. Сендердің бізге қарсы шығып, өкіметті құлатпақшы болғандарыңды да жақсы білемін [121, 52 б.].</p> <p>7. – Қата айтасың. Билік басында отырғанның бәрі – тонының өңін айналдырып алған кешегі коммунистер. Кешегі сексен алтыда өз ұлтын ұстап, экстремист, террорист деп жүзі жанбай жаһанға жар салған сатқын иттер. Бүгін, міне, солар «мен алаңда жастарды бастап жүргем» деп жағалай ұлтшыл болып шыға келді [121, 115 б.].</p>
---	---

1991 жылы қазақ еліне тәуелсіздікке ие болу бақыты бұйырғанымен, ішкі-сыртқы анталаған жаулардың құрығы дайын тұрды. Ол – халықтың ұлттық дәстүріне, дініне, тарихына, тіліне іріткі салып, тіпті, күнделікті тұтынатын ұлттық, басқа да түрлі тағамдарына тосқауыл қою еді. Яғни, ұлттығынан бездіру, айыру шаралары халық арасында байқаусыз жүргізіле бастады. Бұның мысалы жоғарыдағы салыстыру кестесінде берілді.

Роман мәтінінде кездесетін *Қазақстан* прецеденттік атауы топонимдік концептінің қатарына кіреді. Қазақстан макроконцептінің өзегіндегі фреймдік құрылым оның физикалық-географиялық нысан ретінде карта бетінде орналасқандығымен байланысты. Энциклопедияларда, анықтамалық материалдарда, басқа да ғылыми-танымдық жарияланымдарда Қазақстанның 1731 жылдан бастап Ресей патшалығының қоластына кіріп, 1991 жылы егемендік алғаны, дүниежүзінің картасында жер көлемі бойынша тоғызынша орынға ие екендігі, тарихи құрылу уақыты 1465-1466 жылдардан басталатындығы, алғашқы президенті Н.Назарбаев, астанасы Астана қаласы екендігі, басқа да түрлі ақпараттар кездеседі. Көркем мәтіннен тыс ғылымдағы ақпараттар мен білімдер жүйесі де осыны айғақтайды.

Ал, осы романның көркем мәтінінде Қазақстан макроконцептінің тілдік тұлға қалыптастырған фреймдік конструкты төмендегідей болып келеді. Көркем мәтінде Қазақстан макроконцепті де өзге мемлекеттермен антипозициялық сипатта айқындалады (3-кесте).

Кесте – 3

Қазақстан макроконцептінің мәнмәтінде көрінуі	Қазақстан макроконцептінің мәнмәтінде өзге елдермен қарама-қарсы сипатта көрінуі
1	2
<p>1. Оған мына жастар қарсы, иә, біз қарсымыз. Үйбай-ау, елді жиырма жыл билеген ақсақалды алып астап, қайдағы біреуді әкеп қоя салатын Қазақстан ойыншық емес қой, солай емес пе? [121, 18 б.]</p> <p>2. Шынымен-ақ, ол кісінің айтқаны дұрыс қой: өзімізді өзіміз билей алмасақ, несіне республика болып отырмыз, а, жігіттер? [121, 19 б.]</p> <p>3. – Қазақстан бай! – деді Ернар салқын вискидің артынан қалың, майлы шоколадты кертіп жеп жатып. ... Қазба байлықтың бәрі бар бізде: алтын, күміс, мұнай, түрлі-түсті металдың неше атасы, алюминий, мыс, жез, мырыш, хром, уран... Тағы не бар еді, құдай-ау, бәрі бар ғой, бәрі бар [121, 111 б.]</p> <p>4. Нағыз мемлекет болыппыз-ау! Ақшамыз да шығыпты, не арман бар енді бізде! – деген [121, 150 б.]</p>	<p>1. Ал, сонау Ресейден келген біреу именно сол зауыттың біреуіне орналасса, айналасы екі-үш жылдың ішінде трехкомнатная квартира алып шыға келеді [121, 19 б.]</p> <p>2. Империяның отарында жатқан жұрт та түрменің дәмін бір кісідей білетін [125, 32 б.]</p> <p>3. Алақандай Кувейт халқы мұнайдың арқасында асып-тасып отыр. Дүниеге келген әрбір нәрестеге мемлекет азаматым деп, банктен жеке есепшот ашып беріп, мұнайдан түскен пайданың белгілі бір процентін соған салып отырады екен. Сонда кәмелетке толғанша баланың шотында өміріне жететін ақша жиналып қалатын көрінеді. Міне, өмір. Ал, біз... мұнай да бар, қазба байлық та бар, Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі бар деп ісіп-кепкенде сондаймыз, кәне жақсы өміріміз? Байлықты шетке</p>

	шығарып, сатып та жатыр екеміз, қайда сол ақша? Халық неге аш, жалаңаш? Жетпіс проценті қоңыз теріп жүр, қазба байлықтан не пайда? [121, 113 б.].
--	---

Байқағанымыздай, Ресей патшалығының – Кеңестер одағының қыспағында екі жарым ғасырдан астам өмір сүрген қазақ халқының, Қазақ автономиясының елдік тұрғыда маңызсыз, құқығы тапталған, елеусіз бейнесі аңғарылады. Жазушы танымындағы Қазақстан, қазақ халқы туралы деректік ақпараттар жиынтығының көркемдік сүзгіден өткен сұлбасы осы мемлекеттің көркем мәтіндегі образын қалыптастырған.

Кестедегі романнан алынған үзінділердің мазмұны іспеттес (Қазақстанның шикізатына қатысты) ақпараттар халық аузында, интернет-порталдарда жиі айтылып, жазылып жатады. Өзге елдердің бизнес алпауыттары Қазақстанның шикізат көлемін әрбір қазақстандықтың жан басына шаққандағы есебін шығарып, өзінше іскерлік, менеджменттік кеңесін де ұсынып жатады.

Қазақстанның Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі шақтағы мәдени өмірін айтпағанның өзінде экономикалық-әлеуметтік өмір сүру жағдайы оңайға соқпады. Қазақстанның барлық саласында қайта қалпына келтіру, ауыстыру, өзгерту жұмыстары қолға алынды, әсіресе, ел халқы жұмыс істеп жатқан мемлекеттік нысандар жекеге үлестірілгенде халық қайда бағыт аларын білмей дағдарып қалғаны мәлім. Романда осынау өліара кезеңдегі қазақтың жалпы жүріс-тұрысы, тұрпаты, өмір сүру әрекеті төмендегідей бейнеленген. «Мәшиненің тұрағын күзеткен қазақ, базар сыпырған қазақ, жүк тасыған қазақ, қайыр сұраған қазақ, тәшкі сүйреген қазақ... Тегіс ауылдан келгендер. Биік астаудан жем жеп, кекіріп отырған ел азаматтары «урбанизация» деп қуанған, ал өздері малды талапайға салып, ауылды өлтіріп, енді қалаға келіп ештеңеге жарымай, тентіреп жүрген қалың қазақ. Базар жағалап, көрінгеннің есігінде жүріп, жетпіс жеті атасынан сауда жасап келе жатқан жаман сартты басып озған қазақ қой бұл: ана жерден бес сомға сабын алады, оны мына жерде алты сомнан сатады, қандай керемет... Өнерді үйрен де жирен. Меліш саудадан жалықса, төбедей-төбедей ала қап тиелген темір тәшкіні сүйрейді. Одан қалса, байлардың желідегі құлынша тізіліп тұрған шетелдік мәшинелерінің шаңын сүртеді. Жатқан өнер емес пе. Қалай осы уаққа дейін бұл қазақ іші пыспай ауылда жатқан. Мый жетпейді. Енді, міне, шүкір заманға, қала шығып, базар жағалап, ел көріп, жер көріп жүр... Әсіресе, ана қара сирақ ұлдарды айтсаңшы, біреудің топлиын майлап, біреудің суын сатысып, біреуге шөлмек жинасып, тыным таппайды. Талапты ерге нұр жауар деген осы. Ұлттың үміті, елдің ертеңі...» [121, 138-139 б.]. Байқағанымыздай, авторлық сарказм аралас бейнелеулер 1990 жылдардағы қазақтың өмір сүру қалыбының бір үзігін көзге елестетеді. Қалай болғанда да қазақтың бойындағы төзімділік, шыдамдылық, болашаққа сенім құндылықтары «Мәңгілік ел» құру даңғылына қайта салғаны анық. Қазақ бойындағы ән мен күйден нәр алған оптимизмі тарихи қиындықтарға қарсы тұруға күш берді.

Кестедегі қазақтың ұлт, мемлекет ретіндегі статусына берілген авторлық көзқарастар, қағидалар, шешімдер «Мәңгілік ел» болу жолында тарихтан сабақ алу мен болашақта мұндай жат елдің езгісінен аулақ болуға көмектеседі.

Романдағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің басты қаһарманы мен өзге де қосалқы кейіпкерлер есімдері назар аудартады. Қазіргі көркем антропологияда образ, кейіпкер, кейіпкер портреті, персонаж, характер, кейіпкердің ішкі әлемі сынды теориялық ұғымдармен қатар кейіпкер есімі де маңыздылыққа ие. Әдеби антропологияны арнайы зерттеген В.Савельева: «Кейіпкерлерге есім беру үдерісін зерттеу автордың көркемдік антропологиясын зерттеуге мүмкіндік береді» деп есептейді [126, с.77]. Көркем туындыдағы есімдердің этимологиясына, семантикасына, фонетикасына үңілу автордың көркемдік әлемін танытумен бірге, танымын, сыртқы әлемсезінісін, концептосферасын айқындауға да жағдай туғызады. Туындыдағы есімдер мен аты-жөндерден автордың кейіпкерлерге берген мінездемесінен де аңғарамыз. «Сөйлейтін есімдер» (В.Савельева) Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романында да кездеседі. «Осы күнгі қазақ қыздарында екінің бірінің аты Индира. Қандай сүйкімсіз есім» деп ойлады Хақназар сары қызға қарап.

– Хақназар деген атты бірінші естуім, – деді Индира. – Ол не деген сөз?

«Мына қыз адамның ойын оқи ма-ей?..» деп қысылып қалды Хақназар, бірақ іркілмей тез жауап берген.

– Енді... оның шығу төркіні – Хақтың, яғни, Алланың назары, Алланың көңілі түсті деген мағынада жатса керек. Атам сүй деп түсіндірген. Өзінің қойған аты ғой. Хақназар деген қазақтың ханы да болған тарихта.

– Надо же, – деп Анар басын шайқап күлді [121, 72 б.].

Соңғы сөйлемдерде автор реминисценция әдісін қолданған. «Хақназар деген қазақтың ханы да болған тарихта» деген сөйлемі империялық жүйе ұрпақ жадынан өшіруге тырысқан, көмескілендірген қазақтың тұтас дәуірлік кезеңдерінің өмір сүргендігін меңзейді. Осы тұста авторға тарихты ұзын-сонар баяндап өту тиімсіз болар еді.

Шын мәнінде, қазақ тарихында Қасым ханның баласы Хақназар хан қырық жылдан астам билік жүргізіп, қазақтың мәңгілік ел болу жолында аянбай еңбек еткен тарихи тұлғалар санатынан саналады. Хақназар ханның тұсында XVI ғасырдың 60-70 жылдарында қазақ даласында соғыс қимылдары тоқтап, Орта Азия халқымен сауда-саттық қарым-қатынастар нығайып, экономикалық байланыстар күшейе түскен еді.

Қазақ прозасының әр дәуірінде жазылған романдарда кейіпкерлерге есім беру барысында айырмашылықтар кездеседі. Мысалы, XX ғасырдың басындағы қазақ романдарында Ғали, Жамал, Ғайша, Ахмет, Ақбілек, Омар сынды діни, ұлттық бояуы қалың есімдер аталса, одан кейінгі жетпіс жыл аралығында жарық көрген туындыларда Марат, Энгельс, Съезд, Нұржан, Ербол сияқты жеңіл аттар жиі ұшырасады. Яғни, заманалық оқиғалардың әдебиеттің айнасына айналғандығының белгісі.

1991-1992 жылдардағы, рухани һәм діни, мәдени жол-жоралғыларынан адаса бастаған халықтың өліара кезеңдегі өмір сүру жағдайын романда автор Анар мен Құрмаш кейіпкерлердің диалогына кірістірген.

– Құрмаш, сен қызықсың, – деді Анар. – Қазір біздің өмірде үлкен өзгерістер болып жатыр ғой, сексуальная революция деп, религиозная революция деп түрлі-түрлі кітаптар шығарып жатыр ғой. Тіпті, өзің айналаңа қарашы, бұрынғыдай бірқалыпты өмір жоқ, дүние өзгеріп жатыр емес пе.

– Сонда, дүние өзгерді екен деп, бәрің кришнайт болып кетпексіңдер ме? – деді Құрмаш.

– Бұл дегенің адам денсаулығына пайдалы ғой, – деді Анар. – Ет жеме, құдайға сыйынып жүр дегеннің несі зиян?

– Сондағы құдайың... жаңағы... аты қалай еді... Кришна ма?

– Между прочим, – деді Индира көзілдірігін түзеп. – Кришнаизм ең көне дін, адамзат жаратылғалы келе жатқан дін, Индияда пайда болған.

– Индира, – деді Хақназар. – Сонда сіз мұсылман баласы екеніңізді ұмытып кете бересіз бе?

– Мен мусульманка емеспін, – деді шарт ете қалған Индира. – Жарайды, ата-бабамыз ислам дінін ұстаған шығар, бірақ менің де өз талғамым бар ғой... Тем более демократиялық мемлекет орнатамыз деп жатырмыз, ал ондай мемлекетте кім не ойласа, соны істеуге жағдай жасалуы керек. Вот! [121, 75-76 б.].

Мұндай қаптаған дін секталарының уағызы тәуелсіздік алғанымызға отыз жылға таяу уақыт өтсе де әліге дейін жалғасуда. Бүгінгі өмірлік тәжірибемізде де жүзеге асып жатқан жағдай.

Дін, діл, тарих, тіл сынды «Мәңгілік елді» құрушы факторлар мәселесі 2001 жылы жарық көрген жазушы Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романына негіз болып, осы факторлар бойынша автор когнициясында көркем ойлар «Мәңгілік ел» концептінің мазмұндық қабаттарын толықтырған. Қазаққа, қазақ қоғамына, Қазақстан мемлекетіне қатысты жеке-авторлық поэтикалық суреттеулері, қазақ халқының өткен тарихына, бүгініне, болашағына қатысты жекелеген көзқарастары, идеялары қазақ және Қазақстан макроконцептілерінің өзекті мәнге жақын және шеткері аймақтарын құрайды. Аталған макроконцептілерді «Қараөзек» романының өзекті когнитивті бірліктері деп танымыз. Ал, автор танымындағы ментальді бірліктермен толықтырылған қазақ, Қазақстан макроконцептілері «Мәңгілік ел» концептінің концептілік жүйесін құрайды деп топшылаймыз.

Жазушының романын: «... Сілбіреп тұрған майда, салқын жаңбыр. Тасада, бұрыш-бұрыш қалтарыста әлі де қар бар. Көктайғақ. Көктем байғұс бұлқынып жер астынан шыға алмай жатыр. Қараөзек шақ. Бірақ... қашанға дейін тұрады бұл. Әлі-ақ жұпар иісі бұрқырап көктем туар, жадырап, жайрандап жаз келер. Сол кезде дүние жасарып, құлпырып шыға келмей ме. Сол күнге жеткізсін» деп аяқтауы замананың аязынан аман шыққан қазақ елінің мәңгілік болуына сенім білдіруі деп тұжырымдауға болады.

2.3 «Мәңгілік ел» көркем концептінің өзге концептілер өрісінде құрылымдалуы

Өмірлік бақыт, жақсылық, табыс атаулына әрбір индивид арман, мақсат-мұраттар шеңберінде қол жеткізеді деп ұғынсақ, мемлекеттер де жарқын

болашаққа ұмтылу жолында белгілі бір идея, ұстанымдарға арқа сүйейтіні белгілі. «Ежелгіден бүгінге жеткен қазақ әдебиеті сан ғасырлар бойы осынау ұлы мақсат – Мәңгілік ел ұғымын шығармашылықтың айшықты алқасына айналдырып келді» [78, 83 б.]. Осы тұрғыда «Мәңгілік ел» көркем концептінің тарихи-когнитивті, мазмұн қабаттарын мемлекеттік ұлттық идеялар толықтырады деп тұжырымдауға болады. Қазақ халқының да әрбір тарихи кезеңдерде номинациясы түрліше болғанымен, ішкі мән-мазмұны бір-бірін толықтырған кешенді ұстаным-идеялары өмір сүрді. «Мәңгілік ел» (VI-VIII ғғ. түркі басшылары), «Оян, қазақ!» (М.Дулатов), «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» (М.Шоқай), «Қорған, қазақ!» (Ә.Бөкейхан) сынды идеяларды мазмұндық, пішіндік тұрғыда жүйелеп, сөз өнері арқылы халыққа ұсыну барысында тарихи, саяси, интеллектуал тұлғалардың рөлі ерекше әлеуетке ие болды [128, р.71]. XXI ғасырдың екінші онжылдығында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы» деп ұлттық идеяның бастапқы формасын қайта жаңғыртты.

Тарихшы Х.Әбжановтың пікірінше Қазақстандағы ұлттық идеяның бесғасырлық тарихы бар, «қазақ этносымен түйдей құрдас» [83, 72 б.]. Әр дәуірдегі тарихи оқиғалардың формасы мен мазмұнына және ел басқарған көсемдердің ұстанған саяси қағидаларына орай ұлттық идея құбылысы хронологиялық трансформацияға түсіп, кешенді нұсқалар негізінде көрінді.

«Оян, қазақ!» ұлттық идеясының қорытынды басты нәтижесі – 1916 жылғы оқиғалар. Олар ұлы даланың түпкілікті оянғанының бұлтартпас дәлелі еді» [83, 84 б.]. 2016 жылы жүз жылдығы мемлекеттік деңгейде ұлықталған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бұқаралық сипат алуына сол жылғы қара халықтан 19 бен 31 жас аралығындағы жастарды әскерге алу туралы Маусым жарлығы болатын. Ақпан төңкерісінен кейін уақытша өкіметтің билік басына орнығуы, басқа да саяси әділетсіздіктердің соңы қазақ ұлтын ғаламдық апаттарға ұшыратқан ұзақүдерісті қысым көрсету, конфискация, коллективтендіру, 1931-1933 жылдардағы аштық, ұлт зиялыларының өмірін қиған 1937-1938 жылдарға жалғасты. Сталинизм саясаты алаш қайраткерлерінің ойға алған интеллектуалды мегажобаларын жүзеге асыруға мүрсат бермеді. Тарихшы Х.Әбжанов байырғы түркілерден бастау алған ұлттық идеяның «Оян, қазақ!», «Қазақ автономиясы» (1917 жылдың жазында өмірге келді) сынды кешенді нұсқалары хрушевтік «жылымықта» да, брежневтік тоқырау тұсында да, горбачевтік қайта құру заманында да жалғасын таппағанын, алайда гуманизм, оптимизм, сенім сынды ұлттық құндылықтар қазақты алға жетелеп, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісіне алып келгенін айтады.

Тарихтағы сәтсіз оқиғалардан сабақ алу һәм жеңісті даталарға мемлекеттің кемел болашағы жолында үлгілік сипат дарыту үшін мемлекеттік идеологияға жауаптылардың бірі ретінде жазушылар да атсалысып келеді. Солардың бірі – «Әй, дүние-ай» романы үшін Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы 2016 жылғы мемлекеттік сыйлығын иеленген қаламгер Б.Нұржекеев.

«Мәңгілік ел» көркем концепт өрісінде вербалданатын когнитивті құрылымдар, концептіні репрезенттейтін жеке-авторлық көркемдік бірліктер жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай» романының мәтінінде көрініс тапқан. Роман 2015 жылы «Жұлдыз» журналының алтыншы, жетінші санында жарық көрді.

Аталған романның қазақ әдебиетіне ала келген олжасы түпнұсқадағы мұрағат деректері мен өзі куә болған, көрші мемлекеттерге бас сауғалап кетіп, қайта оралған Алдаберген Көріпкелов сынды куәгерлердің жазбаларына иек артқандығында. Алдаберген Көріпкелов – романдағы 1991 жылғы Қазақстанның Тәуелсіздігіне романның бас кейіпкері Шәйімен бірге куә болған Самсалы кейіпкердің прототипі. Жазушы Б.Нұржекеев басылымға берген сұқбаттарының бірінде архив материалдарына сүйене отырып, аштық жылдарында қазақ ұлтының үштен екісі, яғни 6 миллионнан 2 миллионға жетер-жетпесі қырылды деген мәлімет келтіреді. Жүз жыл бұрынғы Қарқара, Торғай көтерілісінің қазақ баласына тартқызған қасіреті мен азабын бұған дейін М.Әуезовтің «Қилы заман», С.Елубайдың «Ақбоз үй», В.Михайловтың «Ғаламат жұт шежіресі», Н.Ақыштың «Рақымсыз көктем» т.б. туындыларда бейнеленген еді. Өткен тарих үлесіндегі оқиғаларды тәуелсіз сана мен еркін көзқарас тұрғысынан қайта бағамдап, сөз өнері аясында жүзеге асыруда Б.Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай!» романы ерекше аталуға лайық.

Зерттеу нысанымызға сәйкес, «Әй, дүние-ай» романының көркем мәтінінен «Мәңгілік ел» концептінің репрезентациясы ретіндегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының көркем кестелену ерекшеліктері мен тірек концептілерді, өзге де көркем бейнелі құрылымдарды қарастырамыз. «Ұлттық идея қазақ жазушылары шығармаларының тақырыптық деңгейінде көрініс табуда. Олардың шығармашылығында жалпыадамдық және мәңгілік мәселелермен қатар, халық үшін маңызды сауалдар да көтеріледі» [78, 164 б.].

«Әй, дүние-ай» романында «орыс», «намыс», «музыка», «бірлік», «білім» концептілерімен қоса, суреткердің жеке тілдік тұлғасы жаратқан түрлі санаттағы когнитивтік көркем құрылымдар «Мәңгілік ел» концептінің тезаурусын түзген деп тұжырымдаймыз. Осы романдағы «Мәңгілік ел» концептін базалық, макро, микроконцептілер мен концептілік өріс арқылы да айқындауға болады. Туындыда «Мәңгілік ел» концептін кеңірек таныту үшін қазақ халқының ұжымдық санасы мен тілдік тұлға танымындағы осы концептіге заттық-бейнелі, ұғымдық, құндылықтық сипаты жағынан аса жақын келетін концептілер талданады.

Роман мәнмәтініне концептуалдық талдау жасау барысында «Мәңгілік ел» концептінің концептілік өрісін түзген «орыс», «намыс», «музыка», «бірлік», «білім», «қазақ» концептілері, көп жағдайда, үлкенді-кішілі мәтін үзінділері негізінде, яғни туындының көркемдік бөліктерінде көрінетіндігін айтып өткен жөн. «Концептіні репрезентациялаушы тілдік таңбаларға сөз, фразеологизм, сөйлем жатады» [109, 45 б.]. Төменде туынды мәтініне концептілік талдау жасау барысында «Мәңгілік ел» концептінің мәнін айқындайтын үзінділерді келтіреміз.

Қазақтың тіршілік кешу дағдысындағы жайлы мекен, шұрайлы қоныс іздеу, бақытты өмірді аңсау сарыны ұлттық әдебиетте түрлі бейнелі ұғымдарды тудырғаны белгілі. «Ергенекон», «Қорқыттың көрі» (Қорқыт өлімді үздіксіз еске алушы деген мағынада), «Жерұйық», «Жиделі Байсын» т.б. әдеби образдар заттық-бейнелі жағынан халықтың мифтік ойлау жүйесіне жақын әрі аңыздық сипаты басым болса, ал «Әй, дүние-ай» романынан «өлімнен қашу» сарынының нақты ақиқаттан туғандығын түйсінеміз. Яғни, аталған мотив халыққа айқын болған тарихи оқиғаларда пайда болып, қазақ романдарының дискурсында жаңғыра түсті.

«Біздің еліміз де осы ажал аждаһасынан (Қорқыт өлімнен қашты деген мағынада емес, өлімді үздіксіз еске алды деген мағынада түсінілуі қажет – *ізденуші*) ғасырлар бойы қашып келеді» [78, 150 б.]. Қазақ қашқан аждаһаның бірі өзі үш ғасырға жуық уақыт қоластында өмір кешкен орыстың аждаһасы еді. Бүгінге дейін қазақ жұрты орыстану мен қытайлану үдерісінен сескеніп келеді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен 1931-1932 жылдардағы аштық қарсаңында орыстың өлімінен қашқан қазақтың барар бағыты – Қытай болғаны түрлі дискурстағы еңбектерден белгілі. Аталған роман мәтініне де осы жағдай көркем компонент ретінде алынған. «...Қытайға қашу – өлімнен қашу. Менің ойымша, қазаққа аман қалудың одан басқа амалы қалған жоқ» [128, 28 б.]; «Қытай аспасақ, енді мұнда тыныштық жоқ» [129, 29 б.]; «Орыстан қашқан қазақ қой, – деді Шәйі жобалап» [128, 30 б.]. Осылайша көтеріліс жағдайындағы оқиғалар скрипт типіне салынған фреймдер арқылы «Мәңгілік ел» концептін танытады. Автор 1916 жылғы көтерілістің бір фрагментін көркем мазмұнға негіз еткен.

Романда 1916 жылы өз жерінде мекендеп отырып, орыс билігі тарапынан қуғын көрген, Қытай асуға мәжбүр болған қазақ еліне тән тарихи сипаттамалар келесідей жолдармен бедерленген. «Аштан қырылғаниша жыбырлай тұратын көбі аз күннің ғана адамы. Бұларға не қытайдың, не орыстың жаны ашымайды. Бұралқы иттен бетер бейнет тартқан халық. Иесі де жоқ, елі мен жері де жоқ. Жанашыры да жоқ. Не көкке ұшып кете алмайды, не жерге кіріп кете алмайды. Ешкімге керексіз» [128, 47 б.]. Автор осындай қажетті тарихи деректер мен ақпараттарды жинақтап, ой елегінен өткізіп, «Мәңгілік ел» концептінің бір қырын танытатын оқиға үзінділері арқылы ғаламның эстетикалық-шартты сұлбасын кейіптеген.

Халық осылайша сұраусыз күй кешті. Әсіресе, қыз-келіншектер орыс, қалмақтар тарапынан орасан зұлымдыққа тап болып, ар-намысы тапталды. «Қорғансыз жандардың төзуден өзге шарасы жоқ» [128, 47 б.] еді. Осы жылғы түрлі саяси қысым нәтижесінен қуғын көріп, Қытай жеріне қашқан, өз мекенінен аластатылған қазақтарды автор «Бұл – албанға келген ақырзаман»; «Нағыз ақырзаман енді туды» [128, 47 б.]; «Сұраусыз өлім» [128, 53 б.] деген тарихи дерекке негізделген көркем тұжырым жасайды. Туындының алғашқы «Дейін» бөлімінде, көп жағдайда, қазақ пен орыс өкілдерінің өзара қақтығыстары кеңірек суреттелген. Қазақ ауылдарын жазықсыз жазалаушы, кінәсіз өлтіруші екі орыс өкіліне қатысты баяндалған тұстарда намыс, кек көркемдік бірліктеріне қатысты жеке суреткерлік көркем толғамдар ерекше

көрініс тапқан. «Намыс деген тек, әйтеуір, қарсылық жасап өлу ме? Әлде ақылмен айла жасау ма? Кеше қазақты қырған сол орыс әлі қазақты билеп отыр. Билік кімнің қолында болса, құрық та соның қолында. Құрықтаулы асау бұлқынғанмен, құрықтан құтыла ала ма? Құтылар еді, егер асаудың шамасы құрық салушыдан асып тұрса» [128, 64 б.]. Осындай философиялық, көркем-эстетикалық ой-толғамдар намыс, кек лексикалық бірліктерінің мәніне терең үңілуден туған. «Ондай заман туып та қала ма, кім біледі?» [128, 64 б.] деп суреттеліп отырған мекеншаққа шегініс жасап, болашақтан үміт күтеді. Тек болжал жасамай, қазақ халқының еркін, тәуелсіз заманға оралуы үшін жеке авторлық көркем ойлармен көмкерілген пікір-пайымын ұсынады. «Тек әзірге қолдан келетін қарсылық – қырылып азайып қалмау. Өйткені «Жалғыздың үні шықпайды, жаяудың шаңы шықпайды». Қазаққа көбеюден өзге үміт жоқ» [128, 64 б.]. Романның алғашқы бөлімінде осындай жасампаз болашаққа жетудің «кілт» жолдарын ұсынады. Осынау орасан моральдық һәм заттық, демографиялық шығынға ұшыратқан ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақтың хал-жағдайын автор «Қай қазақтың да болашағы орыстың қолынан өлу тәрізденді» [128, 72 б.] деген толғам жасайды.

Сол жылдағы қалмақ, орыс пен қытайдың қысымына әрі аштыққа шыдамаған қазақтың Қытайға қашу жағдайы келесідей жолдармен бейнеленген. «Жұрт жапатармағай шегараға лап қойды. Алдынан шыққан қытайдың шеріктеріне де тоқтамады. Тоқтата алмаған соң олар да атты. Жұрт батпаққа батқандарды баса-көктеп қашты. Суға ағып бара жатқандарды көріп тұрып, суға секіріп жатқандар болды. Бірталайы қолынан түсіп қалған баласына қайырыла алмай зытты. Құдай өзі кешірсін, талай қатын қолындағы баласын тастай қашты. Өзеннен өте алмай қаншасы қырылғанын бір құдай біледі» [128, 53 б.].

Зерттеушілер көркем туындыдан белгілі бір концептіні оның атауынан қарастырған жөн деп санайды. «Концептосфераға мағынасы арқылы концепт жарататын шығарма атауының өзі кіреді» [129, с.156]. Романның «Әй, дүние-ай!» атауы роман мәтініне интермәтін ретінде кіріктірілген халық әнінің кейбір жолдарынан алынған деуге болады. Романға ХХ ғасырдағы қазақ жерінде өткен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, осы жылғы бірінші ашаршылық, 1931-1933 жылғы аштық, 1937-1938 жылғы қуғын-сүргін, 1941-1945 жылғы Екінші дүниежүзілік соғыс, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, 1991 жылы Кеңес одағы ыдырап, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алуы сынды ауқымды тарихи даталар сюжеттік желі ретінде тартылған. Аталған тарихи кезеңдерде қазақ халқы өзге өзбек, қырғыз, түркімен, әзірбайжан т.б. халықтарға қарағанда моральдық және материалдық шығындарға, өлімге көптеп ұшырады. Мәселен, роман авторы Б.Нұржекеұлы сұқбатында, жоғарыда атап өткеніміздей, ашаршылық жылдары халықтың үштен екісі қырылды деген мәліметті алға тартады [130]. Бұдан да басқа, жоғарыдағы аталған тарихи көтеріліс пен азаптау жылдарында, салыстырмалы түрде алғанда, қазақ елінің көптеп қазаға ұшырағандығы тарихшылар тарапынан анықталуда. Алайда кез келген қауіп-қатер қазақтың ел болу, тәуелсіз мемлекет құру арманын, ұмтылысын, үмітін күйрете алмады.

Аштық жылдарында қазақтың белгілі бір деңгейдегі саны қазаға ұшыраса, қалғаны талғажау етуге жараған шөп-шалам мен жәндік атаулын, тіпті, қатқан тулақ, көне тонға дейін кеміріп, өлместің күнін кешті. «Сен, Қапез, тышқанның інінен дән іздегенді айтасың, ал біз тышқанның өзін іздеп, өзін жедік...» [131, 124 б.]; «Шындық адамға ұнамағанмен, құдайға жағады. – Сайдың аузынан суыр ұстап әкелгенімде, сары қазы жегендей құшырланғандарыңды қалай ұмыта қалдыңдар» [131, 124 б.]; «Өлгелі жатып та ұятын ойлайтын қазақ тышқан жегенін бір-бірінен жасырады» [131, 125 б.] деген жолдар зұлмат жылдарды басынан кешкен Табай кейіпкердің сөздерімен берілген. Туындының көркем мекеншағы ретінде алынған 1931-1933 жылдардағы трагедиялық жағдайды автор: «Басқа жұрт туған баласын санап жатқанда, қазақ байғұс өлгенін санап жатты. Ақыры санынан шатасты. Өйткені тірі қалғанынан өлгені көп болып кетті. Санайтын да адам санаулы қалды» [131, 127 б.] деп қорытады.

Туындыны оқыған оқырман тарихи мұрағаттық құжат пен көркемдік шындыққа негізделген қазақ тарихындағы екі ашаршылықтың өткенінен ақпарат алады. 1916 жылы патшалық биліктің саяси құрбанына айналған қазақтың белгілі бір бөлігі аштан қырылса, біраз қазақ Қытай асты. Арада көп уақыт өтпей Уақытша өкіметтің орнаған кезеңінде Отанына қайта оралған қазақтар араға он бес - он алты жыл салып, екінші ашаршылыққа тап келген-ді. Туындының «Түйін» бөлімінде автор: «Ол жылдың (1916 жыл – *ізденуші*) қырғынынан қазақты қорғап қалған өкімет енді өзі қырды» (1931-1932 жылдар – *ізденуші*) [131, 129 б.] деп бағамдайды. Екі ашаршылық шарпып өткен қазақ даласын автор былайша көркем қорытады: «Он алтыншы жылда да, отыз екінші жылда да өлген қазақтың дәл есебін алған ешкім жоқ. Он алтыншы жылғы қырғын албанды ғана шарпыса, отыз екінші жылғы аштық бүкіл қазақты баудай түсірді» [131, 129 б.]. Осы тұста туындыгер: «Сол екі қырғыннан да аман қалғанына қарағанда қазақтың ырызғысы әлі таусылмаған. Болашағы бар» [131, 129 б.] деп «Мәңгілік ел» концептінің маңызды құрылымдарын жаратқан. Яғни, суреткер интенциясы – ұлт келешегінің баяндылығына сенім білдіру, үміт арту.

Аштық апатынан кейінгі 1937-1938 жылдардағы репрессия лаңы да талай қазақты жазықсыз өлімге айдаған еді. Қуғын-сүргін деген атаумен қазақ тарихында сақталған осы жылдарда халықтың демографиялық тұрғыда шығынға батуымен бірге ұлттық өнер, әдебиет, тарих т.б. мұраларын, әсіресе, осы сала мамандарын жоюдың мығым жоспары жүзеге асқан еді. «Мәңгілік ел» болуға соқпақ салған ұлт майталмандары «халық жауы» ретінде атылған, қуғындалған репрессия жылдары шығарма мәтінінде «... *Қуанғаны да қылмыс, қайғырғаны да қылмыс*» [131, 129 б.]; «*Дүниенің диірмені теріс айналу*» [131, 129 б.]; «*Біреуге сыр ашу – өз басыңды қақпанға тығу*» [131, 129 б.] т.б. көркем құрылымдармен кескінделген. Келтірілген мәтін үзінділеріндегі «Мәңгілік ел» концепті ойсурет құрылымында танылған. Аталған концепт метафора, метонимия аталатын әдеби-көркем айшықтаулардың көмегімен танылған. Дәстүрлі ән өнерінің шебері ретінде бейнеленген Қапез де қуғын-сүргін жылдарында жабылған жаланың себебінен Итжеккенге айдалып, сонда қаза табады. Қапез 1896-1939 жылдар аралығында өмір сүріп, 1939 жылы «халық

жауы» деп атылған әнші-композитор Қапез Байғабылұлының түптұлғасына негізделіп сомдалған. Тарихи есімі де өзгертілмей туындыға кіріккен.

Роман сюжетіне арқау болған қауіпті де қиын кезең оқиғаларын «Мәңгілік ел» концептінің мазмұндық, тарихи, когнитивті, көркем арналарын толықтырады деп тұжырымдаймыз. Шығарма атауы автордың іштей күрсінісін, өкінішін аңғартады.

1917 жылы ақпанда патша өкіметі құлап, уақытша өкімет орнаған тұста қазақ, қырғыз жұрты, шын мәнінде, ашаршылықтың зардабын тарта бастағанды. Бұған қоса, қытай жерін паналаған қазақтар қытай өкіметі тарапынан кері қудаланды. Екі алып елдің ортасында қысым мен аштыққа тап келген қазақ жұртының әлеуметтік, тарихи хал-жағдайы роман мәтінінде келесідей жолдармен көрініс тапқан. «Үйі де, малы да жоқтардың ұсқыны адам шошырлық: көздері шүңірейген, жақтары суалған, мойнында іші қабысқан дорбасы немесе иығында мыж-тыж қоржыны ғана бар; ілбіп жүреді, ыбылжып сөйлейді, кеудесіндегі жаны қалай шығып кетпей тұрғанына қайран қаласың. Осынша азап пен аштыққа төтетіп келе жатқан бар қуаты – тек «Туған елге жетсек, туған топырақта өлсек!» қана. Адам сенбейтін ақиқат» [128, 58 б.]. Уақытша өкімет орнаған тұстағы қазақтың тіршілік жағдайы Тазабек кейіпкердің ішкі монологы арқылы көрініс табады. Автор тағдыр анықтағыш жағдаймен тұспа тұс келген халықтың болашақ үмітін, арманын, ниетін көркем-эстетикалық асқақтықпен қабыстыра білген.

Роман мәтініндегі бірлік концептіне қатысты суреткерлік пайым-пікірлер де «Мәңгілік ел» концептінің мазмұндық арнасын молайтады. Шығарма мәнмәтінінде жауға қарсы соққы беру, ел іргесін сақтау жолында халыққа қанат бітірген бірлік пен ынтымақ, татулық ұғымдарын ұлттық құндылықтар ретінде бейнелеу алдыңғы жоспарға шыққан. «Күшті жауға қарсы шыққанда, ерлік қандай керек болса, бірлік те сондай керек. Егер ішімізден кімде-кім елдің бірлігін бұзып сатқындық жасаса, өзін де, ұрпағын да аямайық!» [128, 14 б.]; «Біріккендіктен, біз күштіміз» [128, 21 б.]. Мысал ретінде алынған сөз тіркестері мен сөйлемдер «Мәңгілік ел» концептінің терең қатпарларына бойлауға мүмкіндік беретін көркем таңба қызметін атқарады.

«Мәңгілік ел» болу мұратынан айыратын елішілік теріс факторлардың бірі Кітапбек пен Қапез кейіпкерлер арасындағы диалогтан айқын аңғарылады. «... Қазақ ішкі алауыздығын қоймаса, ешқашан ел болмайды. Бірін бірі жамандайды, бірін бірі көре алмайды. Біреу озып бара жатса біреу оның аяғынан шалады. «Неге өйттің?» десе, анау оған кектене қалады. Менің ойымша, бұл да соғыстың бір түрі. Ал үнемі өз-өздімен соғысып жатқан елде ілгерілеу бола ма?» [131, 110 б.]. Халық эволюциялық дамуы барысында бірлік, ынтымақ, білім құндылықтарына арқа сүйемесе, бағдарынан жаңылатыны сөзсіз. Автор өзара көреалмаушылық, алауыздық жайлаған, бірлігінен ажыраған өмір сүру ортасын соғысқа теңейді. «Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ дегенді айтып отырсыз. Сіз айтып отырған соғыс – мәңгі бітпейтін соғыс. Сіз бен біз сол соғыстың сарбазымыз. Ол соғыстан бас тартуға болмайды. Өйткені, ол ұлт болудың, бірігудің соғысы. Сондықтан, ағасы, сіз бен біз бұл соғыста жеңеміз, біз жеңбесек, ұрпағымыз жеңеді деген үмітпен соғысуға міндеттіміз.

Басқаша ойлау – сатқындық саналады. Халықтың болашағы үшін қам жеу деген – сол. Білімдісі көбейген сайын халықтың бірлігі нығая береді. Сол себепті бұл соғыс – ұзаққа созылатын соғыс» [131, 110 б.]; «Біз ел болу үшін, әуелі білімді болуымыз керек. Білімді адамдар әбден көбейсе, өз елімізді өзіміз басқарамыз. Патша өкіметі бізді білімсіз етіп ұстады, өйткені қараңғы елді басқару оңай деп ойлады, ол айтқанына көне береді. Ал, білімді адам тек көзі жеткеніне ғана сенеді» [131, 113 б.]. Осы «соғыстың» соңы халықты ынтымақ, бірлігі жарасым тапқан жайлы өмірге, білім-дағдымен қаруланатын болашаққа жеткізеді деген авторлық интенцияны байқауға болады. Бұл соғысты суреткер ұрпақтың жеңісіне балайды, келешектен бақыт, үміт күтеді.

Романның көркемдік шындығына Алаш қайраткерлерінің «Қорған, қазақ!» (идеялық форманы негіздеген Х.Әбжанов) идеясы да негіз болған. 1917 жылы Ә.Бөкейхан қазақ ұлтын бірігуге, қорған болуға, бір мақсатқа жұмылуға кеңес берген еді. «Есік алдынан дауыл, үй артынан жау келді! Алаштың баласы, Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан соң, 200 жылда, басына бір қиын іс келді! Ақсақал аға, азамат іні, отбасы араздық дауды қой; бірік, жұрт қызметіне кіріс! Алаштың басын қорғауға қам қыл!» [128, 88 б.] деген еді Ә.Бөкейхан. Егер 1916 жылы өкіметке қазақ халқы әскер беруге келісім бергенде төрт миллионға жуық халық қырылмас еді дейді роман авторымен бірге өзге де тарихшы мамандар.

XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының ұстанымдары роман кейіпкерлерінің бірі Ырақымбай көзқарастары негізінде көрініс тапқан. «*Бала бермейміз десек, дейік. Бірақ үкімет әскер шығарып, бейбіт халықты қырып салса, қайтеміз?*» – деген екен...» [128, 14 б.].

Ырақымбай пікірлерін Тілеулі кейіпкердің сырттай бағалау, саралау көзқарастары негізінде Алаш қайраткерлерінің позициясын тануға болады. «... *Ырақымбайдың қауіпі де құлаққа кіретін қауіп: әскерге бірде бір жігіт бермейміз десек, оған қаһарланған орыс бірде-бірімізді қалдырмай қырып тастауы мүмкін. Оның да тиісерге сылтау таппай отырмағанын кім біледі?*» [128, 14 б.]. Келесі жолдарда «Мәңгілік ел» көркем концепті «бірлік», «ақыл» концептілері өрісінде танылған. «*Рас айтасың, орысқа бұл өте оңтайлы сылтау болып тұр. «Ақ патшаға қарсы шықты», – дейді де, шетімізден қырып салады*» (Әубәкір); «*Ақылдың түбіне батыр бойламайды, батырдың тәуекеліне ақыл төтей алмайды*»; «... *Өзіңнен күштіге ашуыңды емес, ақылыңды көрсет. Ашу ашу шақырады, күштінің ашуы айтқанына көндірмей қоймайды; ал ақыл ақылға шақырады, әлсідің ақылына күшті де илігеді*» (Сайлыбайдың Сімтігі) [128, 14 б.]. Осы тұстан Әлихан Бөкейханның халықтың қорғансыз түрде өкіметке бірден қарсы көтерілмей, ақылға салып, қорғануға, сақтануға шақырған сөздерінің көркемдік сұлбасын аңғаруға болады. Алайда Жәмеңке, Ұзақ, Саурық сынды қазақ батырларының тарихи әрекет-ерліктері мен есімдері трансформацияға ұшырамай, прототипке негізделіп сомдалған. Айбынды батыр-кейіпкерлер ақылдың аясына емес, ақбілектің күшіне сеніп, Ресей патшалығына қарсы көтеріледі.

Халықтың тәуелсіздігін тұрақты, жасампаз ететін оның әдебиеті мен мәдениеті, түрлі санатқа жіктелген құндылықтары екендігі анық. Рухани-

танымдық, көркем-мәдени қазынасы қатталмаған жұрттың Жаратушы белгілеген мезетке дейін мәңгілік ғұмыр кешуі де неғайбыл. Яғни, халықты мәңгілік ететін – азаттығын мағыналы, мазмұнды етіп, ұзақ дәуірлер бедерінде сақтап қалатын рухани көркем-эстетикалық мұрасы екендігі мәлім.

Туындыда суреткерлік эстетикалық-философиялық ойлармен көмкерілген «бірлік», «білім», «мемлекет» категориясының көркемдік-мазмұндық, тарихи-когнитивтік мәні ерекше бедер тапқан. «Қазақтың жазығы әлсіздігінде, білімсіздігінде, күштіге қарсы тұратындай қауқарының жоқтығында. Не патшасы жоқ, не әскері жоқ қазақты, өзің ойлашы, кім қорғайды? Қорғаусыз жатқан елді патшасы бар, әскері бар орыс келді де алды. Өзі мемлекет құра алмаған елді мемлекеті бар ел бағындырды. Біз бірікпедік, бір-бірімізге бағынбадық, өзіміз секілді бір бауырымызға бағынғанды қор санадық. Ақырында жат жұртқа жем болдық. Бұл – бір күннің немесе бір жылдың емес, ұзақ жылғы алауыздығымыздың нәтижесі. Бірігетін кезде бірікпедік, бір-бірімізді қолдайтын кезде қолдамадық, енді соның зардабын тартып отырмыз» [131, 72-73 б.]. Ескі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде де түркі халықтарының Тоныкөк абызы мен Білге қағаны, Күлтегін сынды батырлары тұтас түркі ұрпағына «Мәңгілік ел» құру үшін бірлік, ынтымақ құндылықтарын баса ұстануды өсиет етіп қалдырғанды. Осынау тасқа қашалған өсиет мазмұны іспеттес ойлар «Әй, дүние-ай!» романында жеке-авторлық көркем толғамдар ретінде жаңаша өрілген. Жоғарыдағы мәтін үзіндісіндегі авторлық көзқарас шығармада Қапез кейіпкердің пікірлерімен түйінделеді.

Жазушы Б.Нұржекеұлына оқырмандар мен зерттеушілер «махаббат жаршысы», «махаббат жыршысы», «әйел құпиясының терең білгірі», т.б. атауларды телиді. Романнан «Мәңгілік ел» концептін қарастыру барысында жазушының осы қырын ерекше атап өткеніміз жөн. Оның «Күтумен кешкен ғұмыр», «Бір өкініш, бір үміт», «Кінәлі махаббат» т.б. туындыларында метафизикалық концепт – махаббат категориясы нұржекеевтік идиостильдік көркем құрылымдармен махаббаттың өзгеше когнитивтік моделін қалыптастырған. «Бексұлтан Нұржекеев қазақ әдебиетінде әйел-ана, әйел, махаббат мәселелерін биік дәрежеге көтеріп, әйел өмірін жеткізе суреттеген жазушы ретінде дараланбақ» [132, 426 б.]. «Әй, дүние-ай» романында да әйел әлемі, қыз сезімі, ер мен әйел арасындағы интимдік жағдайлардың суреттелуі туындының көркемдік, эстетикалық, эмоционалдық қабаттарын толықтыра түскен. Шәйінің өз бітім-болмысы мен Тазабек жайындағы ішкі ойлары, Тазабек пен Дәнекер арасындағы ашыналық қарым-қатынастардың бейнеленуі әйелзатының табиғатын, ішкі әлемін әр қырынан ашуға мүмкіндік береді. Автор кейіпкерлері алғашында көл-көсір сезімге беріліп, шалыс басқанымен, кателігін түсінген сәтте дұрыс бағыттан адаспауға бекінеді.

Роман дискурсындағы орыс этнониміне, ұғымына қатысты авторлық баяндау мен суреттеуге құрылған көркем құрылымдар «Мәңгілік ел» концептін сипаттауға мүмкіндік береді. Орыс ұғымына қатысты «өзім» және «өзге» мәнмәтініндегі айшықтаулар «орыс халқы» мен «орыс билігі» ұғымдарын ажыратып қарауды қажет етеді. Орыс номинациясына қатысты оң бағалауыштық сипаттаманы беретін көркем пайымдар орыс қызы ретінде

бейнеленген Сопыйаның адамдық һәм талант қырларына, портрет кескіндемелеріне арналған.

«Сірә, *ән айтқан орыс қызын* бәрінің де өз көзімен көргісі бар. ...Өз құлағымен естігенді өз көзімен көрмейінше, анандай *әнді анандай дауыспен орыс айтты* дегенге сене алатын емес. «Қазақы *әннің иірімін, қайырымын, сөздің мәніне қарай әуеннің құбылуын орыс өйтіп келтіре ала ма? Орыс деп жүргендері қазақтың орыс түсті сары қызы шығар-ау, құдай біледі?» – деп күдіктенді» [128, 4 б.]. «Содан кейін домбырасын кеудесіне қысып, бүрме етек ақ жібек көйлектің сыртынан қызыл барқыт қамзол киген *орта бойлы, сары шашты, сары өңді кәдімгі орыс қызы* шықты» [128, 4 б.]; «Мен ежелден әділетсіздікке қарсымын. Оны орыс жасай ма, қазақ жасай ма, маған бәрібір. Әрине, өз ұлтыма оқ атпаймын, бірақ қолымнан келген көмегімді қазақтан аямаймын. Өйткені мен оның жер-суын мекендеп өстім» [128, 22 б.].*

Қазақ арасында өсіп, қазақ тілі мен ұлттық өнерін жете меңгерген Сопыйаның көркем бейнесі бойындағы адалдық, шындық, әділеттілік, жанашырлық, бауырмалдық (*қазаққа тән – курсив ізденушінікі*) сынды аксиологиялық қырлары эстетикалық тұрғыда зерделеу барысында айқындала түседі.

Роман мәтінінен алынған келесі үзінді орыс билігіне қатысты теріс бағалаушытық сипатты танытады. «*Орыс қазаққа жақсылық ойласа, қазақтың орысқа қарсы шығып несі бар? Ал орыстың пигылы дұрыс болса, Қытайға өтіп кеткен Тазабекті неге ұстап әкеп өлтіреді? Соның бәрі – бұл білмейтін (Шәйі – курсив ізденушінікі), бірақ білгісі келетін жұмбақ» [128, 6 б.]. Автор осылай оқырманға сауал тастағанымен, ұлт-азаттық көтерілістің пайда болу себептерін романның тұтас мәнмәтінінде алға тарта отырып, авторлық шешімін де жасайды.*

Орыс этнониміне қатысты жеке көркемдік айшықтауларда автор жекелік пен көптік ұғымдарын ажыратып қарайды. Төмендегі жолдарда аз санды орысқа қарағанда көп санды орыстың агрессиялық ниеті айқын, империалистік көзқарасының басым келетінін тарихи-жағрафиядағы өмірлік тәжірибелермен қоса, мұрағаттық деректер негізінде алға тартады.

«Анау Талдыбұлақтағы орысты қарашы. Қай қазаққа қиянат жасады? Бірімен бірі тамыр, бірімен сыйлас, қазақтың өз ағайынынан артық. Соны көріп, соған көзі жетіп отырған қазақ сенің: «*Ол орыс – бір орыс. Адамгершілігі бар орыс. Бірлі-жарым болған соң, орыс бізбен бауырласқысы келіп тұрады. Ертең ол екеу, үшеу, жүз болады, сөйте-сөйте не өзіңмен тең болады, не өзіңнен көп болады және оның бәрі ол орыстай әділ емес, аузыңдағыны жырып алатын, астыңдағыны тартып алатын озбыры да болады. Бір орыс – бауыр, бес орыс – ауыл, жүз орыспен санасасың, мың орысқа бағынасың» – дегеніңді қазіргі қазақ түсіне ме? ... Орыс қазақпен шын сыйласқысы келсе, өз жерінде отырып-ақ неге сыйласпайды? Оған сыйластық керек емес, сенің жерің, суың керек. Сыйласқалы келдім деп, қай қазақ орыстың жеріне барып орналасып жатырмыз? Аңқау, надан елді сөзбен алдап құл еткісі келеді. Қазір аз кезінің өзінде өзен-көліңді тартып алып жатыр. Ертең көбейгенде, сені тау-тасқа, құм-шөлге ығыстырып тастайды. Ода білім, ақыл-айла бар, сенде алауыздық пен*

күншілдік бар. Ертең жеме-жемге келгенде, ақыл-айла мен білім жеңбегенде, алауыздық пен күншілдік жеңе ме? ... Қазір, құдайға шүкір, *аз орыс көп қазақтың аузына қарап отыр. Ертең ол көпке айналғанда, ол кездің шындығы мүлде басқа болады, біз оның аузына қарап қаламыз*» (туындыда Тазабектің атасы ретінде аты аталатын Тазабектің пікірі – ізденуші) [128, 15-16 б.]. «Ақырында, міне, Тазабектің сол айтқаны келді: *«жүз орыспен санасатын, мың орысқа бағынатын» заман туды*» [128, 16 б.]. Авторлық тұжырым осылайша Тілеулі кейіпкердің орыс адамына қатысты көзқарастарына сыйғызылған түрде беріледі. Туындының тұтас композициялық-сюжеттік құрылымындағы орыс этнониміне қатысты оң және теріс мәндегі жеке суреткерлік бағалауыштық көзқарастар Кобзев кейіпкердің айналасындағы эпизодтар тобынан аңғарылып отырады. Әсіресе, шығармаға көркем хронотоп ретінде таңдалып алынған тарихи кезеңдерде қазақ жерінде өмір сүрген орыс өкілдерінің қазаққа көрсеткен зұлымдық әрекеттері, нацистік көзқарастары, керісінше бауырмалдық-адамгершілікке құрылған қарым-қатынастары Кобзев пен Сергейчук және оның екі інісіне қатысты өрілген оқиғалық компоненттерден бедер табады.

Роман мәтінінен намыс құндылығына қатысты жеке ассоциациялық мағына қатпарларынан «Мәңгілік ел» концептінің «кодталған» эстетикалық-философиялық қырларын іздестіруге болады. «... Ұмытылған намыс көмілген қоздың шоғы тәрізді екен: ұзақ жатса, өшеді; ұзақ үрлесен, қоламтадан қайта тұтанады» [128, 16 б.]; «Бәріміз бүгін намыс үшін біріктік, сол үшін атқа қондық» [128, 21 б.]. Адамзатқа ортақ, әмбебап намыс құндылығы қазақтың ұлттық дүниетанымында жоғары маңызға ие екендігі белгілі. Аталған туындыда *намыс категориясы* елдік тұтастық пен бірлікке қауіп төнген, ұлттық мүдде тапталған тұста ел батырларына жауға қарсы күресер қайыспас қайсарлық, мығым күш берген. «Басқа емес, бөтен емес, тағы ел басына күн туғанда, сол баяғы Тазабектің Тезегі, Әбубәкірі мен Жақыпбердісі, Саурықтың Ұзағы көптің алдына шыға келгенде, өшкен шығар деген намыстың қайта қоздағанын көріп, әрі қуандым, әрі қайран қалдым: намыс та қанмен берілетін қасиет екен!» [128, 16 б.]. Намыс ұғымына қатысты авторлық ой-суреттеулерді «Мәңгілік ел» концептінің когнитивтік қорын байытады деп топшылаймыз.

«Әй, дүние-ай» романында «Мәңгілік ел» – ол қазақ жұрты болғандықтан, «қазақ» этнониміне қатысты көркемдік құрылымдарды «Мәңгілік ел» концептінің фреймдері ретінде көрсетеміз. Автордың көркемдік қабылдауындағы қазаққа қатысты оң және теріс коннотациялық бағалауыштық мән келесідей жолдармен құрылымдалған. «... *Мақтанишақ та; жалғыз атын көңілі құлаған адамына түсіп беретін жомарт та; қорыққаны мен сасқанын сездіргісі келмейтін намысқой да; өзінікі дұрыс-бұрыс болса да айтқанынан қайта қоймайтын әрі қайсар, әрі қырсық та; өзгенің өзінен асып бара жатқанына көз жұмып қарай алмайтын іші тар да; бүгінгі «е, жарайдысы» ертең өзіне қазылған ор екенін аңғармайтын аңқау да, біреуге сый қылғанды да жақсы көретін, біреуден сый алғанды да жек көрмейтін, әйтеуір, әлемдегі бар жақсы мен жаманды бойына түгел жинап алған жалғыз халық тек қазақ*

секілді» [128, 16 б.]. Тілеулі кейіпкердің өз ортасына – ұлтына қатысты көзқарастары осылайша Шәйінің ішкі ойлары негізінде көрініс табады.

Қазақ этносының генезисі, эволюциясы жайында ғылыми парадигмада түрлі пайымдар мен тұжырымдардың өмір сүргенімен, нақты пікірдің орнықтағаны белгілі. Автордың көркемдік танымында да қазақ атауының пайда болуы туралы тарихи уақыт көркемдік тұрғыда көрсетілмесе де, халықтың түптамыры тереңнен бастау алатыны реминисценцияланады. *«Қазақ, расында, ешкімге ұқсамайтын, ертегіге айналып кеткен ертедегі елдің сарқыншағы сықылды халық»* [128, 13 б.]. Тілеулі тұлғасынан қабылдаушы орта оның қазақы болмысты бойына жинақтаған ұлттық танымдағы кейіпкер екендігін ұғынады. *«Ол (Тілеулі – ізденуші) мақтаса, таудың шыңындай асқақтап тұрған да қазақ; жақтырмаса, құздан құлағалы тұрған да қазақ. Бірде жер-көкке сыйғызбайды, бірде жерден алып, жерге салады. Бір қызығы, әкесінің қай айтқаны да Шәйіге шындық сияқтанады»* [128, 13 б.]. Бұл жолдар Шәйінің ішкі монологы негізінде берілген.

Танымдық әрекет бірлігі ретіндегі «қазақ» концепті теріс бағалауыштық мәнде де танылған. *«... Қазақтың осындай бір жан қинайтын әдеті бар: адалдан гөрі арамға илануға бейіл тұрады, өйткені адал нәрсе тура, қатқыл айтылады, ал арам нәрсе арбап-аймалап айтылады. Әлгі бәріміз айта беретін, бірақ мән бермейтін надандық дегенің – сол: тура айтқан шындыққа емес, аймалап айтқан арамдыққа сену. Ақыл, білімді қажет етпейтін өсек-аяңға сене салады да; ойлануды, ақылға салуды қажет ететін нәрсеге өресі жетпейді. Сонан соң әлгі өзіне түсінікті, үйреншікті надандығын малдана береді»* [128, 15 б.]; *«... Бұл қазақ біліп болмайтын халық екен, бірде тасбауыр жауың секілді, бірде бәрін бір сенен аямайтын бауырың секілді»* [131, 99 б.]. Автордың бұл көркемдік сипаттауларын белгілі бір ұлт бойында емес, жалпы адам баласы табиғатында кездесетін пенделік мінез деп ұғынуға болады. Алайда туынды авторы бұны өзі тікелей осы халықтың белді өкілі болғандықтан, ортасынан көріп-байқаған, таныған қазақтың теріс мінезіне телиді.

Романның хронотопы ретінде ықшамдалып алынған уақыт пен кеңістікте өмір сүріп жатқан кейбір орыс өкілдерінің қазақты ұлт ретінде кемсіту, өзара тең құқылы санамайтын теріс көзқарастағы позициясы Сергейчук кейіпкердің сөздерімен берілген. *«... Қазақ қырық жыл оқыса да орысқа ештеңе үйрете алмайды»*; *«Сенің қазағың өзі де ештеңе үйрене алмайды, қой баққаннан басқа қолынан ештеңе келмейді»* [131, 93 б.]. Қазақтың шұрайлы жерлерін мекендеген орыстарды бұл көркем жолдар доминант, менмен, өркөкірек, мәдениеттен жырақтаған халық өкілі ретіндегі бейнесін көрсетеді.

Аталған романға қатысты автор сұқбаттарында архив деректерін ешқандай көркемдік құбылтуға ұшыратпай, сол күйінде туындыға кірістіргенін алға тартады [130]. Мысалы, романдағы Фон Ферг аталатын кейіпкердің қатысуымен орын алатын қимыл-әрекеттер нақты архивтік мәліметтер негізінде өрбіген. Сюжеттік желіге арқау болған оқиғалар тізбегінен Фон Берг пен Кравченко аталатын түптұлғаға құрылған кейіпкерлердің ұйымдастыруымен ауыл қазақтары айыпсыз, кінәсіз қазаға ұшырайды. Орыс әскерлері өздеріне

қарсылық танытпаған, қарсы келуге шамасы да болмаған қазақ ұлтының өкілдерін, оның ішінде, есепсіз бала-шаға мен әйелзатын аяусыз қырғынға ұшыратқандығын автор құжаттық материалдарды интермәтін ретінде кірістіре отырып көркем кестелейді. «Қазақ болғаны үшін ғана қырылып жатқан қайран қыршындар»; «Жер бетінен қазақ атаулыны жоқ қылуды мақсат қылғандары көрініп тұр» [128, 27 б.]. Тарихтың осы бір кезеңінде қазақ жұрты мүлде қорғансыз, қарусыз, сұраусыз қалып, өзіне тиесілі өмір сүру кеңістігінен аластатылуға «бұйрық алған» ұлт ретінде бейнеленеді.

Орыстардың қазақты ұлт, халық, тіпті, адам ретінде құрметтемеу, өзара тең құқылы деп есептемеу көзқарасы автор бедерлеген көркем шақта белең алғанды. Қазаққа тән жат көзбен берілген теріс бағалау да, жағымсыз сипаттама да туындыда айрықша көрініс тапқан. «Әрбір адам сияқты халықта да тағдыр деген болады. Қазақтың тағдыры осындай. Орыстар бізді сыйламайды, тіпті, көбі адамға санамайды. Неге? Өйткені олар бізді менсінбейді. Қазақ жерінде тұрғанмен, қазақпен олардың ешқандай рухани, мәдени байланысы жоқ. Тарихымызды, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды білмейді. Кейбіреуі бізде ондай халықтық ерекшелік бар деп ойламайды да. Өйткені бекерден-бекер бізді жабайылар демейді зой? Тарихы, өнер-білімі, салт-дәстүрі, ештеңесі жоқ халық-ты, өзің ойлашы, олар не үшін сыйлайды?» [128, 72 б.]. Өздерін «ұлы халық» ретінде үстем санайтын кейбір орыс өкілдерінің санатынан қазақ елі осылайша мәдени кемсітушілікке, рухани деградацияға ұшырайды. Тамыры тереңнен бастау алатын, тарихы мен мәдениеті қабат-қатпарлардан тұратын халықтың бодандық күй кешкен тұстағы бет-бейнесі осылайша танылады.

Тазабек пен Қапез арасындағы диалог келесідей өрбиді. «... Оларды (орыстарды – курсив ізденушінікі) қайтіп өзімізбен санасатындай қыламыз? Ол үшін алдымен біз солардан үйренуіміз керек. Осыншама орыс жердің түбінен неге осы араға келіп жатыр? Орыс мемлекетін күшейту үшін. Оның жеріне жер қосып, үлкейту үшін. Ал, қай қазақ қазақты күшейту үшін бірдеме істеп жатырмыз? Өз басымыздан асып жатқан бізде ештеме жоқ. Бәрі қара басымыз бен қарнымыздың қамы үшін» [128, 72 б.]. Орыстардың агрессиялық, шовинистік ниеті шығармада әнші, зиялы бейнесінде сомдалған Қапездің ой-толғамдары арқылы танылады.

«Мәңгілік ел» көркем концептінің концептілік өрісін «музыка» концепті құрайды. Роман дискурсында қазақтың ұлттық болмысы, мінез-құлқы, шаруашылығы, психологиясы мен эстетикалық арман-мұраттары музыка әлемімен астастықта бедерленеді. Туындыға қазақтың халық ретіндегі рухани-танымдық әлемінің терең қалтарыстарын, ішкі жан әлемін, сезім-күй құбылыстарын айшықтайтын халық әндері, XIX-XX ғасырда өмір сүрген әнші-композиторлардың өнер туындылары мәтінаралық мәтін ретінде кіріктірілген. Ыстамбұлда білім алып келіп, өз ортасын оқуға үндеген әрі ән өнерінің ірі қайраткері саналатын интеллектуал ілім иесі образында сомдалған Қапездің орындауындағы келесі ән мәтіндерінен қазақ халқының көркем-эстетикалық, мәдени-философиялық ой-толғамдарын аңғаруға болады.

«Мына заман қай заман, соқпа заман,
Бұдан басқа қызығың жоқ па, заман?»

Бұдан басқа қызығың жоқ болса егер,
Күліп-ойнап алайық тоқта, заман!» [131, 96 б.];

Немесе:

«Былтыр құлын – биыл тай,

Бүгін кедей – ертең бай.

Диірменнің тасындай

Шыр айналған дүние-ай» [131, 133 б.];

Шығарма атауының «Әй, дүние-ай!» аталуы да тұтас уақыттың әрбір мезетінде құбылып жатқан өмірге деген адамдық ішкі күрсіністі, таңданысты, шарасыздықты аңдатады. ХХ ғасырдағы пішіні басқа болғанымен, мазмұны ұқсас саяси жүйе қазақ халқының көз алдында түрліше өзгергені мәлім. Қазақ елі басына түскен қандайда бір қиындыққа, шарасыздыққа тап келіп, талай соғыс, күрестерде етігімен от кешсе де ара-тұра ыдырап, жоғалуға шақ қалғанымен, іштей күйреп, жойылған жоқ еді. Оның дәлелі – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің өмір сүруі. Жоғарыдай сипаттаған алаң-елең, қараөзек шақтарда қазақты болашағынан айырмаған, қайратына қанат бітірген ұлттық өнері еді. Аталған туындыда бірнеше саяси, тарихи күрестерге қатысқан қазақ елі ән-күй әлемінен қол үзбеген, ән-думаннан ажырамаған патриот, оптимист халық ретіндегі бейнесі белең алады. Мысалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қарсаңында Қарқара жайлауында орыс қызы бейнесінде кескінделген Сопыйаның ән шырқауы; осы жылы орыс билігі әскерлерінің қазақ ауылдарын қырғынға ұшыратуы тұсында Шәйінің ұзатылып, тұрмыс құруы; Сергейчуктің екі інісінің Тазабектің өміріне қауіп төндірген күндері Қапездің Тазабектің жанында жүріп, ауыл-ауылды аралап ән салуы т.б. ұлттық музыка мен салт-дәстүр құндылықтарының ұлықталуын білдіретін эпизодтар жиі кездеседі.

Шығармаға концептуалдық талдау жасау барысында халықтың қат-қабат мәдениетін, шежіре-тарихын, тұрмыс-салт көріністерін, әсемдік құндылықтарын жинақтаған ұлттық өнерін бедерлеген мәтін үзілімдері «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік қырларын танытады деп топшылаймыз.

Роман мәтінінде 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті арқау еткен оқиғалар тарихи прецедентті антропонимдермен тығыз байланыста өріледі. Ресейлік патша өкіметі қазақ жұртының «Мәңгілік ел» болу мұратын күйретуге бар қарқынмен кіріскен – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұсында патша жарлығына қарсы бас көтерген айбынды батырлар халық арасында аса құрметпен еске алынады. Романда тарихтағы Ұзақ, Жәмеңке, Саурық, Тазабек сынды батырлар прототипіне негізделген кейіпкерлер репликасында біз талдап отырған концептінің ассоциативтік қабаттары кездеседі. «Ақ патшаның пиғылы бұзылды. Енді оған ақыл үйрететін біз емес, ақылымызды тыңдайтын да ол емес. Бізді аяйтын патша жоқ болса, патшаға жалтақтайтын албан да жоқ. Қысқасы, белді буып, бекем болатын күн туды» (Жәмеңке); «Ақ патша айтқанынан танды. Біз оған алғаш қарағанда, «Қазақтан солдат алмаймыз, бірақ әр түтінге бір сом жиырма тиыннан салық саламыз», – деген» ... Өз уәдесін сыйламаған патшаны біз де сыйламаймыз» (Ұзақ); «Біз шегінетін жер қалған жоқ. Берсек, бала өледі. Бермесек, шал өледі. Бала өлгенше, шал өлсін! Бала бермейміз, бітті!» (Жәмеңке); «Қол қусырып қарап отырып қырылғанша,

кеудесінде жаны бар адамша жағаласып өлейік. ...Бірақ жер-судың иесі бар екенін ақ патша есіне салып қояйық» [128, 14 б.].

Роман мәтінінен алынған үзінділерден байқағанымыздай, қарусыз, қорғансыз албан батырларының өкіметтік жарлыққа қарсы бас көтеру жағдайын «Мәңгілік ел» концептінің сценарий типі ретінде түсіндіруге болады. Оқиға фрагментінен қазақ халқының бірнеше ғасыр бойы сан мыңдаған жаугершілік қақтығыстарға тап келсе де, мәңгілік ел болу мұратының әлсіремеген, керісінше, ұжымдық санадан берік орын алған, кодталған сұлбасын анық аңғарамыз. Автор 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты сұқбаттарында [130] «албан көтерілісі» деген тіркесті жиі айтады. Тарихитанымдық, ғылыми, көркем мәтіндерде «Қарқара көтерілісі», «Торғай көтерілісі», «Жетісу қазақтарының көтерілісі» т.б. деген атаулар жиі келтіріледі, осыған қарамастан автор тарихи деректерге арқа сүйей отырып, «албан көтерілісі» деп атауды жөн санайды. Роман мәтінінде албан руы қолданысы «Мәңгілік ел» концептінің фреймдік құрылымы бола алады. Концептілік фрейм концептіге ең жақын семалардан құралатыны белгілі. «Мәңгілік ел» концептінің фреймді үлгісі – қазақ элементі, албан руы – қазақ халқын құрайтын ірі тарихи рулардың бірінен саналатыны белгілі. Жоғарыда келтірілген үзінділердің көркемдік-эстетикалық қатпарларынан із көрсететін «бірлік», «уәде» сынды концептілер біз қарастырып отырған концептінің құндылықтық сипатын арттырады деп топшылаймыз.

Тарихи есімі мен ерлік әрекеті көркем туындыға өзгертілмей кірістірілген Ұзақ батырдың түптұлғасына негізделген кейіпкер: «Біздің қазақ ешқашан біреудің жерін тартып алу үшін соғысқан емес, тек өз жерін қорғап соғысқан» [128, 14 б.] деп қазақ халқының ескіден келе жатқан мақсат-мұратын дәл аңғартады. Осы жолдармен тарихшы Х.Әбжановтың «А.Македонский әскерінің бетін қайтарған сақтар дәуірі тұсында да, империя дәрежесіне көтерілген байырғы түркілер заманында да, дүниенің төрт бұрышына аты мәлім болған қыпшақ дәуірінде де біздің арғы бабаларымыз астамшылдыққа барған емес. Басқалардың есебінен немесе талау-тонау арқылы баю ниетінен аулақ тұрды. Әйтпесе, «бүлінген елден бүлдіргі алма» деген сөз қайдан шықты?» [83, 17 б.] деген қазақ ұлтының адамгершілік-құндылық қағидаттары туралы байыпты пікірлері үндес келеді. Роман кейіпкерлері осылай үн қатқанымен, авторлық шешім Алаш зиялыларының жарлыққа қарсы шықпай, әскерге қазақ азаматтарын жіберу қажет еді деген пікірлерімен үйлесім тапқан. «Өзіңнен күштіге ашуыңды емес, ақылыңды көрсет. Ашу ашу шақырады, күштінің ашуы айтқанына көндірмей қоймайды; ал ақыл ақылға шақырады, әлсіздің ақылына күшті де илігеді» [128, 14 б.]. Осылайша 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс нәтижесіне қатысты авторлық көзқарас Сырлыбайдың Сімітігі аталатын кейіпкер сөздері арқылы берілген.

Сондай-ақ, шығармада қазақ халқын, ұланғайыр территорияны қарудың күшімен қорғаған айбынды батырларымен қоса, білім-ілім, ағартушылыққа үндеген реформатор Ахмет Байтұрсынов пен ірі саяси ұлт қайраткері Ораз Жандосовтың бейнелері суреттелген. Қос тұлғаның ұлттың дамуы жолындағы

тарихи көрнекі істері Қапез және Тазабек кейіпкерлердің айналасындағы сюжеттермен параллель эпизодтар ретінде өріліп отырады.

Романда Шәйі типтік кейіпкер ретінде танылады. Қалмақ пен орыстың зорлығы мен қорлығын бастан өткізген тек бір қазақ әйелі – Шәйі емес, сол жылдарда қорғансыз, қорғаусыз күй кешкен қазақтың қыз, келіншектері еді. Осыған байланысты авторлық көзқарас Шәйінің күйеуі ретінде сомдалған Тазабектің сөз саптаулары негізінде беріледі. «Сені солардан қорғай алмағанымна қорланам. Бірақ ондай қорлық пен зорлықты сен ғана көріп, оған мен ғана көніп жүргем жоқ қой? Оны бір сен, бір мен емес, күллі қазақ бастан кешті» [128, 64 б.]. Шәйінің басындағы қиын тағдырды сол кезеңдерде қазақ әйелзаты, тіпті, тұтас халық – қазақ елі бастан кешкенді.

Ресей өкіметінің қоластында үш ғасырға жуық өмір сүрген қазақ жұрты түрлі теріс сипаттағы бағалауыштық мәнге ие болып келді. Қазақ ұғымын «Мәңгілік ел» концептінің қарапайым құрылымы – фреймге теліміз. «Бұлар (орыстың жергілікті билігі – курсив ізденушінікі) өзді-өзі сөйлескенде, қазақты меңзеп: «Екі аяқты аң атуға барасың ба?» – дейтін болыпты» [128, 65 б.]. Қазақтың аңға теңеліп, орыстың жемтігіне айналуы оның адам ретіндегі маңызы мен құндылығының жойылып, тіпті, адам сипатында еленбегені деген ойға алып келеді. Шын мәнінде, қазақ сұраусыз күй кешті. Романның көркем туынды ретіндегі бірегей ерекшелігі де тамырынан, тарихынан, тегінен ажырауға шақ қалған халықтың кешкен ғұмырын тарихтан алшақтамай, көркем моделін жаратуы болып саналады.

Автор әрбір тарихи көтеріліс, оқиғалармен бетпе-бет келген қазақтың мінезінің уақыт тезіне сәйкес өзгеріске ұшырау үдерістерін де жіті аңғарған. Мысалы, қазақтардың 1916 жылғы патшаның маусым жарлығына қарсы бас көтеруі басқарушы өкіметті едәуір сескендіргені мәлім. Тағдырына қандай да бір қауіп төнген жағдайда қазақтың бұғып қалған кезі жиі кездеспейді. Автор «... Қазір қазақ бұрынғыдан біраз өзгерді: сен бізді өлтірсең, біз де сені өлтіре аламыз дегенді аңғарта бастады. Оны мен халықтың ояна бастағаны деп білем» [128, 73 б.]. Әрбір тағдыранықтағыш кезеңдердегі халықтың қарсы үн қатуы тәуелсіздікке, еркін болашаққа ұмтылыстың көрінісі еді. Автордың пайымынша, «... Мықты халық болу үшін, білім керек. Білімді халықпен бәрі санасады. Білімсіз халықты бәрі алдайды, ешкім менсінбейді» [128, 74 б.]. Білім-білік, жан жақты мығым күшке, әлеуетке ие болу туралы пәлсапалық ой-пікірлер туындыда зиялы бейнесінде кескінделген Ыстамбұлда білім алған Қапез әншінің Тазабекпен диалогы негізінде белең алады. Яғни, білімнің маңыздылығы жайында, оқырман, білім иесінің өзінен – Қапездің әңгімелері барысында қанығады.

Туындыдағы қазақтардың майданға қатысу жағдайын кескіндеген тұстардан оқырман мына мәселені айқын аңғарады. 1916 жылғы патшалық өкіметтің «Маусым жарлығына» қазақ халқы үлкен қарсылық танытып, көтеріліс ұйымдастырса, 1941-1945 жылғы Екінші дүниежүзілік майданға өзге халықтармен бірге жұмыла аттанады. Бұл СССР қоластына біріккен халықтың тағдырға мойынсұнған, Отанымыз – ортақ деген көзқарас пен сенімнің біртараптана бастаған күйін аңғартады.

Романда қазақ тарихындағы бірнеше ірі даталардың көркем сұлбасы бедерленгенімен, автор 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс пен патшалық биліктің құлауы, уақытша өкіметтің орнауы мен жойылуы және 1931-1933 жылдардағы аштық зардаптарын сюжеттік желіге арқау етіп кескіндеуді алдыңғы жоспарға шығарған. 1937-1938 жылғы репрессия, 1941-1945 жылғы Екінші дүниежүзілік соғыс, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі мен 1991 жылы Совет одағы тұтастай ыдырап, Қазақстанның Тәуелсіз ел атану оқиғаларын баяндайтын шағын детальдер кездеседі [133, 157 б.]. Автор ХХ ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы оқиғаларды ықшамдап туындыға кірістірген. Шәйі мен Тазабектен, олардың дос-жаран, ағайын-туыстарынан өрбіген ұрпақтардың Екінші дүниежүзілік соғысқа аттану жағдайын баяндаған тұстар нанымсыз өрбіген әрі кейіпкерлер жүйесі шашыраңқы шыққан деуге негіз бар. Мысалы, Шәйінің келіндеріне қатысты басы артық эпизодтар кіріктірілген. Алайда қазақтың тәуелсіз ел атанғанын естіп Шәйінің тоқсан бір жасында дүниеден өтуі – авторлық мақсаттың айқын, идеясының түбегейлі жүзеге асқанын көрсетеді. Шәйінің немересі Кәусеннің Желтоқсан көтерілісіне қатысып, орыстың зорлығы мен қорлығынан қаза табуы – автордың тарихи дерек пен ақпаратты көркем қорытып, шешім жасауы шеберлігін аңдатады. Суреткер елестету, қиялдау сынды творчестволық үдерістер мен тарихи деректі көркем қабыстыра білген. Тағдырлар қайталанды. Орыс билігі қоластындағы халықтарға ортақ, тең санайтын заң жасақтадық дегенімен, жетпіс жыл бойы (туынды мекеншағы бойынша) халықты қанау, зорлау, менсінбеу көзқарасы мен әрекеті жойылмағандығын автор көркемсөз аясында мейлінше жеткізуге күш салған.

Қорыта келгенде, жазушы Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай» романы тарихи оқиғалар мен жағдаяттарға толы ХХ ғасырдағы қазақ өмірін көркем сөз әлемінде бедерлеген туындылардың бірі саналады. Түрлі зұлымдық, антиадамзаттық әрекеттерді бір кейіпкердің – Шәйінің айналасына топтастыру арқылы қазақ басындағы тізбекті, мазмұны ұқсас тарихи апаттардың шындығын сөз өнері аясында оқырманға ұғындыруға талпынады.

Автор ойынша, өткен ғасырдың алғашқы жартысында:

- қазақ территориясында өзге ұлттың шамадан тыс көбеюі;
- өзге ұлт өкілдері тарапынан агрессиялық, шовинистік көзқарастардың асқынуы мен өзара ұлттық теңсіздіктің орын алуы;
- «бірлік», «білім», «намыс», «ұрпақ жалғастыру» құндылықтарының құлдырауы т.б. мәселелердің туындауы қазақ елін даму бағытынан тайдырып, тағдырына, болашағына орасан қауіп төндірді. Дербес ел болу, мемлекет құру мұратын әлсіретіп, екіұдай күйге ұшыратты.

Керісінше, қазақтың қуатты, жасампаз ұлтқа айналуы үшін:

- ұрпақ жалғастыру үрдісін әлсіретпеу, мүлде азайтпау;
- ақбілектің күшіне емес, ақылдың, білімнің күшін қару ету;
- жердің тұтастығын сақтау, тәуелсіздікті қорғау, тіл, дін сынды мемлекеттік негіздерді әлсіретпеу;
- әдеби-көркем, мәдени-танымдық, эстетикалық-философиялық, т.б. түрлі санаттағы құндылықтарды барынша қуаттандырып, осыған арқа сүйеу, өзге де

ұлтты заттық, моральдық деградациядан, жоғалудан қорғайтын факторларға баса назар аударуы қажет. Көркем ойларға қуат бітірген осынау елдік, ұлттық анықтағыштар – «Мәңгілік ел» құруға бағыттайтын, жетелейтін критерийлер қай кезеңде де маңызды қызмет атқарады. Роман мәтінінің тұтас көркемдік қатпарларын – әрбір компоненттік-сюжеттік детальдарды «Мәңгілік ел» көркем концептінің маңызды, бірегей қабаттарын қалыптастырған деп топшылаймыз.

2.4 «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік-когнитивтік модельдері

Қазіргі уақытта қазақ әдебиетінде біз зерттеуге алып отырған кезең аралығында (2000-2015 жылдар) роман жанрының көптеп жарық көргені статистикалық әдіс негізінде айқындалды. Түрлі тақырыпта жарық көріп жатқан көлемді туындылардың арасында тарихи романдардың көптеп жазылғандығы белгілі, оның ішінде, әсіресе, Қазақ мемлекетінің құрылуы, ұлт, мемлекет статусымен алғаш тарих сахнасына шығуы, басқарушы хан, сұлтан, би, көсемдердің қайраткерлік, билеушілік қырын, саясатын көркем әдебиетте кескіндеген шығармалар легі алға шықты. Қазіргі көркем туындылардың осы қырын байқаған академик С.Қасқабасов келесідей пікір білдіреді. «Әлемдік тәжірибеге қарасақ, бодандықта көп болып, тәуелсіздікке жеткен мемлекеттер өз өмірінің алғашқы 20-30 жылында тарихи сананы, тарихи жадты қайтаруға, өзінің ұлттық болмысын нығайтуға күш салады екен. Қазір біз де соны істеп, елдік рухты еңселендіріп жатырмыз» [134, 289 б.]. Тұсаудан шыққан парасат иелері алғашқы кезекте өзінің – қазақтың түп-тегіне, бастау тарихына үңілгендігі, тереңнен сыр тартқаны басты себебі еді.

«Ақ Орда» романының авторы Дүкенбай Досжан да Президент Н.Назарбаев жайында саясаттану, әлеуметтану, экономика, тарих, т.б. саласының мамандары сан қырынан жазып, талдап, саяси-адамгергершілік тұлғасы жайында сөз қозғап жатқан тұста «Елбасының жан әлеміне суреткер көзімен үңілуді» [135, 7 б.] жөн деп тапқан. Романда 1465 жылы тұңғыш рет ірге көтерген «Ақ Орданың» екінші рет 1991 жылы Қазақстан Республикасы – Қазақ елі ретінде Тәуелсіз мемлекет атанған тұсында бой көтергендігі, Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адамдық-тұлғалық болмысы, саясаттаушы, басшы ретінде қызметтік әрекеттері алуан қырынан бедерленген. Тарихта XV ғасырда Қазақ мемлекетінің алғашқы басшылары ретінде Жәнібек хан мен Керей сұлтан танылса, Тәуелсіз Қазақстан тұсындағы қазақ көсемі Н.Назарбаевтың басқарушылық қыры, сан салалы саяси-қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік қызметтерін көркем кестелеу алдыңғы планға шыққан. Н.Назарбаев тұлғасы мен қазақ халқы қоғамындағы 1991 жылдан бергі оқиғалар ажырағысыз бірлікте көрініс тапқан. Роман мәтінінен «Мәңгілік ел» көркем концептінің образды құрылымдары мен осы концепт өрісінде қаралатын өзге концепттің бейнелі түрде жүзеге асырылуын басты назарға аламыз. Д.Досжанның «Ақ Орда» туындысын әдебиет зерттеушілері бұған дейін сан қырынан қарастығаны белгілі, ал «Мәңгілік ел» көркем концептін іздестіру жұмыстары біздің тарапымыздан алғаш рет қолға алынып отыр.

Романда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың прототипіне негізделген кейіпкердің күрделі образын қалыптаған поэтикалық

стиль-айшықтаулар көрініс тапқан. 2014 жылы Қазақ мемлекетінде «Мәңгілік ел» ұғымын қайта жаңғыртқан ел басшысы Н.Назарбаев еді. Романда қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев түрлі халықаралық жиын, кездесулерде көреген басшы, салиқалы саясаткер, биік зерде мен парасат-пайым иесі ретінде кескінделеді. Әсіресе, Назарбаевтың тосын жағдайдан жол таба білу мен білгір саясаткерлік тұлғасы түптұлғаға өте жақын келеді. Оқырманға 1991-2005 жылдар аралығындағы күнделікті медиа арқылы жете таныс болған мемлекет ішіндегі маңызды оқиғалардың романның көркемдік сюжеттік желісіне бір тұста өзгеріске ұшырамай немесе келесі жерінде суреткерлік өңдеуден өтіп, молынан қатыстырылуы шығарманы көркем әрі деректі туындылардың қатарына жатқызуға мүмкіндік береді. Бұл пікірімізді зерттеуші Н.Ақыштың келесі пікірі де қуаттай түседі: «Бала Нұрсұлтанның әкесі Әбіш, анасы Әлжан, ұстазы Тәура және айналасынан табылатын басқа да нақты адамдардың бейнелерінің сомдалуында таза көркемдік үрдістің белең алып кететін сәттері де аз емес. Әсіресе, Әбіш бейнесін сомдауда автор деректілікке көп бағына бермеген сияқты» [136, 355 б.].

Автор Президент Н.Назарбаевтың ел болашағын баянды ету, өмірлік, қоғамдық күрделі мәселелерді шешу, ішкі-сыртқы саясатты реттеу жолындағы ішкі уайым-қайғысы, жан толғанысын, сезім-күйінішін «*ұлы сахарада аттан түспей сар желіп жүрген салт аттыға*» ұқсату әдісімен *метафора* тудырған.

Қазақстан Тәуелсіздік алып, халықаралық мінберлерден қазақ елінің басшысы ретінде сөйлей бастаған Н.Назарбаев «*бетке айтар, әділ, жалтағы жоқ, жай отындай жалтылдап сөйлейтін Президент*», «*айтқаны ел-елге саяси салмағы бар тұрақты валюта есебінде жүретін*» саясаткер ретінде таныла бастайды. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылданғаннан кейін, осы жылдың 5 қазанында саяси алпауыттар арасында сөз алған Назарбаев авторлық позицияда осылай суреттеледі. Президенттің реалды өмірлік тәжірибесіндегі оқиғалар шынайы деректер арқылы көркем кестеленген.

Автор туындыда кейіпкердің ішкі әлеміне еркін бойлау үшін аналитикалық психологизмнің *түс көру тәсілін* қолданады. «*Ылғи түсімде тауға шығып бара жатқанын көремін*» [135, 51 б.]. Реципиентке Н.Назарбаевтың болашақта жүзеге асатын мемлекет басшысы болғандығын шығармадағы әжесі ретінде сомдалған Тәтебаланың түс көруі арқылы аллюзиялайды. Президенттің әжесі Мырзабаланың есімі туындыда Тәтебала деп өзгертіп алынған. Ал, әкесі Әбіш пен анасы Әлжан есімі, өзге де саяси танымал тұлғалардың, мемлекеттік қызметкерлердің аттары өзгеріске ұшырамай сол күйінде кірістірілген. Немере ағасы Үмбетбайдың студент әрі жұмыскер Нұрсұлтанды *метафоралау әдісімен «алтын кездікке» ұқсатуы және дененің жеке мүшесі көзге көркемдік қуат дарыту арқылы оны «жанып тұрған барыстың көзіне», алмасқа балауы теңеу әдісі* негізінде жүзеге асқан («Мен білсем, Әбіштің осы баласы қап түбінде жатпайтын кездік секілді»; «Көзінің отын көрмейсің бе, атылатын барыстың көзіндей жанып тұрған» [135, 70 б.]; «Президент жанары – алмас секілді, жер үстін жеті мың метрлік биіктен шолады» [135, 116 б.]. Халық арасында ел басқарушы Н.Назарбаевтың айналасын шапшаңдықпен, жылдам шола алатын

кабілеті – көзінің өткірлігі оның сыр-сымбатының өзгешелігіне баланса, тағы бірде саяси басшылық қызметтегі ақылды, алғыр, көреген қырларымен ассоциацияланып жатады.

Жазушы Д.Досжан президент туралы романында Н.Назарбаевтың күнделік, сұқбат-естеліктері, еңбектерін, басқа да ол жайында жазылған ақпарат, деректерді көркемдік материал ретінде молынан пайдаланғаны айқын аңғарылады. «Тарихи, өмірлік негіздері мол көркем туындыларда авторлық идея, шынымен де, нақты ғұмырнамалық деректер тізбегіне белгілі бір дәрежеде тәуелді. Себебі көркем дүние жасауға жетелейтін шығармашылық қажеттілікті сезінудің өзі бұл тұста, ең алдымен, тарихи тұлғаның реалды өмірбаяндық бейнесіне, түптұлғасына деген қызығушылықтан бастау алады» [137, 22 б.]. Кейіпкердің елді басқару қызметіне келу сатылары, әлемдік өлшемдегі күрделі мәселелерді шешетін деңгейге жетуі, яғни елді басқарудың сан алуан қыр мен сырын меңгеруі қажырлы еңбек, интеллектуалды білім-біліктің, ізденістің нәтижесінде іске асады.

Президент Н.Назарбаев бейнесі Жаратушының тікелей ықыласы, мейірімі түскен сүйікті құлы ретінде кескінделеді. «Адамдарды сүйе білген, оларға жақсылығын аямай жүрген кісі – Мені де (Жаратушыны – курсив ізденушінікі) сүйгені», – деп жаратқан ие өз есімін (Президент есімін) дәптерінің басына әдейілеп жаздырды емес пе?..» [135, 114 б.]. Романда Н.Назарбаев адамзатты, өз ұлтын шексіз сүйген басшы ретінде, Алла Тағаланың сүйіспеншілігіне бөленген тұлға ретінде көрініс тапқан.

Сондай-ақ Қазақстанның болашағына қатысты республикалық және әлемдік кеңістікте өрбитін ірі, ауқымды оқиғалар аясында Н.Назарбаевтың прототипіне негізделген саясаттағы, мәдениеттегі бейнесі айқын танылады. Әсіресе, медиа әлемде жиі көрінетін, айтылатын, талқыланатын жаһандық ядролық, лаңкестік мәселелерді реттеуге қосқан үлесі өзгеше әдеби-эстетикалық, діни-философиялық авторлық пайымдаулар ыңғайында бедерленеді. Туындыға басты оқиғалар өтетін кеңістік ретінде, көп жағдайда, Астана және Алматы қалалары таңдап алынып, Қазақстан азаматтарының жеке мемлекет статусына ие болған алғашқы жылдарындағы күрмеуі қиын мәселеге ұласқан әлеуметтік-қоғамдық жағдайын шешетін, ілгерілететін халықаралық келіссөздер осы мекеншақта өтіп жатады. Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, АҚШ-тан тартылған инвесторларға отандық ірі-ірі компанияларды пайдалануға беріп, осының арқасында қазақ қоғамында жұмыс күшін молайтуды инвесторлардан түскен қаржыны мемлекеттік қазынаға кіргізуді жоспарлаған, т.б. қазақ азаматтарының әл-ауқатын жақсартатын ауқымды келісімдер аясында автор шығарманың кейбір тұстарында Н.Назарбаевтың идеалды образын сомдауға тырысқан. Тіпті, автор романда көркем жолдарды өре отырып, реалды тіршіліктегі өз ортасының, халқының басшысы екендігін саналы түрде есте ұстай отырып, президентке шексіз ілтипат, тағзым көрсеткендей де сезім қалдырады. Оқырман алдында көркемдік әлем мен реалды кеңістіктің арасындағы шекараға сызат түсіргендей әсер сыйлайды.

Туындыда автор Қазақстандағы, жаһандағы саяси-әлеуметтік, мәдени-діни жағдайдарды оқиғалық эпизодтарға айналдыра отырып, «тұрақтылық моделі»

түсінігі аясында көркем ой қорытады. Шығарма кейіпкері Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласында өткен әлемдік діндердің танымал өкілдері мен жетекшілері қатысқан халықаралық жиында жер жүзінде діни келісім орнату арқылы «тұрақтылық моделін» қалыптастыруға болатыны жайында нақты ойтұжырымдар ұсынады. Жиынға қатысушылар Қазақстан Президентін осы модельді қалыптастырушы бірден бір тұлға әрі әлемде тыныштық пен бейбітшілікті тұрақтандыруға үлес қосқан салмақты саясаткер ретінде тани бастайды.

XXI ғасырда дінді, әсіресе, мұсылмандар ұстанатын ислам дінін идеологиялық мәселеге, саяси қалқанға айналдырған кез келген түрдегі (демократиялы, дамушы, алпауыт, діни, т.б.) кейбір мемлекеттер әлемге, адамзатқа гуманистік апаттарды төндіруде әрі жүзеге асыруда. «Ақ Орда» романындағы автордың «*тұрақтылық модель*» жайындағы әдеби-көркем әрі діни-философиялық тұжырымдармен кескіндеген түсінігін «Мәңгілік ел» концептінің іргелі көркемдік қабаттарына жатқызамыз. Бүгінгі өмірлік тәжірибеміз көрсеткендей, дін алауыздығы халықты бағдарынан адастыратын, болашағынан жаңылдыратын бірден бір теріс факторға айналды. Дін мемлекеттік идеологиядан да жоғары қойылатын, халыққа өз Жаратушысын танытуға көмектесетін іргелі құндылық ретінде өмір сүруі тиіс. Иесіне деген мол сенім мен үміттің арқасында, болашақ мұрат, жоспарының баянды болуын Жаратушысынан тілеген жеке адам да, мемлекет те бақытты ғұмыр кешеді. Дін жайындағы авторлық эстетикалық ой-топшылаулар оқырманды осындай түсінікке жетелейді.

Концептуалдық зерттеулер кешенінде «концептосфера», «концептуалды жүйе», «ғаламның концептуалды бейнесі», «когнитивтік модель» т.б. категориялар өзара ұқсас, мазмұндас ұғым ретінде қарастырылған [109, 51 б.]. Д.С. Лихачев енгізген «концептосфера» термині өзара жүйелі орналасқан концептілер жиынын білдіреді. Демек, «когнитивтік модель» ұғымы да бірнеше концептілерден («Мәңгілік ел» базалық концепті мен осы концептінің айналасына топтасатын «Тәуелсіздік», «Қазақстан», «қазақ» т.б. макроконцептілер) тұратын абстрактылы түсінікті аңғартады деп тұжырымдауға болады. Д.Досжанның «Ақ Орда» романынан төмендегідей бірнеше когнитивтік модельдерді айқындадық. Когнитивтік үлгілер *теңеу*, *кейіптеу*, *стереотип* т.б. арқылы бедерленген.

«*Мәңгілік ел* – *тәуелсіз ел*» моделі. Қазақ елі 1991 жылы 16 желтоқсанда КСРО-дан Тәуелсіздік алғаннан кейін, басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты сайлағаны мәлім. Президенттің ант қабылдау сәтіндегі сөздері романда келесідей оқырманды терең толқынысқа бөлейтін әсерлі айшықтаулармен берілген.

«Халқым... жұртым... бұл күнді көрген де бар, көрмеген де бар. Қазақстан үшін тарихтың қай сынына болсын басымды бәйгеге тігемін. Арғымақ аттай 20 ғасырды аяқтағалы тұрған мына болмысында бір шылбыр, екі тізгінді бердім қолыңа десен – аянып қалмаспын, дінім, ділім, жігерім, білігім, қажырым бір жолыңа құрбан. Халқым, ғасырлар бел-белесінде қалған қиыры мол ұзақ жолда кіммен найза тіреспеді, иен сахараны, атамекенді жат жерлік жаудан қорғап,

жылы төсегіңнен жұлқынып тұрып желмен жарысып, суық қылыштың жүзіне шыбын жаныңды тостың, түсі суық ажалмен сан мәрте беттестің. Бар арманың – бабалар қаны сіңген жерінді қорғап қалу болды. Жазықсыз зұлматқа, ақтабан сүргінге ұшырадың. Зұлмат жылдары абақтының сыз еденінде соққыдан әлсіреп жатып ертеңгі күні елдігіңнің жайын ойладың, бордай тозып кетуден қорықтың! Ұлы Отан соғысында намысыңа алмас қылыштың жүзіндей дақ түсірмедің, намыссыздықтың түбі опа бермесін ұрпағыңның санасына сіңірдің. Төрт мың жылға жуық ұзақ жолда ешкімді қайталамайтын, еш халыққа ұқсамайтын еңсесі биік ұлы өркениет жасадың. Ең ғанибеті – ұлт ретінде жойылып кетпедің. Бүгін іргең берік, рухы биік зайырлы елсің. Қандай қиындық кездессе-дағы ата-баба аруағына арқамды тауға сүйегендей сүйеп отырып тірлік жасаймын!..» [135, 113 б.]. Қазақ халқының тұтас тарих бедеріндегі елдік, ерлік бет-бейнесінің шағын жолдармен сығымдалып, нақты тарихи деректер негізінде көркем қорытылуы автордың суреткерлік шеберлігі мен идеялық-эстетикалық позициясын айқындай түскен. Президенттің ел алдында ресми ант қабылдау формасына сыйдырылып берілген осынау шағын үзіндіде «Мәңгілік ел» концептінің мән-мағыналық қабаттарын көркем кестелейтін бейнелі бояулы құрылымдар молынан кездеседі. Мысал ретінде алынған мәтін мәнмәтінінен алмағайып тарих бедерінде өзінің ұлттық, халықтық бет-бейнесін, ұрпағын, елдігін, болашағын, түп-тамырын жоғалтпаған *қуатты мемлекет сұлбасы* танылады.

Қазақ мемлекетінің тарихи-танымдық бастауы сансыз ғасырлардан тамыр тартатындығы мәлім. Қазақстан Республикасы 2015 жылы өзінің алғаш ірге салған уақыты ретінде 1465 жылы құрылған Қазақ хандығының 550 жылдығын ресми түрде атап өтті. Бұл шартты түрде белгіленген сандық өлшем еді. Шын мәнінде, қазақтың ұлт, халық ретінде жер бетінде пайда болуы сансыз ғасырлардан басталатыны тарихшы мамандар тарапынан жиі айтылып келеді. Соның бірі, қазақ халқының ежелгі жауынгер сақ тайпасының ұрпағы екендігін және осы тайпаның бүгінгі қазақ территориясын мекендегенін белгілейтін *Алтын киімді адамның Есік қорғанынан табылуы* еді. Осынау қазақстандық археология ғылымының жетістігі – Есік қаласынан алтын киімді адамның қазылып алыну жағдайы «Ақ Орда» романына көркем деталь ретінде қатыстырылған.

Екі жарым мың ғасыр бұрынғы уақыт ықшамдалып алынып, бүгінгі күнмен параллель ретінде, Н.Назарбаевтың президент болып сайланатын күні қарсаңында ескі уақытқа ойша шегініс жасалады.

«Көзқарасы сұмдық сұсты еді! Жалт етіп қарағаны өңменіңе жебе көздеп атқандай зой. ...Басына алтынмен көмкерген үш жебе шаншыған, шошағына таутеке сұлбасын қондырған тәж киген, кеудесіне гажайып сауыт киген, олдағы солайымен алтын... аяғындағы етігін алтынмен көмкерген... бозбала жарқ етіп шатыр алдына шыға келгенде, о, құданың құдіреті!.. О, тоба!.. деген көкірек жарған күрсініс алыпты дүр сілкінтер. Қас пен көздің арасында дәп жаныңа, қарсы алдыңа аспандағы жаратқан иенің өзі келіп түскендей сезілер. Сансыз сарбаздың жанары қарығып селт етпестен, іштей түршігер. Тізелерін бүгін, жүздерін қара жерге беріп құлай-құлай кетіседі. Ханзаданың

алтынға оранған денесінен құдіреттің ыстық лебі лықсып есіп өткендей сезілер. ...Сілтідей тұнып, жанарын жерге салып мәлііп отырған мың сан қол сол мезетте сілкініп түрегеледі. Дала бетімен сыйпай жөңкіліп толқын өткендей көрінеді. Сарбаз біткен лып атқа қонады. Ауыздықпен алысқан сәйгүлігін тебінген мезет қол тау селіне ұқсайды. Содан бері, мінекей, екі мың төрт жыл өтіпті» [135, 111 б.]. Қабылдаушы ортаны гипербола, кейіптеу әдісі арқылы көмескі кезеңге сапар шектіреді. Автордың көркемдік қиялы қазақ халқы Тәуелсіздікке қол жеткізіп, басшысын сайлау рәсімінде алтын киімді сақ әскерін осы кеңістікке оралтады. «... Осыдан екі мың төрт жүз жыл бұрынғы жасөспірім ханзада алтынға малынып, күн шыққандай жарқырап жұрт алдына қайыра оралғандай ерекше әсерге бөленгені. О, тоба дейді!.. Уақыт, кеңістік – ел тілегі, ұлы дүбірлі аттаныс алдында дәрменсіз білем, гасыр мен гасыр арасын жалғастырып жатқан оқиға осындай-ақ болар!» [135, 114 б.]. Алтын киімді сақ адамы – мол қажырлы қайраттың, күшті ерліктің символы қызметін атқарады.

Шығармадағы тәуелсіздік ұғымына қатысты авторлық субъективтік эстетикалық-әдеби, тарихи пайымдауларды «Мәңгілік ел» концептінің шеткі аймақтарын кеңейтетін көркем құрылымдар қатарына кіргіземіз. «Тәуелсіздік» сөзі адамзатқа тән іргелі құндылықтар қатарынан орын алатындықтан әрі мемлекет өміршеңдігінің бірден бір басты факторы саналатындықтан алдыңғы тараушаларамызда концепт категориясы деңгейінде қарастырдық.

«Халық кешпейтін жалғыз нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып келіп қонған бақыт құсы – Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді. Мыңдаған жылдар бойына ұлт бостандығы жолында қан төгілді, қазақ көші бірде өрге көтерілді, бірде ылдизға құлдырады, өткелден өте алмай опат болғаны қаншама. Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай көнтерілі, төзімді халықтың басын қосып, басшылығында жүру тұрмақ, қосын тигіп, қосшылығында жүрудің өзі жаныңды тербейтін үлкен бақыт екен. Ендеше Тәуелсіздікке сызат түсіретін, қадірін кетіретін іске бару, тіл тигізу – қазақтың төрдегі басын есікке сүйрегенмен бірдей, опасыздықтың ең үлкені сол» [135, 280 б.]. Суреткер адамның жеке басынан бөлек мемлекеттің басты құндылығы ретіндегі Тәуелсіздік ұғымын ертегі кейіпкерлерін көл-көсір бақытқа, хандық басшылыққа жеткізген бақыт құсына теңеу негізінде жанды образ тудырады. Зарықтырып, сарғайтып жеткен бақыт құсын – Тәуелсіздікті мәпелеп, бағып-қағу, уысынан шығарып алмау – халықтың, халық өкілі ретіндегі автордың түпкі ойы, басты мақсаты.

«Мәңгілік ел – ата-бабалар армандаған мемлекет» құрылымдық моделі. Президент Н.Ә.Назарбаев 1992 жылы, алғаш рет Біріккен Ұлттар ұйымы бас ассамблеясының мінберінде қазақ елінің атынан сөз сөйлейді. Осы сәт көркемдік мекен ретінде таңдап алынған әуе кеңістігінде – ұшақта Н.Назарбаевтың ой елегінен қайта өткізіліп, кейіпкер ерекше әсер, күйге бөленеді. «Ғасырлар бойғы қазақ халқының арманы орындалғандай еді. Қайтсек өзге ұлт, ұлыстармен тереземіз тең, тізе қағысып отырып тілдесеміз деген хандарымыз бен билеріміздің ұлы тілегі, – бірінің көріне қосыла көмілген, бірінікі қылыштың жүзінде кеткен – ар-намысы енді гана

қайта тіріліп, жүзеге асқан айтулы кезең осы-дағы! ...Мына Нұрсұлтан сөз алып, биік мінбеге шыққан кезде, өз жүрегінің дүрсілі ме... қиыр шеттегі, туған жердегі ата-баба аруағы тұтас түрегеліп бас құрап келіп тікесінен тік тұрғандай елестегені» [135, 118 б.]. Алынған үзіндіден ұғынылатын бүтін көркемдік мән «Мәңгілік ел» концептінің құрылымдары бола алады.

«Мәңгілік ел» – демократиялы ел» когнитивті моделі. Туындыда Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымының мәжілісіне алғаш қатысу сәтін бейнелеген жолдарда шетел журналистеріне қазақ елінің басты құндылықтарын таныстырған тұстар кездеседі. Сұқбаттасу формасы күйінде бедерленген мезет төмендегіше көрініс тапқан:

«Өркениетті ашық демократиялық ел боламыз деп сендіріп тұрсыз, Президент мырза, оған барудың жолын айта кетпес пе екенсіз?»

«Ашық демократиялы елге айналу үшін ең әуелі пікірін бүкпесіз айтатын оппозицияның тізгінін шешу керек, бәсекелес, қарсылас ой өрбімесе – демократия өледі...»

... «Тарихи даму сатысы төрт мың жылға созылатын қазақ ұлты ашық пікірталасқа гасырлар бойы еті үйренген. Хандық дәуірде билер кеңесі демократияны төбесіне көтерген, XVII-XVIII гасырда ханға қаратып билікті билер айтқан. Ұлттық менталитет – үлкенді сыйлау, жөн сөзге тастабандап тұрып қалу, биліктің нарқын, парқын таразылау қазақтан қалған» [134, 137 б.]. Қазақ халқының ұзақ уақыт бедерінде тарихта тұрақтап қалуының басты сыры да демократия құндылығына иек артуында еді. Романда бас қаһарман – Назарбаев сөздерімен берілген демократия жайлы ой-толғамдар жасы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, әділ сөзге бас ию сынды ұлттық құндылықтармен астастықта көрініс табады. Негізгі кейіпкердің ойынша демократияның тұрақты сақталуы үшін елде бәсекелес ортаның (оппозицияның) өмір сүрмегі қажет.

«Тәуелсіздік» және «қазақ» макроконцептілері. Қазақстан жеке республика атанғаннан кейін жас мемлекеттің тарихы, мәдениеті, ең басты кезекте, табиғи қазба байлықтары шетелдің назарын аудара бастады. «Қазақстанды алғаш таныған – Түркия мемлекеті» деген пікір қоғамда берік орныққан, алайда біз талдау нысанына алып отырған туындыдан оқырман қазақ елін алғаш таныған Америка Құрама Штаттары екендігіне анық көз жеткізеді. Егемен ел атанғанның ертеңіне-ақ АҚШ секілді алпауыт елдердің ресми тұлғалары қазақ шекарасына ат басын бұра бастады.

Концептінің уақыт арнасымен бірге даму, ұлғаю, жаңғыру т.б. құндылықтық сипаттарға ие болғандықтан, шекарасының өзгермелі келетіндігін де ескере отырып, «Мәңгілік ел» концепті өрісінде «Тәуелсіздік» және «қазақ» макроконцептілерін қарастыруға болады. Зерттеушілердің кейбірі макроконцептілерді тақырыптық мазмұны бойынша өзара байланысып жатқан концептілерден тұратын күрделі құрылым деп таниды [109, 57 б.]. Мұндағы «Тәуелсіздік» және «қазақ» макроконцептілері «Мәңгілік ел» күрделі құрылымын жан жақты түсінуге септеседі. Макроконцептілер аясына біріккен авторлық көркемдік амалдар «Мәңгілік ел» базалық концептіне бағынады. «Біздер үшін күнделікті күрес, сан гасырлар бойғы ата-бабамыздың аттан

түспей, қылышты қынабына салмай алыс-жұлыспен өткізген уақтысының баламасы болып елестейді. Сондықтан Қазақстан халқы тәуелсіздік, еркіндік дегенді намысқа, арға, ожданға, ұятқа балап қадірлеп, қастерлейді. Бізде тәуелсіздік деген қасиетті ұғым, бас қояр құбыламыз» [135, 124 б.]. Алынған үзінді мәтінде *тәуелсіздік* сөзі оқырманға әсерлі сезілуі үшін *намыс, ұят, құбыла* сөздеріне баланып, сакральді сипат алған. *«Біздер кешеден бастап өз билігі өзінде, жалтағы жоқ, жалғаны жоқ тәуелсіз мемлекетпіз, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы өзіне біткен өр мінезін еш аласартпай, – тағдыр бізді Еуропа мен Азияның арасында экономикалық, ахуалдық, рухани көпір болуға жазды. Қос ұлы мәдениетті табыстырып, жақындастырып, байланыстырып жататын ұлы көпір болу бізден басқаның маңдайына жазбаған» [135, 125 б.].* Мемлекет басшысының Америка Құрама Штатының мемлекеттік хатшысы арасында өткен келіссөз кездесуде Қазақстанның Тәуелсіз мемлекет атанғанын Президенттің қарсы тарапта отырған алпауыт елдің ресми өкіліне өзгеше салмақты ырғақпен, ресми формада қайта хабарлауының өзіндік саяси астары бар. Автор мұнда кездесуші жақ басқа мемлекеттікі емес, АҚШ-тың ресми өкілі болғандықтан басым екпін түсірген. Сондай-ақ, келтірілген үзінділерде автор Қазақстанның халықаралық кеңістіктегі рөліне ерекше назар аударып, Азия кіндігінде орналасқан Барыс мемлекетті «рухани көпірге», «ұлы көпірге» балайды. Қазақстанның айбатты барысқа балануы теңеу, символ сынды көркем айшықтаулар негізінде жүзеге асқан. Қазақ жері Азия құрлығындағы саудасаттықтың басты кілті бола алғандығы кезінде Петр патшаны да қызықтырып, ұлы даланы «қадағалауды, көзден таса етпеуді» жазба жүзінде мықтап тапсырып кеткен-ді. Осы кездесуде Н.Назарбаев АҚШ хатшысына қазақты осы күнге дейін жойылудан сақтап келген *намысқойлық, еңбекқорлық және ортаға бейімделгіштік/бауырмалдық* сынды үш қасиетін ерекше атап өтеді.

Шығармада қазақ халқына тән анықтаушы сапалық қасиеттер, көп жағдайда, Америка Құрама Штаттарымен салыстырмалы мәнде айқындалады. АҚШ қазақ халқының танымында *«білмейтіні жоқ», «жер астындағыны сезе алатын сақ», «сайтанның сапалағы»* бейнесін танытса, Қазақстан *«өр мінезін еш аласартпайтын», «тәуелсіздік деген ұғым бас қояр құбыласы», «жыртылған, өртелген тарихы қайта тірілген», «намысы, күші, жігері өзін өзі құрып кетуден сақтаған», «Азиядағы сауда-саттықтың кілті», «Еуразия кіндігінен жаңадан пайда болған феномен», «қонақжай», «даласындай дарқан мінезді»* кейпінде бедерленеді. Кейбір дамушы елдердің жер бетінен өшіп кету қаупі туып немесе мәдени-тарихи, экономикалық-әлеуметтік даму жағдайына нұқсан келіп жатқан нарықтық, ақпараттық технологиялар заманында Қазақстан өзінің болашақ бағыт-бағдарын, басты қызметін анықтап алғаны жөн. Көркемдік уақыт ретінде таңдап алынған 1991-2005 жылдарда Президент Н.Ә.Назарбаев қазақ халқына тән басты мақсат-міндеттерді айқындап береді.

«Қазақстан» атты біртұтас ел болып кетуге түпкілікті қазақ ұлтының үлесі зор. Бұл ретте қазақ ұлты – біріктіруші, бекітуші, бойына жинақтаушы, яғни цемент секілді болмағы құп. Цемент қаншалықты сапалы шықса – салынған үй де соншалық мықты. Ұлттық рух, ұлттық патриотизм осыдан бастау алып жатса құба-құп. Бірінші кезекте тәуелсіздіктің баянды болуын тілейік, ол үшін

жатпай-тұрмай биік мақсат, ұлы арман жолында еңбектенейік» [135, 132-133 б.]. Қазақстанда жүзден астам өзге ұлт өкілдері мекен ететіні мәлім және барлығының құқығы заңмен теңдей қорғалады. Жер жүзінде жер көлемін тоғызыншы орынға тіреген қазақ ұлты Қазақстанның бүгінгі иесі әрі бай-қазыналы мәдениетті жинақтаған да өзі. Романда бас қаһарман атынан баяндап отырған автор-қаһарман ХХІ ғасырда қазақ ұлты *цемент секілді біріктіруші* сапаға ие болуы тиіс деп санайды. Қазақ ұлтын цементке теңеу, ұқсату әдісі арқылы оның берік, күшті, қажырлы, қуатты болуын образды өрнектейді.

«Мәңгілік ел» – өркениетті ел» когнитивті моделі. Қазақстан мемлекеті КСРО-дан Тәуелсіздігін алған алғашқы тұстарда экономикалық-әлеуметтік қиындықтарға тап келгені белгілі. Халықты қиындықтан құтқарудың бірден бір жолы ретінде мемлекетке тиесілі маңызды мүліктерге жекешелендіру ісі жүргізілді. Шетелдік және отандық инвесторларға қазақстандық компания, фирмаларды сатып алу мүмкіндігі берілген еді. Туындының баяндалу жүйесі осындай жағдайдың орын алған кезеңі – 1992 жылды қамтиды. Алайда шығармадағы қазақ елі президентінің түптұлғасына толықтай негізделген Нұрсұлтан кейіпкер басшы ретінде Қазақстанның болашағынан үлкен үміт күтеді. *«Қазақстан – тұйықталған, тұмшаланған, ақпай қалған тоған емес, арыны асау өркениет теңізіне қосылмай қоймайтын асау өзен»* [135, 138 б.]. Қазақстан өркениет әлемінде кедергісіз жүзетін *асау өзенге* теңеледі.

Романда Сауд Араб елі королінің арнайы шақыруымен Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының мұсылман халықтарының қасиетті мекені Мекке мен Мәдина қалаларына қажылыққа аттанған мезетін суреттейтін эпизод кездеседі. Президент Н.Назарбаев пен Сауд королі Абдель Азиздің арасындағы дін ахуалы жайындағы әңгіме-сұқбат шығарманың хронотопы ретінде таңдап алынған Қасиетті Құран Кәрімде кейіптелетін жұмақ іспетті безендірілген резиденцияда өрбиді. КСРО кезеңінде ислам діні қысымға ұшырағандықтан діни білімнің де кең қанат жая алмағандығы мәлім. Ал, Тәуелсіздік алғаннан кейін асыл діннің – исламның парыздары мен рәсімдерін орындау халық арасында, әсіресе, жастар ортасында белең ала бастады. Осы тұста Саудия королі ретінде сомдалатын кейіпкердің атынан қазақ халқына тән келесідей бейнелі жолдар өрнектеледі. *«Бір жеміс бар, ұрығын терең орға қанша қазып көмсең де жарық дүниеге көктеп шықпай қоймайды. Сіздер сондай қасиетке иесіздер! Батыр халықсыздар! Тегі қазақ ұлысының зынданға тастап, жер тепкілеп тұрып түгел құрттық, тындырдық, үнін өшірдік деген рухы қайта тірілер деп ойлаған жоқ едік, - деп кең пейіл, жылы шыраймен сол қолындағы салақұлаш тәпсісін тырсылдатып тере жөнелді, саусағы саусағына жұқпайды»* [135, 160 б.]. Автордың ірі мемлекеттердің (АҚШ, Сауд Арабия) басшыларының атынан қазақтың түп-тегіне, болашағына, жалпы ұлттық бет-бейнесіне мінездеме бергізуі халықтың мәңгілігіне, жасампаз болашағына сенімінің берік екендігін көрсетеді. Екі ғасырдан астам уақыттан кейін империяның қоластынан босап шыққан қазақтың терең қазылған жерден тесіп өсіп шыққан жеміс ұрығына теңелуі рецепиетке ерекше әсерлі сезім-күй сыйлайды. Ассоциациялық шексіздік тудыратын бұл суретті сұлбаны «Мәңгілік ел» концептінің шеткі аймақтарына жатқызуға негіз бар.

Т.Зәкенұлының «Мәңгітас», Қ.Мұқанбетқалиұлының «Тар кезең», Б.Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай!» романдарының дискурсынан «Мәңгілік ел» концептінің образды құрылымдарын қарастырған сайын сахарарадағы бейбіт өмір мен бітімгерлік жағдайды, еркіндікті екіжақты келісіммен орнатуға, оған көнбесе ақбілектің күшімен, ақ найзаның ұшымен әрекет етуге бейім келетін жаугершілік заманның бедерін аңғардық. Нысанға алып отырған көркем концептіні қазақ халқының болашаққа ұмтылысын, қажыр-қайратын, талай заманғы қыспақты өмірін бедерлеген туындылардағы сюжеттер шоғырынан, сан қырлы эпизодтар желісінен, кейіпкерлер жүйесінен, жеке авторлық философиялық-эстетикалық толғамдар аясынан қарастырдық. Ал, Д.Досжанның «Ақ Орда» романында шығарманың сюжеттік желісіне тартылған оқиғалар жиыны өтетін кеңістік Тәуелсіз атанған Қазақстан жері болғандықтан республикалық, жаһандық келісімдердің барлығы бейбіт түрде, бітімге келген диалог формасында, қағаз жүзіндегі келісімшарттар аясында жүзеге асып жатады. Қазақ халқына Тәуелсіздікті алудың оңайға соқпағанын алға тартсақ, ал енді осынау баға жетпес құндылықты ақпараттық-технологиялық, сандық білім ғасырында ұстап тұрудың өзі қиын жағдай екендігі түсінікті. Бұл тұста халыққа жеті жұрттың ілімін игеріп, тілін тапқан, жаһандық тәжірибе мен саясатты жан жақты сараптай алатын сарабдал басшының қажеттілігі мәлім. «Ақ Орда» шығармасында реалды тіршіліктегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көркем бейнесі сан қырынан көрініс тауып, басшы тұлғасымен сәйкесетін тұстар жиі кездеседі.

Қазақстан Тәуелсіздік алған тұста өзге елдермен еркін қарым-қатынас жасау, терезесі тең мемлекет ретінде өмір сүру үшін халықаралық мәселелерді заң аясында, өзара келісім арқылы шешуге талпынды. Атап айтқанда, соның ішінде ең ірі, ауқымды келісімнің бірі – 1994 жылы ядролық қаруы мол дамыған жеті елдің «ешқашан Қазақстанға қарата ядролық қару қолданбау» туралы меморандумға қол қоюы еді. Қарымтасы ретінде Қазақстан жерінде соғыс жылдарынан бері сақталып қалған шахталардағы баллистикалық ядролық зымырандар да қысқа уақыттың ішінде толықтай бұзылып, бөлшектеніп, жойылады. Бұған АҚШ өзінің сақтығы үшін арнайы 800 миллион доллар қаражат жұмсайды. 1992 жылы да Қазақстан «ядролық қаруды таратпау» жайындағы Лиссабон құжатына қол қояды. Аз уақыттың ішінде аспан асты елі атанған Қытаймен де, Ресеймен де шекара жөніндегі мәселелер де шешімін табады. Романның басты құндылығы – Н.Назарбаевтың саяси тұлғасымен қоса, Қазақстан тарихындағы осынау жаһандық келісім-оқиғаларды барынша көркем қорытуға талпыныс жасағандығында.

«Әсересе, келісім-шарттағы «мәңгілік» деген сөзді оқыған кезде мәртебелі Президенттің жүрегі езіле соғып, жанарына мөлдіреп ыстық жас келді» [135, 180]. Жердің тұтастығы үшін «мың өліп, мың тірілген» қазақтың талай заманғы басты мәселесі – Қытаймен арадағы шекара сызығы айқындалып, ол заң аясында бекітілді. Шығармадан алынған мәтін фрагментіндегі «мәңгілік» сөзі территория мәселесінің мәңгілікке шешімін тапқандығын ассоциациялауымен бірге, «Мәңгілік ел» болу жолына бағыт алдық» деген емеурінді де білдіруі мүмкін.

Зерттеу жұмысымызда «Мәңгілік ел» концептінің танымдық, бейнелі, символды негіздерін құрайтын көркем құрылымдар VI-VIII ғасырларда тарихта белгілі бола бастаған байырғы көк түркілердің дүниетанымдық көзқарастар жүйесін бейнелеген «Білге қаған», «Тоныкөк», «Күлтегін» жазба ескерткіштерде қалыптасты деген тұжырымға келдік. Бүгінгі тарихи парадигмада, түркілік кеңістікте қазақ халқы көне көк түркілердің – түркітілдес халықтардың бір бөлігі, бұтағы ретінде сипатталады. Қазақ жұртының түп-тегін байырғы түркілер заманынан тарататын тарихи-түркілік білім-көзқарастар жүйесі «Ақ Орда» романында да әдеби-эстетикалық материал ретінде жүзеге асырылған. *«Төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылған қандас түріктен тарағанбыз, бір топырақтан жаралғанбыз» – деген кезде Түркия президенті Сүлеймен Демирел құшағын аша ұмтылып, баяғыдан бергі іздеген бауырын жаңа тапқандай, көзіне жас алып тебіренгені, сірә, есінен кетпес»* [135, 184 б.]. Туындының басты кейіпкері Н.Назарбаев атынан бедерленетін жолдар оқырманға асқақ сезім мен танымдық-эстетикалық әсер-күй сыйлайды.

2014 жылы ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан қоғамында түрлі ұлт өкілдерін ортақ мақсат-мұратқа жетелейтін «Мәңгілік ел» идеясы деп атаған еді. «Мәңгілік ел» – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. *Бабаларымыздың арманы»* [65, 3 б.]. Қазақстанды көпшілік ұлт өзінің құтты қонысы, қасиетті мекеніне балайды, ал осы территорияның байырғы иесі, ең бағалы, маңызды, іргелі мемлекеттік, ұлттық құндылықтардың қалыптастырушысы да қазақ ұлты саналады.

Алғашқы мемлекеттік валюта нобайына салынатын сурет көшірмелері жайында ұсыныстар түскен сәтті көркем мекеншәк ретінде пайдаланған автор қазақ ұлтына тән көркем бағаны Н.Назарбаев пен көмекші қызметкері арасындағы диалог формасында беріледі.

– *Қазақстанда мекендейтін жалғыз ұлт қазақ емес қой. Орысымыз, орманымыз толып жатыр...*

– *«Орысымыз, орманымыз толып жатыр» деген сөзің кеудемнен нұқығандай жайсыз әсер етеді. Қазақстандағы негізгі ұлт – қазақ, осы ұланғайыр жерді жат-жерлік жаудан қорғап, жаннан безген жалғыз қазақ қана, айтшы, осынау даланы, тау-тасты, шалқар көлді қытай мен шүршіттен, қоқан мен хиуадан, қалмақ пен башқұрттан, ормандай орыстан қорғап қай ұлт жан алып, жан беріпті, бәрі де кейін көшіп келіп иелік еткендер. Ұлттық валюта заң бойынша негізгі, жергілікті ұлттың мәтін символына, рухына табан тіреп жасалады»* [135, 195]. Қазақ елінің заманалар бедеріндегі қажырлы күш-қуаты, қайыспас тағдыр-талайы, құндылықтарын (жер) қорғаушы ретіндегі бейнесі көркем мәтіннің құрылымдық-композициялық компонентіне енген. Мысалға алынған шағын мәтін бөлігінен «Мәңгілік ел – атамекенін қорушы» моделі анықталады.

Шығарма авторы «Мәңгілік ел» концептінің өзегіндегі «*мемлекет*» деген түсінікті жеке тұлғаның балаң шағы, өсу, есею кезеңдеріне балайды. Белгілі есею шағына жеткенде адам өзін теріс әрекет, мінездерден шектеп, өз-өзіне бақылау жасай алса, мемлекеттің даму жолында осындай тұлғаның қызметін Президент атқарады деген толғамға келеді. Мемлекетте тұрақтылық,

тыныштық, бейбітшіліктің берік орнауы сол елдің жас немесе ақыл, тәжірибесі толысқан шағымен, алпауыт, дамудың жоғары шегіне жеткен деген сипаттамаларымен өлшенбеуі тиіс деп есептейді авторлық көзқарас. Халықтың зиян, жапа шегуіне саналы түрде қадам жасап отырған кейбір елдердің антиадамзаттық, шовинистік, менмендік әрекеттерін сынға алады. Әлем елдерінде жиі дүмпу туғызып отырған лаңкестік залалын «қайта-қайта дәрігер шақыртқызып тұр» деп бейнелі өрнектейді.

«Астана» концепті. «Мәңгілік ел» көркем концепті Астана» концептінің өрісінде қарастыруға болады. Өйткені концептті зерттеушілер көркем мәтін аясынан осы категорияны қарастыру барысында «өріс теориясы» (Д.Лихачев), «кілт сөздер» (Ш.Ниятова) арқылы қарастыру әдісін қолданған. «Ақ Орда» романында «Мәңгілік ел» концепті Тәуелсіздік кеңістігіндегі Қазақстан мемлекеті бейнесінде жүзеге асқан. Туындыда автор Елбасшы мен мемлекет ұғымдарын тұтастықта кескіндей отырып, Президент Н.Назарбаевтың бірінші кезекте халықтың әл-ауқат жағдайын жақсартуды көздеген әрі оны жүзеге асырған жоспарларын сатылы түрде көркем баяндайды. Шығарманы оқыған оқырман Қазақстанның 1991-2005 жылдар аралығындағы әлеуметтік-саяси, мәдени-діни, экономикалық салалары бойынша жан жақты көркем ақпаратқа қол жеткізеді.

Қазақ халқы басшысы елді өркениет жолына жетелеу, әлем мемлекеттерімен өзара түрлі сала бойынша байланыс орнату сынды стратегиялық мақсаттарын іске асыруды халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартудан кейінгі орынға қояды. Оның бірі – ел астанасы ретінде жаңа астананы құру туралы бекем шешімге келуі.

Шығарманың сюжеттік-композициялық компоненттерінің суреттелу, баяндалу тәсілдерінен оқырман Президенттің елорданы тарихта екі мәрте астана статусын иеленген жасыл желекті Алматы қаласынан табиғаты құбылмалы, қоныстан гөрі кеңістігі бірінші көзге көрінетін Ақмолаға ауыстыруынан екі мақсатты көздегенін айқын аңғарады. Біріншісі, ел қауіпсіздігі үшін астананың орталықта орналасқаны жөн деген шешімге келуі. Бұл тұста 1991-2019 жылдар аралығындағы Қазақстан Президентінің түптұлғасына негізделіп кескінделген Н.Назарбаевтың халықтық дәстүрді жаңғыртушы ретіндегі бейнесін танимыз. Яғни, VI-VIII ғасырлар арасында көк түркілердің елордасы территория орталығы саналатын Ордабалыққа ауыстырылған деген тарихи деректер кездеседі. Екіншісі, Сарыарқа төсінен, елдің орталығынан әлем елдерінің лидерлері бас қосатын Сеул, Куала-Лумпур секілді «ақылды қала» («smart sity») – Астананы құру. Бүгінде Астананың ерекше сәулет өнерімен дараланатыны жиі ауызға алынады. 2019 жылы Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың басшылық өкілеттілігі өз еркімен тоқтатылған кезде Астана қаласының атауын ауыстыру туралы ұсыныс қабылданып, Н.Назарбаевтың құрметіне қазақ елінің астанасы Астана қаласы «Нұр-Сұлтан» атауына ауысты.

Ұзақ уақыттық дамуға ие болған елдердің көпшілігінде ел орталығы астананың географиялық нүктесіне, сәулетіне, халқының тығыздығына, т.б. ерекше мән берілген. Астана – мемлекет дамуындағы маңызды фактор

саналады. Осы тұста біз де «Ақ Орда» романындағы Қазақстан астанасы – Астана қаласы жайындағы жеке-авторлық көзқарастарды «Мәңгілік ел» көркем концептінің арнасын кеңейтетін айшықтар ретінде қарастырып отырмыз. Романның көркем мәтінінде келесідей мәтін бөлігі кездеседі: *«Бізге де Ел ордасын Алматыдан Астанаға көшіру оңай болған жоқ. Астана – тәуелсіздік тұғыры, енді ешкім шекарамызды баса көктеп, пәрменін жүргізіп, іргемізді сөгіп, басымызды бодандыққа ие алмайды дегеннің айқын айғағы»* [135, 456 б.]. Әрқашан халық жадында тұратын, халықты басқарушыларға сәт сайын ұмытуға болмайтын *сақтық ұғымы* осылай көркем мән арқылы ұғындырылады. Президент сыртқы елдерден қорғанудың тетіктерін елорданы орталыққа ауыстыру шаралары арқылы жүзеге асырады.

Кейбір зерттеушілер «Тоныкөк», «Білге қаған», «Күлтегін» ескерткіштеріндегі мәтін жазбаларын көркем ойдың, дүниетанымның мазмұндық, поэтикалық тұрғыда жетіле бастаған сатысы деп есептейді.

Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін деп,

Тәңірі мені қаған отырғызды.

Ең болмаса дәулетті халықты билемедім.

Іші ассыз, сырты тонсыз, әлсіз, нашар халықты басқардым.

Інім Күлтегінмен, екі шад, інім Күülü-чормен ақылдастым.

Әкеміз, ағамыз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп,

Түрік халқы үшін түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым [74, 132 б.] деп келетін «Білге қаған» ұстынындағы ерлік әрекетті бейнелеу сарыны «Ақ Орда» романының поэтикалық көркемдігіне де негіз болған.

«Астананың әр тасы беріктен қаланғанша,

досқа сүйініш, дұшпанға күйініш болып қазақтың әруақты ордасына айналғанша,

Есілдің қос қабағына қолдың саласындай сәулетті сарайлар бой түзегенше,

Эйфель, Александрийск мұнарасынан еш кемдігі жоқ Бәйтерек мұнарасы орнағанша –

түн аз ұйықтап, күндіз аз демалып, бейнетке белшесінен батып, тер төккені төккен» [135, 460], – деп келетін ой-толғамдар автор-кейіпкердің ортақ позициясынан баяндалады.

«Жүрегімнің төрінде жүрген мақтанышым да, мұңым да, сырым да – Астана! Бір ағашы сынып түсіпті десе – мұңайып, бір кірпіші сәнімен қаланды десе – марқайып қалам. Тәуелсіздігіміздің алтын қақпасы, бас қояр құбыласы осы!» [135, 461 б.], – деп тебіренеді Астана қаласы архитектурасының, ондағы биік мұнара – Бәйтеректің негізгі авторы ретіндегі кейіпкер Нұрсұлтан Әбішұлы. Осы жолдардан оқырман көз алдына «Астана – тәуелсіздік құбыласы» деген бейнелі сұлбаны елестетеді.

Ойымызды тұжырымдап айтқанда, Д.Досжанның «Ақ Орда» романында «Мәңгілік ел» көркем концепті когнитивтік модель және концептілік типтер негізінде құрылымдалған. Сонымен қатар, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дискурсындағы «доминант сөздер» арқылы «Мәңгілік ел» концептінің өзекті әрі шеткі қабаттарын айқындауға тырыстық. «Концепт мазмұны кейбір сана

фактілерін жалпы түсінік ретінде жинақтаған сансыз т.б. сөз, мәнмәтін және мәтіндер мазмұны арқылы толығады» [39, 8 б.]. Туындыдағы бірде Нұрсұлтан, Нұрсұлтан Назарбаев, келесі тұста Нұрсұлтан Әбішұлы деп аталатын кейіпкерді – Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Назарбаевтың прототипіне құрылған бейнені инвариант ретінде «Мәңгілік ел» көркем концептінің мәндік аясын кеңейтетін кілт сөздер қатарына кіргіздік. Өйткені уақыт бедерінде өзінің мән-мазмұнын жоғалтпайтын, Қазақстанның бірінші президенті ретіндегі көркем бейнесінің әдебиет тарихында тұрақталып қалуына осы романның үлесі мол деп есептейміз.

2 тарау бойынша тұжырым


«Мәңгілік ел» концептінің өзегінде қарастырылатын «қазақ», «Орынбор», «Қазақстан», «күт», «атамекен», «ұран», «астана» макроконцептілері және олардың көркемдік құрылымдары анықталды. Жазушы Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең» романы бойынша «Мәңгілік ел» концептін интерпретациялауға септесетін «қазақ» макроконцептінің «бұратана жұрт», «бодан жұрт», «әлі күнге құлқы беймәлім, мінезі әрпіл-тәрпіл, бас асау қырғыз-қайсақ», ұшарын жел, қонарын сай білетін, белгілі бір орнықты мекендері жоқ көшпелі жұрт», «ең тағы, жабайы», «қанішер қазақ», «ұры қазақ», «жалба тымақты жаман қазақ», «занды білмейтін басурмандар», «жомарт қазақ», «аңқау да аңғыр, бірақ турашыл һәм қайсар жұрт», «мінезі ашық», «уәдеге берік», «арлы жұрт» сынды фреймдері айқындалды. Сондай-ақ, «Тар кезең» романында «Мәңгілік ел» көркем концептінің «Мәңгілік ел» – қазақ», «Мәңгілік ел» – атақоныстың азаттығы», «Мәңгілік ел» – әділ билеуші басқарған халық» сынды когнитивті модельдері сұлбаланған.

Жазушы Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романы бойынша «қазақ» концептінің «мал бағып, көшіп-қонып жүрген жабайы қазақ», «сауатсыз, қараңғы халық», «электрдің жарығын, техниканың озығын білмеген қазақ» фреймдері «ол (өзге ұлт өкілінің көзқарасының негізінде)» ұстанымы арқылы, ал «ежелден мұсылман», «арғы дәуірлерден бастау алатын ұлттық мәдениет пен дәстүрге ие», «зындан мен түрмені білмеген бейбіт халық», «төзімді, шыдамды» фреймдері «мен (қазақ көзқарасы бойынша)» мәнмәтінінде айқындалды.

Қазақ әдебиетіндегі танымал автордың бірі Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай!» романында өлімнен қашу сарыны, «қазақ», «бірлік», «ақыл», «білім», «орыс», «музыка» концептілері «Мәңгілік ел» концептінің репрезентациясы ретінде көрініс тапқан. Сондай-ақ, «Берік бол, қазақ!» (Ә.Бөкейхан) және «Оян, қазақ!» (М.Дулатов) көркемдік идеялары «Әй, дүние-ай!» романында «Мәңгілік ел» концептінің өзегінен тыс жатқан шеткері аймақтарын (перифериясын) құраған. Б.Нұржекеұлы романында «Мәңгілік ел» концепті авторлық эксплицитті, имплицитті әдеби амалдардың көмегімен «бірлік», «білім», «намыс», «ұрпақ жалғастыру» құндылықтарының құлдырауы т.б. мәселелердің туындауы қазақ елін даму бағытынан тайдырып, тағдырына, болашағына орасан қауіп төндірді; дербес ел болу, мемлекет құру мұратын әлсіретіп, екіұдай күйге ұшыратты деген субъективтік көзқарас аңғарылады.

Д.Досжанның «Ақ Орда» романында теңеу, символ, метафора, кейіптеу, стереотип т.б. әдеби айшықтаулар негізінде «Мәңгілік ел» – тәуелсіз ел», «Мәңгілік ел – ата-бабалар армандаған мемлекет», «Мәңгілік ел» – демократиялы ел», «Мәңгілік ел» – өркениетті ел» когнитивтік моделдері айқындалды. Д.Досжан шығармасында «Мәңгілік ел» концептін түсіндіруге септесетін «қазақ» концептінің «білмейтіні жоқ», «жер астындағыны сезе алатын сақ», «сайтанның сапалағы» фреймдерімен қоса, «Қазақстан» концептінің «өр мінезін еш аласартпайтын», «тәуелсіздік деген ұғым бас қояр құбыласы», «жыртылған, өртелген тарихы қайта тірілген», «намысы, күші, жігері өзін өзі құрып кетуден сақтаған», «Азиядағы сауда-саттықтың кілті», «Еуразия кіндігінен жаңадан пайда болған феномен», «қонақжай», «даласындай дарқан мінезді» т.б. бейнелі құрылымдары анықталды.

2 тарау бойынша қол жеткізілген нәтижелер 1, 2 суретте көрсетілді.



Сурет 1 – «Мәңгілік ел» көркем концептінің «қазақ» концепті арқылы танылған фреймдік құрылымдары



Сурет 2 – «Мәңгілік ел» көркем концептінің когнитивтік модельдері

3 «МӘНГІЛІК ЕЛ» КӨРКЕМ КОНЦЕПТІНІҢ МЕНТАЛДЫ ҚҰРЫЛЫМДАРЫН ТОЛЫҚТЫРУДАҒЫ ТҮРКІЛІК ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ РӨЛІ

3.1 «Мәңгілік ел» концептінің көркем құрылымдық қабаттары

Бүгінгі күнде шетелдік когнитивтік әдебиеттанудағы концепт категориясын көркем туындыдан қарастыру үрдісі қазақ әдебиеттануында да өзекті әрі маңызды саналады. «Мәңгілік ел» концепті қазақ әдебиетінде ұзақ уақыттық қалыптасу, даму және жаңғыру тарихы бар ұлттық көркем концептілердің қатарына кіреді. Тарихи және әдеби-танымдық зерттеулерде «Мәңгілік ел» концептінің этимологиясы VI-VIII ғасырлардағы «Білге қаған», «Тоныкөк», «Күлтегін» және т.б. көне түркі ескерткіштер мәтінде, кейбір көне деректерде бұдан да арғы дәуірлерде басталған деп саналады.

Жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының «Мәңгітас» романында «Мәңгілік ел» концепті туралы көркем ассоциация тудыратын жеке авторлық образдар жүйесі, символ, метафора, теңеу т.б. бейнелеу құралдары көптеп кездеседі. Романдағы автордың көркемдік шешімі бойынша «Мәңгілік ел» концепті Жаратушы белгілеген ақырзаманға дейін ұлттың заттық һәм рухани мұралары өзіне тиесілі – мәңгілік болуы қажет деген шартты-бейнелі көркем ойлармен түйінделеді. Аталған романдағы ұлттық, түркілік құндылықтар мен кейіпкерлер жүйесінің образды жүзеге асырылуы «Мәңгілік ел» концептінің репрезентациясын құрайды.

Қазіргі уақытта қазақ қоғамында және әдебиетінде мәңгілік ел құру туралы, түркі халықтарының бір-бірімен рухани байланысы жайында танымдық әрі көркемдік ойлар жиі көтерілуде. Бұның үлкен себебін қазақ халқының тәуелсіз елге айналуы жағдайымен байланыстыруға болады. Жазушы Т.Зәкенұлының 2012 жылы жарық көрген «Мәңгітас» романында түркілік танымды сөз өнері аясында таныту идеясы алға шыққан. Романда көрініс тапқан көне түркі тайпаларының дүниетанымдық әлеміндегі мәңгілік мемлекет құру туралы көркем ойларды зерттеу жұмысымызда «Мәңгілік ел» концепті термині аясында қарастыруды нысанға алып отырмыз.

Қазіргі күні әлем әдебиеттануында ұлт мәдениетін кеңінен танытатын универсалия, образ, концепт, реалия сынды доминант сөздерді, басты кілт ұғымдарды зерттеу жұмыстары қолға алынған. «Мәңгілік ел» концепті өзге түркі халықтарымен қоса, қазақ халқының да менталды әлемінде маңызды орын алады. Ю.С.Степановтың анықтауынша, концепт дегеніміз – «мәдениеттің адам санасында ұйысуы. Ұйысу немесе шоғырлану арқылы мәдениет адамның ментальды әлеміне енуі» [23, с.43]. «Мәңгілік ел» концептінің мазмұны халықтың өз атамекенінде тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүру армандарының көркем шығармаларда образды түрде жүзеге асырылуын білдіреді. Аталған концептінің тарихи-діни, философиялық-мәдени, әдеби-эстетикалық негіздері «Білге қаған», «Тоныкөк», «Күлтегін», т.б. көне жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан деп санаймыз [74, 128 б.]. VI-VIII ғасырларда «Мәңгілік ел» концепті түрік, қазақ, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, гагауыз т.б. халықтардың менталды әлемінде тәуелсіз ел болу, алып империя құру армандарының негізінде пайда

болған еді. Концепт бола алатын алуан түрлі ұғым, идея, әлеуметтік көзқарастар, түсініктер алғашында халық жадында, этностар санасында «ұрықтанады», қалыптанады. Бүгінде түркі халықтарының бір бұтағы ретінде жеке мемлекет болып өмір сүріп жатқан қазақ халқының әдебиеті мен өнерінде «Мәңгілік ел» концепті қайта жаңғыру, даму сипатына ие болды. Бұның бірден бір себебін 1991 жылы Қазақстанның КСРО-дан тәуелсіздік алуы оқиғасымен байланыстырамыз. Өйткені қазақстандық ақын, жазушылар Кеңес одағы кезіндегі авторларға жасалған қысымнан құтылып, өз туындыларында ұлттың пайда болуы, тарихы, рухани таным бастаулары, дін т.б. мәселелер жайында кеңірек жаза бастады.

Жазушы Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романы 2012 жылы жарық көрген. «Білге қаған», «Тоныкөк» және «Күлтегін» ескерткіштерінде көрініс тапқан түркі халқын басқарушы қаған, батырлардың сөздері романда образды түрде жүзеге асырылып, қызықты сюжеттік желілерге арқау болған. Туындыда автор танымындағы мәңгілік ел болу туралы ойлар метафора, символ, градация, метафора, теңеу, шендестіру, кейіптеу сынды әдеби сөз қолданыстары негізінде жүзеге асырылған. Мәңгілік ел құру туралы көне түркілік түсініктер тәуелсіздік, тарих, салт-дәстүр, бірлік, татулық, атамекен, астана, т.б. рухани құндылықтардың көркем бейнеленуі аясында анықталады.

«Мәңгітас» романы он үш ғасыр бұрынғы уақыттағы қазақ, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, түрік, хакас, тыва, шор, гагауыз т.б. түркі халықтардың іргесі ажырамаған дәуірдің панорамасын көрсете алғандығымен ерекшеленеді. Т.Зәкенұлының «Көкбөрілердің көз жасы» романында да «Мәңгілік ел» концептінің көркем құрылымдары көптеп кездеседі. Қазақ прозасында VI-VIII ғасырлардағы түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігін суреттеген көркем туынды кездеспеуі мүмкін.

Тұрсынхан Зәкенұлының «Мәңгітас» романының жазылуы

Жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының 2012 жылы жарық көрген «Мәңгітас» романының тууына ескі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде көрініс тапқан көне түркілік дүниетанымдық көзқарастар жүйесі мен 2001 жылы «Күлтегін» ескерткішінің Жапонияда жасалған ғылыми көшірмесінің Қазақстан астанасы Астана қаласына көшірілу оқиғасы себеп болған. Туындыны көркем әрі деректі прозаның қатарына жатқызамыз. Өйткені шығармада Қазақстан мемлекетінде лауазымды қызмет атқарған тұлғалардың аты-жөні, олардың мәдениет және саясат саласында атқарған істері көркемдік өзгеріске ұшырамай, сол күйінде кірістірілген.

Ескерткіш көшірмесінің ашылу салтанатына орай өткізілген ғылыми конференцияда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөз сөйлеуі, И.Тасмағамбетовтің қазақ мәдениетін дамытуға қосқан үлесі т.б. танымал тұлғалардың әрекеттері көркем мәтінге эпизод ретінде алынып, ерекше авторлық көңіл-күймен баяндалады. Роман зиялы қауымның «Күлтегін» ескерткішінің көшірмесін ерекше қуанышпен қарсы алғанын суреттеуден басталады. Мәтін дискурсынан автордың түркілік, ұлттық құндылықтарға айрықша құрмет көрсетіп, жанашырлық танытатын қырлары аңғарылады. Осы романға алғысөз жазған жазушы әрі ғалым Т.Жұртбай: «Әңгімені қазақ елінің

жаңа астанасының өзінің мыңжылдық тарихи құндылықтарымен қайта қауышу сәтінен өрбіте келе, оқырманды «Күлтегін ескерткіші біз үшін неге керек? Несімен бағалы?» деген сұраққа бір жүгіндіріп алып, оның жауабын мың жыл бұрынғы мәңгітастар рухынан іздейді» [138, 3 б.] деп пікір білдіреді. Автордың өзі де: «Меніңше, Күлтегін ескерткіші арқылы-ақ халқымыздың тарихи сана-сезімі жаңаша бір биікке көтеріледі деп ойлаймын» [138, 9 б.] деп шығарманы жазудағы басты мақсатын туынды аясында оқырманға анық аңғартады.

Көркем мәтінде «Мәңгілік ел» концептінің жүзеге асырылу жолдары. Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романына VI-VIII ғасырларда түркі тайпаларына басшылық еткен Білге қаған мен Тоныкөк кеңесшінің Йоллығ-Тегінге мәңгілік ел құру туралы тасқа ойып жазған өсиет-кеңестері интертекст әрі көркемдік деталь ретінде пайдаланылған. Автор туындыда сюжеттік желілерді бастан-аяқ «Білге қаған», «Тоныкөк» және «Күлтегін» ескерткіштеріндегі халықтың басқа елдерге бодан болмауы, атамекенді ішкі-сыртқы жаулардан қорғау, қулық, жағымпаздық сынды теріс мінездерден арылып, халықты әділдік, бірлікке шақыру сынды ұстанымдарының негізінде құрады. Шығарманың баяндалуы барысында Еркебұлан кейіпкер түркі қағаны Білгенің рухы іспеттес елес бейнемен диалог құрады. Осы бейне ескі дәуірлердің оқиғаларын баяндайды. Оқырманды ойша «Мәңгілік ел» құруды армандаған көне түркілер өмір сүрген дәуірге сапар шектіреді. XXI ғасырдағы Қазақстан кеңістігі мен VI-VIII ғасырлардағы түркі қағанатындағы түрлі жағдайдағы оқиғалар параллель сипатта өрбиді.

Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романында «Мәңгілік ел» тіркесі романның тоғыз тұсында кездеседі. Автор роман мәтінінің бір тұсында түркілер дәуіріндегі қағандар армандаған «Мәңгілік ел» ұғымы утопия еді деп өзі тудырған көркем ойларға қайшы келеді. Туындыда градация әдісімен өрілген көркем баяндаулар түркілердің мәңгілік ел болу ойларының шынайы жүзеге асқандығын Қазақстанның тәуелсіз мемлекет атануымен байланыстырады. «... Бүгінгі Қазақия тарихтағы Батыс түркі қағанатының жері. Арада мың екі жүз жетпіс жыл өтсе де атты қазақтар одан ешқайда кеткен жоқ. ...Қазақстан сол айбатты қағанаттың жиырмасыншы ғасырда өз төрінде қайта жаңғыруы» [138, 17-18 б.]. Автор көркем туындыгерлігімен қатар, көне жазуларды оқи алатын тарихшы. Көне түркілерге қатысты тарихи деректерді қытай мұрағаттарынан іздестіріп оқып және оны романда көркем жүзеге асырған.

Автордың көркем пайымдауынша бүгінде әлем картасында жер көлемі бойынша тоғызыншы орынды иеленетін Қазақстан мемлекетінің іргесі түркілер дәуірінде қаланды деп есептеледі. Оның бірден бір себебі зерттеушілердің болжамы бойынша көне түркі жұрты мекен еткен далаға бүгінде Қазақстан мемлекеті ғана толықтай орныққан. «Құдайға шүкір, бүгін біз көне түркінің кіндікті қонысында әлем таныған өз қағанатымызды құра отырып, оның өткені мен болашағын қапысыз жалғастыра алатын нағыз білге сардарына сенім артқан екенбіз!» [138, 24 б.]. Мәтін ішіндегі мәтінде VI-VIII ғасырларда «қазақ» деген ұлт атауы пайда болмағанымен, мемлекеттік нышандары сол кезде қалыптаса бастағандықтан, бүгінгі қазақ халқының мемлекеттік бастауын сол дәуірден таратуымызға толық негіз бар деген авторлық ой тұспалданады.

Оқырман мәтін жолдарынан автордың түркі халықтарының – қазақ ұлтының өкілі болғандығы себебінен бойын ерекше мақтаныш сезімі билейтінін анық аңғарады.

Романның «Көне дүние күмбірі» деп аталатын бөлімінде автор Еркебұлан кейіпкер мен музейдегі Білге қағанның рухына оранған мәңгітастың бірін сұқбаттастырады. Ескі дәуір мен ХХІ ғасыр диалог құрады. Түркі халықтарының бір бұтағы – қазақ халқының өкілі Еркебұлан ел басындағы жағдайды баяндайды. Ескі жазба ескерткіштердің көп саны Моңғолия жеріндегі Орхон және Енисей өзендерінің бойынан табылып жатқаны ғылыми жаңалықтардан мәлім. Түркілерге тиесілі көне жәдігерлердің осы аймақтардан табылуы олардың негізгі мекендеген орнын көрсетеді. Еркебұлан кейіпкер де Білге қаған рухына оранған тасқа бұрынғы бөрілердің – бүгінде жеке-жеке мемлекет болған түркі халықтарының халін баяндайды. Халықтың бойында көнедегі бөрілік мінездің жойыла бастағанын, әлемдік деңгейде құрылған тұзаққа, қауіп төндірген елдерге қарсы күресер қажыр-қайраттың әлсірегендігін ашына әңгімелейді. Түркі халқы біріксе қайтадан бөріге айналатындығынан да үміт үзбейді. Бірақ қандай күйге түссе де қазақ халқының ежелгі түркілік арманды орындау жолында жұмыс істеп келе жатқанын жеткізеді. «Түркі бабаларым, сендердің «Мәңгілік ел», «мәңгілік төр» құру армандарың – бүгін біздің де арманымыз» [138, 32 б.] дейді Еркебұлан кейіпкер. Автор мұнда «Мәңгілік ел» концепті жайындағы көркем ойларды психологизмнің диалог формасы негізінде – кейіпкердің пафосқа құрылған сөздерімен білдіреді.

Туындыгердің когнитивтік санасындағы көкбөрі символы түркі тайпаларының менталды әлемін танытуда маңызды қызмет атқарады. Мифологиялық, фольклорлық жанрларда түркілердің батылдығы, күштілігі көкбөріге теңеледі. «Мәңгітас» романында да батырлық пен ержүректіліктің символы ретінде көкбөрі алынады. Зерттеуші Ш.Ниятова концептіге анықтама бере отырып, оны көркем мәтінде жүзеге асыратын амалдарды да атап өтеді. «Адам жадындағы пропозиционалды құрылымдардың әрбір қиылысындағы түйіндерде орналасқан концептінің ұлттық танымдағы күйі бастапқы деп саналады, ақын (туындыгер деп ұғынуға болады – *ізденуші*) сол концептілердің этномәдени санадағы негізгі мәнін сақтай отырып, өз ой-елегінен өткізеді де жаңаша сипат береді, яғни түрлендіреді. Ол үшін түрлі тілдік құралдарды, амал-тәсілдерді қиюластыра пайдаланады. Ондай аса тиімді тәсілдер қатарына метафора, символ, теңеу т.б. айшықтау амалдарын жатқызамыз» [109, 45 б.]. «Мәңгілік ел» құруды армандаған көне түркілер қасқыр секілді кең далада жортып жүрген қайсар, күшті, ризығын да түзден теріп жейтін көшпенді халық еді, ал бүгінде қазақтың бойында бөрілік мінез жойылып, оның рухы ғана қалды деген ойларын символдық әдіспен жеткізеді.

Еркебұлан кейіпкер бүгінгі заманның халін айтып, мұңайған сәтте автор кейіптеу әдісі арқылы Астана қаласындағы музейге орналасқан мүсінтастарға жан бітіреді. Екі кейіпкер диалогынан оқырман жалпы түркілік мәдениетте, оның ішінде қазақтың рухани әлемінде көкбөрі таңбасының маңызды орынға ие екендігінен көркем-танымдық ақпарат алады. «Түркінің текті қонысын, байырғы Он иелік жерін мекен еткен сенің көк байрақты елің де Күнмен,

Аймен, қара Жермен бірге мәңгі жасайды. Түркінің киелі жер-суы, көкбөрі иесі оны қорғайды» [138, 32 б.]. Автор түркі халықтарының танымдық жүйесін танытатын мол ақпаратты роман мәтініндегі екі сөйлем арқылы таңбалай алған. Көкбөрі таңбасын «Мәңгілік ел» концептінің көркем құрылымдарының біріне жатқызамыз. Суреткер кейіптеу әдісімен мүсінге жан бітіріп, көк байрақты Қазақстанның жер бетінде тіршілік тоқтағанша мәңгі өмір сүреді деген үмітті ойын Білге қағанның сөздері негізінде аңғартады. Еркебұлан мен Білге қағанның диалогын суреттеген жолдарда автор мейлінше көркемдік қиялына ерік берген. Роман экспозициясында Астана қаласындағы музейде Моңғолиядан әкелінген балбалтастардың орналасқандығы жайында автор оқырманды хабардар етеді. Сол мәңгітастарға жан бітіріп, түркінің айтулы тұлғасының атынан сөйлетуі автордың ерекше ой-қиялын көрсетеді. Автордың ассоциациялық шексіз қиял көріністерін өзгеше суреткерлік шеберлікке балауға болады. Оқырман да көне дүние мен ХХІ ғасырдың жағдайын жақсы білетін тасмүсіннің тарих тұңғығынан тіл қатқан Білге қағанның рухы кейіптес бейне екендігін диалогтың соңында біледі.

Түркі тайпаларының қасқырды тотем тұту дәстүрі автор санасына берік орныққан. Бөріні Тәңірдің жердегі бейнесі деп есептейтін туындыгер оның киелілік, қасиеттілік сипатын маңыздандыра түседі. «Егер көкбөрі киесі болмаса түркілер баяғыда-ақ жер бетінен жоғалған болар еді» [138, 108 б.]. Туындыда түркі мәдениетіндегі қасқырды культ санайтын мифтік, фольклорлық сана қайта жаңғырған. Роман мәнмәтінінде бөрі символы негізінде анықталатын «Мәңгілік ел» концептінің ескі замандарда халық мәдениетінде қолданбалы қызмет атқарғандығын пайымдаймыз.

«Мәңгітас» романында «түрік торғайлары» деген түсінікке тап боламыз. Сол дәуірде жыл сайын солтүстіктен қара торғайлар ұшып келгенде қытайлар «түрік торғайлары» келе жатыр деп қауіптен бастайды екен. Автор қара торғайлардың ізін ала мыңдаған түркі аттылары жетіп келіп қытай мекендерін тонап, талан-таражға салып кері қайтып кетеді деген көркем-танымдық деректі ұсынады. Аттылармен қоса, қара торғайлар да ілесе ұшып кетеді екен. Осы себепті қытайлар түркі балаларын қара торғайға, ересектерін құзғынға балаған. Ал, «Мәңгітас» романында түркілердің батырлығы, ержүректілігі көкбөріге теңелген. Түркі жұрты *көк бөріше* өмір сүріп, өзін *көк бөріше* қорғайды. Түптің түбінде *бөрілерше* өледі» [138, 80 б.] Роман мәтінінен алынған үзіндідегі жеке авторлық ассоциациялық образдар теңеу әдісі негізінде жүзеге асқан.

Ескі түркі халқында өзінің пайда болу тарихын көкбөріден тарататын тарихи аңыз, дастандар көптеп кездеседі. Халық арасында бұл мифтік ой-танымның қазіргі күнге дейін өмір сүріп жатқаны, тіпті, өзектілене түскені өмір сүру тәжірибемізден белгілі. Түркі халықтарының көп бөлігі ислам дінін ұстанғанымен, кейбір өкілдері бойындағы мінез-құлқын, күш-қуатын бөрінің табиғатындағы қайсарлық, алғырлық, бірбеткейлік сынды сипаттарымен байланыстырады. Түркі халықтары мәдениетіндегі қасқырды культ санау дәстүрі олардың діни сеніміне теріс ықпал тигізбейді.

Туындыда автор ежелгі грек және түркілік мифологияда кездесетін кентавр көркем таңбасын қайта жаңғыртқан. Жартылай адам, жартылай жылқы тәрізді

бейнеленетін кентавр-кейіпкер қазақ әдебиетінде инвариант образдардың қатарына жатады. «Мәңгітас» романында автор кентавр сөзін қолдану арқылы «Мәңгілік ел» құруды армандаған көне түркілердің көшпенді мәдениетін, отырықшы өмірге үйренгенше аттан түспеген қазақ халқының өмірін оқырман есіне түсіреді.

Романның көркем дискурсында «құт» концепті де кездеседі. «Құт» концепті түркі халықтарының дүниетанымында әр тарихи кезеңде түрлі ұғымда көрініс тапқан. Мысалы, зерттеушілердің кейбірі құт концепті түркі халықтарында ислам діні орнағанға дейін жан, рух деген ұғымда қолданылған деген пікірді алға тартады [139, p.117-138]. Сонымен қатар, М.Қашғаридің «Түркі тілдерінің сөздігінде», «Тоныкөк», «Күлтегін» және «Тоныкөк» ескерткіштерінде «құт» сөзі бақыт, бақ-дәулет мағынасында қолданылғандығын байқаймыз [140, 34-42 б.]. А.Ташағылдың тарихи зерттеулерінде «Мәңгілік ел» тіркесін құрайтын ел (ил) сөзі түрік қағанатында үлкен саяси құрылым – мемлекет атауының орнына жұмсалған. «Мемлекет – Тәңір тарабынан берілген құт саналады» [76, s.369]. Зерттеулердегі «құт» концептіне берілген түсіндірмелер оның бақыт, жан, рух, ырыс-молшылық, бақ, береке, ел басқарушы, қуаныш, шаттық сынды мағыналарда қолданылатынын көрсетеді. Көне түркі халықтарының танымында «құт» тек Тәңір арқылы беріледі деген түсінік берік орын алған еді. Құт категориясы түркілер дүниетанымы бойынша халықтың бақытты ғұмыр кешуі, ырыс-несібесі, байлығы, демократияға негізделген саяси билік ұғымымен де байланыстырылған. Түркі халықтарында құт адамзатқа Тәңірден сыйға берілген деп ұғынылды.

Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романында ежелгі түркі халықтарының орталығы болған Өтүкен қасиетті құтмекен, халықтың ырысы, байлығы дарыған қоныс ретінде сипатталады. Өтүкен – түркі халқына бақытты ғұмыр сыйлайтын мекен. «Күлтегін» ескерткішінің сол жақ бетіндегі (КТ. IV. 1-14): «Бұл сөзімде жалған жоқ. Түрік қаған Өтүкен жынысында отырса, елде мұң жоқ. ... Өтүкен жерінде отырып, керуен жіберіп отырсаң, онда мұңың жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң мәңгі ел тұтып отырар ең сен. Түрік халқы, тоқ та, аш та болдың сен. Аштықта тоқтықты түсінбедің сен. Бір тойсаң ашықпайтындай боласың сен» [74, 124 б.] деген жолдардан көшпелі түркі халқының сулы-нулы, шұрайлы жерлерді жайлағанын байқауға болады. Сонымен бірге, М.Қашғари деректерінде Өтүкен Орхон мен Селенга өздерінің аралығында орналасқан, халықты бір орталыққа бағындыратын, бірлікке, елдікке шақыратын, табиғаты жанға жайлы қауіпсіз аймақ саналғаны жайында жазылған. «Құт» концепті өрісінде «Мәңгілік ел» концептінің көркем-танымдық қабаттары өзектендіріле түседі.

Өтүкеннің мазмұндас формалары түркілік әдебиеттің әр дәуірдегі үлгілерінде де кездеседі. Мысалы, Оғыз қағанның ұрпақтарына төрт жүз жыл бойы құтты қоныс болған Ергенекон жайында «Ергенекон» дастанында, елді бақытқа жетелейтін, ырыс-молшылыққа кенелтетін, бірлікке ұйытатын Жерұйық Асан Қайғы толғауларында жердің кіндігі мағынасындағы символдармен берілген. Философ Ғ.Есім Жерұйықтың ұлттық мемлекет құрудың басты идеясы болғанын пайымдай отырып, осы сөздің сөзжасамдық

формасын түсіндіруге тырысады. Оның пікірінше, жер – ұлттық дүниетанымның басты ұғымы; ал ұйық – халықтың, ұлттың ұйып, ұйымдасып, бір мемлекетке бірігуі. Асан Қайғы толғауларында халыққа мекендеуге жайлы жер ретінде Қазақстандағы Еділ мен Жайық өзендері аталады.

Әр дәуірде түркі халқының айбынды тұлғалары негізін қалаған, халыққа құтты қоныс, қасиетті мекен боларлық Өтүкен, Ергенеқон, Жиделі Байсын, Жерұйық, т.б. идеялар ХХІ ғасырдағы Қазақстан халқының ұлттық прозасындағы «Мәңгілік ел» концептінің ментальды қабаттарын құрайды деп топшылауға болады. Ежелгі түркі жұрты ұрпағына мекен болмайтын жерлерді де атап көрсетеді. Ондай географиялық нысандар қатарына Қытай шекарасына жақын Хуанхэ өзеннің сыртындағы (Сарыөзен) үш тау – Құлантау, Бөрілі тау, Шұғай құзы және Ордос жазығын көрсеткен.

Түркілер өздерінің ежелгі атамекенінен бас тартуының да себептері бар еді. Жаз жайлауы, қыс қыстауына айналған бұл жерлер Қытайға өте жақын болғандықтан түркілер сансыз қантөгіске ұшырап, қиындыққа тап келеді. Шекараға іргелес тұрып, екі ел арасына қатынау оңайға түскендіктен түркінің қаған, бек, еркін, шадтары қытайдың көз қызықтырар жас қыздары мен алтын-күміс әшекейіне, жібек матасына әбден арбалып, соңы бірінші түркі қағанатының ыдырап, халқының қытайға бодан болуына алып келді. Қытайлар түркінің қыз-келіншектеріне дейін қызылды-жасылды дүниелерімен, қымбат киім-кешектерін сыйға тартып, алдауына түсіріп, түпкі мақсаттарын жүзеге асыруды қолға алған еді. Осыны жіті андаған Тоныкөк дана мен Елтеріс Құтлық қаған ел ордасын Өтүкенге ауыстырған еді.

Құтты қонысты іздеудің көркемдік әдіс-тәсілдері 2004 жылы жарық көрген Ұ.Доспанбетовтың «Абылайдың ақ туы» [141] романында да сәтті жүзеге асырылған. Романда Төле би бейнесіндегі кейіпкер жалайыр Өтеген Сәбденұлы мен дулат-жаныс Өтеген Өтеғұлұлын «Жерұйықты» іздеуге аттандырады [142, 76]. ХVІІІ ғасырда қазақ жеріне жан-жақтан қауіп төніп, әрі халық ішіндегі алауыздық әрекеттер өрши түскенде Төле би осындай әдісті ойлап тапқанға ұқсайды. Екі кейіпкер Әмудария жағалауынан бастап Ауғанстан, Кавказ аралығында жатқан ұланғайыр жерді шарлап келіп, Төле биге төмендегідей баяндайды. «Ағайын-туған! Қарындас ел! Алты алаштың азаматтары! Мына жарты әлемнің тау мен тасына табандарын тоздырған мұзбалақтарымыз дұрыс айтады! Жердің құты Алатау мен Қаратау! Одан әрідегі Жетісу! Жердің құты, жерұйық дегеніміз, міне, солар! – деп Төле би саңқылдағанда зеңгір көк әйнекше шытынап, ойдан-қырдан жиылған дүйім көптің төбесіне құлап түсердей әсер қалдырған» [141, 413 б.]. Автордың жеке көркемдік қабылдауының нәтижесінде Алатау, Қаратау, Жетісу жерлері Жерұйық мекенге телінеді. ХVІІ ғасырдың соңы мен ХVІІІ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Өтеген батырдың әділдігі мен батырлығына және халық басына қиын күндер орнағанда малға шұрайлы жер – Жиделібайсынды іздестіргені жайлы эпсаналардың бар екендігі белгілі. ХV ғасырдағы Асан Қайғының Жерұйық идеясы үш ғасырдан кейін халық жадынан туған шығармаларда көрініс табады. Сөз өнеріндегі осы дәстүрлі желі үзілмей ХХІ ғасырдағы қазақ романында қайта жаңғырған. Фольклортанушы С.Қасқабасов: «Жиделі байсын – Өзбекстан

ССР-нің Сухандария облысында. Ол құтты қоныстың символы болып Асан Қайғы жайындағы эпсанаға, кейін XVIII ғасырда енген. XVIII ғасырда жоңғарлар шапқыншылығының нәтижесінде халық қатты күйзеліске түсіп, басқа бақытты жер іздеу идеясы қайта етек алып, бұрынғы эпсана жаңадан жырланған еді» [88, 83 б.] деген пікір білдіреді. Сондай-ақ, ғалым Жерұйық пен Жиделі байсын атаулары аңыздарда ауысып қолданыла беретіндігін де алға тартады. Әр кезең шығармаларында көрініс тауып отырған құтты қоныс бейнесін «Мәңгілік ел» концептінің өзегінде қарастыруға болады.

Кемелденген ұлттық идеяға арқа сүйеген елдер ғана жаһандануға жұтылып кетпей, асылын қабылдап, ұлттық болмысы мен табиғатына нұқсан келтіретін тұстарын айналып өтеді. М.Шоқай XX ғасырдың басында-ақ жаһанданудың қазаққа да жететінін біліп, бүкіл түркі жұртын бір тудың астына біріктіргісі келген-ді. Аталған романдардың көркем дискурсын құраған «Оян, қазақ!», «Қорған, қазақ!», «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» идеяларын «Мәңгілік ел» концептінің тарихи қабаттарын түсіндіретін тірек концептілер ретінде қарастырғанымыз жөн.

«Мәңгітас» романында «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік мазмұнын бірлік, татулық, қайырымдылық құндылықтары жайында сөз өрбітетін кейіпкерлер диалогынан іздестіруге болады. Тоныкөк кейіпкердің ойынша бірінші кезекте отбасына, туған ортасына мейірімді, қамқор болған адам өз еліне де қайырымдылық танытпақ. Жазушы түркі халықтарын біріктіретін басты құндылықтың бірі – көшпенді мәдениет деген идеяны алға тартады. «Батысы Темірқапықтан, шығысы Қыдырхан қиясына дейінгі маң далада егер бірге көшіп, бірге қонып жүрмесек, бір-бірімізге қайырымды болмасақ, малымызды жаңалап бақпасақ, үлкеннің тілін алмасақ, кішіні аяламасақ, онда түркі халқы жоғалар еді» [138, 140 б.]. Біз қарастырған «Мәңгілік ел» концепті мәтін мәнмәтінінде ұлттық құндылықтар өрісінде өзектендірілген. VI-VIII ғасырлардан бері түркі халқы, оның бір бөлігі ретіндегі қазақ халқы XXI ғасырға дейін үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге ізеттілік танытпаса, қоғамда адамдар бір-бірімен татулық, бірлік қатынасын орнатпаса «Мәңгілік ел» – тәуелсіз мемлекетке қол жеткізе алмас еді деген авторлық ойды ұғынуға болады. Қазақ халқы аталған құндылықтарға арқа сүйегендіктен «Мәңгілік ел» құру арманы XXI ғасырда қайта мән-маңызға ие болды.

VI-VII ғасырларда түбі бір түркі халықтарының басты жауы – Қытай еді. Бұдан басқа түркінің басы бірікпеген, іштей алауыз болған бір бұтақтан тараған Түркеш, Енисей қырғыздары, оғыз, басқа да Тибет, Қытан сияқты ішкі және сыртқы жаулары бірде Қытаймен, бірде өзара бірігіп немесе жекелей сан рет түркі жерін шабуылдағаны белгілі. Түркінің бойында жауды жеңетін Тәңірі сыйлаған өр мінез де, бөрінің рухы да, дұшпанға қарсы шайқаста шыдас беретін пырағы да, қару-жарағы да жетерлік еді. Түркілерді ұрпағымен қоса қытайландырып, өзге елдің тілі мен дінін қабылдаттырып, бар болмысынан айырған, соңында түркі мемлекетін тарих сахнасынан жойып жіберген ішкі алауыздық, әділетсіздік, сатқындық, көреалмаушылық, билікке таласушылық еді. В.И. Карасик пен Г.Г. Слышкиннің зерттеуінде мәдениетті танытатын лингвомәдени концептілерге құндылықтық сипаты тән деп көрсетеді [143, с.13-

14]. Көркем туынды мәдениеттің ірі элементі болғандықтан және көркем мәтінде ұлттың, халықтың ауқымды мәдени түсініктері кодталғандықтан зерттеушілердің бұл пікіріне біз де сүйенеміз. «Ол жерлерді де өз көзіммен көріп Өтүкенге оралып, шығыста Қытанмен, Когуремен, батыста Тибетпен одақтасып, Табғаш елімен де тату тұру – арманым. Сондай күнге қол жетіп, Түркі төрін, қағанатын мәңгіге орнықтыра алсам, – ол дүниеге армансыз кетер едім, – деді енді ғана келіп қасына тізе бүккен Күллі-чорға қарап» [138, 365 б.]. Мемлекет тәуелсіздігін ұзақ дәуірлер бойына сақтап қалу үшін бірлік, татулық, тәуелсіздік құндылықтарын мықтап ұстану қажеттілігі айқын аңғарылады. Аталған құндылықтарды қалыптастырып, өмір бойы халықтың соған арқа сүйеуі жер, тіл, халық, т.б. факторлар мемлекет үшін қаншалықты маңызды болса бұл құндылықтардың қызметі де соған барабар.

Түркі империясы өмір сүрген дәуірде бірлік, татулық құндылықтары ыдырап, басшылардың ішкі әлсіздігін, кемшіліктерін айқын таныған Тоныкөк дана мен Білге қаған келешек ұрпаққа сабақ, үлгі болсын деп теріден, ағаштан, қағаздан жасалған жазу құралдарына емес, тасқа ойып жазып қалдырды. Тасқа қашалған жазулар ғасырлар бойы табиғаттың қандай дүлей күші соқса да өшпей, мәңгіге сақталады деген мақсаттан туған. Тастағы жазулардың танымдық мәні осында жатыр. Түркі тұлғаларының халқына, болашақ ұрпағына айтылар сөзі түркінің өзінің емес, оның қас жауы – қытай патшасы өзі таңдаған шебер бәдізшілердің қолымен жазылды. Елі үшін туып, халқын, жерін қасық қаны қалғанша қорғаған ерлерді жау елдің өзі құрмет тұтып, қабырғасы қайыса қайғырып, мұң-шерін хат арқылы жолдаған. «Мәңгітас» романында қытай патшасы ретінде бейнеленген Таң Гаузон түркінің Білге қаған, оның кеңесшісі Тоныкөк, Күлтегін батыр қаза тапқанда олардың өсиеттерін тасқа қашап жазатын ұсталарды түркі жеріне өзі аттандырады. Романда түркілердің «Мәңгілік ел» құру мақсатымен қоса, қытай патшалығының да басқа елдерді өз қоластына бағындыруға негізделген «Молуэ» стратегиясы жан жақты түсіндіріледі. «Молуэ» саясатының мәні – елдерді бір-біріне айдап салу арқылы жойып жіберу.

Романда оқиғаны ерекше шабытпен, толқынысты күймен баяндайтын тұстар жиі кездеседі. Автордың көне түркілер дүниесіне, тарихына, дәстүріне ынтықтығы, құрметі алдыңғы планға шыққан. Автор жан-дүниесінің осы тақырыпқа аса жақындығы көне дәуірлердің рухы сіңген тарихи, жағрафиялық нысандардың (Қытай астанасы Чанань, Алтай, Өтүкен таулары, Хуанхэ өзені, т.б.) мән-маңызын, түркі (Ілік, Қара, Құтлық, Қапаған) мен қытай қаған, патша, патшайымдарының (Таң Тайзон, Таң Гаузон, У-Мэй), батырлардың саяси, тарихи тұлғасын оқырманға танытуда едәуір көмектескен.

Екінші Түркі қағанатының іргесін қалаған Құтлық қағанның басы сомдалған мүсін де романда көркемдік деталі міндетін атқарып тұр. Қазіргі ғылыми ортада түрколог Қ.Сартқожаұлы Моңғолиядан Құтлық қағанның басы бейнеленген мүсінді жымқырып Қазақстанға алып келген деген пікір бар. Кейбір сұқбаттарында ғалымның өзі де бұл әрекетін мойындайды. Авторлық баяндаулардан түсінгеніміздей, бұл бас мүсін Құтлық қағанның мемориалдық кешенін қазған кезде табылған.

Автор солтүстіктегі тундра өлкелерінен бастап Памир, Бұланай, Қорғалжын-Теңіз тауларын, оңтүстігі Шу, Талас өзендеріне дейінгі аралықты мекендеген көне көк түріктердің орнында бүгінде Қазақ мемлекеті өмір сүріп жатыр деген ойды алға тартады. Романда көбіне түркі қағанатының екінші кезеңіндегі тарихи оқиғалар қамтылып, соңы Астана шаһарында «Мәңгілік ел» қақпасының тұрғызылуымен аяқталады.

Шығарманың көркемдік қуатымен қоса, ғылыми және тарихи деректік әлеуетінің жоғарылығын да атап өткеніміз жөн. Автор сөзбен сурет салғаннан гөрі тарихи фактілерді жарыққа шығару, оқырманға жеткізу мақсатын бірінші орынға шығарғанға ұқсайды. Бұған өзінің тарихи зерттеушілігімен қоса, көне жазуларды оқи алатын бірнеше тілдерді білу қабілетінің арқасында қол жеткізген ғылыми табыстары себеп болуы мүмкін. Автор – жазушы әрі ғалым. Алайда сол дәуірдің айтулы кезеңдерін суреттеу барысында автор жасаған сәтті көркем сюжеттерді ескерген жөн. Туындының алғысөзінде ғалым Тұрсын Жұртбай: «Тілі жатық, оқиғалары қисынды, шешімдері нанымды, тарихилық пен көркемдік шебер үйлесім тапқан» [138, 4 б.] деген пікір білдіреді. Бұл пікірмен өз тарапымыздан келісетін де, кереғар келетін тұстар да табылады.

2015 жылы жарық көрген романның 64-бетінде үш сөйлем бірінен кейін бірі «*edi*» көмекші етістігімен аяқталған. Сол сияқты басқа беттерде де «*екен*» модаль сөзі арқылы тізбектеле біткен сөйлемдер кездеседі. Әдеби тіл нормасына енбеген сөздер де қолданыс тапқан. Мысалы, «жамбыл» сөзі мәтіннің бірнеше тұсында қолданылған. «Жамбыл» сөзіне «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «қорған, үлкен қора» [144] деген сипаттама берілген. Мұндай көне сөздерді көркем жанрда қолданып, оқырман санасында қайта жаңғырту халықтық лексикалық базаны молайта түседі. Романның көп тұсында көне түркі жазба ескерткіштер мәтінінің қазақша нұсқасындағы: «Түркі халқы өлді, жойылды, қағанды халық едім, қағаным қайда? Елді халық едім, елім қайда? – деп зар жылады» [138, 40 б.] деген үзінділер 40, 87, 153 беттерде жекеше, көпше түрде пайдаланылған. Ескерткіштер мәтінінің аударма стилі мәтіннің бір тұсына сәтті кіріктірілсе, келесі бір жерінде көркемдігіне нұқсан келген.

Сонымен қатар, романның бірінші, екінші және соңғы тарауларында Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің Астанаға келуін ерекше ілтипатпен қарсы алған қазақ ғалымдарының бейнесі көрінеді. Мәселен, Қарекен кейіпкер бейнесінде әлемге танымал қазақтың түрколог-ғалымы Қаржаубай Сартқожаұлы, Түмен аға – алаштанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбай, Ақберен Сейілбек – белгілі жазушы, публицист, аудармашы, этнограф Ақселеу Сейдімбек, Қойшыбай Салмырза – белгілі тарихшы ғалым Қойшығара Салғараұлы, т.б. Қазақстан ғылымында өзіндік орны бар ғалымдардың шығармадағы көркем бейнесін ажырату қиынға соқпайды.

Түркі тарихынан сыр шертетін мәңгітастардың ғылыми-танымдық негізін белгілі тарихшы, ғылыми зерттеулері көне жазба ескерткіштерімен, алаш жұртының руханиятымен тікелей байланысты ғалымдардың бейнесімен ұштастыра отырып ашуға ұмтылған авторлық мақсат та байқалады. Бұл тәсіл

сәтті шыққан. Өйткені он үш ғасырдан бұрынғы рухани, мәдени құндылықтар қазақ халқына, әлемге ғалымдардың еңбегінің, қажыр-қайратының арқасында ғана жетіп отыр. Түркологтардың зерттеулерінен тыс қандай жанрда болса да әңгіме өрбіту қисынға келмейді.

Романдағы түрколог-ғалым Қарсақбай Сартқожаұлы – Қаржаубай Сартқожаұлы реалды өмірде түркология ғылымында «Орхон мұралары (1, 2 кітап)», «Орхон ескерткішінің толық атласы», «Байырғы түрік жазуының генезисі», т.б. қазақ және шетел тілдеріндегі іргелі зерттеулерімен танымал. Сонымен қатар, бүгінде Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде түркі этносының «Жазу мұражайын» басқарушы. Қ.Сартқожаұлы Санкт-Петербургте түрколог С.Г.Кляшторныйдың жетекшілігімен ғылыми жұмысын қорғаған. Этнограф-ғалым, публицист Ақселеу Сейдімбек те «Қазақ әлемі», «Күй шежіресі», «Көшпелілер тарихы», «Мың бір маржан», т.б. танымдық еңбектерімен танымал.

Романда Күлтегін ескерткіші көшірмесінің келуіне орай өткізілетін ғылыми конференцияға дайындықта көрінетін кейіпкер Қойшыбай Салмырза белгілі тарихшы-этнограф Қойшығара Салғараұлы екендігін жоғарыда айтып өттік. Күлтегін сыйлығының иегері Қ.Салғараұлы «Жер жаһанда арғы атаңның ізі бар» ғылыми-танымдық еңбегімен және «Қазақтар» трилогиясымен көпшілікке танымал. 1996 жылы «Қазақтар» романы үшін ҚР Мемлекеттік сыйлығымен марапатталған еді. Байқағанымыздай, романдағы қазақ зиялыларының көркем бейнесі түптұлғаға өте жақын келеді. Тек есімдері аз ғана дыбыстық, буындық өзгерістерге ұшыраған.

Түркологиядағы, әсіресе, көне түркі жазба ескерткіштер тіліне байланысты түйткілді мәселелер зиялы қауым өкілдерінің өзара полилог, диалогтарына да кіргізілген. Әлемдік, отандық түркологияда мәселе ретінде жиі айтылатын В.Бартольдтің, С.Кляшторныйдың, В.Томсеннің жазба ескерткіштер мәтініне қатысты ғылымға еніп кеткен қате тұжырымдарын, түркі дүниесіне деген астамшыл көзқарастарын автор мәтінде келесі жолдармен көрсеткен. «Көне түркі ескерткіштерін зерттеген көптеген жатжұрттық ғалымдар өздерінің ұлы ұлттық және еуропацентристік ұстанымынан арыла алмағандықтан қарастырып отырған зерттеу нысанын да сол тұрғыдан пайымдайтын. Дәл осы тұжырымдама түркілік мәдениет пен дүниетанымның түп-тамырын жатжұрттардан іздеп, мәдени-рухани болмысындағы ілгерілеушілікті соларға тәуелді етуді әдетке айналдырған. ...Ал, енді бүгінгі таңда көне түркілер мен қазақ халқының тарихи-генетикалық сабақтастығын жан жақты зерделеуге мол мүмкіндік туды» [138, 12 б.]. Автор алға тартып отырған көріністер шындық еді. Кеңес кезеңінің ғылымында жазба ескерткіштерге байланысты зерттеулерде филологиялық (тілдік) мәселелер ғана көтерілген болатын. Түркінің мемлекеттік статусы, құрылу тарихы, ел басқарған қағандары мен батырлары, ұлттық құндылықтары қалыс қалып келген болатын. Тіпті, роман мәтінінде ежелгі қытайлықтарға атқа міну өнері мен сапалы шалбар тігіп киюді түркілер үйреткен деген де жолдар кездеседі.

Романда автордың тарихи-эстетикалық терең ой қалтарыстарын айқындауда хронотоп категориясы жоғары көркемдік қызмет атқарады. Автор баяндау,

суреттеу, бейнелеу тәсілдері негізінде ХХІ ғасыр оқырманының көз алдына қазіргі күні тарихи кеңістікте бұлдырға айналған VI-VIII ғасыр оқиғаларын келтіреді. «Әрбір жазушы шығармашылығы негізінде физикалық, эмоционалды, моральдық әрі интеллектуалды тұрғыда өзіне жақын келетін нәрсені жеткізуге ұмтылатындықтан туындыда бейнеленген кеңістік арқылы суреткердің шығармашылық түпкі ойы, фантазиясы, дүниетанымдық және әлемді қабылдауының өзгешеліктері анықталады» [145, 14 б.]. Баяндауға құрылған оқиғалар статикалық (тұрақты) және динамикалық (қозғалмалы) сипатта дами отыра, көп жағдайда, қайта құрылған түркілер қағанатының екінші кезеңін қамтиды. Сол дәуірдің қуатты рухымен қауыштырып, айбынды мемлекет құрған түркі қағандарының, бектерінің жеңісімен, күрескерлігімен сүйіндіріп, қателігінен сабақ алуға үндейді. Оқыған адам көне ғасырлардың тарихи болмысын, бояуын өн бойымен сезіне алады. Осы тұрғыдан алғанда автор оқырманға жақсы туынды сыйлады деп айтуға болады.

Жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының «Мәңгітас» романында «Мәңгілік ел» концептінің көптеген көркем құрылымдары кездеседі. Автор танымындағы «Мәңгілік ел» концептін танытатын ойлар роман мәтінінде символ, кейіптеу, образ, метонимия, метафора, теңеу, антитеза сынды суреттеу амалдары негізінде көрініс тапқан. Туындыгер «Мәңгілік ел» атануды армандаған көне түркі халықтарын және оның бір бөлігі қазақ халқын көкбөріге теңейді. Қасқырдың төзімді, батыл, бірбеткей мінезі, еркіндік сүйетін, өз үйіріне қамқорлық танытатын қырлары түркі халықтарының бойындағы батырлық мінезімен салыстырмалы түрде суреттелген. Шығармада VI-VIII ғасырларда, одан кейінгі дәуірлерде де көшпенді өмір сүрген түркі халықтарының бойындағы батылдың, ержүрек мінездің символы ретінде қасқыр бейнесі көрініс тапқан. Автордың ойынша интеллектуалдық, рухани-моральдық әрі физикалық тұрғыда әлеуеті мығым халық тәуелсіз мемлекет – мәңгілік ел құра алады.

Сонымен қатар, «Мәңгітас» романындағы тәуелсіздік, бірлік, отан, мемлекет, қайырымдылық сынды жалпыадамзаттық және үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, ата-баба дәстүрін құрметтеу сынды түркі халықтарына тән ұлттық құндылықтар жайындағы көркем мәнді ойлар да «Мәңгілік ел» концептінің мазмұндық аясын кеңейтеді. Мұнда автор, халық рухани құндылықтарды өмір сүру тәжірибесінде ұстанатын болса, мемлекеттің дамуына нұқсан келмейді деген идеяны ұстанады. Туындыда «Мәңгілік ел» концептін танытатын авторлық ойлар ескі түркі тайпаларының және қазақ халқының мемлекеттің тәуелсіз, халықтың еркін өмір сүруін қалаған және өздері де осы жолда қызмет еткен тұлғалардың көркем бейнесі негізінде қайта жаңғыртылған. «Мәңгілік ел» құру идеясын ұстанған түркі халықтарының маңызды тұлғалары әрі басшысы Білге қаған, Тоныкөк кеңесші және Күлтегін батырлардың ұстанымдары «Мәңгітас» романының көркемдік идеялық шешіміне айналған. Аталған кейіпкерлер болашақта қазақ әдебиеті тарихында инвариант образдар ретінде тұрақталып қалуы мүмкін.

Тұтас түркі халықтарына ортақ мәдени жәдігер саналатын «Күлтегін» ескерткішінің ғылыми көшірмесінің Қазақстанның ескі астанасы Астана

қаласындағы музейге орнығуы авторға шексіз шығармашылық шабыт сыйлаған. Шығарма авторы көне түркі тайпаларының уақытында пайда болған «Мәңгілік ел» құру туралы арман бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жерінде жүзеге асырылды деген көркем ойды негіз етіп ұстанған. Романда көркемдік таңба ретінде қолданылған Күлтегін батырдың ескерткіші ескі түркі дәуірі мен қазіргі Қазақстан арасын рухани тұрғыда байланыстырған. Автор шексіз қиялының негізінде екі тарихи кезеңге еркін сапар шегеді. Туындыда VI-VIII ғасырдағы түркі тайпалары өмір сүрген дәуір мен XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамында параллелдік тұрғыда суреттелген оқиғалар жиыны ескі түркілік дүниетанымдағы «Мәңгілік ел» ол бүгінгі Қазақстан Республикасы деген көркем идеяны алға тартады. Яғни, автордың көркемдік қиялына сәйкес көне түркі тайпаларының «Мәңгілік ел» туралы арманы жүзеге асқан. Сондай-ақ романда тарихи шындық пен көркемдік шешім категориясы сәтті қабысқан. Романдағы образды жүзеге асырылған тарихи деректер оқырманға түркі халықтарына қатысты тың мағлұматтарды ұсынады.

3.2 Инвариант бейнелер өрісіндегі «Мәңгілік ел» концепті

Н.В. Володина кейіпкерді концептінің бір типіне жатқызады. Сөз өнері әлеміндегі мәдениет пен тарихтың күрделі, басқа халық әдебиетінде қайталанбайтын, тұрақты – инвариант образ, кейіпкер, қаһармандар жиынтығы дербес ұлттық концептосфера базасын молайтуға септігін тигізеді. «Концепт әдебиетте барлық уақытта образ арқылы жүзеге асырылғанымен, кез келген образ концепт болады дей алмаймыз. Ол үшін образ инвариант (*көркем әдебиетте тұрақталған – ізденуші*) мәнге ие болып, халықтың менталды әлемінен орын алуы тиіс, сонымен қатар, образға тұрақты, қайталанатын сипат тән болып келеді. Сондай-ақ, мәдениетте де таңбалық құбылысқа айналуы қажет» [39, с.10]. Осындай пікірлерді негізге ала отырып, біз де инвариант образдарды (кейіпкерлерді) «Мәңгілік ел» көркем концепті өрісінде қарастырдық.

Қазіргі қазақ прозасында бүгінгі қазақ жерінің территориясында мемлекет құрып, арнайы заңын жасақтап, мәдени, рухани құндылықтарын қалыптастыра білген түркі халықтарының қаған, бек, батырларының бейнесі сомдалған романдар жоқтың қасы. Мұндай туындылар қатарында жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының «Мәңгітас» романын ғана атай аламыз. Романда Ілік, Тай, Қара, Низек, Инан, Құтлық, Білге қағандардың өрлік, саясаткерлік, дипломаттық қыры мен тарихта даналығымен, абыздығымен аты сақталған Тоныкөк, айбынды батыр Күлтегін, Үмбе, Моншақ т.б. тұлғалары сомдалған [148, p.275-276]. Түркінің аталған қағандары мен батырлары жеке бас мүддесінен халықтың еркіндігін, тәуелсіздігін бірінші кезекке шығарды. Ышбара Қараның қағандық тұлғасы Тоныкөк әкесінің атқосшысы болған Менұтай, қаған мен Тоныкөк арасындағы үш кейіпкердің полилогтары арқылы танылады. Қытай билігіне, әсіресе, қыздарына үйір болған түркілік Ілік бек Ябғу қаған арасындағы қарым-қатынастардан, Таң патшалығының алғашқы қағандарының бірі Таң Тайзоң қайтыс болған тұста түркі халқын қытайлардың бодандығынан босатуға әрекет жасаған ерліктеріне куә боламыз. Патшасы қайтыс болған тұста

қытайлар арасындағы өзара алауыздықты ұтымды пайдаға асырған Қара қаған Батыс түркі қағанатына (651-659 жылдары) иелік етеді. Жеті жыл бойы қағандық құрған мерзімде ешбір қытай түркі жеріне аттап баспаған екен. Бірақ қытайлар «бір-бірін өзара айдап салу» стратегиясын ұтымды қолдана отырып, өз қоластындағы түркі әскерлерінің және әлі боданға түспеген өзге түркі қосшыларының, әскерлерінің айласы арқылы Қара қағанды қолға түсіреді. Бұл оқиғалар романда қаған сөздері арқылы көрінеді. Қара қаған қытай жерінде тұтқында жатқан жерінде қаза табады. «Түркіні басқарған бұрынғы Түмен, Мұқан, Тоң Ябғұ қағандардың үмітін ақтай алмадық, Түркі төрін (билігін), мемлекеттігін ұстап тұра алмадық» [138, 66 б.] деген Қара қағанның шарасыз, дәрменсіз, күш-қайратынан ажыраған, жігерсіз бейнесі танылады. Түркі жұртын басқарған Ілік, Тай (Қабы), Қара қағандардың тағдыры ұқсас өріліп, жат жұрттың тар қапасында жатып өмірмен қоштасады. Ілік, Қара қағандарды Қытай патшасы Таң Гаузоң ел-жұртының болашағына алаңдап, сыртқы жаумен сан рет айқасып, қайғыдан қаза тапқан жоғары құрметке лайық, келешек ұрпақ үлгі тұтар ел басқарушысы деп таниды. Автор тұжырымы осыған саяды. Екі қағанның да өз түркі жұртының қолымен қытай билігіне тапсырылып, сонда өлім құшқаны оқырманды екіұдай күйге түсіреді. Ілік қаған қолға түскеннен кейін түркінің түліс қағанаты жойылып, қытайға бодандыққа беріледі. Автор «Табғаш қағанның да өмір бойы айдарынан жел еспес. Сондықтан орайы келгенде түркі, оғыз бектері, халқы ту түбінде бірігіңдер. Есеңгіреген, тозған елді қайта жинап-теріңдер!» [138, 275-276 б.] деген түркі ұрпағының өкілі ретінде Тоныкөкке қарата айтылған сөзді Қара қағанның өсиеті, кеңесі ретінде келтірген. Қара қаған өмірінің соңында түркі баласы қытайдың бодандығынан түпкілікті босап, бостандығымен қайта қауышар деген ниетінен қол үзбегендігі айқын көрінеді.

Түрколог Қ.Сартқожаұлы «Мәңгілік ел» идеясының негізін данагөй, түркі қағандарының кеңесшісі қызметін атқарған Тоныкөк қалады деп есептейді [66]. Қазақ әдебиетіндегі Тоныкөк, Білге қаған және Күлтегін бейнелерін инвариант образдардың қатарына жатқызамыз. Өйткені түркілік-қазақы мәдениетте аталған қаһармандардың орны ерекше әрі маңызды саналады. Шығарманың сюжеттік-композициялық бөлігін құрайтын шағын эпизод арқылы автор оқырманға қазақтың ұлттық ән-күйлерінің танымдық мазмұнын көркем түсіндіруге тырысады. Домбырамен шертілген күйдің ғажап әсерін суреттеген көне түркі халықтарының көшін елестететін бейнелі картина пайда болады. Биік хан сарайының іргесінде отырған Тоныкөктің ақылман қыры мен қарттық шағын кейіптеген сюжеттік желіде Елтеріс, Қапаған, Білге қағандар мен Күлтегін батыр да соғысқа арналған киім-кешек пен қару-жарақ асынған кейіпте суреттеледі. Автор тудырған образдарды инвариант кейіпкерлерге балаймыз, яғни әдебиетте сирек кездесетін, кейіпкерлердің аты аталғанда Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романын бірден оқырман есіне салатын бейнелер ретінде орнығуы мүмкін. Бұл инвариант образдар әлем әдебиетінде, әсіресе, түркі халықтарының көркем туындыларында кездесуі мүмкін. Мысалы, түрік жазушысы Нихал Атсыздың (Nihal Atsız) «Bozkurtların Ölümü (Көкбөрілер өлімі)» [147] және «Bozkurtlar diriliyor (Көкбөрілер тірілуде)» [148] деген

романдары жарық көрген. Бірақ қазақ жазушысы Т.Зәкенұлының көркемдік танымы тудырған Тоныкөк дана, Білге қаған мен Күлтегін батыр образдары оқырман есінде өзіндік ерекшеліктерімен сақталады. «Жүрегі нұрға толы қарт (*Тоныкөк – ізденуші*) айналаның бәріне разы көңілмен, ықыласын төге, мейірлене қарайды» [138, 21]. Көркем мәтіннен алынған үзіндіден автордың Тоныкөк кейіпкерді ризашылыққа, қуанышқа бөлеу арқылы түркілердің «Мәңгілік ел» арманының қазақ елінде жүзеге асқандығын, қазақ халқының жеке мемлекет атанғандығын ишарамен жеткізген деп ұғынуға болады.

Романда Тоныкөкпен байланысты өрілетін оқиғалар желісі жас өреннің он үш жасынан бастап Қытай (табғаш) астанасы Чананға білім алуға аттану сәтінен басталады. Тайюаньда туып, балалық шағы Құзай шыңдарында өткен Тоныкөк қытай астанасы Чананьда білім алады. Туындыгер сұқбаттарының бірінде [149] Тоныкөк образын қалыптау оңайға тимегенін де атап өтеді. Тоныкөк Қытай астанасындағы беделді оқу орындарының бірі, ақсүйек балалары оқитын Гоцзыцзянь ордасында білім алады. Оқуға түскенге дейінгі төрт жылда бозбаланың саяси көзқарасы қалыптасып, танымы да кеңейе түседі. Алғаш Чанань қаласындағы қытай патшалығының саясаты жайында естіген әңгімелері, әкесінің атқосшысы Меңұтай шораның, Қара қағанның кеңестері, түркі, қытай мемлекетінің тарихы жайындағы баяндаулары Тоныкөктің жан жақты тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. 14-15 жасында-ақ қытай білгірінің көмегімен қытайдың екі мың жеті жүз елу жылын қамтитын отыз тоғыз патшалықтың тарихымен қоса, гуманизмге үгіттейтін түрлі ілім-білімдерді оқып үйренеді. Жоғары оқу орнының емтиханына төрт жыл дайындаған қытайлық ұстазы Фань рахип он жеті жасар бозбала Тоныкөктің талабына таңдай қағып, оған «Ашиде Юаньчжэн» – «Ашиде әулетінен шыққан нағыз ғұлама» деген лақап ат береді. Тоныкөк Гоцзыцзянь перзенттер мектебінде үш жыл оқып, қалам мен қару өнерін, заң ережелерін жетік меңгеріп шығады. Тоныкөкке қатысты зерттеулерде айтылатын осы тарихи мәліметті автор көркемдік қиялмен қабыстыра алған.

Қытайға бодан болған түркілерді қайта азат етуді көксеген түркі ақылмандары Ілік қағанның інісі Ашына Низекті қаған сайлап, екінші рет түркі қағанатын құруды қолға алған кезде Тоныкөк әрбір әрекетін ақылға салып, мақсатты іске асырғысы келеді. Жанындағы Низек, Моншақ, Үнбе секілді түркі батырлары Қытаймен соғысуға бірден аттанып кеткенде Тоныкөк әлі де өзі қытайлықтар тарапында екендігін көрсетуге тырысып, түрлі зорлық-зомбылыққа шыдап бағады. Абақтыда бес ай жатып, үстіндегі түрме құралдарымен жолға шыққанда рухани ұстазы Меңұтай шорамен кездескен сәті еді.

Роман дискурсынан Тоныкөк абыздың өз кезеңінде интеллектуалдық, батырлық, кеңесшілік қабілетінің түркі елінен асып, Қытай, Тибет т.б. елдерге танылған тұлғаның бейнесін көреміз. Тоныкөкті алғаш рет Елтеріс Құтлық қаған өзіне кеңесші лауазымына тағайындап, Бойла Баға Тархан деген атақ береді. Көп жағдайда, Тоныкөк, Құтлық қаған, Білге қаған, Күлтегін батырлардың образы жауға қарсы соғыстарда жан жақты ашылған. Тоныкөктің

қару өнеріне жетік қабілеті Күлтегінмен бірге түркеш, қытан, қырғыз, Жер-Байыркү тайпаларын талқандау тұсында анықтала түседі.

Түркі қағанатын қайта құру жолында түркінің азулы, айтулы басқарушылары мен батырлары халқының бас амандығы үшін ұрыста жеке бастарын өлімге тіккен. Мәселен, Ілік қағанның екінші інісі Ашына Инан қағандыққа көтерілгенде халқын тау құздарына жасырып қойып, түркі әскерлері өздері соғысқа шыққанда қытай қолы олардың ел-жұртын қолға түсіреді. Халықты құтқару үшін Инан қаған мен Үнбе батыр өздерін өлімге қиып, нағыз ерліктің, халықшылдықтың үлгісін көрсетеді. Романда аталған тұлғалармен бірлікте өрілетін оқиғалар оқырманға әсерлі оқылады. «Бауырым, арысым, мен саған ант беремін, түркі халқын жерұйық, жекен суына жеткіземін!» [138, 211 б.] деп уәде еткен Құтлық шад түркінің тәуелсіздігі, жерінің тұтастығы жолында аянбай ерлік көрсетеді. 682 жылы Құтлық шадтың қоластына біріккен түркі халқы өздерін тәуелсіз ел атап, Құтлықты қаған лауазымына көтеріп, қағанға Елтеріс деген атты қоса береді.

Табғаш еліне түркі қағанатын қайта құрғанын, көрші елдермен татулықта, тыныштықта байланыс орнатқысы келетінін түркі қағандарының ішінде алғаш рет хат арқылы жолдаған Елтеріс Құтлық еді. Романнан елді басқарудың заңдарын жетік меңгеріп, қиын кезеңдерде тәуекел шешімдерді қабылдай білген Елтеріс Құтлық қағанның саяси, тарихи, дипломатиялық тұлғасы көрінеді. Құтлық қағанның тұсында түркі жұрты ел болып, шекара күзетіп, Бумын, Істеми қағандардың дәуіріндегідей мемлекетті қалпына келтіреді. Істеми қаған – Елтеріс Құтлықтың бабасы.

Құтлық қаған кеңесшісі Тоныкөкпен бірге 682-690 жылдар аралығында көптеген жорықтар жасап, түркі жерін ішкі, сыртқы жаулардан біржолата тазартып, 690 жылы ауырып қаза табады. Әсіресе, Қытай қолына бірнеше рет сансырата соққы беріп, оғыз-тоғыз, сыр-енда, қытан сияқты түркі қағанатын бірлесіп құлатуды көздеп келген тайпаларды жекелеп түркі қолына бағындырады. Романда ел басқару қызметінде Елтеріс Құтлық қаған өзінің сұсты, жауға қатал, туысқа, жұртқа қайырымды, мейірімді болған бейнесімен орын алған. Елтеріс Құтлық қағанның түркі еліне, жеріне қауіп төндірген жауларды жекелеп немесе қытаймен бірігіп жаулап алу стратегиясын інісі Қапаған қаған да жалғастырды. Қапаған қаған тұсында Тоныкөктің ақыл-кеңесіне сүйенген түркі әскері саны көп қытан тайпасын өз қоластына бағындырып, түркі халқының азат, еркін ел болуға деген үмітін, сенімін күшейте түсті. Бұған қоса, елу жылға таяу Қытай елінің бодандығында өмір сүріп, рухани трансформацияға ұшыраған бірнеше мың түркілерді өз жеріне – Құлантауға көшіріп алып келеді. Өз халқын бөрі байрақты тудың астына топтастыру Ілік қағаннан бастап Құтлық қағанға дейін өмір сүрген барлық қағандардың арманы еді.

Автор Білге қағанның дүниеге келу сәтін түркі жұртының басына қайта орнаған мамыражай мезгілмен астастыра суреттейді. «Сол жылы (683 жылы – автор) жазда Бөрілі таудың теріскейіндегі жасыл жазирада, алалы жылқы, ақтылы қойға толған көк бетеге жайлауда, салқын сабат-сахараның жанға жайлы ауасымен тыныстап, мөлдір суына шомылып, аяқ-қолы балғадай бір ұл

бала дүниеге келді. Оның атын Бөрілі-оғлан қойды. Ол кейін бүкіл түркі халқын бір тудың астына біріктірген атақты Білге қаған еді» [138, 234 б.]. Автор оқырманға Білге қаған образындағы кейіпкерді дүние есігін ашқан сәттен бастап таныстырады. Оның болашақта елдік қызметке араласатыны сәби болмысынан-ақ белгі береді.

Күлтегін батыр есімі «қағанның алып ұлы» мағынасын береді. Күлтегіннің батырлық образы Түркі әскері қытайдың соғыс жорығына жарамды барлық жылқылары мен түйесін барымталап алу кезінде оқырманға таныла бастайды. Түркі әскерлерімен бірге қытай жеріне барымтаға аттанған он бес жастағы Күлтегінмен байланысты оқиғалар градация тәсілімен суреттелген.

Романда автор мәңгілік ел құруды мұрат тұтқан түркілердің діни танымын, наным-сенім жүйесін көрсететін оқиғаларды да суреттейді. Мысалы, әкесінің інісі Қапаған қаған қаза тапқаннан кейін орнына түркілік дәстүр бойынша мұрагерлікпен Күлтегіннің өз ағасы Бөрі оғлан (*Білгенің қағандыққа дейінгі өз есімі – ізденуші*) қағандыққа сайланады. Білге қағанның бұйрығымен Тоныкөк кеңесшімен бірге Күлтегін түркі ордасына қауіп төндірген Енесай қырғыздарын, түркештерді, қытандарды, аз тайпаларды тізе бүктіріп, түркі қағанына бағындыру жолында оның айбынды бейнесі толыға түседі. Аз қолмен ішкі, сыртқы жауларды жеңудің жолын іздестіру барысында балгердің сөзіне құлақ асқан түркінің жаудан тайсалмайтын нағыз батырын өз еркімен құрбандыққа шалып та жібереді. Жалпы, түркі қағандары өздеріне лайықты құрмет көрсетіп, қадірлемеген шетелдік елшілерді, өкілдерін құрбандыққа шалып жіберетін діни дәстүрінің болғандығын айғақтайтын оқиғалар романда кездесіп отырады. «Киелі Алтай тауы, Көк Тәңірі, түркінің қасиетті жер-суы қолдады. Көл-Шұбар секілді батырлардың аруағы дем берді. Құрбандығы қабыл болды. Бұл үлкен жеңіс еді» [138, 391 б.]. Бұл Күлтегін қолбасшылығымен түркі ордасына бірнеше кезеңдер бойы қауіп төндірген түркеш тайпасының жеңілісі еді. Ал, түркілердің наным-сенім жүйесіндегі Тәңір бүгінгі исламдық түсініктегі Жаратушы түсінігімен де ұштасады. «...Тәңір сөзі Көк және Алла мағынасында қолданылған еді (Ескі түркілер дәуірінде – *ізденуші*)» [150, s.70-75]. Тұран даласына ислам діні орнағанға дейін Тәңір сөзі қолданылған.

Автор «Білге қаған», «Тоныкөк», «Күлтегін» жазба ескерткіштерінде кездесетін дайын мәтін үзіктерін туындыға интермәтін ретінде кірістірген. Шығармада «Күлтегін» ескерткішінің Жапонияда жасалған ғылыми көшірмесінің Қазақстан астанасы Астана қаласындағы мұражайға табысталуы сәтінде Қазақстан Елбасы Н.Назарбаевтың барша халықты осы мәдени жаңалықпен құттықтаған сәтін бедерлеген мәтін композициясы кездеседі.

Автордың «Білге қаған» және «Күлтегін» ескерткішіндегі «Түркі, оғыз бектері, тыңдандар! Жоғарыда Тәңірі баспаса, төменде Жер айырылмаса, түркі халқы елінді, төрінді (өкіметінді) кім құртады? Ынтымақ қажет! Түркі халқы, өткеніңе өкін!» [138, 25 б.] деген мәтін үзіндісін аз ғана өзгеріске ұшыратып, шығармаға кірістіруі және оны зиялы бейнесінде сомдалған басқа кейіпкерлердің емес, халық президентінің оқып тұрған сәтінде кескіндеу арқылы оқырманға күрделі тарихи оқиғаны ұғындырғысы келеді. Түркі

халықтары, әсіресе, басқарушы қағандары мен көмекшілерінің арасында бірлік, ынтымақ құндылықтары күйреп, өзара қулық-сұмдыққа, байлыққа, қытайдың қыз-келіншектеріне құмарта бастағанда қытай патшалығына бодандыққа түскен кезеңін тұспалдайды. Тарих сахнасынан Түркі қағанатының біржола жойылып кеткен уақытын ишаралайды.

Шығарма иесі «Мәңгілік ел» концептінің көркем-танымдық мәнін түркілердің ұланғайыр далаға иелік етіп, ел қондырған, өркениетке қол жеткізген кезеңдерінен іздестіреді. Шексіз жерге ие болған түркілердің ерлік рухын Қазақстан президенті ретінде сомдалған Н.Назарбаев пен үкіметбасының орынбасары тұрғысында кейіптелген И.Тасмағамбетов бейнелері арқылы оқырманға сезіндіруге ұмтылады. Екі кейіпкер де түркілік, қазақылық дүниетанымды, салт-дәстүрді бойында берік қалыптастырған, рухани және заттық құндылықтарға адалдық танытатын, осы тұрғыда халыққа үлгі бола алатын қырларынан көрінеді.

Шығарма мәтінінде бірнеше ескі антропонимдер қайта жаңғыртылған. Кең-Керіс антропонимі Қазақстандағы қазіргі Сарыарқа мекенінің ескі атауы ретінде қолданылған. Автор Түркі қағанатын бүгінгі тәуелсіз мемлекет атанған Қазақстанның бастауы тұрғысында түсіндіреді. Автордың көркемдік шешіміне сәйкес көне түркі халқы мекен еткен географиялық белдеуде қазіргі уақытта қазақ халқы өмір сүреді. «Өтүкен қойнауынан көтерілген алтын күн Астанаға тура қарап, күлімдей көтеріліп келеді» [138, 21 б.]. Романдан алынған мәтін үзіндісіндегі антитезальық көркемдеу тәсілі «Мәңгілік ел» концептінің көмескі мәнін аңғартады. Өйткені «Мәңгілік ел» туралы алғашқы түсінік Өтүкенде өмір сүрген түркі халықтарының танымдық ой-жүйесінде пайда болған еді. Қазіргі күні Өтүкен атауы ресми түрде қолданыс таппаса да оқырман автордың тұспалдауынан оның қазіргі заманғы аты – Астана деген бейнелі ойларды ұғынады. «Тұтас Сарыарқа түркінің ежелгі ертегідей мекені Кең-керіс сегізінші ғасырдағы Өтүкен рухымен тербелуде» [138, 21 б.]. Кең-керіс пен Өтүкен антропонимдері де автордың түсіндіруінше Түркі қағанаты дәуірінде халық арасында қолданыс тапқан. Автор осылайша күшті, қайсар, жігерлі түркілердің ерлік рухын халыққа сезіндіреді және өзі де оған иланады.

Романда Астана (қазіргі атауы Нұр-Сұлтан) қаласы туралы көркем баяндаулар ел астанасының әсем келбеті мен жағрафиялық орналасу нүктесінің маңыздылығын оқырманға ұғындыра түседі. Автордың көзқарасы бойынша тұңғыш президент Н.Назарбаевтың астананы Қазақстанның орталығына көшіруі дұрыс шешімге баланады. Өйткені ел орталығы қауіп-қатерлі шеткі аймақтардан алыс, шекарадан қашық болғаны жөн. Тарихқа жүгінсек, түркілер де ордасының орталығы Орда-балықты қытайдың аяғы жете алмайтын, жетсе де суығына төзе алмайтын Орхон өзенінің бойына салдырған-ды. Қапаған қаған да түркінің қытаймен шекаралас Сарыөзен (Хуанхэ), Орта жазық (Ордос) аймақтарынан өз ордасын қысы қатты, табиғаты қатал Орхон бойындағы Өтүкен аймақтарына жылжытқан еді. Яғни, ел территориясы мен халық аман болуы үшін оның орталығының орналасу белдеуіне мән берген жөн. Астананың-орданың жау аяғынан алыс орын тебуі – қауіпсіздіктің кепілі. Қазақстан астанасының орталыққа ауыстырылуын қазақ халқы Президентінің

түркілік тәжірибеге сүйенуі немесе тарихи ұқсастық деп ұғынуға болады. Туындыгер көне Түркі қағанаты дәуіріндегі түркі қағандарының «Мәңгілік ел» құру арманының орындалғандығын Қазақстанның КСРО-дан тәуелсіздік алуы және Қазақстанның қақ ортасынан астана ретінде Астана қаласының бой көтеріп, әсем мекенге айналу жағдайымен байланыстырып, көркем салыстырулар негізінде аңғартады.

2008 жылы жарық көрген жазушы Әкім Таразидің «Мұстафа Шоқай» романында «*Мәңгілік ел*» концептінің құрылымдық формалары (фрейм), сонымен қатар, «*персонаж*» концепті (Мұстафа Шоқай образы) кездеседі. Шығармада ХХ ғасырда Түркістан өлкесін мекендеген қазақ, түркімен, тәжік, өзбек, татар, қарақалпақ сынды түркі халықтарын бір автономияға біріктіріп, өзге ұлттармен тең дәрежеде өмір сүруін қалаған Мұстафа Шоқай образын «Мәңгілік ел» концепті өрісінде қарастыруға болады. Романда ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларының көрнекті қайраткері, «Түркістан халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі» идеясының негізін қалаған және өмірінің соңына дейін ұлтының, түркі халықтарының тәуелсіздігі жолында күресіп өткен ірі тұлға – Мұстафа Шоқай өмірінің белгілі бір үзгісі көркем бедерленген.

«Мәңгілік ел» концепті роман мәнмәтінінде, көп жағдайда, қазақ концепті арқылы көрініс тапқан. Автор қазақ халқына тән ұғымдарды таныту барысында халық арасында танымал, бұрыннан бері қалыптасқан суреттеулермен қоса, тың жеке-авторлық образдарды, тропосфералық түрлерді қолданған. Мысалы, Геродот жазбаларында «*шошақ бөріктілер*» [151, 5 б.] деп аталатын қазақтың ұзын-сонарлық тарихының белгісі ретіндегі дерек роман мәтінінде Александр Иванович деген автордың монологу арқылы көрінеді. Қазақтың тарихына, батырлығына, физикалық тұрғыда күш-қуатының мығымдығына тән көзқарастардың Александр Ивановичтің – сырт халық өкілінің сөздерімен берілуі өзге халықтың қазақты іштей мойындауы еді.

Роман мәтінінде «*өз Индиямыз*» деген образды тіркес кездеседі және бірнеше тұста қайталаанады. Бірнеше дәуірлер бойы ағылшындар үнді жерін жаулап, халқын қоластында ұстағаны мәлім. Алтын, күміс сынды қазына байлығын ұсынумен қоса, үнді халқы ағылшындарды аграрлық өнімдермен де қамтамасыз етіп, бай-қуатты елге айналдырды. Империяның құпия қауіпсіздігінің қызметкері ретінде бедерленген Кобрин мен қазақ, орыс, өзбек, түрікмен сынды ұлттарды өзара араздастыруға талпыныстар жасайтын, тіпті, Түркістан өлкесінде орыстар ғана өмір сүруі тиіс деп санайтын кейіпкер Зеленский арасындағы Түркістанды «өз Индиясына айналдыру» жайындағы жоспар-идеялары романның мазмұндық-идеялық қуатын арттырған. Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығындағы шұрайлы жерлерді еңбеккерлерімен (өзбек, тәжік) қоса, кеңірек айтқанда, Орта Азияны Ресей империясының «Индиясына» айналдыру жоспарланады. Туындының тұтас мәнмәтінінде Түркістанды басқаруға жіберілген шенеунік-кейіпкерлер арасындағы әрекеттер осының айналасында өріледі. «Мәңгілік ел» концептінің базасын кеңітетін Түркістанды империяның «өз Индиясына» теңеуін тың авторлық стильдік тәсілге жатқызамыз.

Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай» романында «қазақ» концептіне қатысты фреймдерді «Мәңгілік ел» концептімен түйіндеуге негіз бар. Өйткені саналы түрде «киргиз» деп кемсітуге ұшыраған немесе білім-білігі, өресі тар тарихшылардың «киргиз» атандырғаны қазақ ұлты екендігі белгілі еді. Бүгінде «киргиздар» жеке ел атанып, өз алдына «Мәңгілік ел» – қазақ елі – Қазақстан атанды. Бөтен ұлттың көзімен «киргиздарға» келесідей оң және теріс сипаттама беріледі. «Бізге өте қауіпті, шын мәнінде қауіпті ел – киргиздар. Олар атқа мінді бітті арқалары қозып кетеді. Сондықтан олар ат тұяғы жеткен жердің бәрін менің жерім деп санайды. Бұлар өте қауіпті. Бұларды еш уақытта басын біріктірмеу керек. Еш уақытта» [151, 109 б.]; «Бұл дүниежүзіндегі феномен халық (киргиздер – ізденушікі). ... Бұлар тап-таза мөлдір бір тілде сөйлейді. Өнері де дамыған. Ән өнері мен күй өнері бұларда аса биік дәрежеге жеткен» [151, 110 б.]. Осынау авторлық әсірелеу стилімен жасалған жолдарға қазақ ұлтына тән тарихи зерттеулердегі деректер септігін тигізген болуы мүмкін.

Автор өзі «киргиз» (қазақ) халқының өкілі болғандықтан орыс, неміс өкілдері бейнесіндегі кейіпкерлер сөзі арқылы қазақ халқының ұжымдық философиялық-мәдени когнициясын айқындайтын мақал-мәтел, афоризм мен фразеологизмдерді жиі қолданған. «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді» [151, 85 б.], «Сүрінбейтін мал болмайды» [151, 87 б.], «Құмырсқа өз ізімен жүруі керек» [151, 93 б.], т.б. халық жадынан туған көркем туындыларды Ресейдің биліктік басқару жүйесіндегі жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлықты, білім-білігі төмен, қызметтік дағды, машығы төмен басқарушы ортаның психологиялық бет-бейнесін таныту үшін қолданған.

XXI ғасырда жарық көрген романдарда «Мәңгілік ел» концепті, көп жағдайда, қазақ пен орыс халқы арасындағы саяси-әлеуметтік, мәдени-тарихи, діни-философиялық жағдайлар мен тілдік коммуникацияның көркем бейнеленуі барысында айқындалады. Осы уақытқа дейін қай салада болса да ресейлік әлеуметтік топ өкілдерінің империялық астамшылдық көзқарастары үстемдік құрғаны мәлім. Кейбір зиялы қауым өкілі мен басқару жүйесінің (роман мәнмәтіні бойынша) ұлтшылдық, шовинистік ұстанымдары қазақтың көптеген рухани құндылықтарына теріс көзқарас қалыптастырумен бірге, заттық-рухани маңызынан айырып, жойып жіберіп немесе теріс бұрмалауларға алып келді. Әсіресе, қазақтың ұлттық тарихы, әдебиеті, мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрінің, т.б. бір парасы бүгінде тәуелсіз көзқарас тұрғысынан қайта жазылып, түзетіліп, насихатталу үдерісін бастан өткізуде. Роман поэтикасында көрініс тапқан «Мәңгілік ел» концептінің когнитивтік модельдері «Мәңгілік ел» ұғымының концептілік модельдерін құрайды. Когнитивтік ғылымда «когнитивтік модель», «әлемнің концептуалды бейнесі», «әлемнің когнитивтік бейнесі» деген категориялар өзара баламалы атаулар ретінде қолданылады. Г.Гиздатов концептіні «когнитивтік модельдің» бір бөлігі (құрамдас) ретінде есептейді. А.Әмірбекова когнитивтік модель «ассоциативтік, стереотиптік, эталондық, прототиптік, құрылымдық, символдық, бейнелі, таңбалар мен белгілер арқылы танылады» [120, 99 б.] деп тұжырымдайды. Ә.Тарази романындағы төмендегі когнитивтік/концептуалдық модель қазақ халқының ұжымдық санасында бұрыннан қалыптасқан пікірлер негізінде, яғни *стереотип*

арқылы қалыптасқан. Автор тарихи, мәдени зерттеулер кеңістігінде қалыптасқан деректерді негізге ала отырып баяндаған.

«Мәңгілік ел – өркениетті, зиялы халық» моделі. «Бұлардың (Петр патшаның Қазақ хандығын қадағалау саясаты – *ізденуші*) күшейіп кетуі әбден мүмкін еді. Себебі бұлар таза көшпенді өркениеттің адамдары. Қазақ хандығы, кешіріңіз, Казачья Орда құрылғаннан кейін аз ғана бір он жылдық кикілжіңнен кейін бұларда ешуақытта бірін-бірі өлтіріп, таққа отырған оқиғасы болған емес. Үлкенді кіші сыйлайтын, әкені бала сыйлайтын дәстүр бұларда сол қалпында сақталған. Билердің сөзі бұларда хатқа түспеген, қағазға жазылмаған конституция. Ол заңды бұлар ешқашан бұзбайды. Өзіңіз байқап қараңызшы, бұларда бірде бір хан өзінен бұрынғы ханды өлтіріп таққа отырған емес. ... Мұндай имандылық, мұндай зиялылық Еуропада да, Азияда да кездеспейтін жағдай» [151, 112 б.]. Алынған үзіндіден кез келген қабылдаушы орта қазақ халқының мәдениет ауанында, өмір сүру дағдысында заң, әділдік, дәстүрлі ислам діні жоралғыларының берік орын алғандығы жөнінде көркем мәдени деректерге қол жеткізеді.

«Мұстафа Шоқай» романында «Тұтас Түркістан» идеясының негізін қалаушы, қазақтың саяси қайраткері Мұстафа Шоқай ғұмырының фрагменті – бозбалалық шағы ғана көркем кестеленген. Мұстафа тұлғасының қалыптасуына ықпал еткен оның алғашқы өмірлік көзқарастары кейіпкер атынан баяндалатын тұстар жиі кездеседі. Автор туындының кейбір құрылымдарында Мұстафа бейнесін толықтыруға қатысты басы артық баяндау, суреттеулерді қосады. «Мен» категориясы жайындағы авторлық түсіндірмелер сәтті шыққанымен, Мұстафаның ішкі ойларын, кей тұстарда қазақтың отарлық жағдайындағы күйін танытатын маса, балық сынды жәндік әрекеттерінің қосылуын артық детальға балауға болады.

Тарихта Түркістан автономиясының алғашқы әрі соңғы құрушысы ретінде есімі аталатын Мұстафа Шоқай жайында қалам тарту автордың өзіне де оңай тимегенін аңғартып өтетін композиция кездеседі. Осы туындыны жазу үшін сегіз-тоғыз жылдай тарихи мағлұматтар жинаған жазушы Ә.Таразидің тәуекелге бел бұғаны аңғарылады. Романның «Мұстафа Шоқай» аталуынан-ақ реципиент табиғаты күрделі, ғұмыры саяси қайшылықтан тұратын тұлғаны кеңірек тануға қызығушылық танытатыны мәлім. Өкінішке орай, роман оқырманның аңсар-ықыласынан шыға алмауы мүмкін. Автор Мұстафа ғұмырының бір үзінгі ғана бейнелейтіндіктен, шығарма атауын басқаша ойластырғаны жөн еді. Бұған қоса, туынды соңында «бірінші кітаптың соңы» деген ескертпе берілген. Алайда автор сұқбатында [152] бұл комментарий баспа тарапынан берілгенін ескертті. Бірнеше оқырманның екінші кітапты іздегенін ескере отырып, бұны баспа тарапы жіберген текстологиялық қателікке балаймыз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, романды қолға алған оқырманның тұлғалық көзқарастар шеңбері қазақ кеңістігінен шығып еуразиялық, тіпті, әлемдік деңгейде ойлай алған Мұстафа Шоқай феноменін тануға қызығушылығының артатыны анық. Алайда автор ХХ ғасыр басындағы Ресейдегі хал-ахуалды, замана жағдайын бейнелеуді басты назарға алған. Күллі оқиғалар шоғыры

көркемдік кеңістік ретінде таңдап алынған Түркістан өлкесінде өтіп жатады. Империялық шиеленіскен діни, саяси, биліктік-басқарушылық жағдай, өлкелік ұлттарды билеп-төстеу жоспары, коррупция, жалған атақ-даңққа малданып өмір сүру мәселелерін көркем кестелеу суреткерлік негізге алынғандықтан Мұстафа Шоқай бейнесі толыққанды ашылмаған. Туындының формасы мен мазмұны өзара жымдасып, сәтті көрініс таппаған.

Түркі халықтарының бірлігін сақтау үшін Түркістан автономиясын құру жайындағы өмірлік қағидасынан айнымаған Мұстафа Шоқайдың бүтін болмысын сөзбен өрнектеген, біз талдау нысанына алып отырған романнан өзге туындылар да жарық көрген. Атап айтқанда, ақын Қ.Бегмановтың «Шерлі Түркістан» поэмасы мен фильмі және жазушы Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасы жарық көрген. Қазақ арыстары жайында жекелеген әдеби туындылардың жарық көруін күтіп жүрген оқырман үшін «Мұстафа Шоқай» романы осы олқылықтың орнын толтыратын алғашқы қадам ретінде қабылдануы мүмкін. XX ғасырдың басында қазақ халқының жеке мемлекет болуын көкसेген Алаш арыстарының бір шоғыры – А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, т.б. жайында туынды жазу бүгінгі қазақ қаламгерлеріне артылған міндеттің бірінен саналады.

М.Шоқай жайында бүгінгі қазақ және түркі ғылым кеңістігінде ірілі-уақты зерттеулер кешені қалыптасқан. Шоқайтану саласындағы зерттеулердің, оның ішінде, тарихшы Әбдуақап Қара, Дархан Қыдырәлі еңбектері мен жары Мария Шоқайдың естелік-хаттары Мұстафа өмірінің беймәлім тұстарын анықтау барысында үлкен септігін тигізеді. Мұстафаның Ташкенттегі орыс гимназиясында білім алу кезеңін суреттеуді алдыңғы планға шығарған Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай» романында кейбір тарихи мәліметтер өзгертілмей, сол күйінде туындыға кіріккен. Мысалы, гимназиядағы үлгілі тәртібі мен үздік бағаға аяқтағаны үшін Мұстафа алтын медальға ұсынылғанда генерал-губернатор Самсонов бұл шешіммен келіспей, күміс медальға ұсынады. Шоқаевтың ұлты «киргиз» (қазақ) болғандықтан, оның алғашқы орындардан көрінуі «заңсыз» еді. Әрбір образды көркем кестелеу баяндау барысында автордың психологиялық жіті аңғарымпаздығы айқын көрінеді. Ә.Тарази шығармашылық-эстетикалық бейнелеудің нысаны ретінде таңдап алған ақиқат, заттық құбылыстардың портреттік суреттемесін кейіпкердің ішкі көңіл күй, сезім әлемімен қабыстыра суреттейтін поэтикалық стилімен дараланады.

Қорыта келгенде, жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының «Мәңгітас» романында ежелгі Тұран даласын мекен еткен түркі халықтары мәңгілік ел құрушы халық ретінде кескінделеді. Ескі түркі халықтарының тәуелсіз мемлекет құру туралы арманын он үш ғасырдан кейін жүзеге асырған қазақ халқы деген шындыққа жанасымды көркем ой-пікірлерді ұсынады. Ал Әкім Таразидің «Мұстафа Шоқай» романында түркішілдік идеяларымен танымал ірі тұлғаның бірі әрі бірегейі Мұстафа Шоқайдың бүтін өмірінің жастық кезеңінде орын алған өмірлік деректер көркем шығармаға негіз болған. Ірі қайраткер тұлға


М.Шоқайдың «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» идеясы «Мәңгілік ел» концептінің бір арнасын толықтырады деп есептейміз.

3 тарау бойынша тұжырым

Жазушы Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романында автор танымындағы мәңгілік ел болу туралы ойлар метафора, символ, градация, метафора, теңеу, шендестіру, кейіптеу сынды көркемдеуіш құралдар негізінде жүзеге асырылған. Туындыдағы Мәңгілік ел құру туралы көне түркілік түсініктер тәуелсіздік, тарих, салт-дәстүр, бірлік, татулық, атамекен, астана т.б. рухани құндылықтардың көркем бейнеленуі аясында анықталды. Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романында ежелгі Тұран даласын мекен еткен түркі халықтары мәңгілік ел құрушы халық ретінде кескінделген. Туындыда «Мәңгілік ел» концептінің орын ауыстырушылық қызметін *бөрі* символы атқарғандығы көрсетілді.

Суреткер Ә.Таразидың «Мұстафа Шоқай» романы бойынша «Мәңгілік ел» концептінің «Мәңгілік ел – өркениетті, зиялы халық» когнитивтік моделі анықталды. Аталған концептінің шеткері аймақтарын Тоныкөк, Білге қаған, Мұстафа Шоқай, Нұрсұлтан Назарбаев т.б. бейнелері құрылымдаған. Сондай-ақ, Ә.Тарази шығармасындағы кейіпкер Мұстафа Шоқайдың «Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру» идеясы «Мәңгілік ел» концептінің перифериясы ретінде көрініс тапқандығы бағамдалды.

3 тарау бойынша қол жеткізген нәтижелер 3 суретте кеңірек көрсетілген.



Сурет 3 – «Мәңгілік ел» көркем концептінің образды құрылымдары

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста 2000-2015 жылдар аралығында жарық көрген қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің көркем құрылымдары және аталған концептіні интерпретациялауға септесетін кілт сөздер (макроконцептілер) қарастырылды. Көркем концепт категориясы отандық филологияда әдебиеттануға қарағанда лингвистика саласында кеңірек зерттелгендіктен көркем мәтінді пәнаралық ғылымдар саласында, оның ішінде, әдебиеттанулық аспектіде қарастыру жолдарына баса назар аударылды. Зерттеу жұмысының нысанына алынатын қазақ романдарын нақтылап, жүйелеу үшін алдыңғы кезекте статистикалық жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде қазақ әдебиетінде 1991 жылдан осы уақыт аралығына дейін жүзден астам, ал ХХІ ғасырда жетпіс бестен аса романның жарық көргендігі айқындалды. Зерттеуге алынған туындыларды жүйелеу барысында Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезен», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдарының көркем мәтінінен «Мәңгілік ел» концептінің репрезентациясын (образдардың қайта жаңғыруы) қарастырғанды жөн санадық.

«Когнитивтік парадигмалар мәнмәтініндегі отандық әдебиеттану» деп аталатын алғашқы тарауда отандық филологиядағы концептуалдық зерттеулер жүргізудің маңызы, әдебиеттанудағы концепт категориясының зерттелу жағдайы және «Мәңгілік ел» ұғымының концептілік әлеуеті мәселесі қарастырылды.

«Мәңгілік ел» ұғымының көркем концептілік әлеуеті» деп аталатын тараушада отандық әдебиеттануында *идея* ретінде зерттеліп жүрген «Мәңгілік ел» ұғымының концептілік санатта қарастырылу мәселесі филологияда концепт терминін қарастырған А.С. Аскольдов, Ю.С. Степанов, Л.В. Миллер, В.Г. Зусман, И.А. Тарасова, Б.И. Нұрдәулетова, Қ.Рысберген т.б. ой-пікірлері негізінде тұжырымдалды. «Кез келген лексикалық бірлік концепт бола алмайды» деген зерттеушілер пікіріне сүйене отырып, «Мәңгілік ел» ұғымы ұжымдық санада ұзақ дәуірлер бойы көркемдік таңба ретінде бекігендіктен және «Мәңгілік ел» көркем концептін қазақтың көркемсөз өнерінде көрініс тапқан *ел, ұлыс, қазақ, Қазақстан, атамекен, Отан, туған жер, тәуелсіздік, еркіндік, көсем, елбасы, бірлік, ынтымақ* т.б. күрделі ұғымдар өзегінде қарастыруға болады деген тұжырым жасадық. ХХІ ғасырдың алғашқы он бес жылдығында жарық көрген қазақ романдарының көпшілігі қазақ тарихындағы ірі жаугершілік замандарды көркем бедерлеп, тарихи тақырыпта жазылғандықтан, күрделі де тар кезеңдерге халық қалай тап болды және болашақта ондай антигумандық жағдайлардан сақтану/сақтандыру мәселесіне шығармашылық тұрғыдан жауап іздеді. Біз зерттеу нысанына алған романдардың түпкі көркемдік мәні – қазақ халқының материалдық және рухани тұрғыдағы тәуелсіздігін аңсаудан тұрады. Сондықтан 2000-2015 жылдарда жарық көрген қазақ романдарында «Мәңгілік ел» тіркесі кездеспесе де, жоғарыда аталған қазақ мәдениеті мен тарихындағы аса маңызды ұғымдар біз

қарастырған концептінің көркемдік, танымдық қабаттарын құрайды деген тұжырым жасадық.

«Мәңгілік ел» ұғымының концептілік әлеуетін айқын таныту барысында аталған ұғымды түркі халықтары іргесі ажырамай тұрғанда-ақ оның әдеби жәдіргерлерінде көрініс таба бастағандығын анықтаған бірнеше түрколог, рунолог, әдебиеттанушылардың, жалпы филолог-мамандардың пікірлеріне сүйендік. Зерттеушілер «Мәңгілік ел» ұғымы түркі халықтарының «Білге қаған», «Тоныкөк» және «Күлтегін» жазба ескерткіштерінің мәтінінде нақты көрініс тапқандығын алға тартады. «Мәңгілік ел» ұғымына қатысты сөздіктер мен энциклопедиялардағы түсініктемелермен қатар, М.Қашғари, Ә.Баһадүр, Л.Гумилев, Р.Безертинов, А.Ташағыл, Қ.Сартқожаұлы, М.Мағауин, Х.Әбжанов, С.Сыздық, Т.Жұртбай, Ж.Дәдебаев, Ө.Әбдиманұлы, А.Темірболат зерттеулеріндегі ой-пікірлер сараланып, аталған ұғым концепт санатында зерттелді.

«Мәңгілік ел» концептінің қазақ сөз өнеріндегі қалыптасу және жүзеге асырылу жолдары» деп аталатын тараушада аталған концептінің көркемдік, танымдық тұрғыда толысу қабаттарын фольклорлық, мифтік, әдеби туындылардан қарастырдық. Түркі халықтарында аңызға айналған көрнекті тұлғалардың өз заманында халыққа жайлы, құтты қоныс іздегендігі туралы көркем әрі танымдық деректерді «Мәңгілік ел» құруға бет алған халықтың ұмтылысын байқатады деп тұжырымдадық. Түркі тарихындағы халық санын көбейтуге қолайлы, жаулары іздеп таба алмайтын, ең бастысы, малға қажетті шүбі шүйгін, сулы қоныс іздеу, қасиетті жерге орналастыру арқылы халықты бақытты өмірге жеткізу жайындағы мотивтер «Өтүкен», «Ергенекон», «Жерұйық», «Жиделі Байсын» т.б. құтты қоныс атауларына қатысты мифтік шығармаларда, жыраулар поэзиясында көрініс тапқан. Яғни, мәңгілік ел құруға қатысты утопиялық түсініктер түркі халықтарының ескі дүниетанымында берік орныққан деген пікірді негіздедік. ХХІ ғасыдағы түркі халықтарының бір бөлігі – қазақ халқының мәдени кеңістігінде пайда болу негізін көкбөрімен байланыстыратын «Түріктердің ата-бабалары», «Ашина», «Көк бөрі» және «Көк Түркілер» сынды мифтік туындылар бар. Нақты уақыты айқындалмаған ілкі дәуірлерде өздерін мәңгілік елміз деп санаған түркі халықтары бойындағы өр рух пен қажыр-қайратты көкбөрі табиғатымен байланыстырды. Мифтік аңыздардағы мұндай түркілік дүниетанымдық көзқастарды «Мәңгілік ел» концепті базасын толықтыратын алғашқы көркем түсініктер ретінде қарастырдық.

Халыққа жайлы мекен, шұрайлы жер іздеген аңыз кейіпкерлерінің бірі – Асан қайғының желмаясына мініп алып, Жерұйықты (құтты қоныс) іздеп табу мақсатында қазақтың сахара даласын аралап шығып, әрбір географиялық нысанға баға беруі де «Мәңгілік ел» концептінің қазақ әдебиетіндегі қайта жаңғыру үлгісіне жатады. Асан қайғыны мәңгілік ел құрушы халықтың басты факторы – жер шекарасын белгілеп берген тұлға ретінде көрсеттік. Қорқыт атаға қатысты аңыз нұсқаларынан оның өліммен күрескен бейнесі танылады. Біздің «Мәңгілік ел» концептін көркем туындыдан қарастырғанымыздай Қорқыт ата да мәңгілік өмір мотивін қобыз сарынынан іздейді. Қорқыт атаға

қатысты өрілетін аңыз нұсқаларының түпкі мәні адам өмірін мәңгілік ететін оның биологиялық жасы емес, өзі тудырған өнері деген пәлсапалық ойларға жетелейді.

Орта ғасырларда Тұран даласына ислам діні кеңірек жайылып, бұрынғы түркілік құндылықтар діни мотивтермен астасып, жаңа қырынан қайта жаңғыра бастағанда халықтың ұзақ та баянды, бақытты ғұмыр кешуі – мәңгілік елге бағыт алуы тікелей басшыға байланысты деген ойлар дидактикалық-көркем жанрдағы туындыларда айтыла бастады. «Әл-Фараби еңбегінің «Мәңгілік ел» концептінің діни-философиялық негізін қалыптастырудағы маңызы» деген тараушада әл-Фараби еңбектеріндегі халық пен басшыға қатысты айтылған пәлсапалық ойларды біз қарастырып отырған концептінің маңызды арнасын қалыптастыратын когнитивтік қабат ретінде пайымдадық.

«Мәңгілік ел» концептінің мінсіз көркемдік құрылымдары қазақ халқының жауһарлары топтастырылған 100 томдық «Бабалар сөзі» сериясына енген «Ер Жәнібек», «Абылай хан», «Ел қормалы – ер Абылай», «Бөгенбай батыр» (Қытайдағы қазақ жырлары), «Еңсегей бойлы ер Есім», «Есім хан», «Сәтбек батыр», «Орақты батыр», «Абылай хан», «Абылай мен Олжабай», «Қабанбай батыр», «Райымбек батыр», «Жәнібек батыр», «Барақ батыр», «Бердіқожа батыр», «Сырым батыр», «Шақшақұлы Жәнібек», «Арқалық батыр», «Жанқожа батыр» және «Ағыбай батыр» т.б. тарихи жырларда кездеседі. Жырлардағы туған жерді қорғау, жауға қарсы күресу мотивтері біз қарастырған концептінің базасын толықтырады. Сондай-ақ «Мәңгілік ел» концептін «Қобыланды» (Н.Байғанин нұсқасы), «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қырымның қырық батыры», «Едіге», «Көроғлы», «Орақ, Мамай» және «Қарасай-Қази» т.б. эпостық жырлардың идеялық мазмұны өрісінде қарастыруға болады деп есептейміз. Бұл тараушада қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жарық көрген туындыларға шолу жасай отырып, Ю.Степанов пен В.Зусман еңбектеріндегі «қабаттық-құрылымдық» зерттеу тәсілі бойынша «Мәңгілік ел» концептінің маңызды үш қабатын айқындауға ұмтылыс жасадық. «Мәңгілік ел» концептінің этимологиясы (ішкі форма) – «Тәңірдің елі, Алла Тағаланың елі» (түркі шежірелерінде «мәңгі» сөзі «Тәңір, Құдай» деген мағынаны білдіреді) ↔ ядросы – халқы бақытты ғұмыр кешетін мемлекет (құру) ↔ өзекті қабаты – мәдениеті, тарихы, әдебиеті, тілі арқылы сақталатын рухани құндылықтары.

«Мәңгілік ел» концептін әлем әдебиеттануындағы «Америкалық арман», «жапон ғажайыбы», «орыс идеясы» сынды концептілермен салыстыра қарастырдық. Аталған концептілер алғашқыда утопиялық мазмұнда пайда болғанымен уақыт өте келе халықты тығырықтан алып шығып, мемлекетті ірі құрылымға айналдыратын идеологиялық қызмет атқарды. Кейбірі утопия күйінде көмескіленіп, жоғалып та кетті.

Халық арасында «Мәңгілік ел» концептінің атауына қатысты халық (адам) мәңгілік болмайды, бұл Жаратушыға ғана тән сипат деген пікірлер айтылады. Бұл тұста біз «Мәңгілік ел» концептін көркем туындылар негізінде қарастырып отырғанымызды есте ұстаған жөн. Көркем шығарма реалды тіршіліктің көркем моделі болғандықтан шарттылық бірінші белгісі саналады. «Мәңгілік ел» ұғымы әдеби шығармалармен қоса, тарихи деректерде де көрініс тапқандықтан

оған тән келесідей түсініктеме бердік. «Мәңгілік ел» ұғымы халық мәңгі өмір сүруі үшін артында қазақ халқы өз жерінің тұтастығын сақтап, ұзақ уақыт бойы (ақырзаманға дейін) иелік еткен территориясында тәуелсіз өмір сүрсе деген армандаудан, арманға жетуге деген ұмтылыстан туған. Яғни, Жаратушыға тән Мәңгілік ұғымы «Мәңгілік ел» концептінің өзегі болып саналады.

Концепт категориясы отандық филологияда әдебиеттанулық немесе когнитивтік пәнаралық аспектіде емес, толықтай когнитивтік лингвистика аясында зерттелгендіктен «Көркем концептінің зерттелу деңгейі» деген тараушаны қостық. Зерттеу жұмысының бұл бөлігінде бастапқыда философияда пайда болған концепт термині уақыт өте келе көркем мәтін мәнмәтінінен қарастырыла бастағандығы жайында кеңірек айтылды. Қазақ филологиясында тілші-мамандар концептуалдық зерттеу жасау барысында өздерінің методологиясын қалыптастырған. Ал әдебиеттануда нақты әдіс-тәсіл кездеспейді. Шетелдік, әсіресе, орыс филологтарының концепт терминін әдебиеттанулық аспектіде қарастырған пікірлеріне сүйене отырып, аталған категорияны әдебиеттануда іздестіруге қатысты мынадай пікірді негіздедік. Көркем концепт дегеніміз – сан алуан көркем-әдеби, эстетикалық-шартты амал, әдіс-тәсілдер арқылы жасалатын субъективті күрделі мән. Индивидуалды авторлық көркем мәнді өнер туындысының тұтас табиғатынан, яғни, шығарманың мәнмәтініне концептуалды талдау нәтижесінде ғана анықтай аламыз. Бұл концепті өзге концептілерден жеке (индивидуальды), көмескі (мәтін мәнмәтінінде), психологиялық-эстетикалық тұрғыда күрделі және жеке тұлғаға тән болуымен ерекшеленеді. Жеке туындыгердің шығармашылық тәжірибесі толыққан, шеберлігі жетік болса, туындысындағы концептілер мазмұны да бай, ауқымды келеді.

«Көркем концептінің зерттелу деңгейі» деп аталатын тараушада көркем концепт терминін әдебиеттануда зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығын көрсетуге тырыстық. Қазақ әдебиеттану тарихында көркем концепт жайында жекелеген шағын зерттеу еңбектер жазылғанымен, онда концептіні әдебиеттанулық аспектіде зерттеудің маңызы көрсетілмеген. Аталған тараушада біз осы олқылықтың орнын толықтыратын пікірлер айтуға ұмтылдық. Көркем концепт туралы П.Абельяр, С.А. Аскольдов, Ю.С. Степанов, Л.В. Миллер және В.Зусман, т.б. ғалымдардың айтқан тұжырымдары негізінде көркем концептіге тән түсінік беруге тырыстық.

«Мәңгілік ел» әдеби концептінің бейнелі құрылымдары мен когнитивтік-көркемдік моделі» деп аталатын екінші тарауда «Мәңгілік ел» көркем концептінің «Мәңгілік ел» – қазақ», «Мәңгілік ел» – атақоныстың азаттығы», «Мәңгілік ел» – әділ билеуші басқарған халық» («Тар кезең» романы бойынша) сынды когнитивті модельдері анықталды. Аталған роман мәнмәтінінде «Мәңгілік ел» концептін «Орынбор», «құт», «қазақ», «атамекен» секілді макро-микрoконцептілермен бірге, дін, бірлік, татулық, бауырмалдық құндылықтары негізінде тұтастықта, бір-бірін ұдайы толықтырып, өзара мазмұнын арттыратын когнитивті құрылымдар ретінде анықтауға тырыстық. «Мәңгілік ел» көркем концепті өзегіндегі «қазақ» және «Қазақстан» макроконцептілері» атты тараушада «Мәңгілік ел» концепті Н.Қуантайұлының

«Қараөзек» романы бойынша концептілік құрылымдар (фрейм, субфрейм, сценарий, символ, скрипт, т.б.) арқылы танылды. «Қазақ» атауы «Мәңгілік ел» концептінің фреймі ретінде анықталды. «Мен» (қазақ) және «ол» (орыс) антиұстанымдары арқылы «қазақ» концептінің «мал бағып, көшіп-қонып жүрген жабайы қазақ», «сауатсыз, қараңғы халық», «электрдің жарығын, техниканың озығын білмеген қазақ» («ол» мәнмәтінінде) фреймдері көрсетілді. Ал «мен» (қазақ) ұстанымы арқылы «қазақ» атауының «ежелден мұсылман», «арғы дәуірлерден бастау алатын ұлттық мәдениет пен дәстүрге ие», «зындан мен түрмені білмеген бейбіт халық», «төзімді, шыдамды» т.б. субфреймдік құрылымдары көрсетілді.

«Мәңгілік ел» көркем концептінің базалық концептілер өзегінде құрылымдалуы аталатын тараушада «Мәңгілік ел» концептінің концептілік өрісін түзген «орыс», «намыс», «бірлік», «білім», «қазақ» концептілері негізінде көрінетіндігі айқындалды (Б.Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай» романы бойынша). Жұмыстың аталған бөлімінде «Мәңгілік ел» концепті скрипт түріне салынған оқиғалар негізінде айқындалды. «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік-когнитивтік модельдері деген тарауда «Мәңгілік ел» концептінің «Мәңгілік ел» – тәуелсіз ел», «Мәңгілік ел – ата-бабалар армандаған мемлекет», «Мәңгілік ел» – демократиялы ел», «Мәңгілік ел» – өркениетті ел» когнитивтік моделдері (Д.Досжанның «Ақ Орда» романы негізінде) айқындалды. Аталған концепт «қазақ» және «тәуелсіздік» концептілері өрісінде қарастырылды. «Қазақ» концептінің өр мінезін еш аласартпайтын», «тәуелсіздік деген ұғым бас қояр құбыласы», «жыртылған, өртелген тарихы қайта тірілген», «намысы, күші, жігері өзін өзі құрып кетуден сақтаған», «Азиядағы сауда-саттықтың кілті», «Еуразия кіндігінен жаңадан пайда болған феномен», «қонақжай», «даласындай дарқан мінезді», т.б. көркемдік құрылымдары көрсетілді.

«Мәңгілік ел» көркем концептінің менталды құрылымдарын толықтырудағы түркілік дүниетанымның рөлі» деп аталатын үшінші тарауда Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» романы бойынша «Мәңгілік ел» ол бүгінгі Қазақстан Республикасы деген көркем идеяны айқындадық. «Мәңгілік ел» концептін танытатын ойлар роман мәтінінде символ, кейіптеу, образ, метонимия, метафора, теңеу, антитеза сынды суреттеу амалдары негізінде көрініс тапқан. Туындыгер «Мәңгілік ел» атануды армандаған көне түркі халықтарын және оның бір бөлігі қазақ халқын көкбөріге теңейді. Қасқырдың төзімді, батыл, бірбеткей мінезі, еркіндік сүйетін, өз үйіріне қамқорлық танытатын қырлары түркі халықтарының бойындағы батырлық мінезімен салыстырмалы түрде суреттелген.

Қорыта келгенде диссертациялық жұмыста зерттеу нысанына алынған романдардан «Мәңгілік ел» концептін іздестіру барысында оның аксиологиялық, танымдық-көркемдік сипатына баса көңіл аударылды.

«Мәңгілік ел» концептінің *дерексіз көркемдік мән* екендігін айқындау үшін романдардың тұтас мәнмәтініндегі әдеби-эстетикалық құндылықтарды айқындауға ұмтылыс жасалды. «Мәңгілік ел» концептінің түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетіндегі генезисін, қалыптасу, даму арналарын және ХХІ ғасырдағы қазақ романдарындағы қайта жаңғыру

жолдарын көрсету жұмыстары бұл зерттеу еңбегімен аяқталмайды. «Мәңгілік ел» концептінің когнитивтік-көркемдік, құндылықтық аясы сансыз қабат-қатпарлардан тұрады, сондықтан біз қарастырған концептіні бірнеше макроконцептілер арқылы ғана жан жақты түсіндіруге болатындықтан, аталған тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын арықарай тереңдете жүргізу қажет етіледі. Болашақта бұл бағыттағы жұмыстарымыз жалғаса түседі деп сенім білдіреміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Сафронова Л.В. Поэтика романа В.Пелевина «Ампир В» в аспекте когнитивного литературоведения // Cuadernos de Rusística Española. – 2016. – №12. – С. 71 – 83.
- 2 Сафронова Л.В. Постмодернизм в фокусе когнитивного литературоведения // Материалы конгресса «Русская литература в мировом культурном и образовательном пространстве»: – СПб.: МИРС, 2008. – Т. 2. – С. 322-330.
- 3 Михайлова В.Г. 2003.04.014. Зусман В.Г. Диалог и концепт в литературе: литература и музыка. Нижний Новгород: Деком, 2001. – 168 с. // Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. – М.: Институт научной информации по общественным наукам, 2003. – №4. – С. 61-67.
- 4 Попова Н.В. «Американская мечта»: история развития концепта и его интерпретации в романе Т. Драйзера «Американская трагедия» // Международный научно-исследовательский журнал. – 2017. – № 3(57). – С. 42-46
- 5 Афанасьева О.М. Концепт «русская идея» в публицистике И.А. Ильина (На материале бюллетеней «Наши задачи» // Вестник РГГУ. Серия «История. Филология. Культурология. Востоковедение». – 2015. – №4. – С. 108-116
- 6 Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
- 7 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy. 12.04.2017.
- 8 Ривкин Дж., Райан М. Әдебиет теориясы: Антология. 5 томдық. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.
- 9 Kuhn T. The Structure of Scientific Revolutions. Chicago: University of Chicago Press, 1962. – 264 p.
- 10 Аристотель. Поэтика. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1957. – 184 с.
- 11 Антика дәуірі философия үлгілерінің қазақ тіліндегі аударма мұрасы. Астана: Аударма, 2009. – 400 б.
- 12 Ежелгі дүниедегі және византиялық дереккөздердегі Ұлы дала тарихы. 4 томдық / Құраст. А. Гаркавец. – Астана: Фолиант, 2007. – Т. 1. – 464 б.
- 13 Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2005. – Т. 2. – 480 б.
- 14 Абеляр П. Теологические трактаты. – М.: Канон РООИ Реабилитация, 2010. – 640 с.
- 15 Аскольдов С. А. Основные проблемы теории познания и онтологии. – СПб.: Типография И.Н. Скороходова, 1900. – 250 с.
- 16 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 436 с.
- 17 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 18 Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы: Өнер, 2007. – 368 б.

- 19 Абдрахманова М.Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы. Филол.ғыл.канд.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: 2008. – 122 б.
- 20 Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / Под общей редакцией д-ра филол. наук проф. В. П. Нерознака. – М.: Academia, 1997. – С. 267-279
- 21 Лакофф Дж. Женщины, огонь и опасные вещи. Что категории языка говорят нам о мышлении. – М., 2004.
- 22 Jackendoff R. Semantics and Cognition. – London: The MIT Press. 1983. – 283 p.
- 23 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М., 1997.
- 24 Шахнарович А. М. Когнитивные аспекты семантики (в онтогенезе) // Когнитивные аспекты языковой категоризации. – Рязань, 2000.
- 25 Фрумкина Р.М. Сходство и категоризация в ракурсе эпистемологии: современное состояние проблемы // Научно-техническая информация. Серия «Информационные процессы и системы». – М., 1998. – №7. – С.23-29
- 26 Демьянков В.З. Понятие и концепт в художественной литературе и в научном языке // Вопросы филологии. – М., 2001. – №1. – С.42-50
- 27 Стернин Ю.С., Попова З.Д. Семантико-когнитивное направление в российской лингвистике // Respektus philologus. – 2006. – №10(15). – С. 43-51
- 28 Воркачев С.Г. Из истории слов: лингвокультурный концепт // Новое в когнитивной лингвистике / Отв. ред. М.В. Пименова. Вып. 8. Кемерово: КемГУ, 2006.
- 29 Национальный космос в контексте современной литературы Казахстана / А.Б. Абдуллина, К.К. Ахмедьяров, Н.М. Могилевская, Х.С. Мухамадиев; Под ред. У.К. Абишевой. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 250 с.
- 30 Абилямажинова Н.К. Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің негізінде фразеологиялық әлем бейнесінің стереотипизациялану ерекшеліктері. Филос. Докт. (Ph.D.) дәреж. алу үшін дайынд. дисс. 6D021000 / Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті. – Алматы, 2014. – 134 б.
- 31 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – Т.4. – 456 б.
- 32 Витковская Л. В. Когниция смысла. Литературоведение XXI века. Издание второе, дополненное. – Пятигорск: Изд-во Пятигорского государственного лингвистического университета, 2012. – 236 с.
- 33 Тарасова И.А. Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения // Лингвистика. Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2010. – №4(2). – С. 742-745
- 34 Антология художественных концептов русской литературы XX века / ред. И автор-сост. Т.И. Васильева, Н.Л. Карпичева, В.В. Цуркан. – М.: Флинта, 2013. – 356 с.
- 35 Зинченко В.Г., Зусман В.Г. Литература и методы ее изучения. Системно-синергетический подход: учеб. Пособие. – М.: Флинта: Наука, 2017. – 280 с.

- 36 Мюллер В.К. Англо-русский и русско-английский словарь: 150 000 слов и выражений. – М.: Эксмо, 2010. – 1200 с.
- 37 Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка. Сост.: Чудинов А.Н. – СПб., 1910. – 676 с.
- 38 Словарь иностранных слов. Комлев Н.Г. – М.: ЭКСМО, 2006.
- 39 Володина Н.В. Концепты, универсалии, стереотипы в сфере литературоведения: монография. Череповец: ГОУ ВПО ЧГУ, 2010. – 250 с.
- 40 Новейший философский словарь: 3-е изд., исправл. – Минск: Книжный Дом. 2003. – 1280 с.
- 41 Неретина С.С. Тропы и концепты. – М., 1999. – 277 с.
- 42 Делез Ж., Гваттари Ф. Что такое философия? Перевод с французского С.Н. Зенкина. – М.: Институт экспериментальной социологии, СПб.: Алатейя. – 1998. – 288 с.
- 43 Зусман В.Г. Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка. Нижний Новгород, 2001. – 168 с.
- 44 Адамова В.С. Художественный концепт как единица творческого процесса в литературоведческом осмыслении // Материалы XVIII Международной конференции студентов, аспирантов и молодых учёных «Ломоносов». Секция «Филология», Москва, 14-15 апреля 2011 г. <http://www.philol.msu.ru/~smu/work/science-day/2011/29>. 25.09.2017
- 45 Миллер Л.В. Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория // Мир русского слова. Научно-методический иллюстрированный журнал. – 2000. – №4. – С. 39-45
- 46 Степанов Ю. С. Константы. Словарь русской культуры. Опыт исследования. – М., 1997. – 825 с.
- 47 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. М., 1997.
- 48 Маслова В.А. Поэт и культура: концептосфера Марины Цветаевой. Учебное пособие. М.: Флинта, 2004. – 256 с.
- 49 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. М.: Флинта: Наука, 1988. – 47 с.
- 50 Красных В. В. От концепта к тексту и обратно // Вестник МГУ. Серия «Филология». – 1998. – №1. – 57
- 51 Апресян Ю. Д. Образ человека по данным языка: попытка системного описания // Вопросы языкознания. – 1995. – №1. – С. 37-67.
- 52 Рысберген, Қ.Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.
- 53 Лотман Ю.С. Семиосфера. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 640 б.
- 54 Ахметова А. Әдебиеттануда көркем концептінің зерттелу тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. 2019. – №2(68). – 225-233 б.
- 55 Нұрдәулетова Б.И. Когнитивтік лингвистика. Оқулық. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. – 312 б.
- 56 Асратян З.Д. Концепт в художественном произведении // Культура и цивилизация. – 2017. – Т. 7, №3. – С. 35-42.

- 57 Ахметова А. Көркем концептті әдебиеттануда зерттеудің әдіс-тәсілдері // VI Халықаралық Фараби оқулары халықар. конф. матер. жин. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 389-390 б.
- 58 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том / Құраст.: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2009. – Т. 11. – 752 б.
- 59 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы, 2001. – 720 б.
- 60 Синонимдер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 640 б.
- 61 Древнетюркский словарь / Ред.: В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. – Ленинград: Наука, 1969. – 676 с.
- 62 Түрікше-қазақша сөздік / А.Ж. Байниязов, Ж.Т. Байниязова, К.Коч. – Алматы: Атамұра, 2008. – 648 б.
- 63 Қашғари М. Түрік сөздігі. 3 том. / Ауд. А. Егеубай. – Алматы: Арда, 2017. – 600 б.
- 64 Сыздықов С., Қанаев С. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. – 320 б.
- 65 Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2014. – №11.
- 66 Тымболова А. Мемлекеттік тілді мәңгілік тілге айналдырудың тетіктері // Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 2015. – 16-18 б.
- 67 Сартқожаұлы С. «Моңғол» деген сөздің өзі ту баста «Мәңгі ел» идеясынан шыққан // Жебе. 2013. – №31.
- 68 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Әбілғазы. Түрік шежіресі / Құраст.: Б.Әбілқасымұлы. – Алматы: Таймас, 2011. – Т. 12. – 496 б.
- 69 Бичурин Я.Н. Орта Азияны мекендеген халықтардың көне заманғы тарихы. Орыс тілінен ауд. Ә.Тарази. – Астана: Фолиант, 2011. – 528 б.
- 70 Салғараұлы Қ. Ұлы қағанат. – Астана: Фолиант, 2008. – 549 б.
- 71 Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. <http://gumilevica.kulichki.net/MAC/mac05.htm#para46>
- 72 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
- 73 Безертинов Р.Н. Геополитика и правители татаро-монгольских империй. – Казань: Слово, 2013. – 304 с.
- 74 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. Құраст.: Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы, Н.Базылхан, С.Қорабай, Қ.Орынғали, Қ.Сартқожаұлы. – Алматы: Таймас, 2007. – Т. 1. – 504 б.
- 75 Tamir F. Eski Türklerde Devlet // Ülkü rınarı. – 1973. – S. 5-6
- 76 Ташағыл А. Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – 385 б.
- 77 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. Тарихи танымдық этнографиялық әдебиет. – Астана, 2003. – Т. 1. – 392 б.

78 Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы: ұжымдық монография /Ө.Әбдиманұлы, Ж.Дәдебаев, А.Б.Темірболат, Е.М.Солтанаева, Ж.Д.Есімова, Қ.Ә.Айсұлтанова/ жалпы ред. басқ. Ө.Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 172 б.

79 «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының ХІХ ғасыр әдебиетіндегі көрінісі: ұжымдық монография /Ө.Әбдиманұлы, Ж.Дәдебаев, А.Абдулина, Ш.Шортанбаев/ Жалпы ред.басқ. Ө.Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 178 б.

80 Қазіргі қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» және ұлттық идея тоғысуы: ұжымдық монография: /Ө.Әбдиманұлы, Ж.Дәдебаев, А.Абдулина, Е.Солтанаева, Ш.Шортанбаев, Н.Досанова, С.Мұхаметжанова/ Жалпы ред.басқ. Ө.Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 206 б.

81 Мәңгілік Ел: оқулық /М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 336 б.

82 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама. <https://beta.egov.kz/memleket/entities/sc/press/news/2?lang=kk>. 27.06.2019

83 Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 328 б.

84 Әбжанов Х. «Мәңгілік ел» идеясы және Тәуелсіз Қазақстан жолы. <https://e-history.kz/kz/publications/view/2590>. 14.12.2016.

85 Жолдасбеков М. Тәуелсіздік тағылымы: тарихи сөздер, мақалалар, сұхбаттар. – Астана: Күлтегін, 2012. – 480 б.

86 Жұртбай Т. Мәңгілік аңсар. Зерттеулер. – Алматы: Орхон, 2014. – 260 б.

87 Temirbolat A.B., Aisultanova K.A. Features of National idea's reflection in the Kazakh literature // Al-Farabi Kazakh National University. KazNU Bulletin. Filology series. – 2016. – №1(159). – P. 106-111

88 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014. – Т. 2. – 344 б.

89 Қыдырәлі Д. Ергенекон // Егемен Қазақстан. 2017. – №67 (29048).

90 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

91 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2011. – Т.80 – 416 б.

92 Мағауин М. Қобыз сарыны. ХV-ХVІІІ ғасырларда жасаған қазақ ақын, жыраулары. – Алматы: Мектеп, 2007. – 189 б.

93 Аташ Б.М., Толысбай К. Асан қайғының Жерұйық идеясының философиялық мәні және «Мәңгілік ел» идеясы // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия сериясы. – 2016. – № (57). – 35 б.

94 Есім Ғ. Қазақ философиясы // Қазақ әдебиеті. 2003. – №5.

95 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014. – Т.1. – 320 б.

96 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т.85 – 416 б.

97 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – Т.50 – 464 б.

98 Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – Т.33 – 364 б.

99 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – Т.4. – 456 б.

- 100 Спанов М. Әл-Фарабидің мемлекет туралы ілімі. Философия тарихы. Филос.ғыл.канд.ғыл.дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. 09.00.03 – Алматы, 2008. – 119 б.
- 101 Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық. – Астана: Аударма, 2005. – Т.2. – 480 б.
- 102 Braudel F. Civilization and capitalism 15th-18th century. – California: University of California Press, 1982. – 679 б.
- 103 Әбуов Ә. Жаһандану жағдайындағы ұлттық рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері: әлеуметтік-философиялық талдау. Филос.ғыл.докт.ғыл.дәрежесін алу үшін тағайындалған дисс. 09.00.11. – Алматы, 2010. – 16-17 б.
- 104 Томас М. Утопия. – М.: Эксмо-Пресс, 2018. – 160 с.
- 105 Кампанелла Т. Город солнца. – М.: Азбука, 2017. – 320 с.
- 106 Lawrence R. Striking the Root: Essays on Liberty. – New York: Vintage Books, 1995. – 110 p.
- 107 Шалтықов А.И. Ұлттық идеяны қалыптастырудағы шетелдік тәжірибе . http://www.rusnauka.com/23_NTP_2012/Politologia/1_115294.doc.htm
- 108 Сарым А. «Мәңгілік» тек Құдайға ғана тән. <https://abai.kz/post/1860327.01.2014>
- 109 Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы. Филол. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 144 б.
- 110 Мұханбетқалиұлы Қ. Төрт томдық шығармалар жинағы. Тар кезең: тарихи роман. – Алматы: Мереке баспасы, 2018. – 584 б.
- 111 Akhmetova A. The concept of «Eternal nation» («Mangilik yel») in the «Hard Time» novel by K. Mukhanbetkaliul-y // International Conference on social science research. – Prizren, 2018. – P. 18-22
- 112 Мұханбетқалиұлы Қ. Басты шығармам – «Тар кезең». <http://www.aktobegazeti.kz/p=20175>. 23.11.2012
- 113 Жиырма жыл жазылған роман. <https://abai.kz/post/15409>. 26.11.2012
- 114 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd, 2010. – 576 б.
- 115 Рыскиева А.А. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі түркілік дүниетанымның рәміздік негіздері. Филол.ғыл. канд. алу үшін дайынд. дисс. – Алматы: 2009. – 157 б.
- 116 Каренов Р.С. Асан қайғы жырау – елге ұйытқы, ақылгөй атанған, дуалы ауызды дала философы. <https://articlekz.com/kk/article/15712>
- 117 Кубрякова Е.С. Краткий словарь когнитивных терминов. – Москва, 1997
- 118 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2007. – 688 б.
- 119 Ахметова А. Жазушы Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романындағы «Мәңгілік Ел» концептінің репрезенттелу ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, 2018. – №1(56). – С.253-259.
- 120 Әмірбекова А.Б. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 204 б.

- 121 Қуантайұлы Н. Қараөзек: роман / Кіт.: Асыл сөз. – Алматы: Сөздік-словарь, 2015. – 336 б.
- 122 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж.). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
- 123 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст.: Ә.Ыбырайым, А.Жаңабекова, Қ.Рысбергенова. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – Т.9. – 744 б.
- 124 «Қараөзек» – сынған айнаның жарқылы. <https://dalanews.kz/12699>. 18.12.2015
- 125 Қуантайұлы Н. Қараөзек: роман / Кіт.: Қолшатыр. – Алматы: Қаламгер баспа үйі, 2013. – 372 б.
- 126 Савельева В.В. Художественная антропология. – Алматы: Абай атындағы АМУ, 1999. – 203 с.
- 127 Ismakova A., Akysh N., Akhmetova A. Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse // Space and Culture. – India, 2019. – Vol.7, № 6. – P. 68-75.
- 128 Нұржекеев Б. Әй, дүние-ай! // Жұлдыз. – 2015. – №6. – 1-75 б.
- 129 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Русская словесность: от теории словесности к структуре текста: антол. / Ин-т народов России [и др.]; под общ. ред. В. П. Нерознака. – М., 1997. – С. 147-165
- 130 Нұржекеұлы Б. Ойдан тарих жасау – қылмыс. <http://ult.kz/post/beksultan-nurzhekeuly-oydan-tarikh-zhasau-kylymys>. 14.03.2016
- 131 Нұржекеев Б. Әй, дүние-ай! // Жұлдыз. – 2015. – №7. – 72-140 б.
- 132 Қазақ көркем сөзінің шеберлері: Анықтамалық. – Қарағанды: Экожан, 2010. – 512 б.
- 133 Dilek I., Akhmetova A. B.Nurjekeev'in «Hey, Dünya» Romanında «Ebedi Devlet» Anlayışı // International Conference on social researches and behavioral sciences. – Antalya, 2018. – 30 s.
- 134 Қасқабасов С.А. Ой-сана. Суждения: сұқбаттар, беседы. – Астана: Арда, 2018. – 296 б.
- 135 Досжан Д. Ақ Орда: Роман. – Астана: Елорда, 2005. – 528 б.
- 136 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011 жж.). – Алматы: Арда, 2011. – 640 б.
- 137 Қалиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм: Монография. – Алматы: ЖК «Сейітжанова Ж.Д.», 2012. – 200 б.
- 138 Жұртбай Т. Алтын ғасырлар арманы / Алғысөз: Тұрсынхан З. Мәңгітас: тарихи роман. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2015. – 480 б.
- 139 David Somfai Istvan. Batırkan, a Kazakh Shaman from the Altay Mountains (Mongolia) (Field Report, photo László Kunkovács, musical analysis János Sipos). In: Shaman 14. – 2006. – С. 117-138.
- 140 Бияздықова Ә., Төлебаева Ж. Бақыт концептісінің түркілік дүниетанымдағы көрінісі // Абай атындағы қазҰПУ Хабаршысы. – 2018. – №2(64). – С.34-42
- 141 Доспанбетов Ұ. Абылайдың ақ туы: тарихи роман: 2-кітап. – Алматы: ЖШС Самара-Принт, 2008. – 448 б.

- 142 Дилек И., Ахметова А. ХХІ ғасырдағы қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің ментальды құрылымдары // *Avrasya Sosyal ve Ekonomi Araştırmaları*. Cilt 4, Sayı 10. – 2017. – S. 69-79
- 143 Карасик В.И., Слышкин Г.Г. Базовые характеристики лингвокультурных концептов // *Антология концептов*. – Волгоград: Парадигма, 2005. – Т.1. – 352 с.
- 144 Қазақ тілінің электрондық сөздіктер кешені. <http://lugat.kz/>
- 145 Темирболат А.Б. Проблема хронотопа в современной прозе: учебное пособие. – Алматы, 2003. – 199 с.
- 146 Akhmetova A. Images of Turkic Hagans who developed the idea of «Eternal nation («Mangilik yel»»)» (According to the novel «Mangitas» written by T.Zakenuly) // «XV Әуезов оқулары» халықар. ғыл.-тәж. конф. матер. жин. – Алматы: М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2018. – 274-281 б.
- 147 Atsız N. *Bozkurtların Ölümü*. İstanbul, 1946
- 148 Atsız N. *Bozkurtlar diriliyor*. İstanbul, 1949
- 149 Зәкенұлы Т. Ескірмейтін құндылықтарды іздеймін // <http://adebiportal.kz/kz/news/view/2064>. 10.06.2015
- 150 Turan O. *Türk cihan hakimiyeti mefkûresi tarihi*. Ankara: Ötüken, 2003. – 560 s.
- 151 Тарази Ә. Мұстафа Шоқай: Роман. – Алматы: Жазушы, 2008. – 384 б.
- 152 Тарази Ә. Қазақ өзімен өзі арпалысып жүрген халық. – 2012. – URL: <http://www.astana-akshamy.kz/akim-tarazi-zhazushy-memlekettik-syjly/> 28.04.2012